қайнар көздері болып табылатын, негізі біртектес қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдарының (кодекстердің) нормаларының басым көпшілігінің тыйым салушы нормалық сипаты бар. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің жалпы 467 бап бар. Оның ішінде ерекше бөлікте бекітілген баптардың (яғни 99-баптан бастап 466-бапқа дейінгі баптардың барлығын қоса алғанда) барлығының тыйым салушы ережелері бар. Сонымен бірге қылмыстық кодекстің жалпы бөлігінде бекітілген бірқатар баптарында (32-бап «Қажетті қорғаныс», 33-бап «Қолсұғушылық жасаған адамды ұстап алу кезінде зиян келтіру», 34-бап «Аса қажеттілік», 35-бап «Жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын немесе жасырын тергеу іс-қимылдарын жүзеге асыру», 36-бап «Негізді тәуекел ету», 37-бап «Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу» және 38-бап «Бұйрықты немесе өкімді орындау») рұқсат етуші ережелер бар [16]. Демек, «барлығына тыйым салынған, тек қана тікелей рұқсаттан басқа» делінген формуладағы «барлығына тыйым салынған» деген сөздер қылмыстық кодекстің ерекше бөлігінде бекітілген баптарға қатысы болса, ал енді аталған формуладағы «тек қана тікелей рұқсаттан басқа» деген сөздер қылмыстық кодекстің жалпы бөліктегі 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38-баптарға қатысы бар. Келесі кезектегі «барлығы рұқсат етілген, тек қана тікелей тыйымнан басқа» делінген екінші формула болса негізінен азаматтық құқық және оған жақын құқық салаларында да қолданылады деуге болады. Мысалы, азаматтық кодексе сәйкес келісімі шартты жасауға рұқсат етілген. Бұл ретте, әрекетке қабілетсіз, кәмілетке толмағандармен және әрекетке қабілеті шектеулі және т.б. жеке тұлғалармен келісім шарт жасауға тыйым салынады. Осы ретте, Қазақстан Республикасының Конституциясындағы бір нормасы бойынша мысал келтіре кетейік. Ата заңымыздың 25-бабында 1-тармағында «Тұрғын үйге қол сұғылмайды. Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі» [17] деп жазылған конституциялық ереже бар. Демек, тиісті заңға қайшы іс-әрекетпен тұрғын үйге қол сұғуға және сот шешімінсіз тұрғын үйден айыруға тыйым салынған. Ендеше аталған конституциялық нормада бірінші формулада қолданылып бекітілген ереже бар. Бұдан бөлек, ата заңда екінші формула да қолданылады деуге болады. Ендігі кезекте Ислам діні әрі ислам құқықтық жүйесінің басты қайнар көзі болып табылатын Құран Кәрімнің мәтінінде жоғарыда аталған екі формуланы қолдануы туралы зерделеп те өтеміз. Құран Кәрімдегі Бақара сүресінің 173-аятында «Өлекселерді, бауыздау қанды, доңыз етін, Құдай атымен емес (бисмилла демей) басқа нанымда бауыздалғандардың бәрін Алла харам деп есептейді. Еріктен тыс, лажсыз, тіршіліктеріңізді сақтап қалу үшін жесеңдер, оған кінә жоқ. Бұған да Алланың кешірімі мен мейірімі мол» [18, 33 б.] деп жазылған. Бұл аяттың мазмұнынан белгілі болғандай, өлексе, бауыздалған малдың қаны, доңыз еті, бисмилласыз бауыздалғандардың бәрін харам етілген. Яғни жеуге қатаң түрде тыйым салынған. Егерде басқа жейтін нәрселер қалмайтын болмаса, онда тыйым салынған нәрселерді тек уақытша ғана жеуге (халал жейтін нәрселер табылғанға дейін) рұқсат беріледі. Демек, ислам құқықтық жүйесінде, оның ішінде негізгі, туынды және көмектесуші қайнар көздерінде құқықтық реттеудің типтері болып табылатын екі формула көрініс тапқан әрі қолданылған деуге болады.

Сонымен, қорыта келгенде, қазіргі заманауи құқықтық жүйелер мен қазіргі ислам құқықтық жүйесінде құқықтық реттеудің әдістері (императивті, диспозитивті), тәсілдері (міндеттеу, тыйым салу, рұқсат беру), құқықты іске асырудың нысандары (формалары) орындау, сақтау, пайдалану және құқық қолдану, сондай-ақ құқықтық реттеудің типтері (рұқсат беруші және жалпы рұқсат беруші типтер) қолданатындығы да анықталды. Бұл жағдай заманауи құқықтық жүйелер мен ислам құқықтық жүйенің жалпы ұқсас тұстары бар екендігін дәлелдейді. Сонымен бірге олардың өзіндік ерекшеліктері де бар екендігі нақты байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Баймаханов М.Т. Сравнительный метод познания в юриспруденции и сравнительное правоведение: формы соотношения и взаимопроникновения //Проблемы развития сравнительного правоведения в системе юридического образования в Республике Казахстан: материалы I Международной научно-теоретической конференции. – Алматы, 1999, С. 5-10.
2. Абайділдинов Е.М. Қазақстан Республикасының ұлттық құқығы мен халықаралық құқықтың арақатынасы (басымдылықтың қалыптасу мәселелері). – Астана: ЕҰУ РББ, 2010.-300 б.
3. Ағдарбеков Т. Мемлекет пен құқық теориясының негізгі мәселелері: оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2009. – 256 б.

4. Марченко М.Н. Сравнительное правоведение. Общая часть: учебник для юридических вузов. М.: Зерцало, 2001. – 560 с.
5. Туманов В.А. О развитии сравнительного правоведения // Советское государство и право. 1981. No 11. – С. 41-49.
6. Саидов А.Х.Сравнительное правоведение (основные правовые системы современности): учебник / под ред. В.А. Туманова. М.: Юрист, 2000. – 441 с.
7. Егоров А.В. Сравнительное правоведение/А.В. Егоров – «Вышэйшая школа», 2015. – 51 с.
8. Тихомиров. Ю.А. Сравнительное правоведение: развитие концепций и общественной практики. Журнал российского права. – № 6. – 2006. – С.3-15.
9. Булгакова Д. А. Мемлекет және құқық теориясы. Оқу құралы.— Алматы: Заң әдебиеті, 2006.— 106 бет.
10. Ағдарбеков Т. Мемлекет пен құқық теориясы. Оқулық. – Алматы: «HAS», 2003. – 328 б.
11. Комаров С.А. Общая теория государства и права: Учебник. – 8-е изд., испр. и доп. – СПб.: Издательство Юридического института, 2012. – 608 с.
12. Yahya Deryal. Temel hukuk bilgisi. Trabzon. – Yayınevi: Derya Kitabevi. 2007. – 307 s.
13. Yakup Mahmutoglu. İslâm hukukunun kazuistik yapisi üzerine. S.D.Ü. Hukuk Fakültesi Dergisi C.2, S.1, Yıl 2012. – S.131-151.
14. Әбу Заид Шалби. Әл-Мифтаху шарху нурил изах. – Матбах дарул китабил арабии билмиср. 1958. – 2-басылым (араб тілінде). – Fazilet Neşriyat ve Ticaret A.Ş./İstanbul. – 191 б.
15. Исаұлы М., Жолдыбайұлы Қ. Ислам ғылымхалы – Алматы, 2010 ж. – 520 бет.
16. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V//http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226.
17. «Қазақстан Республикасының Конституциясы» Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды//http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000.
18. Уақап Қыдырханұлы. Құран Кәрім (Қазақша мағына және түсінігі). – Алматы. «Дәуір ЖАҚ» баспасы. – 2002. – 674 б.

Сартаева Калия Рысбековна,
кандидат юридических наук
Ким Элина Павловна,
кандидат юридических наук ЮКГУ им. М.Ауезова, г. Шымкент, Республика Казахстан

СУЩНОСТЬ И СОДЕРЖАНИЕ ПРОБЛЕМЫ ЛАТЕНТНОЙ ПРЕСТУПНОСТИ И ЕЁ ВИДЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада жасырын қылмыстың сипаты мен мазмұны талқыланып, бұл жалпы алғанда, сондай-ақ қылмыстардың жекелеген түрлері үшін қылмыстық ахуалды дамытуды болжау мүмкіндігін айтарлықтай қиындатады, қарсы күрес стратегиясын және тактикасына өте теріс әсер етеді, сондай-ақ мемлекет құқық қорғау органдарына адами және материалдық ресурстарды бөлудің барабарлығын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді, қоғам үшін әлеуметтік-төзімділік деңгейін сақтау үшін нақты шаралар қабылдау қажет, осылайша қылмыстық саясатты ұлттық деңгейде ғана емес, сонымен бірге қылмысқа қарсы күресте ынтымақтасқан түрде жүзеге асырады.

Annotation. This article deals with the nature and content of latent crime, which greatly complicates the ability to predict the development of the crime situation both in general and for certain types of crime, and has a very negative impact on the strategy and tactics of combating crime, and also prevents the state from ensuring adequacy the allocation to the law enforcement agencies of the human and material resources necessary to take real measures to deter crime on a socially tolerant basis for society arising level and thus form a criminal policy, not only on a national scale, but also actively cooperate in the fight against crime

Конституция Республики Казахстан (ст. 1), принятая всенародным голосованием 30 августа 1995 года, провозглашает Казахстан демократическим, светским, правовым и социальным государством, где высшими ценностями являются человек, его жизнь, права и свободы.

Эти конституционные установления представляются весьма актуальными в сфере борьбы с преступностью, публичный характер которой допускает ограничение органами предварительного расследования и органами дознания прав и законных интересов граждан и организаций при регистрации заявлений и сообщений по фактам совершенных в отношении них преступлений. При этом эффективность деятельности указанных органов является не только недостаточной, но и в последние годы отмечается тенденция её снижения (в суд за последние 10 лет ежегодно направлялось всего от 25% до 35% возбужденных уголовных дел).

Одна из основных причин данного негативного явления на основании многочисленных криминологических исследований заключается в высоком уровне латентной преступности, многократно превышающей общее количество зарегистрированных преступлений. При этом, латентная преступность присуща не только Казахстану и странам бывшего СССР, но и в определенной степени она имеет общемировой характер.

Тем самым, без анализа одного из важнейших свойств преступности - её латентности не может быть оценено достаточно объективно современное состояние преступности в Казахстане.

Исследуя понятие латентной преступности, авторы отмечает, что она представляет собой важную проблему изучения и оценки криминогенного состояния общества.

А. Кетле, один из первых оценивший значение латентности, отмечал: «Можно даже сказать, что все нам известное относительно уголовной статистики не представляло бы никакой ценности, если бы не допускалось, что существует почти неизменное соотношение между преступлениями зарегистрированными и судимыми и всем нам неизвестной суммой современных преступлений. Это отношение необходимо, и, повторяю, если бы оно не существовало в действительности, то все до сих пор установленное на основании данных уголовной статистики было бы ложным и бессмысленным» [1].

Данное явление обусловлено тем, что уголовно-правовая статистика на протяжении десятилетий фиксирует многочисленные факты отказа в принятии и регистрации сотрудниками органов внутренних дел заявлений, сообщений граждан и организаций о совершенных преступлениях. Общий уровень скрываемых правоохранительными органами преступлений составляет по оценке В.В. Лунеева «в пределах 30% и более от числа заявленных» [2].

Значительную часть в латентной преступности занимают противоправные деяния, по которым следователем, руководителем следственного органа, дознавателем, органом дознания

принимаются незаконные, необоснованные процессуальные решения об отказе в возбуждении уголовного дела, несмотря на наличие в заявлении, сообщении повода для возбуждения уголовного дела [3].

Еще более значительную часть в структуре латентной преступности составляют незаявленные преступления, которые по результатам различных исследований, в том числе международных [4] составляют порядка 50% и более от фактически совершенных преступлений.

Как следствие указанных выше и ряда иных, с ними связанных, факторов уровень официально регистрируемой в Казахстане преступности в течение двух последних десятилетий не отражают реального состояния правопорядка и общественной безопасности в стране.

Поэтому жесткая критика Президентом Республики Казахстан, Назарбаевым Н.А., правоохранительной системы страны и слова «в новом десятилетии нам нужна новая правоохранительная система /…/ Поручаю Администрации Президента, Правительству, Верховному Суду, правоохранительным органам приступить к комплексной и системной работе по совершенствованию правового пространства незамедлительно» [5] прозвучали для многих достаточно неожиданно и остро.

В контексте новых требований к реформированию правоохранительной системы качественно новые задачи ставит Президент РК и перед органами правовой статистики, обеспечивающих учет и анализ показателей деятельности правоохранительных органов.

В Послании отмечается, что комплексная и системная работа по реформированию правоохранительной системы и совершенствованию правового пространства невозможна без качественного совершенствования системы отчетности и оценки деятельности каждого правоохранительного органа. Причем «критерием результативности должны стать не количественные показатели, а качество работы, индикатором которого будет рост доверия граждан, юридических лиц и иностранных инвесторов».

Для определения масштабов латентной преступности вполне обоснованным и даже необходимым является использование различных социологических, статистических и аналитических методик, включающих в себя сравнительный анализ взаимообусловленных показателей уголовно- правовой статистики, сопоставление сведений с данными административной практики о количестве зарегистрированных правонарушений и со сведениями, поступающими из медицинских учреждений в связи с обращениями граждан о причинении им телесных повреждений, со статистикой жалоб и обращений граждан в правоохранительные и иные органы и в суд, а также социологические опросы граждан и экспертные оценки.

Латентная [5] (скрытая, невидимая) преступность, как отмечено выше, представляет собой реальную, но скрытую или незарегистрированную часть фактически совершенных преступлений. В свою очередь, фактическая преступность многократно превышает официально зарегистрированную, т.е. ту её часть, которая регистрируется и расследуется органами уголовной юстиции. Тем самым, разница между учтенной в уголовно-правовой статистике и фактической преступностью и составляет латентную преступность, которая, например, по различным экспертным оценкам от 3-5 раз и до 8-20 раз превышает фактическую.

«Тенденция к латентности, - как отмечает В.М. Коган, - так же свойственна преступности в целом, как стремление скрыть совершенное преступление свойственно отдельному преступнику» [6].

Тем самым, латентная преступность неизменно относится к числу наиболее актуальных проблем теории и практики борьбы с преступностью, что обусловлено рядом обстоятельств. Среди них, например, К.К. Горяинов, А.П. Исиченко и Л.В. Кондратюк выделяют, по меньшей мере, следующие:

• во-первых, то, что «латентная преступность одна из основных характеристик преступности, ее имманентное свойство, порождающее относительность наших знаний о преступности в каждый данный момент;

• во-вторых, наличие латентной преступности порождает ряд негативных последствий, в частности, значительно затрудняет или даже делает невозможной оценку действительных масштабов преступности, выработку адекватных управленческих решений, а в конечном счете и эффективную борьбу с ней» [7].

Высокий уровень латентной преступности в значительной степени затрудняет возможность прогнозирования развития криминогенной ситуации как в целом, так и по отдельным видам преступлений, и крайне негативно сказывается на стратегии и тактике борьбы с преступностью, а также не позволяет государству обеспечить адекватность выделения правоохранительным органам

людских и материальных ресурсов, необходимых для принятия реальных мер в целях удержания преступности на социально-терпимом для общества уровне и тем самым формировать уголовную политику не только в масштабе страны, но и активно сотрудничать в борьбе с преступностью с государствами с устоявшейся системой правосудия (Европа, Америка и др.).

Говоря о последствиях латентной преступности, следует отметить, что она, с одной стороны, порождает у граждан неверие в способность правоохранительных органов и, соответственно, государства гарантировать их личную и имущественную безопасность, а, с другой стороны, не позволяет создать необходимые условия для реализации конституционного права пострадавших от преступных деяний граждан на их доступ к правосудию и возмещению причиненного им вреда. Тем самым, не обеспечивается эффективное противодействие преступности и неотвратимость наказания лиц, виновных в совершении преступления.

Не менее отрицательным фактором является то обстоятельство, что латентная преступность, как справедливо указывает Р.М. Акутаев, негативно сказывается и на авторитете уголовного закона, ибо «нельзя придумать ничего более худшего для падения его авторитета, чем выборочное применение уголовно-правовых норм, причем далеко не к самым злостным нарушителям закона» [8].

Понятие латентной преступности включает в себя, по мнению К.К. Горяинова, А.П. Исиченко, Л.В. Кондратюка, Р.М. Акутаева, два отличительных признака: первый, неизвестность латентных преступлений официальным органам и, второй, неучтенность этого вида преступлений в уголовно-правовой статистике. Тем самым, под латентной преступностью понимается «совокупность преступлений, не ставших известными правоохранительным органам и не нашедших отражение в уголовной статистике» [9].

Понятие дефиниции латентной преступности сформулировано в материалах международного семинара: «Латентная преступность: познание, политика, стратегия» [9, с.8]. Согласно этой дефиниции, к латентным преступлениям относятся: «деяния, которые не были заявлены или зарегистрированы правоохранительными органами, как деяния, в отношении которых со стороны системы уголовного правосудия не было принято никаких последующих действий» *(имеется ввиду расследование не проводилось).*

Рассматривая неучтенность и незарегистрированность преступлений в уголовно-правовой статистике, как основной признак латентности, мы считаем необходимым в порядке научной дискуссии обратиться к точке зрения А.С. Шляпочникова и Г.И. Забрянского, которые приведенное выше определение считают неприемлемым, указывая на ряд недостатков [10].

Во-первых, оно охватывает и некоторые преступления, дела о которых рассматриваются в товарищеских судах и комиссиях по делам несовершеннолетних.

Во-вторых, данное определение включает также преступления, ставшие известными соответствующим органам власти, но умышленно скрытые работниками этих органов от учета.

В-третьих, этим определением охватываются и преступления, которые не подвергаются регистрации в результате недостатков в системе первичного учета преступных проявлений.

Из сказанного ясно, - продолжают авторы, - что те, кто определяют латентную преступность как совокупность преступлений, не нашедших отражения в уголовной статистике, в основу своего определения кладут не признак «известности», а отличный от этого, хотя и внешне схожий признак - отображение преступления в действующем учете, то есть «учтенность» [10].

Продолжая научную дискуссию, указанные авторы в обоснование изложенной точки зрения дают свое определение, отмечая, что «латентными следует считать преступления, скрытые от одного из органов, которым по закону предоставлено право расследовать или рассматривать дела о совершенных преступлениях». В принципе аналогичную позицию высказывает и В.В. Панкратов, считающий, что скрытая преступность - это совокупность преступлений, не выявленных органами полиции, прокуратуры и суда и, соответственно, не нашедших отражения в учете уголовно-наказуемых деяний [11].

Однако, по нашему мнению, оба последних определения латентной преступности не разграничивают такие составляющие латентной преступности, как естественная и искусственная латентность, что не позволяет представить реальную оценку уровня как неизвестных для правоохранительных органов преступлений, так и преступлений, неотраженных правоохранительными органами в государственной статистической отчетности в силу нарушения ими установленных правил регистрации заявлений и сообщений о преступных проявлениях и их учета вкачестве преступлений.

На указанные выше признаки латентности преступлений (естественная латентность и искусственная латентность) указывает и В.Н. Шиханов в своем диссертационном исследовании, выделяя при этом:

- *естественную латентность* преступлений, как отсутствие сведений о совершенном уголовно-наказуемом деянии в статистической отчетности и отсутствие правового решения по факту совершения уголовно-наказуемого деяния, обусловленные отсутствием информации о криминальном происшествии у правоохранительных органов;
- *искусственную латентность* преступлений - как отсутствие сведений о совершенном уголовно-наказуемом деянии в статистической отчетности, вызванное нарушением правоохранительными органами установленных правил регистрации и учета преступлений [12].

Однако определение В.Н. Шихановым «искусственной латентности» не в полной мере, по нашему мнению, отражает её особенности, поскольку нарушение правил регистрации и учета преступлений включает в себя и случаи неосознания общественно-опасного деяния как преступного обнаружившим его лицом *(имеется ввиду следователем, дознавателем или иным должностным лицом органа дознания — выделено Ю.Т.),* на что справедливо указывают М.А. Алексеев и А.Н.Роша, называя эти ситуации «пограничными» [13] в общей структуре латентной преступности.

В «искусственной» латентности отдельные авторы выделяют случаи, когда «правоохранительные органы, располагая необходимой информацией о совершенных преступлениях, не ставят их на учет для создания видимости благополучия в борьбе с преступностью» [14].

Обращаясь к последним исследованиям латентной преступности, хотелось бы выделить среди них точку зрения профессора В.В. Лунеева, который по механизму образования латентных преступлений выделяет:

- *незаявленные* - те, которые были совершены, но потерпевшие, свидетели, должностные лица и другие граждане, в отношении которых они совершены, очевидцами которых они были или о которых они осведомлены, не сообщили об этом в правоохранительные органы;
- *неучтенные* - те, о которых правоохранительные органы были осведомлены (имелись поводы и основание к регистрации преступлений и возбуждению уголовного дела), но их не зарегистрировали и не расследовали;
- *неустановленные* - те, которые были заявлены, зарегистрированы, их расследовали, но в силу халатности оперативных и следственных работников, их слабой профессиональной подготовки, ошибочной уголовно-правовой квалификации и иных причин в содеянном не было установлено событие или состав преступления.

В свою очередь Б.*Я.* Гаврилов по механизму образования латентной преступности выделяет:

- *незаявленные преступления*, о которых граждане в компетентные органы не захотели сообщать по различным причинам (их число составляет от 40 до 60% от фактически учтенных в уголовно-правовой статистики преступности), что свидетельствует о распространенности латентности жертв преступлений, а само явление Г.И. Забрянский назвал новым термином «латентной виктимизацией». Названная категория «незаявленных» преступлений является естественной латентной преступностью;
- *умышленно неучтенные в статистике преступления,* по которым в регистрации заявлений, сообщений граждан и организаций о противоправных деяниях правоохранительные органы умышленно отказывают в целях обеспечения видимых успехов в борьбе с преступностью. Как правило, это преступления, по которым лица, их совершившие, не установлены;
- *зарегистрированные правоохранительными органами, но не включенные в уголовно-правовую статистику противоправные деяния* (зарегистрированная латентная преступность), когда в погоне за благополучными показателями раскрываемости или в силу ошибочной уголовно-правовой квалификации правоохранительные органы не усматривают в содеянном состава или события преступления путем отказа в возбуждении уголовного дела по реабилитирующим основаниям и не ставят, тем самым, преступление на учет или снимают преступление с учета путем прекращения уголовного дела по указанным основаниям;
- *выявленные в процессе расследования, но не вошедшие в статистику латентные преступления по конкретным уголовно-правовым составам,* как, например, о незаконном изготовлении и сбыте наркотиков и оружия, а также о противоправных деяниях в сфере экономической деятельности хозяйствующих субъектов. Их число поддается относительному

учету, в том числе через соотношение с числом преступлений по фактам незаконного приобретения наркотиков, оружия, а также путем сравнительного анализа с количеством преступлений данного вида, регистрируемых в других странах, с учетом численности населения в Казахстане. Однако в статистику преступности большинство из них не попадает ввиду несовершенства ведомственного нормативного правового регулирования учета данного вида преступлений. Три последних вида латентных преступлений составляют категорию *искусственных латентных преступлений.*

На основе анализа существующих в научной литературе определений латентной преступности в работах указанных выше авторов и собственного видения, нами были предприняты попытки сформулировать понятия:

- *естественно-латентной преступности,* которую составляют незаявленные преступления, не ставшие известными органам уголовной юстиции в силу неверной правовой оценки потерпевшим имевшего в отношении него факта совершения уголовно-наказуемого деяния и другими лицами, осведомленными о противоправном деянии, а также из-за нежелания указанных лиц обратиться в правоохранительные органы и в суд;

- *искусственно-латентной преступности*, которую составляют преступные деяния, сведения о которых не были отражены в уголовно- правовой статистике по причине того, что сообщения о них не получили законной, обоснованной оценки и, соответственно, должностными лицами органов дознания и органов предварительного следствия не были приняты все необходимые меры правового реагирования на заявления, сообщения о преступлении. К ним следует отнести уголовно-наказуемые деяния, укрытые от учета путем их не регистрации, незаконного, необоснованного отказа в возбуждении уголовного дела за отсутствием события или состава преступления, или признания их в силу малозначительности деяниями, которые преступлениями не являются, а также необоснованной квалификации более тяжких преступлений, как преступлений, представляющих меньшую степень общественной опасности. Сюда же мы относим и случаи ошибочной квалификации следователем, дознавателем, органом дознания уголовно-наказуемых деяний, как некриминальных.

Проведенное нами исследование совокупности изложенных выше точек зрения и собственная научная оценка понятия «латентной преступности» позволили определить латентную преступность в виде совокупности преступлений как ранее неизвестных правоохранительным органами, в их числе тех, о совершении которых граждане и организации в государственные, в том числе правоохранительные органы и средства массовой информации не обращались, так и ставших фактически известными правоохранительным органам противоправных деяний, но не нашедшим отражения в официальной уголовно-правовой статистике о преступности по причине отказа должностных лиц правоохранительных органов в приеме и регистрации заявлений, сообщений о преступлении, а также в следствие принятия незаконных, необоснованных процессуальных решений об отказе в возбуждении уголовного дела и из-за несовершенства нормативного правового регулирования регистрации и учета преступлений.

Как отмечено выше исследование проблем латентной преступности достаточно подробно освещено в ряде монографий и многочисленных научных публикациях [15]. Их авторами предлагаются различные пути решения проблемы относительно реального учета преступлений в уголовно-правовой статистике, в том числе латентной преступности, вплоть до создания специального, независимого от правоохранительных органов, учреждения по регистрации заявлений и сообщений о совершенных преступных деяниях и учету уголовных преступлений.

Высказывалась и точка зрения, что «латентная преступность значительно уменьшится, если совершенствование уголовного законодательства будет вестись по пути декриминализации не представляющих большой общественной опасности деяний».

При этом в указанных и других работах по проблемам латентной преступности, мы не смогли найти научное обоснование особенностей латентной преступности в Казахстане, хотя рядом указанных выше ученых она названа еще в 80-х гг. XX века «как искусственная латентность», требующая самостоятельного анализа ее составляющих и исследования причин этого явления. Однако, по мнению автора, латентность, как явление преступности, изучалась, в основном в общем контексте её причин и латентности отдельных видов преступлений. Познать, в первую очередь, требуется не только и не столько общие причины латентности, характерные в мире в целом для преступности, сколько реальные причины сокрытия преступлений от учета, имеющие в Казахстане совсем иную природу своего существования, обусловленную главным образом недостатками нормативного правового регулирования.

На первом этапе нормативное правовое урегулирование устранения указанных выше причин латентной преступности должно, по нашему мнению, выражаться в разработке конкретных правовых норм, способных минимизировать уровень искусственной латентной преступности. И только после этого будут созданы объективные предпосылки для реализации иных мер по устранению ряда других причин латентной преступности в целом, а также сокращению уровня естественной латентности преступлений.

Завершая теоретико-правовое исследование понятия и сущности латентной преступности, и на основании изучения по данной проблеме материалов круглых столов, конференций отмечает, что данная проблема многие годы находится в поле зрения органов государственной власти, правоохранительных органов, практических и научных работников.

Список использованной литературы:

1. *Торопин Ю.В.* Факторы, препятствующие достоверности показателей преступности / Правовое и криминалистическое обеспечение управления органами расследования преступлений: Материалы Всероссийской научно-практической конференции. М.: Академия управления МВД России, 2011. 4.1. С. 382-388.
2. *Ларин А.М.* Преступность и раскрываемость преступлений // Государство и право. 1999. №4. С. 87.
3. *Лунеев В.В.* Преступность XX века. Мировой криминологический анализ.
4. *Гаврилов Б.Я.* Негативное влияние проблемы регистрации и учета преступлений на разработку стратегии борьбы с преступностью / Стратегия борьбы с преступностью
5. *Кетле А.* Социальная физика или опыт исследования о развитии человеческих способностей. Т. II. Киев, 1913. С. 193.
6. *Лунеев В. В.* Материалы заседания круглого стола по проблемам совершенствования критериев оценки деятельности органов внутренних дел в сфере борьбы с преступностью. М.: МВД России, 1998. С. 22-23.
7. *Торопин Ю.В.* Латентная преступность: понятие, сущность и структура // Труды Академии управления МВД России. М., 2011. № 2. С. 83.
8. Understanding Crime Experiences of Crime and Crime control. Acts of the International Conference. Rome, 18-20 Nov. 1992. UNICRI. Rome. 1993.
9. Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года № 858 «О Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года». // База данных по законодательству Казахстана ИС ПАРАГРАФ www.prg.kz
10. Перевод с латинского: скрытый, невидимый / Большой словарь иностранных слов в русском языке. М.: Юнвес, 1998. С. 360-361.
11. *Коган В.М.* Социальные свойства преступности. М.: Академия СССР, 1977. С. 48.
12. *Горяинов К.К., Исиченко А.П., Кондратюк Л.В.* Латентная преступность в России: опыт теоретического и прикладного исследования. - М.: ВНИИ МВД России, 1994.
13. *АкутаевР.М.* Латентная преступность: актуальность проблемы и понятие // Государство и право, 1997. № 12. С. 80.
14. *Горяинов К.К., Исиченко А.П., Кондратюк Л.В.* Латентная преступность в России: опыт теоретического и прикладного исследования, 2004.
15. *Панкратов В.В.* Косвенные методы изучения преступности / Вопросы борьбы с преступностью. М., 1967. С. 7.

Ажиметова Закан Абдразаковна
з.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ
Сартбаева Улданай Караханова
з.ғ.к., Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Әжімет Қаракөз Мұратқызы 2-курс магистрант

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖАСАЛУ МЕХАНИЗМІ ЖӘНЕ АСПЕКТІЛЕРІ

Қазақстан Республикасы Конституциясында еліміздің зиялы, демократиялық қоғам және құқықтық мемлекет құру жолында халықаралық нормаларды ұстанатындығы айқын көрсетіліп, республиканың дүниежүзілік қоғамдастықтың толық құқылы, бөлінбес бөлігі екендігі жария етілген [1].

Отандық заңнама тәжірибесінде адамдардың құқығы, бостандығы, адамгершілігі тәрізді құндылықтары мен асыл касиеттерін заңмен қорғау орныға түсуде.

Елбасымыздың «Заңнама саласында бәрі ойдағыдай емес, Тәуелсіздік жылдары біз қабылдаған заңнамалық кесімдер саны мынға жақындап қалды. Бұл оларды дұрыс қолдануға байланысты қиындықтар тудыра бастады, қолданыстағы құқықты құқықтық алдартушылықтан, ескірген және бір-бірін қайталайтын нормалардан арылту кажеттілігі туындайды. Тағы бір бұрыннан келе жатқан проблема мынада: біз кабылдаған көптеген заңдар заңға тәуелді кажетті қосымша актілердің жоқтығынан толық күшінде жұмыс істемейді» [2] - деген сөздерін жоғарыда аталған құбылыстармен құқықтық күрес саласына да қатысы бар деп білеміз.

Парақорлық-сыбайлас жемқорлық қылмыстардың ең көп тараған түрі, мемлекеттік билік пен басқарманың түбіріне балта шабатын, күллі халықтың көзінше биліктің беделін түсіріп, азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтіретіндіктен, қылмыс атаулының ішіндегі ең қауіптісі десек, қателеспейміз. Сыбайлас жемқорлық өмірдің түрлі салаларына енген уақытта бұл құбылыстың қауіптілігі де өсе түседі. Парақорлық дегеніңіз мемлекеттік мекемелердің қызметіне араласа отырып, олардың беделін түсіріп, билік органдарының қызметін жоқа шығарады, әлеуметтік әділеттілік принципін бұзады.

Пара алу және пара берудің қауіптілігі сол – олар басқа да ауыр және аса уаыр қылмыстармен араласып, сабақтасып жатады: мүлікті ұйымдасқан түрде ұрлау, заңсыз жолмен алынған ақша қаражаттары мен мүлікті заңдастыру, қаруды заңсыз иемдену.

Жалпы алғанда парақорлық бұл – кез-келген өркениетті мемлекеттің алдында тұрған мәселе.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысы бойынша 1998 жылы 2 шілдеде “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” заң қабылданған болатын. Ол заң дүниежүзілік тәжірибені негізге ала отырып құрастырылған.

Осылайша, сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігіне айналып отыр.

Сыбайлас жемқорлық қылмысының ең кең тараған түрлерінің бірі – ол парақорлық. Мемлекеттік – биліктік құрылымдарда терең орныққан ол – қоғамдық, құқықтық сананың дағдарысына, құқықтық нигилизмге, мемлекеттік органдарға сенбеушілікке әкеліп соғады.

Сондықтан, парақорлықпен күрес біздің қоғамның алдында тұрған ең бірінші міндет болып табылады.

Парақорлық – бұл сыбайлас жемқорлықтың ең көне және ең кең тараған түрлерінің бірі. Атақты орыс криминалисті В.И. Ширяевтың айтуынша: “ерекше өкілеттіктерге ие биліктің адамдары пайда болғаннан бастап парақорлық та сол кезден бастап пайда болды [3] ”. Заңнамада парақорлық – қызметтік, пайдакүнемдік мақсатта жасалатын қылмыстардың бірі ретінде көрсетілген. Бұл қылмыстың мәні мынада: мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген адам өзінің қызметтік міндеттерін орындағаны үшін басқа тұлғалардан немесе ұйымдардан заңсыз материалдық сыйақы алады.

Басқа да мемлекеттік билікке, мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы қылмыстар сияқты, парақорлық мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін - өзі басқару органдары, сонымен қатар, әскери күштерді басқару аппаратының, яғни мемлекеттік басқару аппаратының қалыпты қызмет етуіне қарсы бағытталады.

Атақты ғалым А.Н. Ағыбаев айтуынша “Сыбайлас жемқорлық деп мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның, лауазымды тұлғалардың қызметтік

өкілеттілігін өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықты алу не басқа адамға немесе ұйымға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделерін кереғар пайдалану нәтижесінде жеке адамның заңды құқықтары мен мүдделеріне, қоғамның, мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі түрде бұзуға әкеліп соғатын заңсыз іс-әрекеттерді айтамыз" – деп көрсетеді [4].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуші органға басқа мемлекеттік қызметші, құқық қорғау органының қызметкері жөнінде сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлаған мемлекеттік қызметші, құқық қорғау органының қызметкері сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуші органның ұсынуы бойынша тәртіптік ретпен қызметінен босатуға немесе тиісті міндеттерді атқарудан өзгедей түрде босатуға дейін жазаланады.

Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасауға байланысты жасасқан мәмілелерді сот заңда белгіленген тәртіппен жарамсыз деп таниды. Тиісті актілерді қабылдауға немесе тоқтатуға уәкілеттік берілген органдар немесе лауазымды адамдар, немесе мүдделі жеке немесе заңды тұлғалардың, немесе прокурордың талап етуі бойынша сот сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған актілердің, іс-әрекеттердің күшін жоюы мүмкін.

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлық көбінесе инвестицияда, бюджет қаражаттарын пайдалануда, мемлекеттік ресурстарды пайдалануда, газ, мұнай өндіретін өнеркәсіп объектілерінде, бидай кешені мен несие – қаржылық және банкілік операциялар аясында болады.

Сыбайлас жемқорлықпен жасалатын қылмыстың бәрі, атап айтқанда қызметтік өкілеттікті пайдакүнемдікпен теріс пайдалану мен парақорлық сандық және санаттық көрсеткіштеріне қарай бірінсіз - бірі бола бермейтін әрекет деп қарау керек.

Солай дегенмен де криминологиялық сипаттаманың қатарына сыбайлас жемқорлықпен жасалатын қылмыстың қауіптілігі бірінші кезеңде тұрады.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен жасалатын қылмыстың бәрі, атап айтқанда олардың қауіптілігі қылмыс процесінің қоғамның көптеген топтарында күшейте түсуімен соның ішінде сыбайлас жемқорлықтың шенеуніктің аппараттарға өтіп кетуімен көрінуде. Мемлекеттік басқару құрылымдарының сыбайласуы Қазақстан Республикасының экономикалық жағынан «әлсіретуге» жалпы мемлекеттік саясатты жекелеген адамдардың мүддесіне бағындыратындай төмендетуге, қоғамды моральдан жұрдай етуге итермелеуге икемделіп отырғаны жасырын емес.

Ол мемлекеттік билікке де сіңісіп, қоғамдық қауіптілікті күшейтіп бара жатқан сияқты.

Еліміздегі заңдылықты сақтауды қамтамасыз ететін құқық қорғау және арнаулы органдардың қызметін сапалық жағынан арттыруға қол жеткізуі керек. Өздерінің экономикалық, коммерциялық жеке мүдделерін қорғау қажеттігіне мәжбүр болған сыбайлас жемқорлар ортасы мемлекетте, саяси билікке ұмтылады. Әсіресе осы әшкереленген қылмыстарға қарайтын болсақ, мемлекеттік жауапты міндеттерді атқаратын адамдардың осы қылмыспен айналысатыны қатты алаңдатты. Мұндай қылмыстар Қазақстан Республикасының барлық облыстарында орын алып отыр.

Сондықтан да қазір ол орнықты сипат алып, қоғамда тереңдетіп тамыр жайып бара жатқан сияқты. Дәл қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық жалпы қылмыстық және экономикалық бағытта ұйымдасқан қылмыспен тығыз байланыста сипат алып отыр. Тіпті сыбайласқан шенеуніктер экономикадағы қылмыстық бизнеспен ғана емес, басқа да «мамандандырылған» қылмыстармен жымдаса түсуде.

Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлар өздерінің үстемдігін басым ету мақсатында кәсіби қоқан – лоқты жасаушылар мен жалдамалы кісі өлтірушілер және тағы басқа байланыс жасасып, солардың көрсететін қызметін пайдалануда.

Бір жағынан, кең ауқымды сыбайлас жемқорлық арқылы ұйымдасқан қылмыс құрылымдардың әлеуметтік жемқорлық арқылы ұйымдасқан қылмыс құрылымдарының әлеуметтік бақылаудан бұлтарудың да жүйесі қалыптаса түсуде. Бұл қорғаныстар құқық қорғау органдарына оперативтік қызметтер мен тергеушілерге белсенді де өткір қарсылықтармен көрінуде.

Елеулі мөлшерде түсетін қылмыстық табыс көздері мен пайда іскерлердің беделді деген мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен, әскери ведомстволардың жоғары шенді шенеуліктермен тіл табысып, құқық қорғау органдары мен бақылау жүйесінің қақпанынан құтылып кетеді.

Сыбайлас жемқорлық тамырын кең жайып, әсерін молайтып бара жатқандығы соншалық, ол тіпті заңға бағынышты адамдардың өздерін де еріксіз қармағына түсіруде.

Сыбайлас жемқорлық біздің елімізде белгіленген сипаттамаларының негізгі ерекшеліктері сарқылар емес, солай бола тұрса да олардың бәріде осы кеселмен күрестің жолдарын ашып берері сөзсіз.

Оперативтік және статистикалық мәліметтерге қарағанда, ұйымдасқан қылмыс құрылымының сыбайласқан байланысты орталықтар мен жергілікті жерлерде, құқық қорғау мен бақылау органдарында тамырын тереңге созып бара жатқандығы айқын.

Қоғамдық қауіпсіздікті, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде және сыбайлас жемқорлыққа, қылмысқа қарсы күресте жергілікті атқарушы органдарының рөлін жоғарылату.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл.

2 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы: проблемалар және оларды шешудің жолдары. Алматы: 1997 ж.

3 Ширяев В.Н. Взяточничество и лиходательство в связи с общим учением о должностных преступлениях. Ярославль, 1916 г.

4 Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. - Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – 768-бет.

Сартбаева Улданай Карахановна
з.ғ.к., Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Ажиметова Закан Абдразаковна
з.ғ.к., доцент,
Әмірқұлова Айгерім Алтынқызы
2-курс магистрант, М.Әуезов атындағы ОҚМУ

ҚОҒАМНАН ОҚШАУЛАУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС ЖАЗАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Елімізде жүргізіліп жатқан реформаны іске асыру және барлық заңды мүдделерді қорғау үшін қылмыстылықпен күрес шараларын күшейтуді қажет етеді. 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдуммен қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 бабында "Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы-адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары" дей отырып қоғамға, адамзатқа қарсы іс-әрекеттерді жасауға тыйым салады [1, 1-бап].

Қолданылып жатқан, құқықтық және ұйымдастыру шараларына қарамастан еліміздегі қылмыстық ахуал күрделі күйінде қалып отыр және техниканың дамуы мен көбеюіне, өндірістік қызметтердің қарқынды жүргізілуіне байланысты заңмен қорғалатын құндылықтарға абайсызда зардаптар келуінің мүмкіндігі де артуда.

Қылмыс жасаушылардың әрекеттері, әсіресе меншікке, экономикалық қатынастарға, қоғам қауіпсіздігіне қарсы қылмыстарда жиі кездеседі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев қылмыстылыққа қарсы күрес және құқық тәртібін нығайту мәселесі жөніндегі мәжілісте қылмыстылықпен күресудің және құқық тәртібін нығайтудың ауқымды, әрі тиімді бағдарламасын ұсынды. Сонымен қатар Президент өзінің мазмұнды баяндамасында "еліміз әлеуметтік қайта құру және демократиялық мемлекетті құру жолында ең күрделі түрде қарқынды дамыған қылмыстылықпен қақтығысудың шегіне жетті. Бұл шын мәнінде реформа саясатына, қоғамның тұрақтығына, азаматтардың өмірі мен игіліктеріне қауіп тудырады",-деді[2]. Ғалымдар мұны бір жағынан заңды құбылыс ретінде бағалауда. Себебі қоғамның даму бағытын өзгертуі, ол елде алғашқы уақыттарда экономикалық-саяси дағдарыстың орын алуына соқтыра алды.

Құқықтық саясат, ол мемлекеттік саясаттың бір тармағы ретінде мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және құқықтық дамуын білдіретін Конституция ережелеріне негізделеді деген ойдамыз. Сондықтан қылмыстық құқықтық саясаттың бір өзекті мәселесі ретінде қылмыстық заң нормаларының тиімділігін арттыру-заң нормаларының теориялық ғана емес, сонымен бірге практикалық талаптарға да сай келуін қамтамасыз етеді. Р.Т. Нұртаев өзінің бір еңбегінде «Елде қылмыстық саясатты әрі қарай гуманизациялау мен либерализациялау бағытына біздің мемлекеттің күш жұмсауы, заң ғылымдары мен оның негізгі өзгерістерінің жетістіктерін дұрыс және жан-жақты ескерген жағдайда тиімділік көрсетуі мүмкін»- деді [3, 47-56б.].

Сондықтан да қазіргі қоғамның әлеуметтік-саяси және экономикалық даму жағдайын, кейбір шет мемлекеттердің қылмыстық құқығының жетістіктерін ескере отырып, алдағы уақыттарда практика талаптарына сай келмейтін қылмыстық заң нормаларын қайта қарау қажет болуы да мүмкін. Әрине мұндай жағдай орын алғандай болса, онда абайсыздықпен сипатталуға жататын қылмыстық құқық нормалары да міндетті түрде өзгерістерге ұшырайтыны даусыз.

Адамды бас бостандығынан айырмай қолданылатын түзеу жұмыстары, бас бостандығынан айыруға шартты түрде соттау, еңбекке міндетті түрде қатыстыра отырып шартты соттау, айыппұл, үкімнің орындалуын кейінге қалдыру және тағы басқалары жатады. Қазақстандағы жасалған қылмыстар үшін қолданылатын жазалардың тиімділігін арттыру мәселелерін теориялық жағынан жетілдіру, осы жұмыста қолданылған қылмысты абайсыздықпен күрестің тиімділігінің теориялық негіздерімен танысып, зерттеуден, абайсызда жасалған қылмыстар үшін жекелеген қылмыстық жаза түрлерінің тиімділігін арттыруға арналған басты бағыттарды анықтаудан тұрады.

Жасалған қылмыстар үшін қолданылатын жекелеген жаза түрлерінің тиімділігін арттырудағы басты бағыттары, сотталғандарды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар тиімділігін арттыру жолдарымен, абайсызда қылмыс жасаған қылмыскерлерді түзеу және

олардың жаңадан қылмыс жасауының алдын алу тиімділігін арттырудың теориялық және практикалық бағыттарымен, осындай қылмыстар үшін қолданылатын жекелеген жаза түрлерінің тиімділік шарттарын анықтауға арналған диссертациялық жұмыстардың шеңберінде оқып-танысумен және оларды зерттеумен негізделеді.

Біздің елімізде қылмысқа қарсы күрес тиімділігін арттырудың мәселелері туралы теорияны жасау-қазіргі кезде заң ғылымдарының дамуындағы негізгі бағыттарының бірі болып отыр. Жауаптылықтан туындайтын жазаның орындалмай қалмау қағидасын жүзеге асыру мен оны қамтамасыз ету мақсатында, мемлекеттің қылмысқа қарсы күрес саясатын жүргізуді әрі қарай ізгілендіру және ымырашылдық жасау мақсатында, қылмыстық құқықтық қудалау шараларын үнемді қолдану негізінде және жасалған қылмыс үшін жауаптылықпен жазаны жекешелендіру мен дұрыс оқшаулаудан туындайды. Осы мақсатта қылмыспен күрес тиімділігін арттыру үшін мәселелердің тап осылай қойылуының өзі, қылмыстылықты зерттейтін ілімдер теориясы мен практикасының дамуы және оның жетілдіруіне байланысты үйлесімді ұйымдастыру шараларын қылмысқа қарсы күреске ықпал етуімен тығыз байланысты болады. Елдегі қылмыстық саясатты дұрыс жүргізудегі кең көлемді мәселелерді шешу шарттарының негізі деп, қылмысқа қарсы күрес пәрмеңділігін арттыруға баса назар аудару айтылады. өз кезегінде, қылмысқа қарсы күрес тиімділігін арттыру міндетінің оңды шешілуі біздің елімізде қылмыспен күрес тиімділігін қамтамасыз ету барысында сенімді теориялық негізді жасауды алға қояды.

Егер қылмыспен күрес тиімділігінің теориялық жағын айтар болсақ, Қазақстанда бұл мәселе аз әңгіме болып жүрген мәселелердің бірі десек қателеспейміз. Құқық бұзушылықтың көбейіп, оның жазасыз қалуы, ешқандай демократияның, өркениетті нарыққа, адамдардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына жеткізбейтініне мән берілмейді.

Құқық нормасы мәселесін зерттеудің тағы бір мәселесі - құқық нормаларына байланысты мемлекеттік институттардың заң шығару қызметіндегі тиімділікке байланысты туындайтын мәселелер. Атап айтқанда, өкілетті мемлекеттік органдардың құқықты жүзеге асыруға байланысты қызметінің тиімділік деңгейіне және құқық бұзушылыққа байланысты қолданатын шаралардың пәрмеңділігіне байланысты туындайтын мәселелер. Пашков А.С., Чечот Д.М. «құқық нормаларының тиімділігі мәселесін түсіну, нақтылықты, нәтижелілікті, яғни қоғамға пайдалы бағытта анықталған қоғамдық қатынастарға әсер ету мүмкіндігін түсінуге негізделген» -дейді[4, 3б.].

Құқық теориясында құқықтық нормалардың мәні мен міндетіне байланысты қалыптасқан ой-пікірлерге сүйене отырып, олардың тиімділігіне байланысты потенциалды мүмкіндіктерге (құқық нормаларының құқық практикасында қолданылу мен қабылдану тиімділігі) аса назар аударып, құқық тиімділігі мәселесінің теориялық зерттелуіне байланысты туындаған мәселелердің дұрыс жолда екендігін ескере кеткен жөн.

Л. И. Спиридонов құқық пәрмеңділігінің осы алғышарттарын қортындылай келе, «ғылыми тұрғыдан алғанда, заң нормалары тек қоғам дамуының заңдылығы мен объективті жағдайларына, халықтың қоғамдық сана-сезіміне, оның ішінде олардың құқықтық сана-сезімі мен адмгершілік қағидаларына және құқықтық нормалар басқа да құқық нормаларымен сай болғанда ғана тиімді болмақ. Сонымен қатар социологтардың жүргізген тәжірбиелік зерттеулерімен хабардар болу- адамның мінез-құлқының (оның ішінде ауытқымалы мінез-құлқының) басқа да түрлеріне байланысты қылмыстық құқық нормаларының бұзылғанын анықтап, соның негізінде теориялық жағынан да, іс жүзінде де қылмыстылықпен күрес тиімділігінің жаңа алғышарттарын жасауға негіз тудырады».-деп жазады[5, 44б.].

Ғалымдардың кейбіреулері құқық нормасының тиімділігі ұғымына оның құрамдас бөліктеріне жататын ерекшеліктері секілді құқықтың түпкі мәні, сондай-ақ құқық нормасын қабылдаудағы заң шығарушының алға қойған мақсаты мен ереже қабылданғаннан кейінгі оның нақты орындалуын қамтамасыз ететін жағдайларын жатқызады.

Заңгер ғалымдар осыған байланысты құқықтық нормаларының тиімділігін талдаудан нақты құралдарды, яғни тарихи субъектілердің нақты әрекеттерін алып тастау негізсіз деп есептейді. Нормативтік құқықтық актілердің «таза» қолданылуы ешнәрсеге

сай келмейді. Заңның әлеуметтік топтарға байланысты емес, жеке адамдарға байланысты пайдаланылуын қарастырсақ, оның қажетті деңгейде қолданылуы құқықтың өзінен емес сонымен қатар, субъектінің де көптеген сипатына байланысты болып келеді. Мақсатпен нәтиже арасындағы тиімділікті анықтаудың қиындығы жалғыз норманың түрлі-түрлі мақсаттарда емес, сонымен қатар сол норманы зерттеу барысында оның еш нәтижесі болмайтындығында [6, 34-35б.].

Құқық нормасының потенциалды мүмкіндіктері қоғамдық қатынастарға пайдалы әсерін тигізеді. Әсерін тигізе отырып, мұндай мүмкіндіктер кейіннен өмірдегі түрлі дау-шарларды шешуге бағытталады. Бұ тиімділік мәселесінің белгілі бір анықталған мақсатқа сай белгіленетінін және осы мақсаттың орындалуымен өлшенетінін білдіреді. А.А. Игнатьев «Кез-келген жүйе белгілі-бір қойылған мақсатқа жету үшін құрылады және сол үшін қызмет етеді. Тиімділік мәселесі осы қойылған мақсатқа жетуге байланысты жүйенің пайдалы түрде қызмет жасау қажеттілігін анықтауға байланысты туындайды» деген сенімді түсінік берген [7, 304б.].

Жоғарыда келтірілген ой-пікірлерге сәйкес, құқық тиімділігі деп оның жалпыға танымалдығын, оның сөзсіз орындалатындығын, құқық нормаларының қайшылыққа ұшырамауын және түсініктілігін, әлеуметтік мақсаты мен оған жету тәсілдерінің сәйкестігін, құқықтың әділет органдары мен өзге де құқық қорғау органдары жүйесімен тығыз байланысы қамтамасыз етілгенін айтамыз.

Қазақстан Республикасы қылмыстық заңының 1997 жылы өткізілген реформасына сәйкес, жазалардың жүйесіне маңызды өзгерістер енгізілген. Өскелең өмір талабына лайық қылмыстық жазалар жүйесі түсінігінің өзін қайта қарауды, тіпті, жазалар жүйесі қылмыстық-құқықтық және пенитенциарлық түсініктерінің табиғатын ашуда қалыптасып қалған қылмыстық құқықтың теориясындағы дәстүрлі әдістемелерден айырықша, жаңа ғылыми әдістемелерді қалыптастыруды және жетілдіруді қажет етеді.

Кеңестік қылмыстық құқықта да жазаларды ішкі жүйеге топтастыру үшін бағалау белгісі ретінде жазалардың сотталушыға еңбекпен түзеумен байланыстылығы немесе байланысты еместігі әсер еткен. Себебі, жазаның негізгі, ең басты мақсаты сотталушыларды түзеу және қайта тәрбиелеу болған.

Әрі қарай қылмыстық құқықта қолданылатын жазаның сотталушыларды жазалаушылық әсері бойынша топтастыруды басқа белгілер мен әдістемелер негізінде анықтаған.

Профессор А.В. Наумов жазалаушылық элементтердің сипатын есепке ала отырып, жазаларды үш топқа бөлген:

«1) бас бостандығын шектеумен немесе айырумен байланысты емес жазалар (айыппұл, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, арнаулы немесе әскери атағынан айыру, міндетті жұмыстар, түзеу жұмыстары, әскери қызмет бойынша шектеу және мүлкін тәркілеу);

2) бас бостандығын шектеумен немесе айырумен байланысты жазалар (бас бостандығын шектеу, қамау, тәртіптік әскери бөлімде ұстау, белгілі мерзімге бас бостандығынан айыру, өмір бойы бас бостандығынан айыру);

3) өлім жазасы» [8,799-802б.].

А.В. Наумовтың жазаларды топтастыруының негізінде соттың қылмыс жасаған кінәлі адамға бас бостандығынан айыру жазасын қолдану немесе қолданбау мүмкіндігі бар.

Сотталғандарды құқықтары мен бостандықтарын айыру мен шектеудің мазмұны бойынша жазалар бес топқа (ішкі жүйелерге) бөлінеді. Мазмұны бойынша өлім жазасынан басқа жазалардың барлығы бір жиынтық мағынасын да сипатталады.

Қоғамнан оқшалаумен байланысты емес жазалардың ішкі жүйесінде жаңадан пайда болған жаза түрлері кездеседі, оларды қолдану туралы практика болмағандықтан, олар қазіргі уақытқа дейін сирек және үлкен қиындықтармен қолданылады.

В.В. Лунеев былай деп жазады: «Соттылықтың дамуын талдау кезінде қылмыстық жазалардың басқа да түрлерінің дамуын айналып өтуге болмайды. Ол әділ соттың, қылмыстық саясаттың қойған талаптарына әсерлі әрекетін, қылмыспен соттылықтың дамуымен өзінше өзгеріп, түзетіліп отырады.

Қылмыстың өсуі кезеңінде, -деп өз ойын жалғастырады В.В. Лунеев, одан кейінгі бас бостандығынан айыру жазасы үлесінің кемігені, жазаның жаңа түрлерінің ойлап

табылғаны, жыл сайын бас бостандығынан айырылғандарды шартты түрде босатып, міндетті түрде еңбекке тартуға жіберілгенімен де бас бостандығынан айырылғандарды қажетті орындармен қамтамасыз ете алмады. Бірақ бұл бас бостандығынан айыру жазасы үлесінің өсуін іс жүзінде тежеуші күш болды. [9,799-802б.].

Келешекте қылмыстың алдын алу тиімділігін көтеру мақсатында Қазақстан Республикасында «Қылмыстылықтың алдын алудың мемлекеттік жүйесінің негіздері туралы» Заңын қабылдап, онда қылмысты абайсыздықтың алдын алу мәселелеріне қатысты бөлек тарау арналса орынды болар еді.

Жасалатын қылмыстар үшін қолданылатын жазалардың тиімділігін арттыруға, қазіргі кезде құқық қорғау практикасында кеңінен қолданылатын, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың қызметтері мен жазалау мазмұнын оңтайландыру мәселелерін шешу де бірталай жағдай жасар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. –Алматы: Қазақстан, 1995.

2 Н.А. Назарбаев: Законопослушание и правопорядок основ нашей стабильности. /Қазахстанская правда 30.03.2002 г.

3 Нуртаев Р.Т. Основные направления реализации эффективной уголовно-правовой политики современного Казахстана в контексте концепции правовой политики. /Государство и право.- Алматы, 200 , № .-С. 47-56.

4 Пашков А. С., Чечот Д. М. Эффективность правового регулирования и методы ее выявления. /Советское государство и право - М., 1965, №8. - С.3.

5 Проблемы эффективности работы управленческих органов. -М., 1973 -С.44.

6 Пашков А.С., Явич Л.С., Спиридонов Л.И. Эффективность действия правовых норм. – ЛГУ, 1977. -С. 34-35.

7 Игнатьев А.А. Уголовно-исполнительное право. –Москва: Новый Юрист, 1997. -304с.

8 Наумов А.В. Российское уголовное право. Общая часть. Курс лекции. -М., 1996. –С.374-375.

9 Лунеев В.В. Преступность XX века: мировые, региональные и российские тенденции. - М., 2005. - С.799-802.

С.Б. Бейсебаева
з.ғ.к, аға оқытушы
М.К Ерманқұлов
аға оқытушы
Б.К Абдрасилова
з.ғ.м., аға оқытушы
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Резюме

В статье рассматривается роль прокуратуры в системе органов государства. Надзорная деятельность прокуратуры за исполнением законов в сфере экономики прямо и неразрывно связана с общей системой государственного контроля в стране и должна базироваться на общегосударственных принципах и действующей правовой базе.

Summary

In article the role of prosecutor's office in the system of bodies of the state is considered. Supervising activity of prosecutor's office behind performance of laws in the sphere of economy directly is also inseparably linked with the general system of the state control in the country and has to be based on the nation-wide principles and the operating legal base.

ҚР Конституциясы еліміздің ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтарын тұжырымын алға қойып өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде жарияланған.

Осындай мемлекетті қалыптастыру жолында құқық қорғау органдарына, оның ішінде прокуратура органдарына үлкен рөл бөлінуде, ал оның рөлі мен мақсаттары қазіргі заман жағдайында маңызды дәрежеде өзгеріп тұруы міндетті.

Бүгінгі таңда прокуратура органдарының мемлекеттік қылмысқа қарсы күрес жөніндегі үйлестіруші рөлі ерекше.

Қазақстан Республикасында құқық қорғау органдарының қызметінде түрлі заңнамаға сәйкес қызметтер атқарады.

Қоғамдағы болып жатқан саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалар туралы прокуатура органдарға да әсерін тигізбей қойған жоқ.

Қоғамдағы өзекті мәселелерді қозғай отырып, оның жұмыс істеуінде ерекшелік кездеседі.

Прокуратура органдарындағы қызметтерді көрсете отырып, ондағы қызметкерлерді, яғни оларды тағайындау тетігі орны мен рөлі едәуір дәрежеде.

«Жаңа жағдайларға, ең бастысы, адам құқығы болып табылатын заң шығару өрісінде тиімді жұмыс істей білуге бейімделу бірінші кезекте еліміздің құқық қорғау жүйесінің ұйытқысы болып табылатын прокуратура қызметін жетілдіруді талап етеді» деп атап өтілді (**Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы.** Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы).

Прокуратураға қатысты Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамада көрсетілген міндеттердің барлығы іске асырылды.

Ендігі прокурорлық қадағалау қызметінің басты міндеті ретіндегі адам және азаматтық конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау және соңғы жылдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы прокуратура органдарының қызметі жұмыстың ерекше өзектілігі мәселелерін көрсетеді.

Сондай ақ, қадағалау заңнамасының сақталуына ие болады.

Мәселен, 2016 Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің статистикалық деректерге сәйкес ғана үшін мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарды 2928 ЕРДР фактілер тіркелді

Тарихы бар кез келген мемлекеттің ерекше және күрделі әлеуметтік-экономикалық құрылысы бар. Ол құбылыс, барлық кезеңдерінде қоғамның саяси және құқықтық сала жағына әсер етпей қоймайған жоқ. Оны қазҺргң таңдығы қоғамдағы болып жатқан өзгерістер көрсетіп отыр. Соған қатысты прокуратура қызметі де заңға сүйеніп, өзінің мызғымастығын білдіреді.

«Құқық қорғау органдарының өкілеттігі мен жауапкершілікшегі айқындалды. Азаматтардың конституциялық құқықтарына кепілдікті нығайту, құқық үстемдігін қамтамасыз ету, құқық қорғау қызметін ізгілендіру жұмыстарын жалғастыру қажет» (Н. Назарбаев "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Жолдауы 2018 жыл 10 қаңтар)

Қазақстан Республикасы үшін прокурорлық қадағалау қызметінің жоғарылығы, бұл тек мемлекеттік ұйымдастырылған қоғамдарда ғана байқалады. Қоғамның даму жоғары болған сайын, бұл жемқорлық қылмысының жоқтығымен байланысты болады. Бұл тұтанғыш ауқымымен және нысандарға бөлінумен бірге жүреді.

Қазіргі кезде прокуратура органдары өз қызметін Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы заңы (2017 жыл 2 маусым 81-YI), Қазақстан Республикасының прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы (2018 жыл 2 мамыр Бас Прокурордың № 60 бұйрығы) осы заңдар негізінде жүзеге асыруда.

Қоғамдығы қылмыстардың қауіптілік дәрежесі жоғары болуына байланысты, прокурорлық қадағалау заңдардың орындалуын өте зәру. Қоғамдағы ауыр қылмыстардың бірі сыбайлас жемқорлық. Міне осыған байланысты прокурорлық қадағалау қажеттілік проблемаларын зерттеу де, сондай-ақ, осы құбылсты құқық бұзушылық ретінде, Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы жетілдіру қажеттілігінің ұйымдық-құқықтық негіздерін жүйелі жасалынып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын ұйымдастыру және олардың орындалуына мониторинг жүргізу заңнамасының сақталуына прокурорлық қадағалау жақсарту мәні бар мәселелерді бірі, өйткені оны жою және алдын алу күн тәртібіндегі өзекті мәселе болып қала береді.

Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл айтарлықтай назар аударылуда.

Қазіргі кезеңде Республикасында прокурорлық қадағалау сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру Республикасы қатысуының мемлекетаралық қызметіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы институттары прокурорлық қадағалау заңдардың орындалуын бағалау мен жетілдіру үшін маңызды мәні бойынша тәжірибесі бар.

Прокурорлық қадағалау, өзінің мәні және объектісі түсінігінде, сондай-ақ қадағалау қызметінің міндеттері, өкілеттіктері, ерекше құқықтық құралдарымен, әдістерімен және формаларынан туындайтын және дамушы құқықтық қатынастар, іргелі және соңына дейін шешілмеген теориялық және қолданбалы жоспары өте өзекті болып табылады

Прокурорлық қадағалауды анықтау үшін бірінші кезекте прокурорлық қадағалау шеңберінің шегі мен шекарасын анықтау қажет.

Біздің пікірімізше, прокурорлық қадағалау шектерін анықтау, прокурорлық қадағалау неге және қайда бағытталғанын зерттеу арқылы белгілеу және анықтау арқылы болуы тиіс; прокурор нені талдайды нені бағалайды, және сондай-ақ бұл, содан кейін қандай талаптар сүйенеді және қайдан шығады соған байланысты.

Конституция Қазақстан Республикасы адам құқықтары мен бостандықтары әркімге туғанынан тиесілі деп танылады және бұл абсолютті және олар ешқашан алынбайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді мазмұны мен қолданылуын анықтайды деп танылады [1].

Республика аумағында прокуратураға органдары сол жерде бекітілген Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының, заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асырады(83-бап).

Бұл конституциялық ережелер біздің еліміздің мемлекеттік жүйесі прокуратураның ерекше қадағалау рөлін әзірленді.

Тиісінше мемлекеттік қызмет түрінің дербес нысаны ретінде прокурорлық қадағалауға кең ауқымды тақырыпты мәртебесі беріледі.

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығында прокуратура органдарының қызметін қайта құруға

бағытталған іс шаралар көрсетілген болатын. Яғни, «соттың қамауға алуға санкция беруі енгізілді, прокуратура мен соттың тергеу жүргізу мүмкіндігіне конституциялық тыйым алып тасталды.

Жүргізілген реформа осылайша мемлекет пен қоғам институттарын одан әрі демократияландыруға бағытталған. Конституцияда танылған осы жүйелі шешімдердің барлығы Қазақстан Республикасының ағымдағы заңнамасында одан әрі іске асуға тиіс...

Конституциялық Кеңестің тиісті қаулысымен мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау өкілеттіктерінің арақатынасы туралы мәселе шешілді. Бұл ретте, біздің елде мемлекеттік органдардың құзыреті шегінде оларға бақылау және қадағалау өкілеттіктерін беруде конституциялық шектеулер жоқтығы расталды. Яғни, қадағалау өкілеттігі прокуратурадан басқа, өзге де мемлекеттік органдарға жүктелуі мүмкін.

Прокуратураның негізгі функциясы ретінде оның қадағалау қызметінің тиімділігін арттыру қажет.

Алдағы уақытта прокуратура органдары қызметінің іс жүргізу негіздері жетілдіруді қажет етеді. Осы жұмыс аясында сотқа дейінгі іс жүргізудегі прокурордың рөлі мен жауапкершілігін прокуратура жүзеге асыратын қылмыстық қудалау функциясының құрамдас бөлігі ретінде прокуратура органдарының қоғамға елеулі қауіп пен қиындық тудыратын қылмыстар туралы қылмыстық істерді тексеруі арқылы арттыру қажет.

Прокуратура органдарының құқық қорғау қызметіне қатысты үйлестіру функциясының, оның ішінде осы функцияны тиісті құқықтық регламенттеу арқылы оның тиімділігін одан әрі арттыру керек» деп көрсетілген міндеттер бүгінгі таңда толығымен іске асырылып, прокуратура қызметінің өзіндік қызмет атқару ерекшелігі туындады».

Азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, адамның және азаматтың қазақстандық заңнамада сақталуын қадағалау прокурорлық қызметтің негізгі және басты түрлерін ретінде ұсынылады.

Бұл табиғи,жалпы адамдық, адамгершілік, адами құқықтарының бар екендігін түсіндіреді: өмір сүру, туу, жеке бас бостандығы, білім алу, отбасын құру және т. б. мұның барлығын мемлекет бермейді, әрбір адамға ол туған кезден бастап тиесілі.

Осы себепті, конституция олар абсолютті және ажыратылмай деп таниды, Қазақстан Республикасында заңдардың әзірленуі және қабылдануы осы ережелерге сәйкес болуы керек.

Тиісінше алдын-ала тергеу және анықтауда заңдылықтың сақталуын прокурорлық қадағалау және соттағы прокурордың рөлі қылмыстық процеске қатысушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында болып табылады. Біздің елімізде прокурорлық қадағалау қылмыстық процестің бөлінбес және құрамдас бөлігі болып табылады.

Адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына прокурорлық қадағалаудағы ұғымдарды анықтау болып табылады.

«Прокурор» сөзіне келетін болсақ, ол латын тілінен алынған, «procurator (procuro)» - қамқорлықты білдіретін, жасаймын, сондай ақ, қамқор болатын немесе «басқарамын» деген ұғымды айтамыз [2].

Прокуратура қызметінің мазмұнын анықтауда және әдістерді және жалпы сондай-ақ тәсілдерін жүзеге асыруда қылмыстық сот ісін қатысты атап айтқанда бастапқы нүкте деп анықтау үшін қажет.

«Қадағалауды» құқықтық түсіну – бұл құқық бұзушылықтың алдын алу оған ұсынылған барлық заңды өкілетті құқығын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасыдағы заңдарды дұрыс және біркелкі қолдану мақсатындағы прокурордың мақсатты қызметі.

Прокурорлық қызметтің бұл екі негіз қалаушы құқықтық ғылым прокурорлық қадағалау пәні мен объектісі ретінде айқындалады.

Осыған, яғни заңдылықты қамтамасыз ету туралы мәселені шеше отырып, оның шындық екеніне сүйенуіміз керек.

«Пән» және «объект» дегенмен ұғымдар шартты сипаты ие болса да, оның барлығы прокурормен жүзеге асыратын прокурорлық қадағалау және оның шекарасының құқықтық бастауларын жақсы түсінуге, осының барлығы мүмкіндік береді.

Прокурорлық қадағалау объектісі және пәніне нұсқау ҚР Конституциясы, ҚР прокуратура туралы және басқа да заңнамалық актілерде ұсталады, кімге қатысты қадағалауды жүзеге асыратындығына байланысты және бұзушылыққа байланысты қалай әрекет жасау керектігіне қатысты, прокурор оны анықтап, өз қызметінде осыны басшылыққа алуға тиіс. Прокурор оның ішінде нені тиісті көруге болады, сол да заңнамада анықталған.

Кез келген қызмет бағалау сипатына ие, әсіресе, қадағалаушы айқындайды, сонымен қатар, прокурор өзінің қадағалау (қадағалау заты) шегінде нормативтік құқықтық актілерінің, оның өлшемдерін негізге ала отырып, өз өкілеттігінің орындалуын және жүзеге асырады.

Бірақ, бұл прокурорлық қадағалау нысанасы және объекті туралы мәселе жеткіліксіз әзірленген, толық емес.

Соған сәйкес В. В. Гавршованың салыстырмалы- бір біріне қою арқылы жасалынған талдауы, прокурорлық қадағалау пән мазмұны және анықтау туралы шамамен отыз түрлі пайымдаулар айтылды және қадағалаудың шамамен жиырма — объект туралы жүргізілген. Ондағы айырмашылықтар туралы ауызша әңгіме емес, түбегейлі қарама-қайшылықтарға туралы болып отыр [3].

Прокурорлық қадағалау прокурорлық қадағалау шектері объектісімен тығыз түрде байланысып, алайда прокурорлық қадағалау шегі қадағалаушы прокурордың құзыретіне айқындайды, яғни белгілі бір шеңберден прокурор шығуға құқылы емес немесе жою субъектісінің қадағалауын белгілейді

Мысалы, прокурор белгілі бір кезеңге дейін заң бұзылмағанға дейін бақылаушы қызметін атқарады, боып жатқа әрекеттерген байланысты бұзушылықты болдырмау үшін өзінің өкілеттігі шегінде белсенділік танытуға болады.

Қылмыстық іс бойынша тергеушінің жеке жүргізудегі тергеу және алдын ала тергеуді прокурор тоқтата тұруы, бұл жағдайда немесе алып тастауы, қылмыстық іс бойынша тергеу іс-әрекетін немесе өзге іс-жүргізу шешімі дейін қылмыстық іс тоқтатуға немесе шеттетуге құқығы жоқ.

Прокуратура кез келген заңды бұзушылықты анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен өзге де құқықтық актілерге наразылық жасайды, сотта мемлекеттің мүддесін қорғайды, заңда белгіленген жағдайларда тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Прокуратураның мақсаты, оның басты міндеті – заңдылықты қамтамасыз ету, ол қоғам өмірінің барлық басты салалары бойынша прокурорлық қадағалауды іске асыру нысандарының әралуандығы арқылы жүзеге асырылады.

Прокуратураның маңызды белгісі – жаппай сипаттағы, адамдардың көпшілігінің құқықтары мен бостандықтарына, мемлекеттің заңды мүдделеріне әсер ететін заң бұзушылықтарына тосқауыл қою қабілеті.

Прокуратура статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, объективтілігін және жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады, арнайы есепке алуды жүргізеді, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асырады.

Сол атқарылған маңызды жұмыстардың бірі кезінде саяси қуғын-сүргін көріп, жазықсыз жапа шеккендерді ақтау шарасы болды. «Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» ҚР Заңы қабылданған сәттен, яғни 1993 жылғы 14 сәуірден бастап 2000 жылдың қаңтарына дейінгі аралықта республика бойынша прокуратура органдары 31666 адамға қатысты 20524 архивтік қылмыстық іс қарап, соның нәтижесінде 25924 адам ақталды. 240004 арнайы жер аударылғандарға байланысты материалдар қаралып, оның 204389-ы ақталды.

Республика тәуелсіздік алғаннан бергі сәттен бастап прокура-тура органдары мемлекеттің қалыптасуындағы, демократиялық үрдістердің дамуындағы, заңдылық пен құқық тәртібін бекіте түсуде үлкен жұмыстар атқаруда. Заман талабына сай прокуратура органдары құрылымы да жаңарып, жұмыс аясы кеңеюде.

Прокурор қадағалауды жүзеге асыруда біздің еліміздің ҚР Конституциясы, заңдары, ҚР Президенті және ҚР Парламенті қабылдаған басқа да заң актілерін басшылыққа алуға тиіс.

Барлық аталған нормативтік актілер және прокурорлық қадағалау пәннің мәні, прокурорлық қадағалаусыз пәнсіз болады.

Басқаша айтқанда, прокурор белгілі сәтке дейін атқаруға пассивті позициясына бақылаушы үшін заңдылық бұзылмаған, бірақ байланысты болып жатқан прокурор өз өкілеттігі шегінде тиіс белсенділік танытып, алдын алу мақсатында құқық бұзушылық.

«Қадағалау" ұғымын заң шығарушы прокуратура органдары мен соттар ғана қатысты қолданады.

Прокуратура қызметінің кең түсіндіруіне қатысты, туралы пікір мемлекет қандай органдары болмасын, қандай нормативтік құқықтық актілерді пайдаланып, қадағалауды (бақылауды) іске асырғанымен, «соңғы» сөз прокуратуранікі болып қалады [4].

Мысалы: прокурорлық қадағалау қылмыстық іс жүргізу заңнамасының нормаларын аталған органдармен дұрыс қолдану анықтау және тергеу сақтау бойынша органдарының тергеу және анықтау қызметін заңдылығын тексеруді көздейді, онда өз кезегінде адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтары қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың қылмыстық-процестік құқықтары мен міндеттерін нысан бекітілген қорғау құқығы (жеке басының бостандығы, адамның қадір қасиетіне қол сұқпаушылық, жеке өміріне қол сұғылмаушылық құқығы, жеке және отбасылық құпияны қорғауды, өз ар-намысы мен қадір-қасиетін, құпиясына, жеке салымдары мен жинақ ақша, хат жазысу, телефонмен сөйлесу, почта, телеграф және өзге де хабарлардың, тұрғын үйге қол сұқпаушылық және т. б.).

ҚР Конституциясы мен ҚР қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген жағдайларда және тек құзыретті органдары орындау кезінде арнайы рәсімдерде ғана олардың мүмкіндігін шектеуге рұқсат етіледі.

Прокуратура қызметкерлерінің бірқатар принциптерін мен қызметін, олардың мазмұнын олар туралы Жарлықтың басқа баптарында, басқа да Азаматтық іс жүргізу және Қылмыстық процестік кодекстерінде және басқа заң актілерінен айқындайтын немесе тікелей туындайды [5].

Олардың кейбіреулерінің конституциялық дәрежесі бой көтеретін. Сонымен қатар, жалпы принциптері негізінде құрылады және прокуратура қызметін жүзеге асыру кезінде, оның барлық функцияларын, және жеке немесе арнайы принциптері басшылыққа алап прокурор қадағалау процесінде адам құқықтарының сақталуын іске асырады.

Алғаш рет прокуратураның қызметі, принциптері мен оны ұйымдастыру, қызметі 1993 жылғы 21 қаңтарда қабылданған «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» Заң күші бар Президенттің Жарлығының 3 бабында талданған:

Қазақстан Республикасының прокуратура туралы заңында прокурорлық бақылау процесін ұйымдастыру мен қызмет етуінің келесі бірнеше принциптерін бекіткен.

- прокуратура органдары жүйесінің бірлігі мен орталықтануы;
- прокуратураның басқа мемлекеттік органдардан және лауазымды тұлғалардан, саяси партиялардан және басқа да қоғамдық ұйымдардан тәуелсіздігі;
- прокуратура органдарының өз өкілеттігін іске асыруда басқалардың араласуына тиым салу;
- прокурорлық актілердің заңды бекітілген тәртіпті сақтауда басқа органдар, ұйымдар, лауазымды тұлғалар және азаматтар үшін міндеттілігі;
- мемлекеттік құпияларды сақтауда, азаматтардың заңды мүдделері мен бостандықтарын, құқығын қорғауда Республиканың заңнамаларына қайшы келетін жағдайда прокуратура қызметінің жариялылығы.

Жарлықтардың және заңнамалық актілердің баптарында не болмаса олардың мазмұнының шығатын прокуратура мен оның қызметкерлерінің қызметін анықтайтын принциптер саны анықталған. Мысалы, Азаматтық іс жүргізу және Қылмыстық процестік кодекстеріндегі көрсетілген баптар.

Заңдылық – бұл прокурорлық қадағалау барынша әмбебап, іргелі принципі, ол барлық мемлекет органдары қызметіне қатысты, әсіресе, оның ішінде құқық қорғау органдарына қатыстылығы [6].

Мәселен, В. П. Рябцев оның мазмұнына мынаны жатқызады: заңнаманың қоғамдық даму құқықтық реттеу объективті қажеттіліктеріне тиісті болуы; қажетті деңгейін, қоғам мүшелерінің қолданыстағы заңнамада дәрежесін, оның қабылдау ретінде әділ деп негіздейді саналы және ерікті түрде орындау заңдардың болуы;

заңдарды саналы және ерікті игеруінің, оны қабылдау дәрежесі әділетті ретінде, қолданыстағы заңдармен қоғам мүшелерінің қажетті хабардар болу дәрежесі; заң шығарушы, атқарушы және сот билігіне мен осы заңдарды өмірге ендірудің механизмдерін бөлуді мақтан ету, қажетті мемлекеттік құрылымдардың болуын суреттеу; құқық бұзушылық шараларды қабылдау және бұзылған заңдылықты қалпына келтіруге, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша құқық қорғау жүйесінің тиімді қызметі орнату бойынша [7].

В. В. Клочков қоғам мен мемлекеттің құқыққа, сондай-ақ осы мемлекеттің қызметін және барлық басқа да қоғамдық қарым-қатынастар қатысушыларға талаптар жиынтығының қоғамдық қатынастарға қатысушылардың қызметіне және азаматтардың мінез-құлқына, және өзге де мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құқық шығармашылық, құқық қолданушылық қызметіне талаптардың нақты жүзеге асыру заңдылығын түсінеді.

Заңдылық принципі прокуратура органдарының қызметінде және ұйымдардан осындай заңдылықты талап етеді: прокурорларды бекітуді және олардың білім беру тәртібін заңда бекіту, кез келген заңдылықтың бұзылуына прокурорлық реттеудің құзілеттігі мен түрлері, жоғары бақылауды жүзеге асыруда прокуратура жұмысындағы бекітілген принциптер мен нормаларды сақтау.

Заңдылық қағидасы, сондай-ақ өздерінің, прокуратура органдарының заңды сипатын, ұйымдастырылу мен қызметін заңда тәртіппен бекіту, оларға білім беру және тағайындау, прокурорлардың өкілеттігі мен нысандарын белгілеу, кез келген заңдылықты сақтауда прокурорлық ден қою, прокуратура жоғары қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі белгіленген қағидаттар мен нормаларды жұмысында іске асыруды көздейді.

Осылайша, бұл принцип прокуратура қатысты екі тараққа ие:

1)мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, меншіктің барлық нысанындағы ұйымдарда, қоғамдық бірлестіктерде заңдылықты қамтамасыз ету;

2) өзінің жұмысында заңдылықты сақтау.

Осы мақсатта Бас прокуратура Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының жұмысын бақылайды және прокурорлық қадағалауда заңдардың қолданылуын қадағалау жөніндегі ұсынымдарды жетілдіру бойынша бақылау жасайды.

Жоғары тұрған прокуратура төмен тұрған прокурорлар шығарған прокурорлық қадағалау актілері қайтарып алуға және өзгертуге, күшін жоюға, олардың іс-әрекеттері мен актілеріне байланысты шағымды шешуге құқылы.

Прокуратураның басқа мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан, саяси партиялар мен басқа да қоғамдық бірлестіктердің тәуелсіздігі.

Біздің ойымызша, прокуратураның тәуелсіздік принципі жергілікті органдары тәуелсіздігіне қалай да қосуға болмайды[8].

Әрине, жергілікті айырмашылықтарға қатыссыз заңдарды біркелкі қолдануды прокуратура қамтамасыз етуі тиіс.

Мұнда да ең алдымен ведомстволық айырмашылықтарға қатысты,сондай ақ, барлық деңгейдегі басқаруға да қатысты.

Прокуратура жергілікті және орталық мемлекеттік органдарана, олардың бірде-біреуіне бағынышты емес тәуелсіз жұмыс істейді.

Прокуратураның тәуелсіздігі прокуратура органдары қалыптастыру тәртібімен қамтамасыз етіледі, Президенті Парламент Сенатының келісімімен – жоғары лауазымды тұлға Прокурор тағайындайды, төмен тұрған прокурорларды Президентінің келісімімен Бас Прокурор тағайындалады және Бас Прокурорының тек мемлекет басшысының алданда ғана жауапты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз
2. Чеканов В. Я. Прокурорский надзор в уголовном судопроизводстве. — Саратов 2000. — С. 79;
3.Гавршов В. В. Сущность прокурорского надзора. — Саратов, 2012. - С.
4. Басков В.И. Прокурорский надзор. -Учебник. -М.: Бек, 2001. -С.60
5. Большая Советская Энциклопедия. Том 17. М.: Изд. «Советская энциклопедия», 2014. С. 611
6. Басков В.И. Прокурорский надзор. Учебник. М.: Бек, 2003. С.60
7. Рябцев В.П. Законность и функции прокуратуры в новых союзных отношениях
8. Басков В.И. Прокурорский надзор. -С. -100

Бижан Нұрлан Рабханұлы
«Құқықтану» кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты
Сартаева Шолпан Ширинбековна
«Құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі
Айткулова Эльбира Арипхановна
«Құқықтану» кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі

ҚАЗІРГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІК ЗАҢЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ : ЗАМАНАУИ КӨЗҚАРАС

Аннотация

Авторами в данной статье рассмотрены актуальные проблемы уголовно-процессуального закона. А также рассмотрены тенденция развития уголовно-процессуального закона в современных условиях. Рассматривается эффективное исползование уголовно-процессуального закона, с требованиями нашей современной жизни .

Андатпа

Қылмыстық процестік заңының қазіргі таңдағы даму тенденциясын зерттей отырып, авторлар бұл мақалада қылмыстық процестік заңының өзекті мәселелерін қарастырған. Қылмыстық процестік заңын қазіргі заманның талаптарына сай тиімді пайдалану және процессуалдық прокурор, тергеу судьясы ұғымдарын тереңінен ашу жүргізілген.

Abstract

The authors of this article examined the current problems of the criminal procedure law. And also the tendency of development of the criminal procedure law in modern conditions is considered. The effective use of criminal procedure law, with the requirements of our modern life, is considered.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам бағдарламасының II бөлігінде Заңның үстемдігін қамтамасыз ету бойынша 22-қадамында» : Адамның және азаматтардың конституциялық құқын шектейтін барлық тергеу қызметі жөніндегі өкілеттілікті тергеу судьясына біртіндеп беруді қамтамасыз ету арқылы сотта айыпталушы және қорғаушы арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуін және тергеу судьясының мәртебесін кеңейтіп, сотта айыпталушы мен қорғаушы арасындағы теңдік көпірін жалғау қарастырылғанын атап өткен [1]

Жаңа қылмыстық процестік заңы қолданысқа енбестен бұрын сұрыпталып сараланған және шетелдік тәжірибесі ескерілген. Бізге белгілі кеңестік кезінде қылмыстық сот өндірісі барлық кеңестік республикаларда біртектес тәртіпте жүзеге асырылған. Бұған себеп 1959 жылдары қабылданған қылмыстық іс жүргізу заңының құрамы жалпы кенестік заң негізінде жасалынғаны .

Қай кезеңнің қылмыстық-процестік заңын алсақ та, бұл құжат халықаралық стандарттардың негізінде қабылданып отырған. Тек халықаралық стандарттардың кепілденуімен ізгілендіру ұғымдары жүзеге асатынын ескерсек, бұл үрдіс қазіргі уақытта осы бағытта өрбуде.

Кеңес дәуірінің ыдырауына байланысты Қазақстан өз алдына егеменді ел болуына байланысты, 1990 жылдардың құқықтық реформаларды ескере отырып ҚР-ның ҚІЖК-ы 1997 жылы қабылдады. Қабылданған кодексте басты құқықтық құндылықтар Қазақстан Республикасының Мелекеттік құқықтық реформалау бағдарламасында орын алды.

1997 жылы 13 желтоқсанда қабылданған ҚР ҚІЖК-ы көптеген өзгерістерге ұшырыды, нақтырақ айтсақ заңға 300-ден астам өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Ғалым заңгереледің пайымдауынша Қазақстанның қазіргі қолданыстағы Қылмыстық іс жүргізу кодексі зайырлы демократиялық құқықтық мемлекеттердің стандартына сай келеді деген пікірде. Дегенмен тәжірибе көрсеткендей халықаралық құқықтық жүйеге толыққанды жетуге біршама жұмыс атқаруымызға тура келеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 232-бабы 4 бөлігі 1 тармағына сай Жасырын тергеу әрекеттері жасағаны үшін санкциясы бір жылдан бастап және одан да жоғары мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын көздейтін қылмыстар туралы істер бойынша жүргізіледі- деп көрсетілген [2]

Сотқа дейінгі тергеп –тексеру кезінде дәлелдемелер шектелуі болуының не мүлде болмауының салдарынан тұлғаны жауапкершілікке тарту сұрақтары жүзеге аспайтын жағдайлар болады. Қылмыс жасаған тұлғаны міндетті түрде жауапкершілікке тарту

қағидатын орындау мақсатында аталған баптың тармақшаларына «ерекше жағдайларда барлық қылмыстық құқық бұзушылықтарда» деген толықтырулар енгізу қажет.

Бұл жағдайларда жәбірленушінің конституциялық құқықтары шектелмейді.

ҚР Конституциясының 13-бабының 2 бөлігінде әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар, делінген [3]

Яғни жәбірленушінің аталған құқықтарға тергеу судьясымен жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуі санкцияланып, қорғалады.

ҚР ҚПК-нің 193 бабы 1 бөлігі 12 тармағына сай прокурор қылмыстық істерді тергеп тексереді және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органнан істі алып қояды және осы Кодексте белгіленген тергеулігіне сәйкес оны басқа сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына береді; тергеп-тексерудің объективті және жеткілікті болуын қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты ерекше жағдайларда, қылмыстық қудалау органының не қылмыстық процеске қатысушының жазбаша өтінішхаты бойынша істі бір органнан екінші органға береді не өзінің іс жүргізуіне қабылдайды және оларды осы Кодексте белгіленген тергеулігіне қарамастан тергеп-тексереді [2]

Алайда бұл істер бойынша заңның дұрыс біркелкі қолдануын қадағалауды тергеу судьясының өкілеттілігіне беру қажет. Қазіргі таңда прокурор тергеп тексеруге жататын істерді прокуратура органдарының өзі прокурорлық қадағалауды жүргізу әділдігіне көленке түсіреді.

Атап айтқанда ҚР ҚПК-нің 23 бабы «Сот ісін жүргізуді тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы негізінде жүзеге асыру» осы баптың 1 бөлігінде көрсетілгендей: қылмыстық сот ісін жүргізу айыптаушы және қорғаушы тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидаты негізінде жүзеге асырылады делінген, осы қағидатқа жүзеге асырылуына қайшы келеді.

Тергеу судьясы – бірінші сатыдағы соттың судьясы, оның өкілеттігіне қылмыстық сот ісін жүргізуде адамдар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына сот бақылауын осы Кодексте көзделген тәртіппен жүзеге асыру жатады. Тергеу судьясын алмастыру қажет болған кезде ол қайта тағайындалуы мүмкін.Демек тергеу судьясы арқылы айыпталушы да қорғаушы тараптарының мүддесін қорғауға қатысы жоқ бейтарап тұлға ретінде қылмыстық процеске қатысады.Істі жан-жақты толық және обьективті жүруіне кепіл болмақ.

Жаңа енгізілген жүйе бойынша статистикалық мәліметтерге қарасақ:

ҚР Прокуратурасының Қылмыстық қудалау органдарының жұмысы туралы берілген есебіндегі мәліметтерге сүйенсек: (есеп 1-Е)

Осы есеп 1-Е бойынша статистикалық мәліметтерге сүйенсек: 2018 жылдың 6 ай мерзімі уақытында қылмыстық қудалау органдарының өндірісінде 311 818 іс болған. *(2017ж 6 айымен салыстырғанда .–354 275)*, төмендеу деңгейі -12% түскен.

Тоқтатылғаны 94 462 *(2017ж 6 ай бойынша . – 109 032)*, реабилитациялық негіздерге қатысты тоқтатылғаны 65 850 *(2017ж 6 ай ішінде – 80 588)*, төмендеуі бойынша 18,3%, 123 879 іс аяқталған және 39,7% өндірісте болғандармен салыстырғанда *(2017ж 6 ай . – 141 476)*.Жалпы аяқталған істердің ішінде прокурорға жіберілгені 22 030 іс (2017жыл 6 ай – 24 235) олардың ішінде :

- айыптау актісі бойынша– 10 795,
- қаулы бойынша 518 баптың тәртібі бойынша ҚР ҚПК – 143,
- қысқартылған сотқа дейінгі өндіріс бойынша – 11075,
- бұйрықты өндірісті іс бойынша аса ауыр емес қылмыстар бойынша - 17.

Сотқа жіберілгені - 24 764 іс *(2017 ж 6 ай – 20 741)*, оның ішінде:

Бұйрықты іс өндірісі бойынша – 546;

- ҚР ҚПК-нің 302 бап 1,2 бөлігі – 9787;
-ҚР ҚПК-нің 528 бабы бойынша – 6279;
- ҚР ҚПК –нің 190 бабы – 7048;
- процессуальдық келісім бойынша (ҚР ҚПК-нің 617 бабы) – 969;
- ҚР ҚПК-нің 518 бабы бойынша – 134;
- ҚР ҚПК-нің 502 бабы 4 бөлігі бойынша – 1.

Қосымша тергеуге прокурорлардың істерді қайтаруы – 367
(2017жылдың 6 айы бойынша –460), 20,2% -төмен.

Конституциялық құқықтары бұзылғандар саны -137 *(2017жылдың 6 айы бойынша –102)* 34,3% -өскен, оның ішінде қылмыстық іс немесе қылмыстық қудалау реабилитациялық

негіздерге сай тоқтатылған – 82 *(2017жыл 6 ай –65)*, алдын ала берілгендер бойынша сотта ақталғандар – 40 тұлға *(2017жыл 6 ай бойынша - 29)* бірақ соттың берген мәліметтерімен салыстыру керек.[4]

Жалпы 2018 жылы 6 ай ішінде Біріңғай сотқа дейінгі терген тексеру реестрінде 150 774 (168 610) қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген
алдынғы жылдармен салыстырғанда 10,6 % төмендеген оның 135355 қылмыс (149436 алдынғы жылдармен салыстырғанда 9,4% төмен), ал 15419 қылмыстық теріс қылық (19174 алдынғы жылдармен салыстырғанда 19,6%)
Жалпы тіркелген қылмыстармен салыстыру жүргізгенде қылмыстардың орташа көлемі 89,8 %, қылмыстық теріс қылықтарың орташа көлемі 10,2%.
Сотқа дейінгі тергеп тексеруге келген істердің 1051(немесе 0,8%) аса ауыр қылмыстар фактісі бойынша ал 12096 (немесе 8,9%) ауыр қылмыстар бойынша, 103070 (немесе 76,1%) орташа дәрежелі қылмыстар бойынша, 19138 (немесе 14,1%)жеңіл дәрежелі қылмыстар бойынша [4]

Аталған статистикалық мәліметтердің өсуіне біз ұсынып отырған өзгерістер оң әсерін беріп, сот процесіне қатысушылардың конститутциялық құқықтарын қамтамасыз етеді деген ниеттеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.100 нақты қадам. Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам**.** Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000100
2.Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ
http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231
3. Қазақстан Республикасының Конститутциясы. Конститутция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
4. Комитет по правовой статистике и специальным учетам Генеральной Прокуратуры Республики Казахстан.Аналитическая информация. Сведения об уголовных правонарушениях, лиц их совершивших, о работе органов уголовного преследования и совершенных суицидах за 6 месяцев 2018 года http://pravstat.prokuror.kz/rus/o-kpsisu/deyatelnost-komiteta/analiticheskaya-informaciya

Жатканбаева Айжан Ержановна [1],
Джангабулова Арайлым Куанышбековна[2], Есекеева Айнаш Акимсаловна[3]
[1] з.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Алматы қ., Казахстан, e-mail: Ayzhan.Zhatkanbaeva@kaznu.kz
[2]з.ғ.к., доцент м.а., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Алматы қ., Казахстан, e-mail: Arailym.Dzhangabulova@kaznu.kz
[3]аға оқытушы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Алматы қ., Казахстан, e-mail: ainash.akim@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СУ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕРЛЕРІ

Түйін

Су ресурстары жетіспеушілігі және трансшекаралық өзендерінің үлкен көлемі бар мемлекет Қазақстан үшін су қауіпсіздігі үшін ерекше маңызға ие. Бұл ғылыми тұжырымның теориялық аспектілері әдебиетте толығымен қамтылмаған және лайықты негіздемесі мен зерттеуі жоқ. Сонымен қатар, осы саладағы зерттеулердің өзектілігі мен қажеттілігі сөзсіз.

Мақалада су қауіпсізідігі институтының тұжырымдамасы мен мазмұны саяси-құқықтық санат ретінде талданады. Объект, субъект, қауіп, су қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетігі сияқты ұғымдар қарастырылады. Отандық жағдайды талдау арқылы Қазақстанның су қауіпсіздігінің қазіргі жағдайы қарастырылады.

Қорытындыда су қауіпсіздігін тек экологиялық және құқықтық жағынан қарастырылмайды, өйткені ол экономикалық және саяси компоненттерді біріктіретін үлкен кешенді ұғым деген қорытынды жасалынады.

Су қауіпсіздігі саласындағы сыртқы және ішкі сипаттағы заманауи қауіптерді зерттеу арқылы авторлармен теориялық және тәжірибелік маңызы бар бірқатар ұсыныстар жасалынды.

Негізгі сөздер: су құқығы, су қауіпсіздігі, ұлттық қауіпсіздік, ұлттық мүдделер, су қауіпсіздігіне қатер, ұлттық қауіпсіздікке қатер.

Аннотация

Водная безопасность представляет особую важность для Казахстана как государства имеющего недостаток водных ресурсов и большой объем рек трансграничного знания. Теоретические аспекты данного научного понятия не в полной мере освещены в литературе и не имеют достойного обоснования и исследования. Вместе с тем, актуальность и необходимость исследований в данной области бесспорна.

В статье проводится анализ понятия и содержание института водной безопасности как политико-правовой категории. Рассматриваются такие понятия как объект, субъект, угрозы, механизм обеспечения водной безопасности. На анализе отечественной действительности рассматривается современное состояние водной безопасности Казахстана.

Делается вывод о том, что водную безопасность нельзя рассматривать только в эколого-правовом контексте, так как это большое, комплексное понятие, объединяющее в себя еще и экономические и политические составляющие.

Исследуя современные угрозы внешнего и внутреннего характера в области водной безопасности авторами сделаны некоторые предложения по теоретического и практического значения.

Ключевые слова: водное право, водная безопасность, национальная безопасность, национальные интересы, угрозы водной безопасности, угрозы национальной безопасности.

Abstract

Water security represents particular importance for Kazakhstan as a state with a shortage of water resources and a large volume of rivers of transboundary knowledge. The theoretical aspects of this scientific concept are not fully covered in the literature and does not have a worthy justification and research. At the same time, relevanceand necessity of research in this area is undeniable.

The article analyzes of the concept and content of the Institute of water security given as a political and legal category.It considers such concepts as object, subject, threats, mechanism of ensuring with water security. In the analysis of domestic reality the current state of water security of Kazakhstan is considered.

It is concluded that water security can not be considered only in the environmental and legal context, because it is a large, complex concept that combines economic and political components.

The authors made some proposals on theoretical and practical significance by researching the current threats of external and internal character in the field of water security.

Keywords: water law, water security, national security, national interests, threats to water security, threats to national security.

Зерттеудің өзектілігі. Су қауіпсіздігі мәселелері заманауи әлемдік қауымдастықта ең өткір мәселесіне айналып отыр. Бұл, әдетте, табиғи себептермен, климаттық жағдайлардың ықпалымен, үнемі өсіп келе жатқан халық санының суды пайдалануының артуымен байланысты.

Су бірқатар салаларының қауіпсіздік объектісі, соның ішінде:

1.Республика экожүйесінің негізі ретінде;

2. Саниятарияның, тағам өнеркәсібінің базалық құрамдас бөлігі ретінде;

3. Экономиканың энергетикалық, өнеркәсіптік секторларының маңызды элементі ретінде қарастырылады.

Орта Азия елі ретінде Қазақстан үшін су үнемі қиын мәселелердің бірі болып қала бермек. Бұл судың мөлшері мен сапасы.

Қазақстан халқының жалпы саны 2018 жылғы 1 шілдедегі мәліметі бойынша 18 272 430 адамды құрайды, оның ішінде қала тұрғындары халықтың жалпы санының 57,4%-н құрайды, ал ауыл тұрғындары - 42,6% [1], соңғы статистикаға сәйкес, орталық сумен қамтамасыз етілмеген 4034 ауылдық елді мекен бар [2], ол шамамен 2,7 миллион адам.

Республика өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының қажеттіліктері үшін де, ауыз сумен қамтамасыз ету үшін де су ресурстарының жетіспеушілігін сезінуде.

Сонымен қатар, Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институты (КИСИ) жүргізген зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстанның су секторының өзекті мәселелері:

- су ресурстарын, әсіресе жер үсті суларының жалпы техногендік ластануы;
- шаруашылық-ауыз сумен жабдықтаудың арнайы учаскелерін игеру және жаңа жер асты суларын рұқсатсыз пайдалану;
- сумен жабдықтау желілері мен құрылыстардың нашарлауы, кейбір жағдайларда 80-100% -ға жетуі, соның салдарынан суды жеткізудегі үлкен бұзылулар мен шығындар;
- табиғи монополиялар субъектілерінің төмен тарифтік компоненті, ол су шаруашылығы кәсіпорындары активтерін міндетті жаңғырту және жаңартуға арналған инвестициялық жоспарын орындауға мүмкіндік бермейді;
- ауылдық таратушы тораптардың жоқтығы немесе олардың жеткіліксіз дамуы, халықты орталықтандырылмаған су көздері мен әкелінетін суды пайдалануға мәжбүр етеді;
- кейбір аудандарда сумен жабдықтаудың сенімді көздерінің жоқтығы, бұл суды үлкен қашықтыққа тасымалдау үшін су құбырларының құрылысын қажет етеді;
- сумен жабдықтаудың балама емес көздері болып табылатын топтық су құбырларын толық қайта құрудың қанағаттанарлықсыз техникалық жай-күйі;
- Есеп айырысу аспаптарын орнату үшін халықтың төменгі төлем қабілеттілігі және жеткіліксіз дайындығы [3].

Елдегі ауыл шаруашылығының дамуы мен оның су ресурстарына тәуелділігі мәселесі бар. Антропогенді және табиғи факторлар әсерінен ҚР аумағының 70%-да шөлдену процесі орын алуда.

Тәжік зерттеушісі М.Олимовтың айтуынша, қазіргі жағдайға кінәлі деп санайды:

«1. Аймақтың су-энергетикалық кешенін құру бір елдің, КСРО-ның бірыңғай экономикасы аясында, жеке республикалардың мүдделерін есепке алмай, алдағы уақытта мақта өсіруге қызмет көрсету болып табылады.

2. Орталық Азия аймағы су ресурстарын басқару мен энергия арасындағы ажырамас байланыспен сипатталады, өйткені бұл негізінен Қырғызстан мен Тәжікстанда гидроэнергияны пайдалану негізделеді» [5].

Сонымен бірге, әрбір ел сумен қамтамасыз ету мәселесін шешу жолдарын іздейді. Бұл мәселе азық-түлік қауіпсіздігінен ұзаққа созылып, Орталық Азия аймағы елдерінің арасындағы саяси мәселелердің біріне айналды. Дәлірек айтқанда, Олимов М. «Су проблемаларын ведомствоаралық қарым-қатынастардан мемлекетаралық қарым-қатынастарға көшіру» болды [5].

Негізгі бөлім

Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстанның тәуелсіз мемлекеттерінің даму тарихында су ресурстарына қолжетімділікті басқаруға негізделген бірқатар саяси қақтығыстар орын алды.

Бұл проблема Қазақстан үшін өзендердің орналасуы бойынша тереңдей түседі. Ертіс, Іле, Сырдария, Жайық, Тобыл, Есіл және Шу сияқты өзендердің басым бөлігі елдің су ресурстарының 40% -ын құрайды. Олар шекаралық және Ресей Федерациясының, Қытай Халық Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының шекаралас аудандарында орналасқан.

Бұл себептер республиканың су тәуелділігімен және су қауіпсіздігінің үнемі өзектілігін анықтайды.

Құқықтық сөздіктегі су қауіпсіздігі сияқты тұжырымдама жоқ. Дегенмен, біз терминологияны түсіндіру мен нақтылаудың қажеттілігін жөн деп есептейміз.

Құқықтық терминология «экологиялық қауіпсіздік» ұғымымен жұмыс істейді. Экологиялық қауіпсіздік жағдайында адамның өмірлік мүдделерін, адам мен азаматтың құқықтарын, қоғам мен мемлекетті қоршаған ортаға антропогендік және қоршаған ортаның әсерінен туындайтын қауіп-қатерден қорғаудың жай-күйі әдеттегідей болады [6].

Осы тұжырымдаманың мәнін талдау негізінде ол қоғамның және мемлекеттің өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін қоршаған ортаның жай-күйінің мәселелерін қамтиды. Мәселен, А.Т. Мұхаметрахимова «Экологиялық қауіпсіздік негізгі объектілері төмендегілер болып табылады:

- денсаулығына және қоршаған ортаға зиян тигізбейтін ортасына құқығы бар тұлға;
- еліміздің экологиялық жағдайына байланысты материалдық және рухани құндылықтары бар қоғам;
- табиғи ресурстар мен табиғи ортаны қоғамның тұрақты дамуы мен болашақ ұрпақтардың әл-ауқатының негізі» [7].

Сонымен қатар, су, су объектілері экологиялық қауіпсіздік объектісі ретінде қарастырылады. Сонымен бірге, жоғарыда айтылғандай, су және су ресурстары экожүйенің негізі ретінде де, санитарлық, азық-түлік және азық-түлік қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі ретінде де, елдің экономикалық секторының элементі ретінде де қарастырылуы тиіс.

Тиісінше, су қауіпсіздігі - бұл күрделі тұжырымдама және оны экологиялық аспектілермен шектеу қисынды емес.

Ұлттық қауіпсіздіктің кез-келген басқа түрі сияқты су қауіпсіздігі белгілі бір құрылымға ие, оның ішінде: объект, нысан, қауіп, қолдау құралдары бар.

Суды қорғау мынадай объектілерді қамтуы тиіс:

- сапалы және сандық ауыз сумен қамтамасыз ету;
- экожүйенің компоненті;
- су шаруашылығы;
- қоғамдық сумен қамтамасыз ету;
- су ресурстарын ауыл шаруашылықта пайдалану;
- су гидроэнергияның негізгі элементі және, тиісінше, энергетикалық қауіпсіздік объектісі ретінде.

Жоғарыда айтылған су қорғау объектілеріне сүйене отырып, су қауіпсіздігі еліміздің ұлттық мүдделерінің көптеген аспектілерін қамтыған және мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады деп қорытындылау қажет.

Су қауіпсіздігі субъектілерін бірнеше негіздермен топтасуы мүмкін. Алайда, біздің ойымызша, кез-келген айырмашылық мүдделілік ұғымына тап болады. Біреудің мүдделерін қамтамасыз ету процесінде туындайтын кез-келген басқа құқықтық қарым-қатынастардағыдай, субъектілерді қызығушылықпен анықтау керек (бар қызығушылық) және осы мүдделерді қамтамасыз ету немесе қорғау. Дегенмен, жалпы алғанда, мұндай айырмашылықты жеңілдетілген деп санауға болады.

Субъектілерді категорияларға бөлу позициясы бойынша келесі санаттарды ажыратуға болады:

1. Барлық қажетті мұқтаждықтарды қанағаттандыру үшін қажетті жеткілікті және сапалы сумен жабдықтаудың толық болуына мүдделі қоғам құрайтын жеке және заңды тұлғалар.

Қазіргі заманғы өмір жағдайында, атап айтқанда табиғат ресурстарын сақтауда оның рөлін түсінуімен, адамдар судың қауіпсіздігінің толыққанды субъектісі болуға ұмтылуы керек. Атап

айтқанда, бүкіл қоғам және оның барлық субъектілері қауіптердің бар екенін білуі керек, оларды болдырмауға және алдын алуға тырысу керек.

Адамдар - суды негізгі тұтынушылар, олар барлық өзгерістерді бірінші болып сезеді. Осы тұрғыда, азаматтар таза тұтынушылық көзқарасы оның ұрпақтарының өміріне оң әсер етуі мүмкін емес екенін білуі тиіс. Азаматтар өз ойларының ауқымын жаһандық көлемдерге кеңейтіп, күнделікті өмірде табиғи құндылықтарды сақтауға тырысу қажет. Су климаттың өзгеруі арқылы жер экожүйесіне және сол арқылы адамдардың өміріне әсер ететін негізгі фактор болып табылады.

Су қауіпсіздігін қамтамасыз ету үлкен рөл үкіметтік емес экологиялық ұйымдардың атынан мемлекеттік мекемелер мен басқа да халықаралық, ұлттық, өңірлік деңгейлерде тиесілі. Сонымен қатар, іс-шаралар қоршаған ортаны «жасыл» технологияларды дамыту және енгізу бағытталған және т.б.

2. Мемлекет - су қауіпсіздігін қамтамасыз ететін субъект ретінде.

Бұл сәтте мемлекет ұғымдары мен ерекшеліктерін атап өткен жөн, бірақ сол уақытта, ешкім жатқызуын шешті мемлекеттің функциясын дауларын және ең алдымен бақылау және қорғау функцияларын қатысты. Мәселен, А.А. Кук қоғамда үшін мемлекет «мемлекеттік шартты ретінде сипатталған болуы мүмкін өз әкімшілік аппараты арқылы қорғау және бақылау функцияларын орындауға қоғам белгілеген динамикалық жүйе болып табылады», «сондай-ақ жеке, тәуелсіз» автоматты түрде сыртқы қарсы қорғаныс функциясын орындайды»[8].

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тетігін мемлекеттік органдардың призмасы арқылы қарау керек. мемлекеттік, оның кепілі пайдасына, ұлттық қауіпсіздіктің негізгі нысанасы болып табылатын, сондықтан, осы саладағы ұйымдастыру және көшбасшылық негізгі функцияларын қамтамасыз етеді.

Механизм - ұлттық және мемлекеттік мүдделерге қауіп-жоюды немесе бейтараптандыру қамтамасыз ету арқылы мемлекеттік органдардың, атап айтқанда, жүйені, оның ішінде ұйымдастырушылық, құқықтық, материалдық - бүкіл жиынтығын және барлық басқа жолдарын тудыратын және ұлттық мүдделерін қамтамасыз ету үшін кешенді тұжырымдамасы болып табылады.

Су қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мынадай органдар қамтылады: Президент, Парламент, Үкімет, ҚР Президенті жанындағы Қауіпсіздік Кеңесінің, Ұлттық қауіпсіздік, мамандандырылған министрлік және оның ведомстволары (су ресурстары жөніндегі комитеті және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің трансшекаралық өзендердің департаменті), сондай-ақ жергілікті атқарушы және Республиканың өкілді органдар, соттар мен басқа да құқық қорғау органдары. Сонымен қатар судың, бұрын айтылғандай, экономикалық және әлеуметтік дамуға және қоғамның бар болуына айтарлықтай ықпалын тигізетінін атап өткен жөн. Тиісінше, бұл жүйе мұндай ҚР Ұлттық экономика министрлігінің, санитарлық және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің эпидемиологиялық қызмет, Төтенше жағдайлар министрлігі, Ішкі істер комитеті органдарының, сондай-ақ толықтырылсын.

Осы органдардың әрқайсысы өзіне жүктелген міндеттер шеңберінде сапалы және сандық сумен қамтамасыз ету саласында ұлттық, қоғамдық және жеке мүдделерін қорғау мәселелерін шешуге кепілдік береді. Бұл ретте суды пайдалану саласындағы проблемаларды шешу осы органдардың жалпы және арнайы нормативтік актілерін қабылдау жолымен жүзеге асырылады. Ол су жеке мәселелерді шешімдер бастап және мұндай трансшекаралық суларды пайдалану шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін ретінде халықаралық проблемалар, ерітіндісімен аяқталатын, осы органдардың қабылдаған реттелетін мәселелер аясы түрлі екенін атап өткен жөн.

Трансшекаралық өзендердің мәселесі Қытайдың сыртқы саясатының жетекші қағидаттарының бірі - «аймақтық принципі» бойынша қарастырылып, шешіледі, бұл әрбір мемлекеттің жеке келісімдерін жасасу туралы үкімет тарапынан талап етілетінін білдіреді. Т.Мамыраимовтың айтуынша, «Қытайдың трансшекаралық өзендердегі позициясы, ең алдымен, Сингжианны Орталық Азиядағы өңірлік және сауда орталыққа айналдыру және одан әрі Таяу Шығыстағы ықпалдастыру жоспарларымен байланысты» [11].

Өз кезегінде, халықаралық құқықта өз мемлекетінің аумағындағы өзендердің су ресурстарын пайдалану туралы тыйым салатын немесе шектейтін ережелер жоқ. Су қатынастары өзара келісімдер негізінде ғана құрылады. Және халықаралық құқықтағы осы кемшіліктерді пайдаланып, Қытай Қазақстан Республикасымен келісімдерді үнемі бұзып келеді.

Бірлескен суды пайдалану туралы Қазақстанның басқа көрші мемлекеттермен қарым-қатынасы мәселесі тең дәрежеде және ашық. Мұның бәрі тұтастай алғанда, біздің ойымызша, су

қауіпсіздігінің негізгі элементі - су қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Орталық Азияда су ресурстарына қарсы күрестің жаңа түрі соғысқа айналады деген пікір бар.

Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңына сәйкес «Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін жүзеге асыруға кедергі келтіретін сыртқы немесе ішкі факторлардың (процестер мен құбылыстар) үйлесуі» деп түсініледі [6]. Бұл жағдайда судың қауіпсіздігіне қатер Қазақстан Республикасының су қауіпсіздігінің мүдделеріне кедергі келтіретін немесе кедергі келтіретін сыртқы немесе ішкі факторлар болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Қазақстанға су тәуелді мемлекет ретінде су қауіпсіздігіне қауіп төндіретін ішкі және сыртқы қауіптер, ал ішкі қауіп-қатерлер ішкі саясатта басым болады.

Орталық Азия аймағындағы трансшекаралық суды пайдалану жағдайын талдау, М.Б. Сүлейман пайымдауынша, «Су ресурстарын пайдалану аясында аймақтың қауіпсіздігіне негізгі қауіп - бұл мемлекеттерде әлеуметтік зардаптар туындау қаупінің пайда болуынан туындайтын барлық салдарлар:

- мемлекеттің саяси құрылымындағы ықтимал өзгерістер,
- жағдайды тұрақсыздандыруға тырысатын «үшінші күшінің» пайда болуы,
- босқындардың басқа елдерінің аумағына ағыны қаупі,
- этникалық қақтығыстар мен экономикалық қауіп,
- ауыл шаруашылығы өнімдерін шығарудың күрт төмендеуі,
- гидроэнергияны пайдалануды азайту және т.б.» [12].

Зерттеуші судың рөлін аймақтың дамуының саяси аспектілеріне әртүрлі дәрежеде әсер ете алатын және шын мәнінде әсер ете алатын саяси құрал ретінде көрсетеді. Шындығында, су мәселесі бір-бірінен туындайтын проблемалардың барлық түрін тудырады - бұл экономикалық және әлеуметтік-саяси аспектілер.

Су қауіпсіздігі мәселесінің өзектілігін және тереңдігін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі ұлттық және үкіметаралық деңгейлерді қамтитын бірқатар шаралар қабылдайды.

Халықаралық деңгейде ортақ суды пайдалану мәселелерін шешетін бірқатар келісімдер жасалды. Соңғылар қатарында 2018 жылдың 12 тамызында Ақтаудағы бесінші Каспий саммиті аясында қол қойылған Әзірбайжан, Иран, Қазақстан, Ресей, Түркменстан арасындағы халықаралық шарттың жатады. Бұл акт Каспий теңізінің мәртебесін оның салдарынан туындайтын теңіз ретінде анықтады. Каспий теңізінің түбі мен тереңдігі енді көршілес мемлекеттер арасындағы халықаралық құқық негізінде олардың арасындағы келісім бойынша жер учаскелеріне бөлінеді. Осы келісімнің қорытындысы Қазақстан үшін және республиканың сауда жолдарын одан әрі дамыту, балық аулау, жер қойнауын дамыту тұрғысынан қажет.

Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру тұрғысында су қауіпсіздігі мәселелері де қарастырылады. ҚР Үкіметтің 2017 ж. 13 наурыздағы №113 Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын дамыту мемлекеттік бағдарламасы туралы қаулыда «Қазақстанда әкімшілік және экономикалық функцияларының бөлінуі нарықтық қатынастар жағдайында су саласының негізін құрды, деп айтылған.

Қорытынды

Осы зерттеудің нәтижелерін қорытындылай келе, су қауіпсіздігі Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Адам өміріндегі судың рөлі мен маңыздылығымен, сондай-ақ елеулі сыртқы және ішкі қауіптердің болуымен анықталған күрделі құрылым бар.

Біз:

1. «Су» қауіпсіздігі ұғымын құқықтық кеңістікке түсіндіру, оны еліміздің негізгі ұлттық мүдделерінің тұтас ауқымын қамтамасыз етуді тікелей және жанама түрде айқындайтын кешенді құрамдас бөлік ретінде айқындау;

2. Су қауіпсіздігі кешенді сипатын түсіну қажет;

3. Судың қауіпсіздігі туралы, соның ішінде осы мәселенің барлық аспектілерін қамтитын бірыңғай тұжырымдамалық құжатты әзірлеу;

4. Бұл заңды мекеме үшін ғылыми негіздеме жасауды қажет деп санаймыз.

Пайдаланылған қайнар көздер

1. Об изменении численности населения Республики Казахстан с начала 2018 года до 1 июля 2018 года // http://stat.gov.kz/faces/homePage?_afrLoop=989017840596227#%40%3F_afrLoop%

2. Афера века: питьевая вода в каждом ауле // https://zonakz.net/2017/11/29/afera-veka-pitevaya-voda-v-kazhdom-aule/

3. Актуальные проблемы обеспечения питьевой водой населения Казахстана//http://www.kisi.kz/ru/categories/ekonomika-ienergetika/posts/aktual-nye-problemy-obespecheniya-pit-evoy-vodoy-nasele

4. Мирсаитов Р.Г. Современное состояние и проблемы орошаемого земледелия Республики Казахстан //http://www.cawater-info.net/bk/land_law/files/mirsaitov.pdf

5. Олимов М. Использование водных ресурсов в Центральной Азии: проблемы и угрозы. Материалы международной конференции«ШОС в поисках нового понимания безопасности». – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2008. – 192 с.

6. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы. // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31106860#pos=42;-271

7. Мухаметрахимова А.Т.Сущность экологической безопасности и ее влияние на развитие в условиях глобализации // https://articlekz.com/article/7406

8. Куковский А.А. Государство как основной субъект обеспечения национальной безопасности: механизм реализации // https://cyberleninka.ru/article/n/gosudarstvo-kak-osnovnoy-subekt-obespecheniya-natsionalnoy-bezopasnosti-mehanizm-realizatsii

9. Трансграничные реки – стратегический ресурс водообеспечения Казахстана // Информационное агентство «Казинформ». – 21 октября 2005 г. – www.inform.kz

10.Тиморшина А.М. Международное сотрудничество КНР и Республики Казахстан (1992–2002 гг.) // www.humanities.edu.ru – 23 октября 2003 г.

11.Мамыраимов Т. Использование трансграничных рек Казахстана и Китая // https://abai.kz/post/12477

12.М. Б. Сулеймен. Водные ресурсы как фактор безопасности в Центральной Азии. Вестник КазНУ. Серия МО и МП. №1-2(51-52). 2011. С. 116-121

13.Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 шілдедегі № 423 қаулысымен бекітілген // www.eurasiancommission.org/...agroprom/

Нақыпов Балғабай Исақұлұлы
заң ғылымдарының докторы, профессор, отставкідегі полиция полковнигі
Ордаева Айгүл Жумабердиевна
PhD докторант
Нартай Ажар Нартайқызы
PhD докторант
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан Республикасы

МЕМЛЕКЕТТІК – ЖЕКЕ МЕНШІК ӘРІПТЕСТІКТІҢ МӘНІ, МАЗМҰНЫ

Аннотация. В статье рассматривается договорная форма реализации инвестиционных проектов – соглашение о государственно-частном партнерстве. Закон Республики Казахстан Основные отличия между Законом Республики Казахстан «О государственно-частном партнерстве» от 31 октября 2015 года «О концессии» Республики Казахстан.

Аңдатпа. Мақалада инвестициялық жобаларды іске асырудың шарттық нысаны - мемлекеттік-жеке меншік әріптестік туралы келісім қарастырылады. Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» заңның Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі «Концессия туралы» заңынан негізгі айырмашылықтары айқындалған.

Abstract. In the article is discussed the contractual form of implementation of investment projects –the agreement on public-private partnership. Law of the Republic of Kazakhstan The main differences between the Law of the Republic of Kazakhstan “On public-private partnership” of October 31, 2015 “On concession” of the Republic of Kazakhstan.

Жаһандану үдерісінің дамуы әлем мемлекеттерінің өз экономикасының дамуының жаңа технологиялық құрылымдарын құру саясатын белсенді жүргізуіне әсер етіп отыр. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың 2017 жылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауында «Бірінші басымдық – экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы» аясында басты назар елдің ғылыми және инновациялық әлеуетін дамытуға аударылды. Елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі жолы – инновациялық даму [1]. Осыған сәйкес Қазақстан үшін бәсекеге қабілетті инновациялық экономиканы құру және дамыту маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Ұзақ мерзімді технологиялық инновацияларды құру және енгізу экономикалық тиімділікті жоғарылату мен өмір сүру деңгейін жақсартудың негізі. Инновацияларды құру инновациялық қызметті дамыту үшін қолайлы жағдайлардың болуын талап етеді. Өз кезегінде оны мемлекеттік және жеке секторлар қолдауға тиіс. Бұл зерттеулерге, әсіресе бизнес секторынан, жоғары сапалы ғылыми-зерттеу институттарынан, ғылыми-зерттеу институттары, университеттер мен өнеркәсіптің арасында зерттеу саласындағы ынтымақтастықты, сондай-ақ зияткерлік меншік пен әлеуетті инвестицияларды қорғау кепілдіктерін қамтамасыз ету жатады.

Қазіргі таңда көптеген дамыған елдерде инновация саласындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӘ) белсенді дамып келеді. Жоғары технологиялық салаларда МЖӘ, әдетте, мемлекеттің бастамасы бойынша пайда болады, себебі осы саладағы жобалар тәуекелдің жоғары деңгейімен және ресурстық қарқындылығымен сипатталады. Мемлекеттің күш-жігері ғылым мен білім беру саласын қолдауға, инновациялық инфрақұрылымды құруға бағытталған, ал бизнес жобаның коммерциялық тәуекелдеріне жауап береді, сондықтан жобадан түскен табыстың басым бөлігіне ие. Жобаны іске асыру барысында мемлекет дүниежүзілік нарықта өнімдер мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыра отырып, салық түсімдерінің ұлғаюына, жұмыс орындарын ұлғайтуға, өндірістің жалпы деңгейін көтеруге арналған дивидендтер алады. МЖӘ механизмі ғылыми зерттеулердің нәтижесінен қайтарымды арттырады, бұл кейінгі коммерцияландыру мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік береді. Мұндай мемлекет пен жекеменшік сектор арасындағы өзара тиімді қарым қатынас өнеркәсіптің инновациялық белсенділігін көтеруге және азаматтық қоғамның сұранысына жауап беруге септігін тигізеді [2].

Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің теориясы мен қолданылу тәжірибесі көптеген отандық және шетелдік мамандардың зерттеу нысаны болып табылады. Себебі, егер бұдан бұрын

МЖӘ жобалары өте сирек қолданылған болса, қазіргі таңда мемлекет пен жеке меншік сектордың инфрақұрылымдық мәселелерді бірігіп шешуі қажеттілік болып табылады.

МЖӘ негізгі мақсаты–тек жобаны іске асыру ғана емес, сонымен қоса ресурстарды және бизнес тәжірбиесін нақ тиімді тартумен іске асыру болып табылады.

Әлеуметтік инфраструктура және тіршілікті қамтамасыз ету саласындағы көбінесе қиын және капиталды көп қажетсінетін жобаларға жататындықтан,концессия МЖӘ сұлбасы болып табылады. Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» заңның Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі «Концессия туралы» заңынан негізгі айырмашылықтары:

Концессия туралы заң: объектілер– тек әлеуметтік инфраструктура және тіршілікті қамтамасыз ету;

концессия объектісін міндетті түрде салу (реконструкциялау);

шарт қатал екі жақты;

өңірлердің дербестігі- құны 4 млн. АЕК тұратын жергілікті концессиялық жобаларды іріктеу және сараптау өңірлер деңгейінде жүргізілінеді.

МЖӘ туралы заң: мемлекеттік-жекешелік әріптестік экономиканың барлық салаларында (аясында) жүзеге асырылады, тек тізбеге Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын объектілерді қоспағанда;

басқару келісім шарттары, МЖӘ объектісін құрылыссыз (реконструкциялау) сервистік келісім шарттар мүмкіндігі;

көпжақты шарт мүмкіндігі;

өңірлер дербестігі-барлық жергілікті МЖӘ жобаларды дайындау (іріктеу, сараптау және т.б.) өңірлер деңгейінде жүргізілінеді;

институционалды МЖӘ (біріккен кәсіпорын құру арқылы);

инновациялық МЖӘ;

Ұлттық кәсіпорын палатасының қатысуы;

оңайтылған конкурстық рәсімдерді қолдана отырып, конкурсты өткізу мүмкіндігі; МЖӘ шартын тікелей келіссөздер негізінде жасасу мүмкіндігі.

МЖӘ жобаларын жоспарлау инвестициялық ұсыныстың кезеңін өтпейақ, МЖӘ жобасының тұжырымдамасының орындылығы туралы экономикалық қорытынды негізінде жүзеге асырылады. Концессиялық жобаларды жоспарлау концессиялық жобаны іске асырудың орындылығы туралы мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысына экономикалық қорытыныды негізінде жүзеге асырылады.

МЖӘ жобасын іске асыру реттілік сатыларды қамтиды:

1) МЖӘ жобасының тұжырымдамасын әзірлеу;

2) жекеше әріптесті айқындау;

3) МЖӘ шартын жасасу;

4) тараптардың МЖӘ шартының талаптарын орындауы (МЖӘ туралы Заң 10 б.).

Берілген кезеңдердегі өту мерзімдері оңайтылған конкурстық рәсімдерді пайдаланғанда қысқартылынады. Осы ретте, үлгілік құжаттарды пайдаланудың есебінен конкурстық құжаттамаға және шарттың жобасына сараптама жүргізу талап етілінбейді, сонымен қатар ҰКП қалыптастырған тізілімнен әлеуетті жекеше әріптестер үшін біліктілікті іріктеу кезеңі алынып тасталынады. (МЖӘ туралы Заң 43 б.).

Сол себептен де жоспарлау кезеңінде тұжырымдаманың жобасын әзірлеуде, сонымен қатар сараптама және келісу жасауда негізгі уақытты алады.

ҰКП сараптаманың қорытындысын алу (15 жұмыс күні);

салалық қорытынды (15 жұмыс күні);

мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен келісу (жалпы мерзім 30 жұмыс күні, дәлірек 20 күн- сараптама). Осылайша, ең қысқа мерзімі – 3-4 ай.

Жобаны басқару - бұл әдістерді, құралдарды, амалдарды және дағдыларды жобамен жұмыс істеген кезде қолдану. Жобаны басқару бастамалау, жоспарлау, орындау, мониторинг және бақылау, жобаны жабу процессінқоса отырып, жобаның өмірлік циклының әр түрлі кезеңдерін бірлесуін қамтиды.

ҰЭМ 2015ж. 25.11. № 725 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік – жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларының 9 тармағымен, МЖӘ жобасын жоспарлау кезеңінде уәкілетті тұлғалар қажет болған жағдайда ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың мамандарын, тәуелсіз сарапшыларды, жобалық, инжинирингтік және

басқа компанияларды, мүдделі мемлекеттік органдарды, кәсіпкерлік субъектілерін, сондай-ақ консультанттарды тарту арқылы жобалық топ құрылады деп айқындалған.

МЖӘ жобасының бірде бір ерекшелігі – оны іске асырудың ұзақ мерзімдігі. Мемлекет пен бизнес тең құқықтық әріптестік қатынастарға түсуге шешім қабылдай отырып, шұғыл мезетті тиімділікке сүйенбейді. Әр тарап жобаға кіруде өз тәуекелдерін ойланған және жан-жақты бағалау қажет. Сондықтан да дәл осындай жобаларда әр түрлі мамандықтың сауатты менеджерлер командасымен өзара әрекет жасау қажет.

МЖӘ жобасын басқарудың ерекшелігі жобаны іске асыруына қарай, оған процесстер тобынабайланысты жаңа мүшелердің енуі болып табылады.

Қағидаға сәйкес жобалық топ мына функцияларды жүзеге асырады:

МЖӘ жобасын іске асыру тетіктері бойынша келіп түскен ұсыныстар және бастамаларды зерделейді, олардың артықшылығын іріктейді, бағалайды, анықтайды, жүзеге асыру тәсілін, конкурстың түрін, жер учаскелерінің бөлінуіне, инженерлік желілерге қосылуға байланысты мәселелерді және МЖӘ жобасының өзге де түйінді параметрлерін айқындайды;

жоспарланған МЖӘ жобасы бойынша маркетингтік және өзге де қажетті зерттеулердің нәтижелерін зерделейді;

барлық қажетті есептеулерді, оның ішінде МЖӘ жобасының алдын ала есептеулерін зерделейді.

Жекеше әріптестер кәсіпкерлік субъектілер ретінде жобалық топқа кіре алады.

Жобалық топтың құрылуы жоба бастамашының (мемлекеттік әріптестің) міндетті емес функциясы болып табылады. Алайда оның қызметі МЖӘ жобасын іске асыру және жоспарлау жолында көптеген мәселелерді шешуге оңайлатуы мүмкін.

Жобалық топтың қызметі жергілікті деңгейде маңызды, өйткені кейбір кезде тіпті республикалық МЖӘ жобалары жер учаскелерін бөлу, инженерлік желілерін қосу, рұқсаттама алу жән т.б. сияқты мәселелерді шешуді талап етеді.

Жергілікті деңгейде жобалық топтың ролін облыстың, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімінің, әкім орынбасарының басшылығымен атқарылынатын МЖӘ мәселелері бойынша арнайы коллегиалық орган орындайды.

МЖӘ жобаларын консультациялық қолдау – Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары айқындайтын заңды тұлғалар МЖӘ жобаларын қолдау бойынша көрсететін, МЖӘ жобасының тұжырымдамасын, МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасын, МЖӘ шартының жобасын әзірлеуді, оның ішінде МЖӘ субъектілері арасындағы келіссөз процесінде консультациялық қызметтер көрсетуді қамтитын көрсетілетін қызметтер (МЖӘ туралы Заңының 1 б. 1) тт.).

Республикалық деңгейде МЖӘ жобаларын консультациялық қолдауды «МЖӘ жобаларын сүйемелдеу Орталығы» ЖШС жүзеге асырады (ҚР 2015ж.25.12. №1057 ҮҚ айқындалған).

Жергілікті деңгейде консультациялық қолдау бойынша заңды тұлғаны облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ЖАО айқындайды. (МЖӘ туралы Заңының 25 б., 7) тт.).

МЖӘ жобаларын консультациялық қолдауды «бір терезе» қағидаты бойынша қызметпен салыстыруға болады, яғни МЖӘ жобаны қолдау бойынша барлық қажетті рәсімдер жалғыз жеткізушеден жинақталған. Бастапқы кезеңде консультациялық қолдау мемлекеттік органдарға жобаны құруға, МЖӘ жобалары бойынша ұсыныстарды жасауға және т.б. консультация беруден тұрады.

Жобаны қолдау қызметіне тек мемлекеттік органдар ғана емес, сонымен қоса басқа тұлғалар мен ұйымдар, оның ішінде әлеуетті әріптестер (инвесторлар) жүгінуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» заңында МЖӘ туралы келісім-шартты аралас келісімшарт деп айқын көрсетпейді және оның заңды біліктілігін бермейді. Ал Ал Ресей Федералдық заңында 2005 жылғы 21 шілдедегі «Концессия туралы» заңында концессиялық келісім-шарт «әртүрлі келісім шарттардың элементтерін қамтитын келісім шарт» екенін анық көрсетеді. Концессия шарты тараптарының қатынастары, егер өзгеше көрсетілмесе, тиісті бөліктерде концессиялық келісімде

қамтылған келісімшарттар туралы келісімшарттар бойынша азаматтық құқық нормаларына қолданылады деп атап көрсетілген.

МЖӘ туралы келісім мен концессия туралы келісім мемлекеттік-жеке меншік әріптестік туралы «кең» түсінікте тараптар арасындағы ұқсас құқықтық қатынастарды реттейтінін ескере отырып, мәселе ұқсас келісім-құқықтық құрылымдар солай болуға тиіс МЖӘ туралы келісім-шарт аралас келісім-шарт болып табылатынын анықтау немесе, белгілі бір жағдайларда, ол дербес келісімшарт ретінде білікті болуы мүмкін. Тараптар заңдарда көзделген түрлі шарттардың элементтері бар шарт жасаса алады (аралас шарт). Тараптардың аралас шарт бойынша қатынастарына, егер тараптардың келісімінен немесе аралас шарттың мәнінен өзгеше туындамаса, аралас шартта элементтері бар шарттар туралы заңдардың тиісті бөліктері қолданылады. (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 381-бабы). Осыған байланысты жағдайды араластыру кезінде де аталған атаусыз және аталмаған келісімнің «кем дегенде бір шарттық компоненттің нормативтік үлгісі болуы» керек. Дегенмен, МЖӘ туралы заңның мәтінінде МЖӘ шарт түсінгі ашылмаған және бұл кездейсоқ жасалмаған. МЖӘ туралы келісімнің заңды сипатын бағалау және оның іс жүзінде жүзеге асырылуы туралы алдын ала қорытындыға келуге болады, бұл келісім МЖӘ тәуелсіз, аралас емес келісімшарт ретінде жасалған. Жоғарыда айтылған қорытындыны қолдай отырып, тәуелсіз келісімшарт болып табылатын аталмыш келісім-шарттың айырмашылығын талдау қажет және аралас болып табылатын шарт.

1. Жоғарыда айтылғандай, аралас келісімшарттың мәні оған енгізілген барлық келісімшарттардың субъектілерінің жиынтығынан тұрады. Сонымен қатар, аралас келісімшарттың элементтері бір-бірімен байланысты және олар шартты түрде ерекшеленуі мүмкін. Ал тәуелсіз келісімшарт бойынша реттелетін құқықтық қатынастар осы келісіммен толық қамтылады, яғни келісімшарттың өзіндік ерекшелігі бар. Ресей ғалымдары М.И. Брагинский және В.В. Витрианский, атап айтқан: тәуелсіз келісімде, әртүрлі келісімдердің элементтері, аралас келісім ретінде, мағынасы бойынша болуы мүмкін бірақ ол біліктілікке ие болмайды. Сонымен бірге, Е.Суханов осыған байланысты күрделі міндеттемедегі қарапайым міндеттер элементтерінің болуы оның осы түрдің немесе осы міндеттемелердің жиынтығы ретінде танылуына әкелмейтінін атап өтті.

2. Тәуелсіз келісімшарт болған жағдайда, бір шарт бойынша міндеттемелер (элементтер) басқа шарт бойынша міндеттемелермен (элементтермен) тығыз байланысты және бірігіп (жаңа, әртүрлі) келісім-шарт нысандарын айқындайды. Сонымен қатар, заң мұндай шартты тәуелсіз келісімшарт ретінде әдейі ажыратып ережелерді реттеу үшін арнайы заңнамалық реттеуді қолдайды. Ресей ғалымы А.А Иванов ұқсас көзқарасты ұстанды: аталған келісімшарт пен аралас келісімшарт арасындағы айырмашылық ол Ресей Федерациясының Азаматтық кодексімен реттеледі (автор автокөлік құралдарын жалдау туралы келісімшарттың үлгісін қарастырады).

3. Аталған шарттың тәуелсіздік белгілерінің бірі және оның аралас келісім-шарттың айырмашылығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің аралас сипатына сілтеме жоқ.

МЖӘ және концессиялық келісімдер бойынша, сондай-ақ азаматтық шарттық міндеттемелердің басқа түрлері (мемлекет үшін құрылыс келісімшарттары қажетті және шарттың өмірлік циклі) келісімшарт міндеттемелері жүйесінде жақында пайда болғандығына байланысты ұқсастықты табу және келісім арасындағы айырмашылықтарды анықтау ниетінде кез келген азаматтық шарт элементтерін көруімізге болады. Сондықтан, МЖӘ келісімшартында, мемлекеттік қажеттіліктерге арналған құрылыс келісімшартын, қарапайым серіктестік шарттарды (жеке және қоғамдық серіктестіктің ортақ нәтижесі), жер учаскесін жалдау шартын, инвестициялық келісімдерді көруге болады. Осыған дәлел ретінде МЖӘ туралы заңның 12-бабын қарастырсақ болады осы Заңда өзгеше көзделмесе, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты тараптарының мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін және (немесе) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру үшін қажетті өзге де мүлікті пайдалануы Қазақстан Республикасының заңнамасына және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартына сәйкес жүзеге асырылады делінген. Яғни мердігер шартты байқаумызға болады. Мердігерлік шарты бойынша бір тарап (мердігер) екінші тараптың (тапсырысшының) тапсырмасы бойынша белгілі бір жұмысты атқаруға және белгіленген мерзімде оның нәтижесін тапсырысшыға өткізуге міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыс нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге (жұмыстың бағасын төлеуге) міндеттенеді. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жұмыс мердігердің тәуекелімен орындалады.(ҚР АК 616-бабабы)

МЖӘ туралы заңның 12-бап 2 –тармағы Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының тарапы Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартында белгіленген тәртіппен екінші тараптың келісімімен мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін және (немесе) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру үшін қажетті өзге де мүлікті үшінші тұлғаларға мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша беруші тараптың міндеттемелерін үшінші тұлғалар сақтаған жағдайда беруге құқылы. Бұл ретте мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының беруші тарапы үшінші тұлғалардың әрекеттері үшін заңда белгіленген жауаптылықта болатындығы арқылы мердігер шартының тараптары ретінде бас мердігер мен қосалқы мердігердің құқықтары мен міндеттері сипатталуда. Егер заң актілерінен немесе шарттан өзгеше туындамаса, мердігер шартты орындауға басқа тұлғаларды (қосалқы мердігерлерді) тартуға құқылы. Мұндай жағдайда мердігер - тапсырысшының алдында бас мердігер, ал қосалқы мердігердің алдында тапсырысшы болады(ҚР АК 619-бабы).

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, МЖӘ туралы заңда МЖӘ бойынша аралас шарт емес тәуелсіз ретінде құрастырылған келісімді жасасуға болады. Дегенмен, МЖӘ туралы заңға сәйкес тараптар міндеттемелерінде қайшылықты қарым-қатынас қамтыған кезде шарттар шеңберінде аралас шарт элементтері болған кезде МЖӘ туралы мәміле ретінде танылуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың 2017 жылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауы
2. Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» заңы
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 01.07.217ж
4. Ресей Федералдық 2005 жылғы 21 шілдедегі «Концессия туралы» заңы
5. *Брагинский М. И.* Основы учения о непоименованных (безымянных) и смешанных договорах. М.: Статут, 2007. 79 с.
6. Гражданское право: в 4 т. / под ред. Е. А. Суханова. 3-е изд. Т. 3. Обязательственное право. М.: Волтерс Клувер, 2008. 800 с.

Сапарбаева Замира Абдикадировна,
аға менеджер, «Педагогикалық шеберлік орталығы»
Шымкент қ. филиалы, zamira_15@mail.ru,

ЭМОЦИЯЛЫҚ ЗИЯТТЫҢ КӘСІБИ ӨСУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Түйін. Мақалада эмоциялық зияттың түсініктемесі, оның маңыздылығы, компоненттері және тұлғаның кәсіби тұрғыдан өсуіне тигізетін әсері қарастырылады.

Резюме. В данной статье рассматриваются общее понятие эмоционального интеллекта, его значимость, компоненты и как эмоциональный интеллект влияет на формирование и профессиональный рост личности.

Summary. This article discusses the general concept of emotional intelligence, its importance, components and how emotional intelligence influences on the formation and professional growth of an individual.

Қаіргі таңда IQ қарағанда эмоциялық зиятқа басымдылық беріліп жатқаны айқын, ал оның себептерін қарастырудың алдында алдымен эмоциялық зият деген ұғымның өзін қарастырып көрелік. Эмоциялық зият тиімді басшылық етуде маңызды рөл атқарады және ол еңбек өнімділігіне тікелей әсер етеді. Төменде мұның дәлелдері ұсынылған.

Халықаралық Egon Zehner жұмыспен қамту мекемесінде 515 жоғары лауазымды басшыларды талдау барысында, тест нәтижесінде эмоциялық зияты жоғары басшылар алдыңғы тәжірибесі немесе дәстүрлі IQ ұпайлары жоғары басқа басшыларға қарағанда табысқа толық жете алатындығы анықталған.

Позитивті көңіл-күйі мен көзқарасы бар көшбасшы басқалармен өзара әрекеттесуге бейімделгіш болатындықтан, олар позитивті, пайдалы және бірлескен жұмыс ортасында жұмыс істеуге ынталы болады, нәтижесінде жұмыс өнімінің тиімділігін арттырады. [1]

Эмоциялық зият (EQ) жұмсақ болуды емес, эмоцияны басқаруды білдіреді, яғни ақылды болудың өзгеше жолын білдіреді. Эмоциялық зият дегеніміз:

- Тұлғаның өзге адамдармен жақсы қарым-қатынас орната білу қабілеті.
- Өзін-өзі басқара алуы.
- Өзгелерді ынталандыра алуы.
- Өзінің сезімін түсіне білуі.
- Күнделікті қоршаған ортада туындайтын жайттарға қалыпты реакция білдіру. [2]

Ал енді эмоциялық зияттың маңыздылығына тоқталатын болсақ, ол барлық қызметкерлер үшін өте маңызды, себебі ол қарым-қатынас менеджментінде бірден-бір шешуші фактор болып табылады. Ал оның нәтижесі ынталандыру, өзін-өзі және өзгелерді басқаруда көрініс табады. Басшылар мен жетекшілер жоғары эмоциялық зиятқа ие болулары қажет, себебі олар қоғамдық ортада өз ұйымдарының айнасы болып табылады немесе одан тысқарыда өзара байланысқа түсуші және қызметкер бейнесінің негізін қалаушы.

Зерттеулерге сүйенсек, эмоциялық зияты жоғары адамдар тиімді көшбасшы болып табылады және өзгелермен тығыз әрі жақсы қарым-қатынас орната алады. Басқарушылық қызметтердегі тұлғалар үшін эмоциялық зият маңызды компонент болып табылады. Неліктен деп ойлайсыз? 2013 жылғы American Express-тің зерттеулеріне сүйенсек, жоғары эмоциялық зият адамның жеке өзіндік жетістіктеріне жетуіне үлес қосады, сондай-ақ мансаптық сатыда билік жүргізуге де үлесі мол екенін көрсетті.

Көптеген зерттеулер IQ көрсеткіші адамның өмірінде 20% дейін ғана сәттілікке жетуге көмектесетінін көрсетеді, қалған 80 % адамның эмоциялық зиятына байланысты екен. Егер жеке тұлғаның бойында эмоциялық зият жоғары болатын болса, ол өзінің эмоционалды күйін, басқа адамдардың эмоционалдық жағдайын жақсы тани алады және өзге адамдар оған тартылатындай тәсілмен қарым-қатынас жасай алады. Адамдар өздерінің эмоцияларын түсіну қабілетін басқа адамдарға жақсы қарым-қатынас жасау, жағымды қарым-қатынастар қалыптастыру, жұмыста үлкен жетістікке жету және өмір сүру сапасын арттыру үшін қолдана алады.

Дэниель Гоулмен Эмоциялық зиятты «тұлғалық» және «әлеуметтік» құзыреттерге бөлді, демек тұлғалық және әлеуметтік дағдылар болады екен, мұның әрбіріне бірнеше дағдылар жатады, олар эмоциялық зияттың элементтері болып табылады.

Жеке дағдылар	**Әлеуметтік дағдылар**
Біз өзімізді қалай басқарамыз	*Біз өзгелермен қарым-қатынасымызды қалайша реттейміз*
Өзін өзі тану	**Эмпатия**
Эмоциялық таным	Өзгелерді түсіну
Өзін-өзі нақты бағалау	Өзгелерді дамыту
Өзіне деген сенімділік	Түрлі әрекеттерді қолдану
Өзін өзі реттеу	Саяси хабардарлылық
Өзін-өзі басқару	**Әлеуметтік дағдылар**
Сенімділік	Әсер ету
Адалдық	Қарым-қатынас
Бейімделгіштік	Қақтығыстарды басқару
Жаңашылдық	Көшбасшылық
Мотивация	Өзгеріс жасаушы
Жетістіктерге ұмтылу	Қарым-қатынас орнатушы
Ұстаным	Ықпалдасу және ынтымақтасу
Бастамашыл	Топтық дағдылар
Оптимизм	

Д.Гоулманның «Эмоциялық зиятпен жұмыс» еңбегінен [3, 21 бет]

Жеке дағдылар

Эмоциялық зият жеке дағдылардың үш аймағынан тұрады.

- **Өзін-өзі тану**

Өзін-өзі тану дағдысы адамның өзінің эмоцияларының туындауын және өрбуін түсіну, білу қабілеті. Эмоция жайында оны жағымды я жағымсыз деп ойлану қате болар, керісінше олардың орынды немесе орынсыздығы жайында ойлану қажет.

Мысалы, әдетте ашу жағымсыз эмоция ретінде қарастырылады. Алайда, ол кей жағдайларда толықтай негізделген және орынды эмоция болуы мүмкін, эмоциялық зият бізге ашуымызды танып, оның туындаған себептерін түсінуге мүмкіндік береді.

Өз эмоцияларыңыз бен сезімдеріңізді дұрыс бағалау өзіңізге деген сенімділік пен бағалауды дамыта алады. Өзін-өзі тану ішкі күйіңізді, артықшылықтарыңызды, мүмкіндіктеріңізді білуге байланысты. Егер де Сіз өзіңізді жақсы танитын болсаңыз, өзіңіздің сезіміңізбен байланыс орнатуыңыз да жақсы болады.

Өзін-өзі тану жұмыс орнында табысқа жетуде өте маңызды рөл атқарады. Сезіміңізбен байланыста болмасаңыз, ол сіздің жалпы тиімділігіңізге кері әсер етуі мүмкін.

Өзін-өзі тану қабілеті жоғары адамдар өзін-өзі нақты, шынайы бағалауға қабілетті, өзіне сенімді, шынайы кері байланыс орната алады, жағдайды нақты қабылдайды және дұрыс деп санайтын жағдайларда тәуекелге баруға дайын тұрады. Жоғары EQ бар адамдар әдетте өздерін жақсы таниды. Олар өздерінің эмоцияларын түсінеді, сондықтан олар сезімдеріне өздерін басқаруға жол бермейді. Олар өздеріне өте сенімді, себебі олар өздерінің интуициясына сенеді және өздерінің эмоцияларын басқара алады. Олар өздерінің күшті және әлсіз жақтарын жақсы біледі және олар жақсырақ нәтижелерге жету үшін әлсіз тұстары аясында жұмыс істейді. Көптеген ғалымдардың пікірінше өзін-өзі тану - эмоциялық зияттың ең маңызды бөлігі болып табылады.

Өзін-өзі танудың үш негізгі ішкі санаттары анықталған:

- **Эмоциялық таным.**
- **Өзін-өзі нақты бағалау.**
- **Өзіне деген сенімділік.**

Эмоциялық таным - бұл адамдардың өздерінің эмоцияларын және олардың әсерлерін тануы, қоршаған ортаға қатысты әрекеттерге қалай жауап беру керектігін анықтай алуы және өзінің эмоцияларының жалпы өнімділігіне қалай әсер ету керектігін түсінуі.

Жеке адамдардағы осы құзыреттіліктің жоғары дамығандығы төмендегіше көрініс табуы мүмкін:

- Олар өз сезімдері туралы біледі.

• Өз сезімдері мен не ойлайтындығы, нені істеу керектігі және не айту қажет екендігі арасындағы байланысты түсінеді.
• Белгілі бір сезімдердің неліктен өздігінен пайда болатындығын біледі.
• Олардың сезімдері олардың жұмыс өнімділігіне қалай әсер ететіндігін біледі.
• Олардың өз іс - әрекеттеріндегі себеп- салдарды түсінеді.
• Олар өздерінің құндылықтары мен мақсаттарын қалай басқару керек екендігін біледі.

Өзін-өзі нақты бағалау

Өзін-өзі нақты бағалау – адамның ішкі ресурстарын, қабілеттерін, мықты тұстарын және әлсіз тұстарын мойындау мен қабылдауды қамтиды. Ол өзі туралы кері байланыс жасайды, жаңа жетістіктерге жетуді қалайды, үздіксіз оқуға және өзін-өзі дамытуға ұмтылады.

Жеке адамдардағы осы құзіреттіліктің жоғары дамығандығы төмендегіше көрініс табуы мүмкін:

• Өзі туралы әзілді дұрыс қабылдау сезімі бар.
• Өзінің күшті және әлсіз жақтарын жақсы біледі
• Тәжірибеден үйренуге қатысты рефлексиялық қабілеттілігі бар.
• Жаңа перспективаларда, үзіліссіз оқуда және өзін-өзі дамытуға қатысты ашық пікірлер мен кері байланысты қабылдайды.

Өзін-өзі реттеу немесе өзін-өзі басқару.

Өз эмоцияларыңызды тануды үйренсеңіз, өзін-өзі реттеу дағдысы эмоцияларды қалыпты жағдайда және прапорционалды түрде басқаруға әсер ете алады. Өзін-өзі басқару дағдысы кез келген мезетте және кез келген жағдайда туындайтын эмоцияларға қатысы бар және ол эмоцияларды басқаруға да әсер етеді. Ал өзін-өзі ұстай алу осы айтылғандардың негізі болып табылады, бірақ басқа аспекттер сіздің сол мезеттегі әрекеттеріңізге тікелей қатысы бар: сіз өзіңізді «дұрыс» немесе «ұстамды» ұстадыңыз ба, әлде керісінше ме?

Өзін-өзі басқару - эмоцияларды басқару қабілеті. Әдетте өзін-өзі реттейтін адамдар қатты ашуға немесе қызғануға жол бермейді және олар дүрбелең, ұқыпсыз шешім қабылдамайды. Олар әрекет етер алдында ойланады. Өзін-өзі басқарудың сипаттамалары - ойлана білу, өзгерістерге ашық болу, адалдық пен шектеу қоя білу қабілеті.

Мотивация

Эмоциялық зияттың жеке дағдыларының соңғы аспектісі - Мотивация болып табылады. Ішкі мотивация біздің жеке қозғаушы күшіміз болып табылады, ол бізді өзімізді дамытуға және жетілдіріп отыруға итермелейді. Ішкі мотивация бізге мақсаттарымызға берік болуға, инициатива мен мүмкіндіктерге сай әрекет етуге дайындыққа, оптимизм мен тұрақтылыққа жетелейді. Ішкі мотивация мен жеке time management бұл саланың кілтті дағдылары. Өзіңізге негізделмеген талаптарды қоймаңыз, өзгелердің талаптарына жай ғана «ия» деп келісудің орнына табанды болуды үйреніңіз.

Әдетте эмоциялық зияты жоғары адамдар ынталы болып келеді. Олар ұзақ мерзімді табысқа жету үшін тым жылдам нәтижелерден бас тартуға дайын. Олар өте белсенді, қиындықты жақсы көреді және өзі орындаған кез келген іс-шарада өте белсенді және тиімді әрекет етеді.

Әлеуметтік немесе тұлғааралық дағдылар

Тұлғааралық дағдыларды біз өзге адамдармен қарым-қатынасқа түсу үшін қолданамыз. Ол бізге тиімді, мықты, мағыналы, қарым-қатынастар құруға мүмкіндік береді. Эмоциялық зиятқа біздің өзгелерді және олардың эмоцияларын қалай түсінетініміз де жатады, сондай-ақ біздің өзгелерге қатысты әрекеттеріміз бен өзімізді ұстауымыз да жатады.

Мұнда екі кілтті екі аспект бар.

Әлеуметтік хабардарлық - басқа адамдардың эмоцияларын, қажеттіліктерін және алаңдаушылығын түсініп, эмоционалды түйткілдерді көтеріп, әлеуметтік жағынан ыңғайлы сезініп және топтың немесе ұйымның қуат динамикасын тани алу.

Эмпатия - бұл эмоциялық зияттың екінші маңызды элементі. Эмпатия - айналаңыздағы адамдардың қажеттіліктерін және көзқарастарын анықтау және түсіну қабілеті. Эмпатиясы жоғары адамдар өзгелердің сезімдерін жақсы түсінеді, тіпті ол сезімдер нақты, айқын болмаса да жақсы сезінеді. Нәтижесінде, эмпатиясы жоғары адамдар әдетте қарым-қатынасты басқару, өзгені тыңдау және басқалармен қарым-қатынаста жақсы нәтижелер көрсетеді. Олар стереотиптерден аулақ болуға және тым тез үкім шығармауға тырысады, сонымен қатар олар өз өмірін ашық, адал жолмен өткізеді.

Көп жағдайда эмпатияны дамыту өте қиын. Өзгелердің вербалды және вербалды емес хабарламаларын тиімді, терең тыңдауды және ым-ишаралар мен эмоциялардың физикалық

белгілерін түсінуді де үйреніңіз. Өзгелердің жай-күйі мен олардың сезімдері жайында сұрастырып, олардың сезімдерін дұрыс түсінгендігіңізге кепілдік беретін кері байланысты қолданыңыз. Өзгелермен келіспесеңіз де олардың сезімдерін мойындаңыз және сыйлаңыз және сынайтын, кері әсер ететін арыз бен ескертпелер жасаудан бас тартыңыз.

Әлеуметтік дағдылар

Әлеуметтік дағдылар қарым-қатынас пен тұлғааралық дағдылардың кең ауқымын қамтиды. Бұл көшбасшылықтан бастап өзгелерге әсер ету мен сендіру, қақтығысты басқару, командада жұмыс істей алуды қамтиды.

«Әлеуметтік дағдылар» термині дағдылар мен құзырлықтың кең ауқымын қамтиды, олардың біршамасы өзін-өзі бағалау мен өзіне деген сенімділікке негізделеді. Әлеуметтік дағдыларыңызды дамыту арқылы, сізбен сұхбаттасу оңай болатын болса, жақсы тыңдаушы бола білсеңіз, сенім артуға болатындай тұлға болсаңыз сіз харизмасы жоғары тұлғаға айналасыз және өзгелер сізге ұмтылатын болады. Ал бұл өз кезегінде өзіңізге деген бағаны жоғарылатады және сізге деген сенімділік артады, жағымды диалогтарға алып келеді, сондай-ақ өзіңіздің эмоцияларыңызды жақсы түсініп, қабылдайтын боласыз.

Қорыта келе, эмоциялық зиятты күшейту жеке дамудың ең маңызды аспекті болуы мүмкін. Зерттеулерге сүйенсек, эмоциялық зият деңгейі жоғары адамдар қанағаттанарлық және сәтті мансап пен қарым-қатынасқа ие болады, оны мақтан тұтады.

Егер де сіз өзіңіздің эмоциялық зиятыңызды дамытуды жоспарлап жүрген болсаңыз, онда сіздің харизмасы жоғары, өзгелер үшін тартымды әрі қызықты тұлғаға айналу мүмкіндігіңіз бар. [3, 34 – 48б.]

Өмірде ең табысты адамдар - ең ақылды адамдар емес. Көптеген адамдар танымдық жағынан жоғары болғанымен, бірақ жұмысында немесе жеке өмірінде сәтсіздіктері болуы мүмкін. Жоғары IQ өмірде табысқа жету үшін жеткіліксіз. IQ жоғары оқу орнына түсуге көмектесуі мүмкін, ал EQ қорытынды емтихандағы стресс пен эмоцияларды басқаруға көмектеседі.

Жоғары эмоциялық зиятқа ие адамдар жеңіл түрде адамдармен қарым-қатынасқа түседі және оны сақтап қала алады, сондай-ақ топтық жағдайларға еркін әрі жеңіл еніп кетеді. Жоғары эмоциялық зиятқа ие адамдар өздерінің психикалық жағдайларын жақсы түсінеді, ал оған стрессті тиімді басқару мен күйзеліске түспеу жатады.

Эмоциялық зият - табысқа жетудің ең жақсы көрсеткіштерінің бірі. Расында да, көптеген зерттеулер эмоциялық зият - IQ қарағанда жоғары табысқа жетудің жақсы көрсеткіші екенін көрсетеді. Мысалы Ричард Бренсон мектепте сыныптастары секілді оқи да, жаза да алмаған, бірақ соған қарамастан ол әлемдегі ең бай адамға айналды.

EQ мен IQ арасындағы тағы бір үлкен айырмашылық, сіздің өзгелерді қалай басқара алатындығыңызда және олармен қалай қарым-қатынас жасай алатындығыңызда. Табысты бизнесті жүргізу үшін нәтижелі жұмыс жасайтын жұмысшылар қажет. Ал оны тиімді жүргізу үшін жұмысшыларға бір-бірлерімен үйлесімді жұмыс істеуге жағдай жасау қажет, ал бұл көптеген адамдардың эмоцияларын басқаруды талап етеді. Жоғары эмоциялық зиятқа ие адам мұны тиімді жүргізе алады. [5, 16 – 20 б.]

Эмоциялық зият жоғары болған сайын тұлға жеке өмірінде де, кәсіби жағынан тек өсе түседі. Жоғары деңгейде дамыған эмоциялық зият, тұлғаның тоқмейілісуі мен өзіне деген сенімділігі арасындағы күшті әрі терең байланысты орнатады.

Жұмыс орнында жоғары жетістіктерге жету үшін тұлғаның өзін-өзі түсінуі, мықты және әлсіз жақтарын түсінуі өте маңызды. Эмоциялық зият жоғары деңгейде дамыған жағдайда, тұлға түрлі өзгерістерге бейім болады, жұмысын жеңіл атқара алады, ұйым үшін ұтымды идеялар ұсынып, оны іске асыра алады.

Эмоциялық зият тұлғаларға қалай көмектеседі?

Эмоцияларды түсіну адамдарды қандай жайттар ынталандыратынын /жігерлендіретінін және өзгелердің ойын, пікірін, көзқарасын түсінуге мүмкіндік береді.

Эмоциялық зиятқа негізделген көшбасшылық жұмыс орнында жағымды ахуал қалыптастыруға және жұмысшыларды жоғары көрсеткіштерге жетуге ынталандырады.

Біршама зерттеулер мынадай қорытындыға келіп отыр: жұмысшылардың эмоциясын басқару көшбасшылықтың басты компоненті болып табылады, эмоционалды көріністер көшбасшыны қабылдауда үлкен әсері бар, ал топтық үдерістерді тиімді басқаратын көшбасшылар өнімділікке, яғни нәтижеге зор әсер етеді. [6, 22 – 26 б.]

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Cherniss, Cary. (2003). The Business Case for Emotional Intelligence. A technical report issued by the Consortium for Research on Emotional Intelligence in Organizations. Available on-line at http://www.eiconsortium.org/.

2. Goleman, Daniel. (1995). Emotional Intelligence: Why it Can Matter More than IQ. New York: Bantam Books.

3. Goleman, Daniel. (1998). Working with Emotional Intelligence. New York: Bantam Books.

4. Goleman, Daniel (2001). An EI-Based Theory of Performance. In C. Cherniss and D. Goleman (Eds). The Emotionally Intelligent Workplace. (pp. 27-44). San Francisco, California: Jossey-Bass.

5. Humphrey, R. H. (2002). The many faces of emotional leadership. Leadership Quarterly, 13, 493–504.

6. Weisinger, Hendrie. (1998). Emotional Intelligence at Work. California: Jossey - Bass.

Шабанов Е.И. Отарбаева Г.К.
Shabanov E. I. , Otarbaeva G. K.
c. h. s., senior teacher, head of chair «International relations», M. Auezov SKSU

PROBLEMS OF REFORMING THE MECHANISM OF INTERNATIONAL LEGAL UN PEACEKEEPING FORCES

Андатпа: XX ғасырдың 90-шы жылдарының соңында ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан жаңа жағдай қалыптасты. КСРО және социализмнің әлемдік жүйесі ыдырады, "алтын миллиард" елдері "суық соғыста"жеңді. Жеңімпаздар өз жеңісін 1999 жылдың мамыр айында НАТО мерейтойлық сессиясында "гуманитарлық интервенция"принципі деп аталатын заңды бірлескен халықаралық интервенционизм принципін заңды түрде ресімдегенімен бекітті. Бұл қағида халықаралық құжаттарда бекітілген адам құқықтарын осы елде қорғау үшін кез келген елдің егемендігін бұзуды болжайды. Алғаш рет бұл қағидат 1999 жылдың наурыз-сәуір айларында Косово өлкесінде Албан сепаратизмін басудың ішкі мәселесін шешкен егеменді Югославияға қарсы НАТО елдерінің агрессиясы барысында толық көлемде қолданылды. Югославияда іс жүзінде" гуманитарлық интервенция " халықаралық қатынастар тәжірибесінде сақталған 350 жыл және көптеген халықаралық құжаттарға бекітілген мемлекеттік егемендік принципін жерледі. Мұндай жағдай "суық соғыс" аяқталғаннан кейін күштердің жаһандық балансының бұзылуының салдары болып табылады, саяси әлемнің екі полюсті құрылымы жойылып, тек бір ғана "аса шығын" қалды, және планетадағы нақты экономикалық және әскери қуаттың тек бір полюсі – осы унипольмен аталған Батыстың ең дамыған елдері. Қарсыластарының күші бойынша тең көз жұмған АҚШ КСРО-мен бұрын жасалған келісімдердің қазіргі геосаяси кеңеюінен босатылады.
Басты сөздер: ООН, миротворцы, реформалау, бейбітшілікті қолдау, халықаралық құқық, саясат, общественное мнение

Аннотация: В конце 90-х годов XX века сложилась новая ситуация в плане обеспечения коллективной безопасности. СССР и мировая система социализма распались, страны «золотого миллиарда» победили в «холодной войне». Победители закрепили свою победу тем, что на юбилейной сессии НАТО в мае 1999 года юридически оформили принцип законного совместного международного интервенционизма, иначе называющийся принципом «гуманитарной интервенции». Принцип этот предполагает нарушение суверенитета любой страны для защиты в данной стране прав человека, закрепленных в международных документах. Впервые этот принцип был применен в полном объеме в марте-апреле 1999 года в ходе агрессии стран НАТО против суверенной Югославии, решавшей внутренний вопрос подавления албанского сепаратизма в крае Косово. Фактически «гуманитарная интервенция» в Югославии похоронила принцип государственного суверенитета, продержавшийся в практике международных отношений 350 лет и закрепленный во множестве международных документов. Такое положение является следствием нарушения глобального баланса сил после окончания «холодной войны», когда двухполюсная структура политического мира разрушилась и осталась только одна «сверхдержава», США, и только один полюс реальной экономической и военной мощи на планете – наиболее развитые страны Запада, названные в силу этого униполем. Очутившись без равного по мощи соперника, США освобождаются от сковывающих их современное геополитическое расширение договоренностей, ранее заключенных с СССР.
Ключевые слова: ООН, миротворцы, реформирование, поддержание мира, международное право, политика, общественное мнение

Abstract: At the end of the 1990s, a new situation emerged in terms of collective security. The USSR and the world system of socialism broke up, the countries of the "Golden billion" won the "cold war". The winners cemented their victory by legally formalizing the principle of legitimate joint international interventionism, otherwise known as the principle of "humanitarian intervention", at the NATO anniversary session in may 1999. This principle implies a violation of the sovereignty of any country in order to protect the human rights enshrined in international instruments in that country. For the first time this principle was fully applied in March-April 1999 during the aggression of NATO countries against sovereign Yugoslavia, which solved the internal issue of suppression of Albanian separatism in the province of Kosovo. In fact, the" humanitarian intervention " in Yugoslavia has buried the principle of state sovereignty, which has lasted 350 years in the practice of international relations and is enshrined in many international documents. This situation is a consequence of the violation of the global balance of

power after the end of the cold war, when the bipolar structure of the political world collapsed and there was only one" superpower", the United States, and only one pole of real economic and military power on the planet – the most developed countries of the West, called UNIPOL. Finding himself without equal in power rival, the United States freed from the fetters of their modern geopolitical extension of the agreements previously concluded with the Soviet Union.

Keywords: UN, peacekeepers, reformation, peacekeeping, international law, politics, public opinion,

The twentieth century brought a special international institutions for collective security – the League of Nations, UN, OSCE, SWDMA, TURAI, and OIC. At the same time, collective security systems began to spread to other continents. Thus, the Islamic world created the organization of the Islamic conference (OIC) to protect the interests of Muslim countries [3, c. 47].

For the first time, the UN peacekeeping mission was used in 1948 to control the ceasefire reached in the Arab-Israeli conflict. Further, peacekeeping missions were sent, among others, to Cyprus (1964 – for the cessation of hostilities and restoration of order), Georgia (1993 – for the settlement of the Georgian-Abkhaz conflict), Tajikistan (1994 – for the settlement of the religious conflict). UN peacekeeping missions to Yugoslavia and Somalia had a special effect [4, c. 118].

Multinational operations have been deployed in addition to UN operations in Somalia, Rwanda, Haiti, and Bosnia and Herzegovina. In 1997, the Council authorized the action of the "coalition of the willing" in relation to the situation in Albania. It also authorized the deployment of a multinational peacekeeping force in the Central African Republic. In March 1998, the force was replaced by the United Nations Mission in the Central African Republic (MINURCA) [13, c. 168].

Бұдан ары қарай кәсіпкерлік қызмет саласындағы қылмыстың орын алуына өз әсерін тигізетін құқықтық сипатқа ие факторларды тізбектейтін боламыз. Олар мына тізбектен тұрады:

- Кәсіпкерлік қызметті реттейтін нормативтік – құқықтық базаның шалалығы;

- Кәсіпкерік саласындағы құқық қорғау органдарының қызметін реттейтін құқықтық – нормативтік базаның шалалығы;

- Кәсіпкерлік қызмет саласында құқық қорғаушының әсерінің жеткіліксіздігі.

Кәсіпкерлік қызмет саласын реттейтін құқықтық базаның шалалығы өз кезегінде осы қызметтің қарқындылығын төмендетумен қатар заңға қайшы іс – әрекеттердің де орын алуына өз септігін тигізді. Шынайы нарықтағы жағдаймен санасылмай экономикаң кәсіпкерлік саласында заңнамалардың шығарылуы.

Кәсіпкерлік қызмет саласындағы құқық қорғау органдары қызметіне байланысты құқықтық базаның реттелмеуі болса қымысты анықтау мен тергеуге өз кедергісін келтіруде.

Кәсіпкерлік қызмет саасындағы құқық қорғау органдарың әсер етуінің жеткіліксіз дәрежеде болуы кәсіпкерлік қызмет саласындағы нақты криминалдық ситуацияны төмен дәрежеде қадағалауынан көрінеді, сонымен қатар жасалынатын қылмыс жайлы толық хабардар бола алмауына, қылмыскерлерді жазалаудың белгілі бі жүйесінің болмауына алып келеді.

Негізгі құқықтық криминогендік факторлардың қатарына төмендегі себептерді жатқызуға болады:

- Халықтың экономикалық реформаларға сенуіне мүмкіндік бемейтін және заңды кәсіпкерлікпен айналысуына ықпалын тигізетін мемлекет экономикасының қаыпты емес жағдайы;

- Шаруашылық саласында қолданылатын ресурстардың ресурстардың шығуының заңдылығына байланысты мәселелер;

- Мемлекеттің өз халықымыздың ерекшеліктерімен, менталитетімен санаспай шет ел мемлекеттерінің тәжірибесін қолдануы.

- Кәсіпкерлік саласын реттейтін мемлекеттік жүйедегі жемқорлықтың жоғарғы дәрежеде болуы.

Дереккөздермен таныса отырып анық болғаны көп жағдайды қымытық құқық бұзушылыққа баратын заң ережелерімен жүретін азаматтар көбіне заңды жолмен белгілі - бір пайда табу мен өзін қамтамасыз ету жолының жоқ екеніне, заңды жолмен пайда табудың мүмкін еместігіне сенгеннен соң барып қылмыстық құқық бұзушылыққа барады екен.

Жоғарыдағы мәліметтермен танысып, ойымызді бөлісіп болғаннан соң келесідей қорытындыға келдік:

1. Қылмыстық ортаның өкілдері кез – келген экономикалық жаңалықтарға жедел түрде жандаса білу арқылы өздеріне пайдалы шешімді қабылдайды. Заңның шалалығын, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жұмысында жіберілген кемшіліктерді пайдарана отырып заңсыз түрде баюын одан ары қарай жалғастыра түседі.

2. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы қылмыстылықтың орындалуына экономикалық, ұйымдастырушылық – басқарушылық факторлер де өз әсерін тигізеді,

3. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы қылмыстылықтың жаңа түрлерінің пайда болуына мемлекет экономкасындағы тұрақсыз жағдай өз әсерін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 . Каиржанов Е.И. Криминология. Общая часть. – Алматы: Өркениет, 2000. – 288 с.

2 . Платонов К.К. Краткий словарь системы педагогических понятий. – М., 1994. – 264 с.

3 . Алауханов Е.О. Криминологические проблемы борьбы с корыстно-насильственными преступлениями. – Алматы, 2002. – 282 с.

4 . Криминология: Учебное пособие / Под ред. С.Е. Вицина и В.А.Уткина. – М., 2001. – 297 с.

5 .Алауханов Е.О. Криминология: Оқу құралы. – Алматы, 2006. – 263 б.

Алауханов Е.О., Зарипов З.С. Криминология: Учебник. – Алматы: Юридическая литература, 2008. – 350 с.

6. Указ. соч. Алауханов Е.О. Психология криминального поведения в предпринимательской деятельности и предупреждение преступлений в сфере экономики // Материалы НПК. – Т.: ТГЮИ, 2003. – 390 с.

7. Насыров Ж. «Тень» – противник серьезный. Борьба с правонарушениями в налоговой сфере // Правовая инициатива. - 2000. - № 4. – С. 138-139.

8. Ежов Ю.А. Преступления в сфере предпринимательства. – М.: Маркетинг. 2001. – 279 с.

9. Кутьин Н.Г. Борьба с преступлениями в кредитно-банковской сфере. – М.: РУДН, 2001. – 299 с.

Шалдарбекова Айша Бақташқызы
Философия ғылымдарының кандидаты, «Философия» кафедрасының аға оқытушысы
Шалдарбекова Манат Бакташовна
Заң магистрі, «Мемлекет және құқық теориясы» кафедрасының аға оқытушысы
Балтабаев Нұрлан Құдайбергенұлы,
Философия магистрі,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

АР-НАМЫС, ҚАДІР-ҚАСИЕТ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК БЕДЕЛДІ ҚОРҒАУ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҢ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Мақала азаматтық құқықтың өзекті мәселелерінің бірі – ар-намыс, қадір-қасиет пен іскерлік беделді қорғау институтына арналған. Онда осы аспектідегі кейбір мәселелерді Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы объектісі ретінде қарастырылған

Кілтті сөздер: ар-намыс, қадір-қасиет, іскерлік бедел, азаматтық құқық объектісі

Аннотация

Статья посвящена одной из актуальных проблем гражданского права – институту защиты прав чести, достоинства и деловой репутации. В ней рассматриваются некоторые проблемы данного аспекта как объекта гражданского права РК.

Ключевые слова: честь, достоинство, деловая репутация, объект гражданского права

Annotation

The article is devoted to one of the pressing problems of civil law - the institution of protection of the rights of honor, dignity and business reputation. It addresses some problems of this aspect as an object of civil law of the Republic of Kazakhstan.

Key words: honor, dignity, business reputation, civil law object

Қоғамның жоғарғы құндылықтарының адам, оның құқықтары мен бостандықтары екендігін конституциялық тұрғыдан мойындау азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын реттеп қана қоймай, соның ішінде ең қымбат қазынасы адам болып табылатын [1], сол арқылы Қазақстанның демократиялық, құқықтық мемлекетке айналуына жәрдемдесетін материалдық емес құндылықтарды қорғауды қарастыратын азаматтық заңнаманы жетілдіруді қоса алғанда, құқықтық реттеудің тиісті саласындағы жаңа міндеттерді шешуге алып келеді.

Сонымен қатар, қазіргі азаматтық құқық әлі де болса өзінің қалыптасу кезеңін бастан кешіруде. Қазіргі таңда жеке және заңды тұлғалардың мүліктік емес құқықтарын тиімді қорғау мәселелері үлкен өзектілікке ие, себебі адамзаттың құқықтары мен бостандықтарының жоғары құндылығы туралы негізгі конституциялық қағиданы жүзеге асыру үшін оны қамтамасыз ету мен жүзеге асырудың құқықтық механизмін әрдайым жаңартып, жетілдіріп отыру қажет.

Әлемдік қоғамдастықтар қаншама жылдар бойы адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселелерімен айналысып келеді. 1948 жылғы 10 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын қабылдады. Онда әрбір адамның әлеуметтік жағынан қамсыздандырылуына және оның қадір-қасиеті қолдау табуына, жеке басы еркін кемелденуіне қажетті экономикалық, әлеуметтік және мәдени салалар бойынша құқықтары әрбір мемлекеттік құрылымы мен ресурстары сай, ұлттық ықпал және халықаралық ынтымақтастық арқылы жүзеге асырылуына құқығы бар делінген [2]. Бұл құжат 1950 жылғы Адам құқығы және негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенциясында, 1966 жылғы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пактіде өзінің жалғасын тапты.

Декларация Қазақстан Республикасымен қабылданғаннан кейін алғашқы рет адам құқықтары табиғи құқықтар сипатына ие болып, ал онда бектіліген құқықтар мен бостандықтар сотпен қорғалуға ие болды. Аталған құжаттар материалдық емес құндылықтарды, соның ішінде адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін толыққанды қорғауға арналған. Бірақ азаматтар мен заңды тұлғалардың ар-намысы, қадір-қасиеті мен іскерлік беделін қорғау бойынша сот тәжірибелеріне сүйенетін болсақ құқықтық реформалардың барысында тұлғалардың құқықтар мен мүдделерін тұрақты түрде қорғау үшін толық жағдайдың орын алмағанын байқаймыз. Сонымен қатар ар-намыс, қадір-қасиет және іскерлік беделді азаматтық-құқықтық қорғаудың ерекшеліктерін зерттеу мүмкіндігі Қазақстан Республикасының адам құқықтарын қорғауға

бағытталған түрлі халықаралық ұйымдарға мүше болуы нәтижесінде, қазақстандық заңнамаларды сол аталған халықаралық құқық нормаларына сәйкестендіру, азаматтың конституциялық мәртебесін әрі қарай халықаралық-құқықтық актілермен бекітілген адам құқықтарымен келістіруге негізделеді.

Соңғы жылдары әртүрлі елдердің құқықтық жүйелерін унификациялау үрдісі шететлде өзін жақсы жағынан көрсеткен диффамация институтын қазақстан азаматтық заңнамасына, сот тәжірибесіне және т.б. енгізу үшін қарастыруға мүмкіндік береді. Ар-намыс пен қадір-қасиеттің философиялық-этикалық түсінігі өте күрделі болып келеді. Бізді қызықтырып отырған категориялардың құқықтық мағынасы осы түсініктерге негізделген.

Ар-намыс пен қадір-қасиеттің түсінігін қалыптастыра келе, заң шығарушылар ар-намыс пен қадір-қасиет осы игіліктерді иемденуге лайықтылығына қарамастан кез келген адамның тартып алынбайтын құқықтары екендігіне баса назар аударған. Тұлғаның беделіне, абыройлы атына қол сұқпаушылық өмірге, тұрғын үйге, мүлікке және т.б. қол сұқпаушылық сияқты қорғалуы қажет.

Ар-намыс, қадір-қасиет, іскерлік бедел түсініктері адамгершілік, өнегелік салаларына жатқызылады. Аталған түсініктер бір-бірімен шектеседі, мағынасы жағынан да өте жақын, ішінара бір-бірімен сәйкес келеді, кейде бір-бірі арқылы анықталады [3, 15 б.].

Аталған категориялардың мағынасы мен рөлі туралы сұрақтарды зерттеу үшін ең бірінші осы категорияларға деген әртүрлі дәуірдегі философтар мен құқық зерттеушілері көзқарастарының эволюциясына тоқталған жөн. Ар-намыс пен қадір-қасиет категорияларының пайда болуы, олардың дамуы, сонымен қатар қоғамдық мораль нормаларының қалыптасуы кейін ар-намыс пен қадір-қасиет орын алатын белгілі бір шекаралар мен шектердің пайда болуына алып келді және алғашында қоғамдық пікірдің және адамдардың ішкі сенімінің күшімен, кейін мемлекеттің беделі мен мәжбүрлеу күшімен осы игіліктерді қорғау және сақтаудың қажеттілігін қамтамасыз етті [4, 6 б.].

Адамзат қоғамы дамуының алғашқы кезеңдерінде қалыптаса бастаған тұлғаның ар-намыс пен қадір-қасиет туралы түсінік, әрине, тарихи даму нәтижесінде үлкен өзгерістерге ұшырап отырған. Олар өзінің тарихын жеке тұлғалардың емес, әлеуметтік қауымдастықтың (рудың, қауымның, отбасының) құндылықтарын мойындаудан бастаған, яғни береке мен адамгершілік мәртебені оның мүшелері қорғауға және қолдауға тиісті болған. Сонау ғасырларда адамдар өздерін тайпадан, рудан бөлмеген. Қандай да бір қауымдастыққа тиесілі адамды қорлау сол қауымдастықты қорлағандай қабылданатын болған. Осының негізінде қанды кек салты туындаған. Бірақ алғашқы қоғам құрылысы жағдайында-ақ тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиеті туралы қарапайым-адамгершілікті түсініктер қалыптаса бастаған.

Сонымен қатар, ертедегі құқықтық актілерде жала жабу мен қорлау үшін қатаң жазалар қарстырылған. Мысалы, Хаммурапи заңдарында (б.э.д. XVIII ғ.) жазылған: «Егер адам басқаны адам өлтірді деп көрсетіп, бірақ оны дәлелдей алмаса, әшкерелеген адамды өлтіру керек». Және онда: «Егер адам абызға немесе адамның әйеліне қарсы қолымен көрсететін (жаман қылық жасады деп айыптау) болса және ол айыптауды дәлелдей алмаса, ол адамды сот алдына алып келіп, оның самайын (құл белгісін қыру) қырып тастау қажет» делінген [5, 8 б.].

Жеке адамның құндылықтары идеясын жан-жақты зерттеу алғаш рет Ежелгі Греция мен Римнің саяси-құқықтық және адамгершілік, философиялық доктриналарында орын алған. Әдебиеттерде айтылғандай, «бұл жерде қоғамдық өмірде мойындалған және теориялық анализдің объектісі болған «қадір-қасиет» және «ар-намыс» түсініктерінің әртүрлі аспектілері қарастырылады: азаматтың қадір-қасиеті, өзінің адамгершілігін сезіну және т.б.». Мысалы, ертедегі рим құқығының жинағы XII кесте Заңдарында «басқаға жала жабу немесе басқаны масқаралау туралы мазмұнындағы өлеңдерді айтқаны немесе шығарғаны» үшін өлім жазасы белгіленген. Адамзат қадір-қасиеті мәселелері зерттеудің дербес пәні ретінде еуропалық гуманитарлық философияда алғаш рет XIV – XVI ғ.ғ. пайда болғанын атап өткен жөн. Антикалық және ортағасырлық философияда көбінесе «ар-намыс» түсінігі қарастырылды. Ғалымдар ар-намыс туралы түсінік және категория мораль мен этикада жеке және адамзат қадір-қасиеті туралы түсінікке қарағанда ертерек қалыптасқан деп көрсетеді. Шынымен, де ар-намыс Ксенофонт, Сократ, Платон, Аристотель этикаларында қарастырылады [6, 88 б.].

В.Я. Марченко атап айтқандай, қадір-қасиеттің ескі нысандары микен кезеңдерінде де (шамамен б.э.д. II мың ж.) кездеседі. Зерттеушілердің пікірі бойынша гректердің адамның толыққанды қоғамдық мәртебесіне көзқарастарының қайта құрылуы осы тарихи кезеңде қадір-қасиеттің жеке адамның объективтік сипаты болып табылатындығын көрсетеді.

В.В. Молчановтың пікірі бойынша қадір-қасиет адамның отбасы мен қоғамның шаруашылық өміріндегі жеке қатысуымен; қоғам өміріне қатысуымен, оның бір нысаны ретінде сот талқылауы кезінде жүзеге асырылатын жиналыстарды айтуға болады; соғыс қимылдарына қатысуымен анықталады [7, 280 б.]. Жеке адамның әлеуметтік мәртебесінің осы және басқа да белгілері оның дәстүрлі қоғамға қатыстылығын ғана көрсетпейді, сонымен бірге жеке адамның және оның басқаларға деген қатынасының субъективтік құрылымын анықтайды. Адамның қоғамдық қатынастарға қатынасуы қадір-қасиеттің тұрмыстық толыққандылық ретінде көзқарастық мазмұнын қамтамасыз етеді.

Адамзат өз тарихын жеке тұлғаның емес, әлеуметтік қоғамның құндылықтарын мойындаудан, оның мүшелерін қорғауға және қолдауға тиісті адамгершілік мәртебесін мойындаудан бастады. Иерархия адамзат қоғамын ұйымдастырудың негізгі қағидасы болып саналды, сондықтан ежелгі әлемде өз ортасында жоғары дәрежеге жету ретінде ар-намыс пен қадір-қасиет басымдыққа ие болған.

Ар-намыс пен қадір-қасиет категориялары туралы түсініктің ары қарай даму процесі антикалық дәуірге сәйкес келеді. Құқықтық әдебиеттерде аталғандай Ежелгі Афина мазмұны бойынша құл иеленуші, ал нысаны бойынша тең құқықты азаматтар үшін демократиялық мемлекет болған. Приклмен жүргізілген азаматтық реформаларға сәйкес Афинаның тең құқықты азаматы болып әкесі де, шешесі де афиналық азаматтар есептелді. Бұл реформа азаматтық қоғамның шектен тыс үлкеюімен және мемлекет басқаруды жүзеге асыруға қабілетті саны бойынша шектеулі азаматтық ұжымдарды жасау қажеттілігінен туындады. Осылайша, құл иелену дәуірінде жеке тұлға болып тиісті мемлекеттің мүшесі ретінде тек қана азат адам ғана есептелді. Сондықтан ар-намыс мен қадір-қасиет ретінде осы кезеңдерде тек қана азматтың ар-намыс мен қадір-қасиеті түсіндірілді.

Азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиеті, сонымен қатар жеке және заңды тұлғалардың іскерлік беделі құқықпен ажыратылмас байланыста, сондықтан одан айырылу немесе шектеу қалыпты қоғамдық байланысты жоғалтуға, ал ол өз кезегінде басқа субъектілермен құқықтық қарым-қатынаста нақты мәртебесін жоғалтуға алып келеді. Сонымен ар-намыс, қадір-қасиет, іскерлік бедел кез келген мемлекет пен қоғам үшін маңызды әлеуметтік-құқықтық құндылық болып табылады және тиісті заңнамалық қорғауды қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. – 1996. - № 4. – 1 б.

2 Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылы 10 желтоқсанда қабылданған // www.adilet.zan.kz (10.12.1948 ж. жағдайы бойынша)

3 Тюленев И.В. Защита чести, достоинства и деловой репутации по российскому и международному законодательству: Диссертация…. канд. юрид. наук. – Москва, 2009. – 200 с.

4 Безроднова К.В. К вопросу о развитии представлений о категориях чести и достоинства: историко-правовой аспект // Вестник Южно-Уральского государственного университета. – 2012. – № 43. – С. 6 -10.

5 Москалькова Т.Н. Честь и достоинство: как их защитить? (Уголовно-процессуальный аспект): Пособие для слушателей народных университетов. – М.: Знание, 1992. – 128 с.

6 Власова, О.В. К вопросу об истоках идеи защиты человеческого достоинства //Адвокат . -2008. - № 12. - С. 88 – 94.

Салыбек Нәзира Мұратқызы
заң ғылымының магистрі,
Паметов Зұлпыхар Есенгелдіұлы
педагогика ғылымының кандидаты
Мамаева Мақпал Нұржановна
заң ғылымының магистрі, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

ЖАҢА ЖАҺАНДЫҚ ЖАҢҒЫРУДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚОРҒАЛУЫ

Аннотация: В статье рассмотрены правовая защита авторского права как одна из отраслей интеллектуальной собственности по законодательству Республики Казахстан, также рассмотрены проблемы осуществления защиты авторских прав.

Андатпа: Мақалалада Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша интеллектуалдық құқықтың саласы ретіндегі авторлық құқықтың қорғалуы қарастырылған, сонымен қатар авторлық құқықтың объектілерін қорғауды жүзеге асыру мәселелері көрсетілген.

Annotation: The article discusses the legal protection of copyright as one of the branches of intellectual property under the laws of the Republic of Kazakhstan, also addresses the problem of the implementation of copyright protection.

Авторлық құқық - цивилистік категория болғандықтан, ғылым, әдебиет және өнер салаларындағы тұлғаның шығармашылық қызметінің нәтижесі болып табылатын туындыларды пайдалануды реттеуге және қорғауға бағытталған нормалар жиынтығы болып табылады. Қазіргі жағдайда өзіміздегі бар ғылым мен мәдениеттің даму дәрежесін сақтап оның әрі қарай дамуына жағдай жасау өте үлкен мәнге ие.

Бұл жұмысты шығармашылық жұмысшылардың мүддесін қорғамай, олардың жұмысын марапаттамай және құқықтарын қорғамай іске асыру мүмкін емес дейкеле, Қазақстан Республикасының зияткерлік тауар белгілері мәселелері үнемі өзектілігінің өз мәнін жоймаған институт, өйткені қазіргі кезде мемлекетімізде тауар белгілерімен қызмет көрсету белгі иелерінің қызметін құқықтық реттеу мен қорғау саласында техника прогресі адам өміріне айтарлықтай әсер етуде.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабына сәйкес, сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі, деп ата заңда нақтыланып айтылған [1].

Шығармашылық еңбек нәтижесі болып табылатын ғылым, әдебиет және өнер туындыларын қолдануға және шығаруға байланысты пайда болатын, авторлардың материалды және материалды емес құқықтарын реттейтін институт деп есептеуге болады.

Ғылым шындығында өндірістік күш болуда, ғылымның және техниканың даму дәрежесі көп жағдайда мемлекеттің дүние жүзіндегі орнын, беделі мен мүмкіншіліктерін анықтайды деп нақтылай отырып.

Қазақстан Республикасының Президенті- Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің 2017 жылғы 31 қаңтарда жариялаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында Әлемдік кезекте, Төртінші өнеркәсіптік революция басталды деп нақты айтты және бұл жердегі негізгі фактор Төртінші өнеркәсіптік революция элементтерін жаппай енгізу болуға тиіс, яғни бұл - автоматтандыру, роботтандыру, жасанды интеллект, «ауқымды мәліметтер» алмасу, тағы басқа міндеттер, *делінген Қазақстан Республика Президенті Н.Назарбаевтың халыққа Жолдауында [2]* деп нақты аттап өтті.

Бұл дегеніміз авторлық институтың даму негізін айқын түрде дамыту қажеттілігі көрініп тұрғанын айтуға болады. Мемлекеттің индустриалды-инновациялық даму стратегиясында атап көрсетілгендей «Өңдеу өндірісі және қызмет көрсету аясындағы бәсекеге қабілетті және экспорттауға бағытталған тауар, жұмыс және қызмет көрсету өндірісін дамыту мемлекеттің индустриалды-инновациялық саясатының негізі болып табылады. Біз жақын жатқан елдердің экономикалық әлеуеттерін тиімді пайдалануға тиіспіз. Бірінші кезекте, бұлар -Қытай, Ресей, Иран, Моңғолия, Үндістан, Пәкістан, Орталық Азия және Кавказ елдері. Аталған елдер жыл сайын 3,5 триллионнан астам доллардың тауарлары мен қызметтерін импорттайды. Еуразиялық экономикалық одаққа шешуші өңірлік рыноктармен еркін сауда туралы келісім жасасу қажет. Мемлекет аталған мәселелерді біздің әріптестерімізбен бірлесіп жасап, бәріміз үшін пайдалы етіп

шешуі тиіс. СІМ-ге осы міндеттерді орындау үшін Қазақстанның шетелдердегі мекемелерінің барлық ресурстарын іске қосу қажет.

Қоғам дамуының бірден бір көрінісі болып барлық кезеңдерде және қазіргі уақыттада, онда ғылым, мәдениет және техникалық дамуына қандай көңіл бөлінетіндігі жатады. Қоғамның интеллектуалды потенциалымен оның мәдени дамуының деңгейі қаншалықты екендігінен қоғам алдындағы экономикалық проблемаларды дұрыс шешілуі байланысты болады. Сонымен қатар, ғылым, мәдениет және техника тек қана тиісті жағдай жасағанда ғана, сонымен қатар, қажетті құқықтық негіздер болғанда ғана дамиды. Оларға, қоғамдағы тауар-ақша қатынастарына сай келетін заңмен бекітілген нормативтік актілер жатады.

Авторлық құқық - азаматтық құқықтың бірден бір институты. Авторлық құқықпен реттелетін мүліктік және мүліктік емес қатынастар әдебиет, ғылым және өнер туындыларын жасау және пайдалану мен байланысты. Дербес институт ретінде авторлық құқық белгілі міндеттерді атқарады. Олар, мүліктік және мүліктік емес құқықтарды және автордың заңды мүдделерін қорғау. Ғылым және көркем өнер туындыларын жасауда құқықтық тәсілдерді қамтамасыз ету.Егемендікке ие болуымен Қазақстан халықаралық қатынастардың толыққанды құқық субъектісі болды. Осыған орай, Қазақстан Республикасы белгілі тәртіп бойынша өзі қосылған келісімдерден, көпжақты конвенциялардан және екіжақты шарттардан туындайтын барлық халықаралық қатынастарда өзіне тән құқықтармен міндеттерді қабылдайды.

Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік Интеллектуалды Меншік Ұйымы қатысушысы ретінде конституциялық тәртіппен Қазақстандықтардың, сонымен қатар, шетел азаматтарының интеллектуалдық меншіктерін танып, олардың құқықтарын сақталуына кепіл етеді. Қазақстан азаматтарына интеллектуалдық меншік құқықтары Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілденген. Сондықтанда, авторлық құқықтық объектісі ретінде берілген, интеллектуалдық меншікті иелену, пайдалану және жүзеге асыруы Қазақстан азаматтарына Конституциямен, басқада заңнамалар мен және мемлекеттік заңнама актілерімен кепілденген.

Авторлық құқықпен автордың мүліктік құқықтары, Қазақстан құқық жүйесіндегі толық көлемінде дамымаған сала. Қазіргі уақытта авторлық заңнаманы егжей-тегжейлігін зерттеу қажеттілігі туып тұр, себебі, соңғы жылдары авторлық заңнама толық көлемінде өзгертіліп, ондағы бекітілген автордың құқықтары осы саладағы халықаралық стандартқа сай. Заңды қабылдаумен бұл саладағы проблема әлі шешілмейді, сондықтанда заңда бекітілген авторлық құқықтарды жүзеге асыратын механизмді жеке зерттеу қажет. Автордың мүліктік құқығын қорғау - бұл тек Қазақстанда ғана емес, басқада одақтас өте ауыр проблемалардың бірі болып тұр мемлекеттерде.

Қазіргі таңда авторлардың мүліктік құқықтары өте көп бұзылып жүр, ал бұл, автордың өзінің материалдық жағдайына кері әсер етеді, сонымен қатар халықаралық аренада мемлекеттің авторитетін төмен түсіреді. Сондықтан, бұл тақырыптың актуальдығы мынада: авторлық құқық жөніндегі заңнаманы егжей-тегжейімен зерттеп, және автордың мүліктік құқығы жүзеге асыру механизімін жасап шығару.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жарияланған не жарияланбаған, бірақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі қандай да болсын объективті нысандағы туындыларға қолданылады және Қазақстан Республикасының азаматтары - авторлары және олардың құқықтық мұрагерлері деп танылады

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жарияланған не жарияланбаған, бірақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі қандай да болсын объективті нысандағы туындыларға қолданылады және авторлардың (олардың құқықтық мұрагерлерінің) - шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес авторлық құқығы бар деп танылады.

Қазақстан Республикасының алдағы Дүниежүзілік сауда ұйымына ену жағдайында және Бірыңғай экономикалық кеңістік құру барысында маңызды мәселелердің бірі болып авторлық құқығын қорғаудың тиімді жүйесін құру танылады. Құқық иемденушілердің құқықтары мен мүдделерін тиімді қамтамасыз ету Бірыңғай экономикалық кеңістік мемлекет-мүшелерінің басты міндеті болып танылады. Авторлық құқығын қорғау саласындағы мемлекеттік саясат шығармашылықты, өзге де зияткерлік қызмет нәтижелерін құруда және оларды жаңа техника мен технологияларды пайдалануда байланыстырушы негіз болып танылады. Оған қоса осы құқықтарды қорғау келесілерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

Нарықтық экономикаға көшу нәтижесінде авторлық құқықтың рөлі өзгеріп, ұлғая түсті. Туындыны пайдалану оның авторын сыйақымен қамтамасыз ете отырып, сондай-ақ

интеллектуалдық өнімді коммерциялауды жүзеге асырушы субъектінің де тірлігінің негізін құрады. Бұған шығармашылық саласындағы барлық объектілердің заңи құрамының әрекет етуші заңда бекітілуі әсер етті, ол оның қорғалу дәрежесінің күшеюінен, шарттық қатынас жүйесінің дамуынан көрінді.

Еліміздегі экономикалық қатынастың өзгеруінен бастап, авторлық құқық жүйесін қайта қарау қажеттігі туындады. Қазақстан Республикасы «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңын және бір бөлімі толығымен интеллектуалдық меншікке арналған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (Ерекше бөлімін) қабылдаудан кейін, авторлық-құқықтық саладағы жағдай түбегейлі түрде өзгерді. Ең негізгі өзгеріс, туындыға авторлық құқықты автордың өзіне беруді тану болып табылады. Бұрынғы СССР кезіндегі авторлық құқықта, автор өз шығармашылық еңбегінің нәтижесіне меншік құқығын иеленбеген. Авторлық құқық туралы жаңа заң Қазақстанға осы саладағы халықаралық келісімдерге қатысуға мүмкіндік берді.

Шығарма авторларының, құқық иеленушілердің және пайдаланушылардың арасында туындайтын қайшылықтар көрсетіп отырғандай, «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының сондай-ақ Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің кейбір ережелерін өз бетінше әр түрлі тұрғыдан түсіндіру орын алуда. Сондықтан, қайшылықтарды болдырмау үшін кейбір заңнама кесімдерінің ережелерін түсіндіруге бірыңғай тұрғыдан келуге қол жеткізген жөн.

Авторлық құқықтың қазіргі бағыты қорғалатын туындылардың кеңеюі мен авторлық құқықтың жүзеге асу нысандары және қорғалу дәрежесінің күшеюінен көрінеді.Осы саладағы Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңы еліміздің салт - дәстүрі мен мәдени мұрасын сақтауға және дамытуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы (*1995 жылғы 30 тамызда Республикалық референдумда қабылданған). ҚР 1998 жылғы 7 қазандағы, 2007 жылғы 21 мамырдағы, 2011 жылғы 2 ақпандағы Заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. *Қазақстан Республикасының Конституциясы* Қаулысымен; өзгеріс енгізілді - 10.03.*2017*ж.
2. Қазақстан Республикасының Президенті- Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің 2017 жылғы 31 қаңтарда жариялаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
3. Оразалиев С.Ш. «Авторды қорғау руханиятты қолдау». - Алматы, 2000.
4. Қазақстан Республикасының Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы 1996 жылғы 10 маусымдағы N 6-I Заңы өзгертумен толықтырулар 4 ақпан 2016 жыл.
5. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім 1999 жылығы 1шілденің №409-1) Алматы, Юрист, 27 ақпан 2017 жылы өзгерту енгізілген). №49-YI Заңы.
6. Жайлин Ғ.А. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы. Оқулық. Ерекше бөлім. II-том. – Алматы: Заң әдебиеті, 2005ж.
7. Жайлин Ғ.А. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы. Оқулық. Ерекше бөлім. II-том Алматы: Заң әдебиеті, 2005ж.
8. Пономарева В.П. Азаматтық құқық. Ерекше бөлім Оқу құралы. Қарағанды 2005жыл.

Салыбек Нәзира Мұратқызы,
Заң ғылымының магистрі
Байконакова Бахыт Сапарбайқызы,
Заң ғылымының магистрі,
Султанбекова Жанар Исмайловна,
Халықаралық құқық магистрі, М.Әуезов, атындағы ОҚМУ. Шымкент қ.

АШЫЛМАҒАН АҚПАРАТ ЖӘНЕ ӨНДІРІС ҚҰПИЯЛАРЫН (НОУ-ХАУ) ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ

Андатпа: Бұл мақалада ашылмаған ақпарат, өндіріс құпиялары (ноу-хаудың) құқықтық қорғаудың қазіргі заманғы мәселелерін заңнамалық деңгейде және осы заңнаманы қолдану деңгейінде зерделенуі қарастырылған.

Аннотация: В данной статье рассмотрены проблемы правовой защиты нераскрытой информации, производственной тайны (ноу-хау) и исследования на уровне применения законодательства в данной области

Annotation: This article deals with the problems of legal protection of undisclosed information, production secrets (know-how) and research at the level of application of legislation in this area.

Жаңа дәуір қарсаңында ашылмаған ақпарат және өндіріс құпиялары Ноу - хау, нарықтық экономика моделі қалыптасқан кезеңде, бәсекеге қабілетті болу тұрғысында өз қызметін жандандырады. Қоғамның дамуына бірден - бір өз септігін тигізетін, еліміздің әлеуметтік-экономикалық табыстарының негізі «бәсекеге қабілетті болумен айқындалады.

Бәсекеге қабілетті болу көрсететін қызмет түрлерін алға жетелейді: олар мемлекеттік құпия, ақпараттық құпия, коммерциялық құпия, қызметтік құпия (және басқа да құпиялар), ретінде азаматтық құқық институтында өзіндік орны бар.

Қазақстан Республикасының Конституцияның 20 бабының 2- тармағында Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді [1] деп нақты айтылған. Яғни ашылмаған ақпарттардың және өндіріс құпияларының табиғатына сәйкес, рұқсат етілген және рұқсат етілмегенін осы тұста анықтауға болады.Ал, біз ашылмаған ақпарат және өндіріс құпияларын (Ноу-хау) үнемі құпиялықта сақтау табиғатын бұзбай сол қалпында сақтаған болып табылатыны көрініс табады.

Ашылмаған ақпарат және өндіріс құпиялары Ноу-хау- көпшілік әлі біле бермейтін және сауда-саттық тауары бола алатын немесе басқалардың алдында бәсекелі болу үшін пайдаланыла алатын ерекше технологиялар, білімдер, мен қабілеттер деп айтылған. Осындай ашылмаған ақпартты қоғамға ендіру немесе ойлап табу азаматтың интеллектуалдық деңгейі асқақ білімінің биік тұрғыда екенін көрсетеді. Әдетте, ашылмаған ақпарат және өндіріс құпиялары ноу-хау деп басқалар үшін коммерциялық сыр болып табылатын коммерциялық құндылығы бар инновацияларды айтады. Жоғары технологиялы экономикада ноу-хау ірі компаниялардың активтерінің маңызды бөлігі болып табылады және қорғалу ережесімен қамтамасыз етілген болуы шарт болып табылады.

Соның бірі биылғы Жолдауда айқын көрініс тапқанын нарықтық экономикалық бизнес моделдерінің жүзеге асырылуын атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасының Президенті- Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің 2018 жылғы 10 қаңтарда жариялаған **«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері**к» атты Қазақстан халқына Жолдауының Сегізінші басымдығында- Тиімді мемлекеттік басқару онда Мемлекет пен компаниялар жаңа технологияларды енгізе отырып, өз ақпараттық жүйелері мен құрылғыларының берік қорғалуын қамтамасыз етуі керек [2] деп нақты айтылған.

Бүгінде киберқауіпсіздік ұғымы тек ақпаратты ғана емес, сонымен қатар өндірістік және инфрақұрылымдық нысандарды басқару тетігін қорғау дегенді де білдіретін нақтылап атап көрсеткен [2].

Бұл дегеніміз ашылмаған ақпарат өндіріс құпияларын (ноу- хау) институтың даму негізін айқын түрде дамыту қажеттілігі көрініп тұрғанын айтуға болады.

Еліміздегі нарықтық экономика моделінде қатынастың өзгеруінен бастап, ашылмаған ақпарат өндіріс құпиялары (ноу- хау) жүйесін қайта қарау қажеттігі туындады. Қазақстан Республикасы

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңын және бір бөлімі толығымен интеллектуалдық меншікке арналған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (Ерекше бөлімін) қабылдаудан кейін, ашылмаған ақпарат өндіріс құпияларын (ноу- хау) саладағы жағдай түбегейлі түрде өзгерді.

Заң шығарушы ашылмаған ақпарат өндіріс құпиясы «ноу-хауды» авторлық құқық объектілері, патенттік құқық және заңды тұлғаларды дараландыру құралдары секілді зияткерлік меншік объектілерімен теңестіре отырып, осылайша зияткерлік (интеллектуалдық) қызметтің осы нәтижесінің маңыздылығын атап көрсетеді.

Ашылмаған ақпарат және өндіріс құпиялары «Ноу-хау» интеллектуалдық қызметтің белгілі нәтижелерінің ешбір тобына кірмейді және әдетте, шығармашылық жұмыс нәтижесі болып табылмайды. Осыған байланысты, ашылмаған ақпарат және өндіріс құпиялары ноу-хау құқықтар объектісі ретінде зияткерлік құқықтардың басқа да объектілері арасында ерекше орын алады. Ашылмаған ақпарат және өндіріс құпиялары ноу-хауды жиі өндіріс құпиясы деп те атайды.

Ноу-хау ағылшынның «know how» - қалай екенін білу - көпшілік әлі біле бермейтін және сауда-саттық тауары бола алатын немесе басқалардың алдында бәсекелі болу үшін пайдаланыла алатын ерекше технологиялар, білімдер, мен қабілеттер.

Әдетте Ноу-хау деп басқалар үшін коммерциялық сыр болып табылатын коммерциялық құндылығы бар инновацияларды айтады. Жоғары технологиялы экономикада «Ноу-хау» ірі компаниялардың активтерінің маңызды бөлігі болып табылады.Халықаралық заңнамаларға сәйкес, мекемелер әлдебір өндіріс тәсілін немесе техникалық шешімді жеке дара пайдалану үшін екі жолмен саралана алады - патент немесе коммерциялық сыр арқылы. Ашылмаған ақпарат құпиялары «Ноу-хау» заңды түрде сипатталмағанымен коммерциялық сыр ұғымына кіреді. Патент пен коммерциялық сыр мақсаттары бір - иннофацияларды бәсекелестердің пайдалануына жол бермеу және жеке дара пайдасын көру.

Интеллектуалдық меншіктің халықаралық құқықтық аспектісінің басқада ерекшеліктері бар.Халықаралық қауымдастықта бірқатар мемлекеттер интеллектуалдық меншіктің экспортері болса, басқалары импортерлер болып табылады.Интеллектуалдық меншіктің елеулі мөлшері ірі көпұлттық корпорациялармен өндіріледі. Олар бүкіл әлемде өз құқықтарын қорғауға мүдделі. Мысалы, жақсы фильм Европада, Азияда және Солтүстік Америкада да бірдей үлкен табыспен сатылуы мүмкін. Кіші елдегі, мысалы Финляндияның жаңа ұялы телефонның өндірушісі өзінің құқықтарын АҚШ немесе Жапонияда тіркеуге мүдделі, себебі тауарды бұл елдерде сату үлкен табысты әкеледі.

Қазақстанда ғылым, әдебиет, өнермен байланысты интеллектуалдық меншік аз дамыған. Сондықтан да Қазақстанның интеллектуалдық меншіктің импортері деп айтудың уақыты әлі келген жоқ. Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа енуі және қатысушылармен тең жағдайда әрекет етуі тек интеллектуалдық меншіктің іс жүзінде қорғалуы негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Бірақ өкінішке орай бұл мәселені шешу үшін елімізде қажетті алғышарттар қалыптасқан жоқ.

Бұл интеллектуалдық меншік объектісінің сөзбе- сөз аудармасы «білу» дегенді білдіреді. Бұл объект, құқық иесі барынша үлкен табысқа жету үшін өз тауарларын қалай шығаруға болатындығын білетінін білдіреді.

Нарықтық экономика моделі кезеңінде коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа қол сұғу бөлігінде кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарының бұзылуына байланысты. Осылайша, заңды тұлғалар пайдасының айтарлықтай бөлігін жоғалтады. Азаматтық заңнаманы реформалауға байланысты еліміздегі ашылмаған ақпарттар өндіріс құпияларына ноу -хаудың елімізде дамуы мен қолданыс аясындағы орны толық жете зерделенбеген және де Азаматтық кодексте бар - жоғы үш баппен қамтылған, қолданысы, тар көлемде жүзеге асырылуда.Мысалға: көрші мемлекеттерді соның ішінде Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінде, «Құпия туралы» Федералдық заң өндіріс құпияларының қорғалуына қатысты қайшылықтар туындайтыны салыстырмалы түрде қарастырылды.

Осылайша, ашылмаған ақпарат және өндіріс құпиялары ноу-хаудың құқықтық қорғалуы өзекті мәселе болып зияткерлік меншік туралы заңнаманы реформалау аясында нақты және іс жүзінде зерттелмеген болып табылады.Осылайша, ашылмаған ақпарат және өндіріс құпиялары ноу-хаудың құқықтық қорғалуы өзекті мәселе болып зияткерлік меншік туралы заңнаманы реформалау аясында нақты және іс жүзінде зерттелмеген болып табылады.Зерттеу барысында ашылмаған ақпарт және өндіріс құпиялары Ноу- хау біздің Қазақстанда толық деңгейде дамымағандығы

көрініс тапты. Себебі, даму үстінде деп нақты айтатын болсақ, осы саланы зерттеген ғалымдарда жоқтың қасы, ашылмаған ақпарт және өндіріс құпиялары (Ноу-хау) тың сала екені көрініс тапты.

Сондай- ақ интеллектуалдық меншік құқығы азаматтық құқықтың халықаралық деңгейіндегі ең жоғары дамып отырған салаларының бірі. Теориялық жағынан интеллектуалдық меншікті қоғау қатынастары бойынша халықаралық келісім-шартқа отыру - ерікті іс, шартқа отырмаған елдер Бүкіләлемдік сауда ұйымының мүшесі бола алмайды, оларға ұлы сауда державалары мәжбүрлеп енгізу әрекеттерін жүргізе отырып қысым жасай алмайды.

«Интеллектуалдық меншік» түсінігі кейбір құқықтық институттарға қатысты, соның ішінде аса маңызды коммерциялық құпия, патенттік құқық, авторлық құқық және тауарлық белгілер сияқты құқықтық институттарға қатысты жалпы сипатқа ие. Ашылмаған ақпарт және өндіріс құпиялары Ноу-хаудың әртүрлі анықтамаларын жүргізген. Бұл ерекшелігі, осы аймақтағы белгілі маман - Г.Штумфф, әртүрлі айырмашылықтардан ерекшеленетін және тек қана дұрыс емес екенін анықтайтын, техникалық, коммерциялық және өндірістік-экономикалық таным, ноу-хаудан өздерінің сатып алушыларын пайдалануына мүмкіндік береді және келісімге сәйкес, сондай-ақ келісімге қол жеткізуге мүмкіндік береді өндірістік қызметпен айналысу, сондай-ақ, мысалы, өндірісті ұйымдастыру және басқаруында.

Коммерциялық құпия және патенттік құқық туралы заңнамалар жаңа зертеу мен идеяларға жол ашады. Авторлық құқық жаңадан әдеби, көркем және музыкалық шығармалар, сонымен қатар компьютерлерді программалық қамсыздандыруға жағдай жасайды. Товарлық белгілер туралы заңнамалар өнім мен өндірушінің байланысын құрайды. Интеллектуалдық шығармаларға және оларға теңестірілген объектілірге қатысты ерекше құқықтарға арналған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің нормалары өзінің жиынтығы бойынша Қазақстандық азаматтық құқықтың ерекше саласын құрайды. Интеллектуалдық меншік объектілердің жиындық көлемі бойынша және қайнар көздерінің жүйесі бойынша қарастырып отырған азаматтық құқық саласы өзара тәуелсіз төрт институтқа бөлінеді. Өзара ұқсас ерекшеліктеріне қарамастан, әрбір институттың құқықтық нормаларда көрініс тапқан өзіне тиесілі белгілері бар

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес коммерциялық құпия - бұл үшінші жаққа белгісіз болуына байланысты ақпараттың нақты немесе потенциалды коммерциялық құны болып, онымен заңды негізде еркін танысуға болмайтын және ақпаратты иеленуші оның құпиялылығын сақтауға шара қолданатын ретте, қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпарат болып табылады Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 126 бабының 1тармағы[3].

Мұндай ақпаратты заңсыз әдістермен алған адамдар сондай-ақ еңбек шартына қарамастан қызметшілер немесе азаматтық-құқықтық шартқа қарамастан контрагенттер қызметтік немесе коммерциялық құпияны жария етсе, келтірілген залалдың орнын толтыруға міндетті.

Интеллектуалдық меншікке тиесілі барлық белгілерге сәйкес оның объектісі бола отырып, коммерциялық құпияның өзіне қатысты ерекшеліктері бар.Қазақстан Республикасының заңнамасы көптеген мемлекеттердің заңнамалары сияқты коммерциялық құпияға келесі үш талапты қояды.

Біріншіден, ақпараттың үшінші тұлға білмейтін нақты немесе потенциалды құпиясы болуы керек.

Екіншіден, заңның негізінде коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ешкімнің де қолы жетпеуі керек. Егер тиісті ақпаратқа заңның негізінде мүдделі адамның қолы жетсе, мысалы, ашық мәліметтерді зерттеу жолымен, шығарылатын өнімнің үлгісін талдау, баспалармен танысу және т.б. мұндай ақпарат коммерциялық құпия болып танылмайды.

Үшіншіден, ақпарат коммерциялық құпия болып саналуы үшін оның иесі құпияны қорғауға тиісті шараларын жүргізуі керек. Бұл техникалық шаралар, ұйымдық және заңдық сипатқа ие үшінші тұлғадан ақпаратты қорғайтын әр түрлі шаралар болуы мүмкін.

«Коммерциялық құпия» терминімен қатар заңдарда және тәжірибеде «өндірістің құпиялары», «Ноу-хау», «сауда құпиялары», «конфиденциальды ақпарат» сияқты терминдер кең таралған. Аталған терминдерінің әр-біреуінің өзіне тән ерекшеліктеріне және белгілі бір жағдайда қолданатынына қарамастан, олардың барлығы бір атауға ие болып Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексте «қызметтік және коммерциялық құпия» деп бекітілген. Коммерциялық құпияның арнайы бір белгісі ретінде оның қорғалуының мерзімі көрсетілмеген. Коммерциялық құпия иесінің ақпаратқа монополиенің сақталғанша қорғалады. Қорғаудың мұндай түрі кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адамдарға патенттік қорғау қамтамасыз етпеген кезде өте қолайлы. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінд ақпаратты заңсыз жолмен алудың қандай екенін нақты көрсетпейтіндіктен, аса қауіптілік туындамайды.Дүниежүзі бойынша мұндай

тәсілдер болып шпионаж, коммерциялық құпияны білетін қызметкерден пара беріп сатып алу, ғимаратқа заңсыз кіру, байланыс құралдарын заңсыз тыңдау табылады.

Жоғары аталған тәсілдерді қолданудың арқасында әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік туындайды.

Барлық құқықтық жүйелерде өндіріс құпиясы немесе ноу-хау түсінігі коммерциялық маңызы бар, қорғалған ақпарат ретінде түсініледі. Шетелдік заңнамада ноу-хау институты шарттық, қылмыстық және қылмыстық құқық нормалары арқылы реттеледі. Арнаулы заң болмаған жағдайда, заңсыз ақпараттың жолын кесу туралы заңнамаға үлкен мән беріледі.

Американдық құқықтық жүйеде Ноу-хауды кез-келген формула, құрылғы, жүйеленген ақпараттар, компьютерлік бағдарлама, конструкторлық әзірлемелер, технологиялар және процестер туралы мәліметтерді қамтитын ақпарат ретінде түсінеді. Бұл процестер тәуелсіз болуы керек В.В. Орлова, Ю.Ю. Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің реформасы аясында зияткерлік меншікте ашылмаған ақпарат (ноу-хау) құпиялары мен қызмет нәтижелерін құқықтық реттеуді қарастырған. Олардың экономикалық ашықтығын немесе ашылуынан немесе пайдаланудан экономикалық пайданы алатын басқа тұлғаларға белгісіз немесе қол жетімсіздігінен болған экономикалық құндылығы. Сондай-ақ, бұл процестер оларды жасырын сақтауға жұмсалатын күш-жігердің тақырыбы болуы керек.

Еуропалық заңнамаға неғұрлым тар көзқарас қолданылған. Ашылмаған ақпарат және өндіріс құпиялары Ноу-хау ретінде құпия ақпарат сақталатын техникалық ақпарат маңызды деп саналады және кез келген қолайлы жолмен анықталуы мүмкін. Бұл тәсіл техникалық ақпаратқа негізделген технологиялар трансфертін реттеуге бағытталған құжатты әзірлеу және қабылдау мақсаттарына негізделген. Соңғы жылдары Ресейлік ноу-хауды реттеу туралы заңнама белсенді түрде дамыды. Бұл үшін 2008 жылы Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің IV бөлімінің қабылдануына прогрессивті қадам болды. Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің 1465-бабында өндірістің құпияларына (ноу-хау) ақпарат, атап айтқанда, өндірістік, техникалық, экономикалық, ұйымдастырушылық, кәсіби ақпарат, зияткерлік қызметтің нәтижелері туралы ақпарат. Бұған дейін азаматтық заң «ресми және коммерциялық құпия» деген терминді пайдаланып, осы терминді қолданған жоқ.

Алайда, бұл тәсіл құқық қорғау органдарын жиі шатастырды. Қолданыстағы заңнамада ашылмаған ақпарат «ноу-хау» және «өндірістік құпия» баламалы терминдер ретінде пайдаланылады. Осылайша, өндірістік құпия ретінде ақпаратқа келесі талаптар қойылады: үшінші тұлғаларға белгісіз коммерциялық құндылықтар және түпнұсқа режимді ұстаушы Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінде берілген ноу-хаудың анықтамасына сүйене отырып, ноу-хаудың белгілерін ерекше қорғалатын объект ретінде айыруға болады.

Біріншіден, өндірістің құпиясы, ең алдымен, белгілі бір ақпарат. Сонымен қатар, ноу-хаудың мазмұнын құрайтын ақпараттың табиғаты құқықтық маңызы жоқ: заң шығарушы ноу-хаудың мазмұнын құрайтын ақпаратты ашуға мүмкіндік беретін шамамен алынған ақпарат тізімін береді.

Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінде өндіріс құпиясын құрайтын ақпарат түріне шектеу қойылмағанына қарамастан, бұл шектеулер «Коммерциялық құпия туралы» 2004 жылғы 29 шілдедегі Федералдық заңның 5-бабында көзделген.

Екіншіден, патенттік құқық объектілеріне және ашылмаған ақпарат өндіріс құпиялары ноу-хауға қатысты селекциялық жетістіктерге қарағанда, жаңалық талаптары жоқ.Ақпарат жаңа немесе кеңінен пайдаланылуы мүмкін және ортақ білімді жоғалтуы мүмкін, мысалы, Ұлы Екатеринаның аспаздық рецептісін айтуға болады.

Ашылмаған ақпарат жән өндіріс құпиялары Ноу-хаудың үшінші белгісі арнайы құқық объектісі ретінде ноу-хау мазмұнын қамтитын ақпарат әлеуетті немесе нақты коммерциялық құндылығы болуы тиіс, яғни, олар коммерциялық қолдану үшін нақты қызығушылық туғызуы мүмкін.

Төртінші белгісі - бұл ақпараттың үшінші тұлғаларға белгісіздігі.Бұл тек бір адамда нақты ақпарат болуы керек дегенді ғана білдірмейді. Бұл өндіріс құпиясына қол жеткізе отырып, үшінші тұлғалар ақпараттың құпия сақталу шарттарын орындауға міндетті және бұл ақпарат жалпыға қол жетімді болмайды.

Бесінші белгісі - бұл өндіріс құпиясын құрайтын ақпарат үшінші тараптармен заңды негізде қол жеткізе алмайды.

Алтыншы белгісі - объектіні ноу-хау ретінде қорғау үшін осы ақпараттың иесі оларға қатысты коммерциялық құпия режимін енгізу керек.Өндіріс құпиясының нысаны әрдайым материалдық болып табылмайды. Бұл тұрғыда ашылмаған ақпарат және өндіріс құпиялары (ноу-хау) зияткерлік

қызметтің басқа нәтижелерімен бірдей. Өзге зияткерлік меншік нысандарымен қатар, ашылмаған ақпарат (ноу-хауға) қатысты шектеусіз адамдармен бір мезгілде қол жеткізу және пайдалану мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, өндірістік құпияның материалдық емес сипаты материалдық тасымалдаушыға ұсынылған шешімнің орындалуына кедергі болмайды. Қызметтің шығармашылық компонентіне ие болудың қажеті жоқ, оның нәтижесінде өндірістік құпия жасалды.Осы себепті, техникалық ақпаратқа қоса, өндірістің құпиясын экономикалық, ұйымдастырушылық сипаттағы ақпарат қамтиды. Ашылмаған ақпарат және өндірісі құпиялары (ноу-хау) өндіріс салаларының бірінде кез-келген практикалық тапсырманы іске асыруға бағытталған ақпарат болуы керек.

Әр коммерциялық маңызды ақпарат өндірістің құпиясына жатқызылмайды. Түпнұсқалық иеленушінің айрықша құқығының пайда болуы үшін ақпарат үшінші тараптарға белгісіз болуы керек және ақпарат осы құқыққа негізделген заңды құқықтар негізінде еркін қол жетімділікті болдырмауға мүмкіндік беретін құқық иеленушісі тарапынан құқықтық шаралар жиынтығы арқылы жасырылатын болады.Мұндай құқықтық режимді құру коммерциялық құпия режимін енгізуді білдіреді. Коммерциялық құпиялық режимі және қорғалмайтын ақпарат тізбесі «Коммерциялық құпия туралы» Федералдық заңның негізінде жүзеге асырылады. Құқықтық режимге байланысты ақпарат заңға және заңмен тыйым салынған немесе заңмен тыйым салынған ақпаратқа қолжетімділікті шектеулі ақпаратқа бөлуге болады.

Коммерциялық құпияның құқықтық режимі бірінші кезекте коммерциялық құнды және белгісіз ақпарат болып табылады, ал екіншіден, ол бірқатар тұлғалардың келісімімен беріледі. Осындай ақпаратқа айрықша құқықтың пайда болуы құқық иеленушінің нақты монополиясының пайда болған сәтіне байланысты екендігін атап өткен жөн. Осылайша, егер бір уақытта коммерциялық құпия режимін құру жүзеге асырылса, өндірістің бірдей құпиясына бір уақытта бірнеше адам үшін айрықша құқықты тануға болады.Осылайша, адал ниетпен әрекет ететін және басқа құқық иелерінен тәуелсіз, адамның осы құпияға тәуелсіз айрықша құқығы бар.

В.А. Дозорцев атап көрсеткендей: «Бірдей немесе тіпті ұқсас деректер бір уақытта бірнеше адамға ие болуы мүмкін» - ең маңыздысы бұл деректер жалпыға бірдей мәлім болмауы тиіс. Бұл шарттың маңыздылығы оның экономикалық айналымы үшін қажетті объектіні оқшаулау функциясын атқаратындығымен де анықталады. Нәтиженің оқшауланууы ресми түрде бекітілмеген, бірақ іс жүзінде жүзеге асырылады. Сондықтан оқшаулану әдісі ретінде жалпыға белгілі болмаса, қорғауды қамтамасыз етудің шарты», үшінші тұлғалардың ашылмаған ақпаратқа (ноу-хауға) рұқсатсыз пайдалануына жол бермеу шараларын қолдану арқылы.

Ашылмаған ақпарат жән өндіріс құпиялары «Ноу-хауға» өнертабысқа талап етілгендей, жаңалықтың ресми белгісі болмауы керек. Дегенмен, кәсіпкерлік субъектілері өздерінің зияткерлік портфелін бағалау кезінде бірқатар техникалық жаңалықтарды әзірлеудің белгілі бір кезеңдерінде коммерциялық құпиялық режиміне жүгінеді.

Коммерциялық құпияларды сақтау режимі қоғамдық мүдделерге, моральге, адамгершілікке, қоршаған ортаны қорғауға және мемлекеттің қорғаныс қабілетіне қайшы келетін мақсаттарда пайдаланылса, танылмайды.

Әдебиеттер

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы (*1995 жылғы 30 тамызда Республикалық референдумда қабылданған). ҚР 1998 жылғы 7 қазандағы, 2007 жылғы 21 мамырдағы, 2011 жылғы 2 ақпандағы Заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.*Қазақстан Республикасының Конституциясы* Қаулысымен; өзгеріс енгізілді - 10.03.*2017*ж.
2. Қазақстан Республикасының Президенті- Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің 2018 жылғы 10 қаңтарда жариялаған **«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктерік»** атты Қазақстан халқына Жолдауы.
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім 1999 жылығы 1шілденің №4094
4. Интеллектуалдық меншік құқықтарын қорғау концепциясын жариялау туралы ҚР Үкіметінің Қаулысы. 26.09.2001. №1249.
5. «Ақпараттандыру туралы заң». 8 мамыр. 2003 ж.412/2. - Алматы: ЮРИСТ, 2010.
6. Мэггс П.Б., Сергеев А.П. Интеллектуальная собственность. - М.: Юристъ, 2000 .
7. Омарова А.Б. Гражданско-правовые проблемы института коммерческой тайны в Республике Казахстан: автореф… канд. юрид. наук:.12.00.03. - Алматы: КазНУ им. Аль-Фараби, 2002. -29.

8. Махмадхонов Т. Проблемы правового обеспечения коммерческой тайны в законодательстве Республики Таджикистан: автореф… канд. юрид. наук:.12.00.03. - Душанбе: Институт государства и права Академии наук Республики Таджикистан, 2008. - 24.
9. Гражданское право. Т. 3. Учебник. Изд. третье, перераб. и доп. / Под ред. А.П. Сергеева, Ю.К. Толстого. - М.: ПБОЮЛ Л.В. Рожников, 2001.
10. Исайкин Д.А. Правовое регулирование коммерческой тайны как объекта гражданских прав в оффшорных отношениях // Объекты гражданских прав: сб. материалов международной научно-практической конференции. - Алматы: КазГЮУ, 2004. - С. 259-266.

Muratova G.T., Berdekova R.M., Assankhojayeva I.F.
M. Auezov South – Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan
Irsay_89@mail.ru

Кез келген мәмілені жасау тиісті құқықтар мен міндеттердің қалыптасуынан, сондай-ақ міндеттер орындалмаған жағдайда қолданылатын санкциялардың бекітілуінен тұрады. В.П. Божьев: «кез келген процессуалдық реттеу аясындағы сияқты қылмыстық процесте де бір субъект (лауазымды тұлға немесе орган) өзінің құқықтарын тек екінші субъектіге тиісті міндеттер жүктелген жағдайда ғана жүзеге асыра алады» - деп жазды. Сәйкесінше, кепіл бұлтартпа шарасын қолдану кезінде туындайтын қатынасқа қатысушы субъктілердің де өзара құқытары мен міндеттері қалыптасады. Мұндай құқықтық қатынастарға қатысушылардың әрқайсысын тиянақты қарастырып, олардың құқықтары мен міндеттерін анықтаймыз.

Заң бойынша бұлтартпау шарасын қолдануға құзыретті лауазымды тұлға немесе мемлекеттік орган туралы мәселені қарастырайық.

ҚПК-де бұлтартпау шараларын, соның ішінде кепіл бұлтартпау шарасын қолдануға өкілетті тұлғалар аталған. Олар: анықтаушы, тергеуші, прокурор және сот.

ҚР ҚПК-нің 145-бабының 2-бөлімінде кепілп рокурордың санкциясымен не соттың шешімі бойынша ғана қабылданады деп жазылған. Жалпы ережеге сай, қылмыстық іс өзінің өндірісіндегі қылмыстық іс жүргізуші тұлға кепіл бұлтартпау шарасынтаңдауға құқылы тұлға болып табылады. Кепіл бұлтартпау шарасының қатаңдығын ескеріп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарымен қабыланған кепіл бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулы прокурормен немесе сотпен санкциялануы тиіс. Прокурор тек кепіл бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулыны санкциаландыруға ған емес, сондай-ақ сотқа дейінгі іс жүргізуде өз өндірісіне қабылданған қылмыстық істер бойынша кепіл бұлтартпау шарасын қолдануға, немесе оны таңдау туралы анықтама органы мен тергеушіге жазбаша нұсқау беруге құқылы. Сот өндірісінде кепіл

бұлтартпау шарасын қолдану немесе оны қолданудан бас тарту, өзге бұлтартпау шарасына өзгерту туралы мәселені сот шешеді.

Басқа ешқандай мемлекеттік органдар кепіл бұлтартпау шарасын қолдану құқығын иеленбейді.

Бұлтартпау шарасы ретінде кепілді қолдану кезінде прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексерудің, соның ішінде бұлтартпау шарасын қолданудың заңдылығын қадағалаушы ретінде де қатынасқа түседі. «Прокуратура туралы» ҚР Заңына сәйкес прокурор анықтама мен тергеу органдарының актілері мен қызметінің заңға сәйкестігіне, жасалған қылмыстар және тергеу жүргізу туралы өтініштер мен хабарларды шешудің заңдарда белгіленген тәртібінің сақталуына қадағалауды жүзеге асырады.

Құқық теориясына сәйкес құқықтық қатынас субъектісі белгілі бір құқықтар мен міндеттерді иеленуі тиіс. Сондықтан да бұлтартпау шарасы ретінде кепілді қолдану туралы шешімнің негізділігі мен заңдылығына қадағалауды жүзеге асыру барысындағы прокурордың құқықтары мен міндеттерін анықтап көрейік.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының бұлтартпау шарасы ретінде кепілді қолдану туралы шешімін санкцияландыру кезінде прокурор кепіл мөлшерінің дұрыс анықталғандығын, айыпталушының қылмыстық іс әрекетінің дұрыс сараланғандығын, кепіл беруші айыпталушының өзі болмаған жағдайда кепіл берушінің айыпталушының дұрыс мінез-құлқын қамтамасыз ете алу мүмкіндігін, кепіл беруші мен айыпталушыға олардың құқықтары мен міндеттерінің түсіндірілгендігін, бұлтартпау шарасын қолдануға негіздердің жеткіліктілігін тексеруге міндетті.

Прокурор бұлтартпау шарасы ретінде кепілді қолдану туралы шешімде айыпталушының, кепіл берушінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын тексеруге, кепіл мөлшері дұрыс анықталмаған деп есептесе оны өзгертуге, қажет болған жағдайда айыпталушыны шақыртып, одан жауап алуға құқылы. Бұлтартпау шарасын қолданудың негіздділігі мен заңдылығын қадағалау прокурордың алдын сотқа дейінгі тергеп-тексеру тергеудің заңдылығын қадағалаудың бір бағыты болып табылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалауда прокурор құқықтары мыналар:анықтама мен тергеу органдарынан тексеріс үшін қылмыстық істерді, жасалған қылмыстар, жедел-іздестіру қызметінің, анықтаманың, тергеудің барысы туралы құжаттарды, материалдар мен өзге мәліметтерді алу; қажет болған жағдайларда қылмыстық іс қозғайды, қылмысты істерге тергеу жүргізу жөнінде жазбаша нұсқаулар береді; тергеушілер мен анықтама жүргізуші адамдардың заңсыз қаулыларының күшін жояды; егер анықтама мен тергеу барысында процеске қатысушылар мен басқа да азаматтардың құқықтарының бұзылуына, тергеудің заңсыз әдістеріне жол берілсе, кінәлі адамдардың жауапкершілігі туралы мәселе қою; тергеу мен анықтама толық болмаған, сондай-ақ тергеу мен анықтама барысында заңдылықтың бұзылуына жол берілгені белгілі болған жағдайларда, қылмыстық істерді қосымша тергеуге қайтару немесе оны толық көлемінде не нақтылы адамдарға қатысты тоқтату; анықтама жүргізуші адамның, тергеушінің анықтама мен тергеу органдары басшыларының іс-әрекеттері мен шешімдеріне жасалған шағымдарды қарау; заңмен белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру [1,11б.].

Прокурордың өз құзыреті шегіндегі нұсқаулары жазбаша нысанда беріледі және ол анықтама мен тергеу жүргізетін адам үшін міндетті.

Бұлтартпау шарасы ретінде кепілді қолдану кезінде сот оны қолдануға құқылы субъект ретінде және кепілді қолданудың заңдылығын тексеруші реінде де қатысады. Бұлтартпау шарасы ретінде кепілді қолдану кезінде соттық бақылау бірнеше нысандарда жүзеге асырылады.

Бірінші нысаны сотқа дейінгі қылмыстық іс жүргізу сатысында бұлтартпау шарасын қолдану кезінде немесе нақты бұлтартпау шарасын таңдаудан негізсіз бас тартқан кезінде тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғандығы туралы тұлғаның арыздарын қарау болып табылады (ҚР ҚПК 106-бап 1-бөлім).

Екінші нысаны сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында соттың бұлтартпау шарасы ретінде кепілді таңдау туралы шешім қабылдауы кезінде жүзеге асырылатын бақылау (ҚР ҚПК 145-бап 2-бөлім).

Сотық бақылаудың үшінші нысаны сотқа келіп түскен қылмыстық іс бойынша шешім қабылдау кезінде айыпталушыға қатысты бұлтартпау шарасының нақты түрін қолдану немесе қолданбаудың негіздділігін тексеру барысында жүзеге асады.

Статистика мәліметтеріне сәйкес бұлтартпау шаралары, соның ішінде кепіл бұлтартпау шарасы да жиі сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында қолданылады. Бұдан біз кепіл бұлтартпау шарасы қолдану құқығы анықтама және тергеу органдармен жиірек жүзеге асырылатындығын көреміз.

Анықтама мен тергеу органдарына заң актілерінде олардың қызметі барысындағы әрекеті мен шешімдерінің негізділігі мен заңдылығына қатысты бірқатар талаптар қойылады. Бұл олардың алдына қойылған қылмыстық процестің басқа да қатысушыларының құқытары мен бостандықтарын ескере отырып қылмысты ашу бойынша міндеттерін орындау үшін қажет. А.Ф. Кони бекіткендей: «Қызмет ережесі қандай жақсы болса да, олар өзінің күші мен маңызын тәжірибесіз, өрескел және арам қолға түссе жоғалтады». З.Д. Еникеев: «Құқықтық ұстанымды әрекеттің тиімділігі олардың сапасынан ғана емес, сонымен қатар ең бастысы, бұл нормаларды қолданылатын орган қызметінің сипатына және олар өмірде қаншалықты дәл және бірыңғай қолданылатындығына байланысты» - деп жазды [2, 64б].

Бұлтартпау шарасы ретінде кепілді қолдану бойынша қатынастың субъектісінің бірі осы бұлтартпау шарасын таңдаушы мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлға бірқатар құқықтармен міндеттерді иеленеді. Бұл қылмыстық іс жүргізуші тұлғалардың кепіл беруші ретіндегі құқықтары мыналар: кепіл ретінде мүліктің белгілі бір түрін қабылдау мәселесін шешу, айыпталушының кепіл бұлтартпау шарасын қолданудан туындайтын өз міндеттерін орындауын бақылау, айыпталушы міндеттерін орындамаған жағдайда кепіл пәнін мемлекет кірісіне айналдыру және т.б.

Заң әдебиетінде үшінші тұлғаның қатысуымен кепілді қабылдаушы органның міндетіне кепіл берушінің айыпталушының құқыққа сай мінез-құлқын қамтамасыз ету мүмкіндігін тексеруді енгізу керек деген пікірлер бар. Басқа тұлғаның кепіл енгізуі сотқа дейінгі тергеп-тексеру мен сот талқылауы кезеңінде айыпталушының жағымды мінез-құлқын қамтамасыз ету қажеттілігін қалайтындықтан кепіл берушіні таңдау толығымен айыпталушыға байланысты бола алмайды [3, 122б]. Кепіл беруші айыпталушының жағымды мінез-құлқын қамтамасыз етіп өзінің мүлкімен тәуекел ететіндіктен мұндай талап артық деп ойлаймыз.

Қазіргі таңда сот депозитіне енгізуге және сақтауға қолайсыз мүлікті кепілге қабылдау мәселесі туындап отыр. Жоғарыда айтылғандай, бұл мәселенің шешілуі кәсіби кепіл қабылдаушылар институтын қабылдауды қажет етеді. Заңда кепілге енгізілген заттарды қабылдау мен сақта үшін ұйымды құру мен оның іс әрекетіне мүмкіндік беретін белгілі бір тәртіптің жоқтығынан заттарды кепіл ретінде қабылдауға міндетті органды анықтаумен байланысты мәселе шешімін таппай отыр. Кепілге енгізілген мүлікті күтіп ұстауға және оны сақтауға кім жауап беретіндігі анықталған кепіл мөлшеріне кепілге енгізілген мүліктің нақты құнының сәйкестігін кім тексеретіндігі түсініксіз. Бұл шешілмеген мәселелер тәжірибеде көпшілік жағдайда кепілге сот депозитіне салынатын ақша қабылданатындығын көрсетеді. Мұның салдары кепіл бұлтартпау шарасын кепілге ақша енгізетін немесе ақша енгізе алатын кепіл берушіні таба алатын айыпталушыға қолданылатындығына алып келеді.

Бұл мәселе заңға кепілге енгізілетін мүлікті сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарына кепілге енгізілгендігін дәлелдейтін құжат тапсыратын басқа ұйымдарға енгізуге мүмкіндік беретін ереже енгізу жолымен шешу керек. Бұл жерде әңгіме сақтауға қолайсыз (көлемінің үлкендігіне, сақтаудың ерекше талаптары, ұзақ сақтаудың мүмкін еместігі және т.б.) мүліктер туралы болып отыр [4, 89б].

Кепіл бұлтартпау шарасын қолдануға үшінші тұлғаларды қатыстыруға байланысты мәселені С.И. Вершинина өзінің жұмысында көтерді. Ол: «Қылмыстық іс жүргізуде кәсіби кепіл берушілер институн енгізу мақсатқа лайық. Айыпталушының атынан кепіл енгізу жолымен оларға қайтарымды бастамамен көмек көрсететін мекемелерді қалыптастыру идеясы кепіл бұлтартпау шарасы тек материалдық жағдайы жақсы тұлғаларға қол жетімді деген көзқарасыт өзгертуге мүмкіндік береді. Себебі кепілдің мөлшері айыпталушыны жағымсыз жүріс-тұрыстан сақтандыру үшін айтарлықтай жоғары болуы тиіс. Кепіл бұлтартпау шарасын демократияландыру үшін бірінші қадам нақты бір айыпталушыны бостандыққа жіберу үшін кепіл сомасын ұсыну міндетіне жататын несиелік мекеме құру болар еді» - деп жазды. Бұл пікірді оң бағалауға болады. АҚШ-тың кепілді бұлтартпау шарасы ретінде қолдану кең тараған қылмыстық процесінде кәсіби кепіл берушілер институты бар. К.Ф. Гуценко: «Айыпталушыны бостандыққа тек анықталғанкепіл сомасын сот депозитіне толық енгізгеннен кейін немесе белгілі бір шарттармен кәсіби кепіл берушілерден (жеке кәсіпкерлік қызметіне сай сыйақы үшін айыпталушы кепілге босату шартын сақтамаған жағдайда өзіне ақшалай міндеттеме алатын жеке тұлғадан) алған төлем құжатын табыс еткеннен кейін ғана жіберіледі» - деп жазды [5, 51б].

Заң бойынша кепіл бұлтартпау шарасын оған қатысты таңдауға болатын тұлғалар туралы мәселені қарастырайық.

ҚР ҚПК-де көзделген жалпы ережеге сәйкес, бұлтартпау шарасы, соның ішінде кепіл бұлтартпау шарасы айыпталушыға (сотталушыға) қатысты , ал ерекше жағдайларда қылмыс жасағандығына күдікті тұлғаға қатысты да қолданылады. Бірақ процессуалдық әдебиетте кепілді бұлтартпау шарасы ретінде күдіктіге қатысты қолдануға қарсы көзқарастар айтылған: «кепіл және жеке кепілдік сияқты бұлтартпау шарасларын күдіктіге қатысты қолдану мқсатқа сай келмейді, себебі, біріншіден, көрсетілген бұлтартпау шаралары көбінесе екі жақтың (қылмыстық іс жүргізуші тұлға,кепілдік берушілер, кепіл берушілер және жауапкершілікке тартылушы тұлғалардың) өзара сеніміне негізделген, ал қылмыстық істе күдікті тұлғаның қалыптасуы сәтінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысына өтіп, ақпараттық белгісіздік жағдайында дәлелдеудің жалғасуына байланысты және іс жүргізуші тұлға күдіктінің жеке басы, оның қылмыстық әрекеті туралы жеткілікті мәліметтерді иеленіп үлгермеуіне орай оған қатысты кепіл бұлтартпау шарасын қолдануға болмайды; екіншіден, кепіл немесе жеке кепілдік сияқты бұлтартпау шараларын қодану белгілі бір дайындық жұмыстарын талап етеді, ал алдын ла тергеу сатысында күдікті тұлғасы қысқа мерзімді уақытша сипат алады» [6, 137б]. Бұл пікірмен біз келіспейміз, себебі күдіктіге қатысты кепіл бұлтартпау шарасын қолдануға тыйым салатын ереже күдікті тұлғаның құқықтарын едәуір шектейді.

Бізідің ойымызша, тәжірибеде жоғарыда аталған мәселелердің қалыптасуына жол бермеу үшін кепіл бұлтартпау шарасын қолдану рәсімін неғұрлым қысқа мерзімді және қолайлырақ етуді қарастыратын ережені заңға енгізу қажет.

Кепіл бұлтартпау шарасы оған қатысты қолданылатын тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін қарастырамыз, сондай-ақ олардың кепіл беруші ретіндегі құқытары мен міндеттеріне тиіспей, оларға кейінірек тоқталамыз.

Заң әдебиетінде айыпталушыға қатысты кепіл бұлтартпау шарасын таңдауға байланысты оның қандай құқықтар мен міндеттерді иеленетіндігі туралы пікірлер айтылған. З.Ф. Ковриганың ойынша, айыпталушының міндеттеріне оның өзін дұрыс ұстауы және тергеу органы мен соттан жалтармауы жатады [3, 124б]. В.А. Михайлов келесі пікірді ұсынды: «Біріншіден, қылмыстық сот өндірісінің мүддесі үшін нақты іс-әрекеттерді, яғни тергеу органдырының, прокурордың және соттың шақыруы бойынша келуді орындауы тиіс, екіншіден, қылмыстық іс жүргізуге жағымсыз әрекеттерден, яғни шақыру бойынша келуден жалтарудан, іс бойынша ақиқатқа жетуге кедергі келтіруден ұстануы тиіс, үшіншіден, өзін дұрыс ұстауына, шақыру бойынша келуіне кепіл ретінде сот депозитіне белгілі кепіл сомасын енгізуі тиіс, төртіншіден, тергеу органына немесе сотқа олардың шақыруы бойынша келіу туралы міндеттерін орындамаған жағдайда кепіл пәні ретінде енгізілген мүлігінен сот қаулысымен айырылуы тиіс [7, 69б].

Жоғарыда айтылғанды ескеріп, осы категорияларды анықтауға тырысамыз. Оған қатысты бұлтартпау шарасы қолданылып жатқан тұлғаның құқығына оған қатысты бұлтартпау шарасын қолдану мүмкіндігін дәлелдейтін дәлелдемелерді, соның ішінде оның мүліктік жағдайын т.б. көрсететін мәліметтерді бұлтартпау шарасын таңдауға құзыретті лауазымды тұлғаға табыс ету құқығы жатады.

Міндеттеріне мыналарды жатқызуға болады: сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуші органның, прокурордың және соттың шақыруы бойынша келу; қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтауға кедергі келтірмеу; қылмыстық ісін жалғастырмау; сот үкімін орындаудан жалтармау.

Кепіл берушінің құқықтық жағдайына байланысты мәселелерді қарастырамыз.

Қылмыстық процестегі кепіл беруші – бұл кепіл бұлтартпау шарасымен айыпталушының немесе күдіктінің мінез-құлқына қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз ету үшін кепіл пәнін сот депозитіне енгізген айыпталушы, күдікті немесе олар үшін кепіл енгізген жеке немесе заңды тұлға.

ҚР ҚПК-нің 145-бабының кепіл күдіктінің, айыпталушының өзі не басқа жеке немесе заңды тұлға соттың депозитіне күдікті, айыпталушы анықтау, тергеу органдарына немесе сотқа олардың шақыруы бойынша келуі жөніндегі міндеттерін орындауын қамтамасыз етуге енгізетін ақшадан тұрады деген ережесіне сәйкес, үшінші тұлғалардың кепіл беруші ретінде қатынасқа түсуіне жол беріледі. Мұндай ереже кепіл берушілердің екі түрі туралы айтуға мүмкіндік береді:

1) кепіл беруші - айыпталушы немесе күдіктінің өзі;

2) кепіл беруші – басқа жеке немесе заңды тұлға.

Қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу нормаларына сәйкес айыпталушы немесе күдіктімен енгізілген кепілдің, үшінші тұлғалармен енгізілген кепілден айырмашылығы жоқ. Соңғысының басты ерекшелігі ол айыпталушының есебінен емес, үшінші тұлғалардың есебінен енгізілетіндігінде. Мұндай жағдайда кепіл бұлтартпау шарасын қолдануға кезінде қылмыстық іс

жүргізуші орган мен айыпталушының арасында туындайтын құқықтық қатынасқа айыпталушының өзін дұрыс ұстауы үшін жауап беретін кепіл сомасын ерікті түрде енгізуге міндеттенетін кепіл беруші үшінші тұлға қатысады. В.В. Миклашевский кепіл берушінің өзі айыпталушының жағымды мінез-құлқын бақылайтындығы бекітілетіндіктен, кепілді үшінші тұлғаның енгізуін дұрыс деп санайды [8, 203б].

Жоғарыда айтылғандай, айыпталушыдан басқа жеке немесе заңды тұлға кепіл беруші бола алады. Жеке және заңды тұлғаға да кепіл беруші ретінде қатысуға мүмкіндік бермейтін шектеулер бола тұра, заң кепіл беруші үшінші тұлғаларға қойылатын қосымша талаптар көрсетілмеген. «Басқа тұлға» термині заңшығарушымен ашылып көрсетілмейді, ал ғылыми заң әдебиетінде бұл мәселеге қатысты әр түрлі пікірлер айтылған. А.Д. Буряков: «Заңда айыпталушыдан басқа нақты қандай тұлға кепіл енгізе алатындығы туралы көрсетілмеген. Сондықтан да басқа тұлға деп, айыпталушы үшін кепіл енгізуге жағдайы бар және кепіл енгізуді қалайтын кез келген тұлғаны түсінуге болады»-деп жазды. Белгілі шарттарды белгілеумен ұқсас пікірді З.Ф. Коврига ұсынды: «Кепіл енгізуге ниеті мен жағдайы бар кез келген тұлға айыпталушы үшін кепіл енгізе алады. Бірақ үшінші тұлғаның кепіл енгізуі айыпталушының жағымды мінез-құлқын қамтамасыз етуді қажет ететіндіктен кепіл берушіні таңдау толығымен айыпталушыға байланысты емес. Анықтама жүргізуші тұлға, тергеуші, прокурор, сот осы бұлтартпау шарасымен қиянат жасау мүмкіндігінің алдын алу үшін сол немесе басқа тұлғаға не бірнеше тұлғаға алдын ала олардың моральдік кейпін анықтап, келісім беруі тиіс» [3, 123б]. О.В. Медведева келесіні ұсынды: «Теорияға сәйкес кепіл беруші басқа тұлға айыпталушымен, күдіктімен ешқандай байланысы жоқ кез келген тұлға бола алады. Бірақ кепіл беруші тұлғалардың қатарынан толығымен немесе ішінара әрекет қабілеттігі жоқ тұлғаларды (соның ішінде кәмелеттік жасқа толмағандарды да), өзінің қандай да бір қылмысы үшін тергеуде немесе бас бостандығынан айыру жазасын өтеу мекемелеріндегі тұлғаларды, сондай-ақ іс жүргізу барысына қорғаушы немесе айыпталушы тарапынан өзінің лауазымдық міндеттеріне байланысты қатысып жатқан тұлғаларды алып тастау мақсатқа лайық болады» [9, 103б]. В.А. Михайлов: «Кепіл беруші ретінде қатысатын тұлғалар деп кез келген жеке тұлғалар түсініледі. Әрекет қабілетсіз тұлғалар кепіл беруші бола алмайды деп нақтылаймыз. Әрекет қабілеттігі шектеулі тұлғалар қамқоршыларының келісімімен кепіл беруші бола алады», -деп жазды [7, 50б].

Қылмыстық процестік заңында қылмыстық істер бойынша кепіл беруші бола алатын заңды тұлғалардың тізімін көрсетіп жату мақсатқа сай келмейді. Сонымен қатар кепіл бұлтартпау шарасын қолданған жағдайда заңда белгіленген тәртіппен құрылып, мемлекеттік тіркеуден өткен, бірақ өзінің жарғылық капиталында мемлекеттің немесе муниципалдық меншіктің бірде бір пайызын иеленбейтін кез келген заңды тұлғалар кепіл беруші бола алады деген жалпы ережені бекіту қажет [10, 100б]. Біз мұндай пікірмен келіспейміз, себебі жеке тұлғалардың кепіл енгізуге әрекет қабілеттілігі сияқты қандай заңды тұлғалардың кепіл енгізуге әрекет қабілеті бар екендігі азаматтық құқық нормасымен анықталуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Коврига З.Ф. Уголовно-процессуальное принуждение. – Воронеж, 1975. - 175 б.

2 Савицкий В.М. Очерк теории прокурорского надзора. - М., 1975. - 383 б.

3 Гуценко К.Ф. Уголовная юстиция США. – М., 1993. – 207 б.

4 Корнуков В.М. Меры процессуального принуждения в уголовном судопроизводстве. Саратов. – 1978. - 217 б.

5 Миклашевский В.В. О средствах представления обвиняемого в суд и пресечения ему способов уклониться от следствия и суда. Том 1. –Варшава, 1972. - 269 б.

6 Бұлтартпау шарасы ретінде кепіл және үйде қамап ұстау туралы Нұсқаулықтарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2005 жылғы 18 қазандағы № 56, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2005 жылғы 22 қазандағы № 187, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 6 қазандағы № 590, Қазақстан Республикасының Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) төрағысының 2005 жылғы 7 қазандағы № 214 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 26 қарашада тіркелді. Тіркеу № 3947 –Алматы. - 2009. - 18 б.

7 Сарсенбаев Т.Е. , Хан А.Л. Уголовный процесс. Досудебное производство. –Астана, - 2000. - 213 б.

8 Ханов Т.А. Обеспечение имущественных прав личности при применении мер принуждения в уголовном судопроизводстве Республики Казахстан. - Караганда: КарЮИ МВД РК, 2006. - 172 б.

9 Гинзбург А.Я., Левшиц Ю.Д. Меры пресечение и задержания в советском уголовном процессе. Учебное пособие для слушателей заочников. А., 1961. - 198 б.

10 Бутов В.Н. Уголовное судопроизводство Австрийской республики: опыт и проблемы организации и деятельности: Дисс. д.ю.н. – Москва, 1995. - 193 б.

Байконакова Бахыт Сапарбайқызы
заң ғылымының магистрі
Салыбек Нәзира Мұратқызы
заң ғылымының магистрі
Паметов Зұлпыхар Есенгелдіұлы
педагогика ғылымының кандидаты
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

ЖАРЫСПАЛЫЛЫҚ ҚАҒИДАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕГІ БАСҚА ҚАҒИДАЛАРМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ ЖӘНЕ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ

Андатпа Бұл мақалада Қазақстан Республикасы азаматтық іс жүргізу заңнамасындағы жарыспалылық қағидасының мазмұны, құқықтық табиғаты, орны, оның азаматтық істер бойынша сот әділдігін атқарудағы жүзеге асырылуы және азаматтық іс жүргізудің басқа қағидаларымен өзара байланысы қарастырылған.

Аннотация В данной статье рассмотрены содержание**,** правовая природа, место принципа состязательности в гражданско-процессуальном законодательстве Республики Казахстан, его реализация в осуществлении правосудия по гражданским делам и взаимосвязь между другими принципами гражданского процессуального права.

Annotation This article examines the content, legal nature, place of the adversarial principle in the civil procedural legislation of the Republic of Kazakhstan, its implementation in the administration of justice in civil cases and the relationship between other principles of civil procedural law.

Азаматтық процесс өзара шарттасқан, гармониялық бірлігі негіздегі бірін-бірі толықтыратын және бір-біріне кепілдік беретін негізде құрылады [1].

Н.А.Чечинаның пікірінше, қағидалардың ішіндегі кез келгенін басқаларынан, жалпы алғандағы жүйеден бөліп қарастыру оның орнын анықтамастан қоғамдық қатынастарды реттеудегі шынайы мәні мен оның рөлін анықтауға мүмкіндік бермейді. Қандай да бір қағидалардың жүйесінен шығарып тастағанда, қалған қағидалардың әрқайсысының мазмұнына, сол сияқты олардың өзара әрекеттесуіне тікелей ықпал етеді. Шеттетілген бола тұра, қағида не теріс рөлде, не оң рөлде ойнай алмайды, өйткені бір қағида іс жүргізу құқығының сипатын айқындай алмайды [2].

Жарыспалылық қағидасының мағынасын анықтау үшін, азаматтық сот ісін жүргізу қағидаларының жүйесіндегі оның орнын түсіндіру керек. Ал бұл барлық қағидалар белгілері ретінде де, сол сияқты олардың әрқайсысының жеке ерекшеліктері ретінде де, аталған жұмыста азаматтық сот ісін жүргізу қағидаларын салыстыру пәні болып жарыспалылық қағидасы қызмет атқаратындығын ескере отырып, көрсету қажеттілігін болжамдайды. Тек қағидалар жүйесінен шыға отырып, олардың әрқайсысының жеке қағидалары мен мағыналарының арасында байланыс орнатуға болады [3].

Азаматтық сот ісін жүргізудің барлық қағидалары бірыңғай жүйе құрайтындығы күмәнсіз, сондықтан да біртұтас элемент ретінде олардың барлығы өзара байланысты және өз арасында бір-бірімен өзара әрекеттеседі. Сондықтан аталған жүйедегі бір элементтің өзара байланысы мен өзара әрекеттесуін тереңірек ашу жеткілікті деп санаймыз.

Жарыспалылық қағидасының азаматтық сот ісін жүргізудегі тараптардың тең құқықтығы қағидасымен өзара әрекеттесуі мен өзара байланысының құқықтық табиғатын қарастырудан бастаймыз. Тараптардың тең құқылығының бір мәнді түсінігі тараптардың тең іс жүргізу құқығын пайдаланатындығын және тең іс жүргізу міндеттерін алып жүретіндігін бекіткен ҚР АПК 15-бабымен қамтамасыз етіледі. Бұл «азаматтық процесте тараптарға заң өздерінің субъективті құқығы мен заңды мүдделерін сақтап қалу үшін тең мүмкіндікті ұсынады» дегенді білдіреді [4].

Өз кезегінде, азаматтық процестегі жарысудың тиімді жағдайын жасайды. Аталған ережені бұзу сол не басқа траптардың бағыттарына сөзсіз алып барады.

Іс жүргізу ғылымында, В.П. Смирнов айтып кеткендей, тараптардың тең құқылығы мен жарыспалылық - бұлар дербес қағидалар [5].

Олар процесс үшін мазмұны жағынан да, мағынасы жағынан да әр түрлі. Егер тараптардың тең құқылығынсыз процестің мәні жоқ болса, ал жарыспалылықсыз ол мүмкін бола болады. Басқаша айтар болсақ, егер тараптардың тең құқылығы қағидасының баламасы жоқ болса, жарыспалылық үшін ол мүмкін бола алады, яғни аталған жағдайда бұл тергеу қағидасы. Азаматтық процесте тараптардың «теңдігі» термині кең түрде қолданылуымен қатар, тараптардың «теңдігі» -

жарыспалылықтың міндетті шарты екендігі де атап өтіледі. Ол жарыспалылық қағидасының құрамына жиі қосылады [6].

Тараптардың тең құқылығы қағидасы барлық заң мен сот алдындағы теңдік қағидасымен тығыз байланысты. Ол мынадай жағдайлармен шарттасқан дербес мазмұнға ие: біріншіден, заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең және тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды (ҚР Конституциясының 14-бабы) және, екіншіден, дау туындататын материалдық-құқықтық қатынастар қатысушыларының теңдігі (мысалы, ҚР АК 2-бабы, 1-бөлімі) [3, 64 б.].

Азаматтық процестегі жауап берушінің мүддесін қорғауға арналған өзінің жұмысында И.М.Пятилетов «тараптардың материалдық-құқықтық мүдделерінің бірдей болмауы іс жүргізу құқығындағы тараптардың теңсіздігін тудырмайды. Заң арызданушы мен жауапкердің тең дәрежедегі іс жүргізу құқығы мен міндеттерін бекіте отырып, тараптарды іс бойынша өзінің құқықтық ұстанымын сақтап қалудағы, сот арқылы қорғаудағы тең дәрежедегі мүмкіндікпен қамтамасыз етеді» деп көрсетеді [7].

Азаматтық сот ісін жүргізуде тараптардың тең құқылығы қағидасы тараптардың тең құқылығы тұрғысынан қарастырылады, яғни жеке тұлғалардың материалдық диспозитивтік құқығына олардың басшылық етуі: арызданушы арызынан бас тартуға, арызының негіздемесін өзгертуге құқылы, жауапкер арызданушыға қарсы арыз беруге, арызды толықтай немесе жартылай мойындауға құқылы, тараптар әлемдік келісім жасауға құқылы, өндіруші төлетуден бас тартуға құқылы. Мұндай құқықтар басқарушы деп аталады: тек тараптар ғана материалдық мүдделі тұлғалар бола тұра, процесс объектілерін дербес басқара алады: өзінің құқығы мен заңды мүдделерін қорғау көлемін анықтау, сондай-ақ, айтылған талаптарға өзгеріс енгізу. Бұл басқа авторлар айтып кеткендей, «жарыспалылық қағидасын тарату жағдайы ретінде тараптардың іс жүргізудегі тең құқылығы түседі, өйткені өздерінің субъективті құқығы мен мүдделерін қорғау үшін жарысуда тараптар тең іс жүргізу әдісін қолдану арқылы тек бірдей жағдайда бола алады» деп санауға негіз болады [8].

Тараптардың жарыспалылығына қарай, басқа да көптеген ғалымдар айтып өткендей, іс барысында мүдделерін қорғау үшін заңда көрсетілген тең құқылық іс жүргізу әдісінің теңдігіне қарағанда соңында түсіндіріледі [9]. Аталған ереже өзінің заңнамалық қорытындысын АПК 15-бабының 2-бөлімінен табады: «тараптар азаматтық сот ісін жүргізу барысында өз айқындамасын таңдап алады, оны қорғау әдісі мен амалдарын дербес және соттан, басқа органдар мен адамдардан тәуелсіз түрде таңдап алады. Сот істің нақты мән-жайын анықтау мақсатында өз бастамасымен айғақтар жинаудан босатылған, алайда тараптың дәлелді өтініші бойынша оған осы Кодексте көзделген тәртіппен қажетті материалдарды алуға жәрдемдеседі». Бұл туралы заң әдебиеттерінде де айтылады: «жарыспалылық қағидасы өзінің заңды мүдделерін қорғау үшін тең іс жүргізу құқығын пайдаланушы тараптардың іс жүргізу функцияларын межелеудің азаматтық істі қарастыру кезіндегі сот отырысында қамтамасыз етілетін осындай сот процедурасының құрастырылуын білдіреді» [10].

Мемлекет сот (судья) тұлғасында тараптардың қайсысы жеңетіндігіне қызығушылық танытпайды, сонысымен істі қарастыруда объективтілікті, алаламауды сақтайды. Іске қатысушы адамдар, орындалмауы азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңдарда көзделген салдарларды туғызатын жағдайда, өздерінің іс жүргізу міндеттерін атқарады (ҚР АПК 47-бабы). Тек тараптардың әрқайсысы нақты бірдей іс жүргізу құқығына ие болғанда және бірдей іс жүргізу міндеттерін алып жүргенде ғана азаматтық сот ісін жүргізу қағидалары болып табылатын тараптардың тең құқылығы туралы толықтай айтуға болады. Е.В.Васьковскийдің пікірі бойынша, бұл екі жағдайға алып барады: біріншісі «сот жауапкердің түсінігін тыңдамастан шешім шығара алмайды (audiatur et altera pars) немесе, нақтырақ айтар болсақ, оның түсіндіруіне мүмкіндік берместен шешім шығара алмайды, өйткені егер жауапкердің айтқысы келмесе, оны бұған мәжбүрлеуге болмайды» деп тұжырымдалады; екіншісі «әрбір тарапқа күрестің бірдей іс жүргізу құралдары берілуі керек және оларды қолдануға да бірдей мүмкіндік берілуі тиіс: жауапкерге рұқсат етілмейтіндер арызданушыға да рұқсат етілмейді және керісінше» (поп debet actori licere, quod reo поп permittitur)». «Олар соғысатын қару тең дәрежеде болуы керек, түсі мен көлеңкесі де бірдей болып берілуі керек» [11].

Осылайша, жарыспалылық қағидасының азаматтық сот ісін жүргізудегі тараптардың тең құқылығы қағидасынан бөлінбейтіндігі ҚР АПК 15-бабында заңнамалық орналасуымен тұжырымдалады. Азаматтық сот ісін жүргізу тараптардың айтысуы мен тең құқықтылығы

негізінде жүзеге асырылады. Тараптар бірдей іс жүргізу құқықтарын пайдаланады және бірдей іс жүргізу міндеттерін көтереді (АПК 15-бабы, 1-бөлімі). Тең іс жүргізу құқығы мен міндеттерін үлестірудің өзі тараптарға сот алдында жарысуға мүмкіндік береді. Азаматтық сот ісін жүргізудегі тараптардың тең құқылығы мен жарыспалылық қағидасының өзара әрекеттесуі тараптарға іс бойынша өзінің ұстанымын дәлелдеу және қорғап қалу үшін тең іс жүргізушілік-құқықтық мүмкіндікті көрсетеді. Қарастырылып жатқан қағидалардың құқықтық мәні ҚР Конституциясының 77-бабында көрсетілген конституциялық қағидалар құрылымына өзгерту енгізу және толықтыру жолымен жалпы әлеуметтік, сол сияқты құқықтық жоспарда барлық негіздемесін береді деп болжамдаймыз.

Азаматтық сот ісін жүргізуде жарыспалылық қағидасының қызметі тараптардың диспозитивті өкілеттіліктерінің көлемімен байланысты. Диспозитивтілік қағидасы тараптар дау-дамай заты бойынша да, процестің туындауы, дамуы және аяқталуы жөніндегі іс жүргізу құқығы бойынша да субъективті материалдық құқық ретінде басшылық етуге құқылы болатын азаматтық сот ісін жүргізуде кең түрде қолданылады.

Атақты ресейлік ғалым-процессуалист М.К. Треушников қарастырылып жатқан қағидалардың өзара байланысын айта отырып, «егер диспозитивтілік қағидасы дау-дамай объектісінің және процесс қозғалысының басшылығы бойынша тараптар мен іске қатысушы басқа тұлғалардың мүмкіндігін анықтайтын болса, онда жарыспалылық қағидасы өзінің құқықтық ұстанымын қорғап қалу жөніндегі айтылған талаптар мен мүмкіндіктер негіздемесінің дәлелі бойынша олардың мүмкіндіктері мен міндеттерін анықтайды» деп жазды [8, 27 б.].

Азаматтық сот ісін жүргізуде қолданылатын тараптардың автономия (диспозитивтілік) қағидасында Еуропалық одақтың мүшесі – мемлекет өзіне тараптардың билік құқығын қосып алатындығын айтып кетуге болады, біріншіден, яғни аталған құқыққа қатысты айтылған сол талаптармен бірге процесс обектісін (res in judicium deducta) және екіншіден, қорғау мен шабуылдың іс жүргізу құралдарын (Rechtsmittel, Beweismittel) [12]. Диспозитивтілік қағидасының мұндай ережесі туралы Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында да атап көрсетуге болады. Ол заңнаманың бірнеше баптарында ашылған. Біріншіден, Л.Привман атап өткендей, аталған қағиданың маңыздылығына сүйене отырып, соттың практикалық қызметі үшін «жеке және заңды тұлғалар өз беттерінше өздеріне тиесілі құқықтарды иеленеді, оның ішінде бұзылған құқығын қорғау әдісін таңдау құқығын, сондай-ақ, соттық қорғау құқығын да иеленеді» [13]. Ғалым, сонымен қатар, екінші аспектіні де атап көрсетеді, нақты айтар болсақ, «арызданушы арызының негіздемесін өз бетінше анықтайды, арызынна бас тартуға, жауапкермен бейбіт келісім жасауға, арызының бұйымтайын көбейтуге немесе азайтуға құқылы» [13, 10-б.].

Бұл ереже өте маңызды, өйткені тура осындай жағдайларда азаматтық сот ісін жүргізуде жарыспалылық қағидасын іске асыру туралы мәселе шешіледі.

Талап қоюшы ҚР АПК 48-бабының 1-бөліміне сәйкес, өзінің арыздану талабының көлемін ұлғайту немесе азайту құқығына ие болады, ол жай ғана бұл туралы сотта айтып қоя салмайды. ҚР АПК 48-бабының 2-бөліміне сәйкес: «Соттың өз бастамасы бойынша талап қою нысанасын немесе негіздемесін өзгертуге құқығы жоқ. Егер бұл іс-әрекет заңға қайшы келсе немесе басқа біреулердің құқықтарын,бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзатын болса, сот талап қоюшының талап қоюдан бас тартуын, жауапкердің талап қоюды тануын қабылдамайды және тараптардың бітімгершілік келісімін бекітпейді». Сот бұған тараптар мен іске қатысушы басқа тұлғалардың дәлелдерін растайтын дәлелдерді зерттеу және салыстыру жолымен ғана көз жеткізе алады. Және осы жерден көрсетілген талаптарды іске асыру барысында жарыспалылық қағидасы өзінің көрінісін табады. Енді азаматтық сот ісін жүргізудегі объективті ақиқат пен жарыспалылық қағидасының өзара әрекеттесуі мен өзара байланысы туралы мәселені қарастырамыз. Іс жүргізу әдебиеттерінде бүгінде объективті ақиқат қағидасының болуы туралы талас туындағанына немесе азаматтық сот ісін жүргізудегі оның шектеулі қызметі туралы пікір айтылып жүргендігіне қарамастан, біз аталған қағида бар деп ойлаймыз. Бірқатар авторлар қазіргі азаматтық сот ісін жүргізуде объективті ақиқат қағидасы болмайды деп санайды [8, 8-9 бб.; 14, 26-27 бб.].

Басқалары «сот азаматтық іс бойынша ақиқатты орнатпайды», - деп дәлелдейді [15].

Соттың іс бойынша ақиқатты орнатуы тиістігін заң теріске шығармайды. Бұл жерде ақиқат деп нені түсіну керектігі туралы сұрақ туындайды. Ақиқат нені білдіреді? С.И.Ожеговтің орыс тілінің түсіндірме сөздігінде «ақиқат – бұл шын мәнісінде бар, ақиқатты көрсететін шындық. Объективті ақиқат. Ақиқатқа ұмтылу» деп анықтама беріледі [16].

Бұдан келіп шығатыны, «ақиқат» пен «объективті ақиқат» түсініктері ұқсас. Бірақ ақиқат үстірт болуы мүмкін. Осыған қарамастан, әділ сотты сот шешімінің ісі бойынша жіберу кезінде ақиқат объективті болуы, объективті ақиқатқа сай болуы тиіс деп айту керек.

Осылармен қатар, әдебиеттерде аталған қағида қазіргі уақытта азаматтық сот ісін жүргізуде сақталған деген пікірлер айтылуда [3, 69 б.].

Және мұндай пікір, біздің көзқарасымыз бойынша, қолданыстағы ҚР АПК-нің ережесіне сәйкес келеді. Азаматтық және төрелік процесс саласындағы қазіргі ресейлік мамандардың ішіндегі ең атақтылардың бірі профессор А.Т.Боннердің пікірі бойынша «ақиқатты азаматтық сот ісін жүргізудегі ең соңғы мақсат ретінде орнату өзгеріссіз болып қалады. Тек азаматтық істің шынайы жағдайын орнату қажеттілігін айта отырып, заң азаматтық сот ісін жүргізу сияқты біршама күрделі, сиымды және қымбат бағалы процедураны орнатады » [17].

Егер сот шешімінің объективті ақиқаттылығын талап етпесе, онда сонысымен де сот қателіктері заңдастырылады. Істің мән-жайының, тараптардың құқықтары мен міндеттерінің сот шешіміне сай келуі олардың шындығында қалай болғандығында және оны сот шығарған шешімнің объективті шындығы, объективті ақиқаттың қағидасы деп атайды. Ең бастысы шешімнің әділеттілігі. Керісінше, істің мән-жайы қандай екендігі, тараптарды қандай құқықтық қатынастар байланыстыратындығы, олардың іс жүргізу құқығы мен міндеттері шындығында қандай болғандығы нақты анықталмағанда, оларды дұрыс бағалауға және құқық нормаларына қатысты қолдануға бола ма?

ҚР АПК-нің 220-бабында «Сот істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды қосымша анықтау немесе дәлелдемелерді зерттеу қажет деп тапса, сот жарыссөздері кезінде немесе одан кейін істі мәні бойынша қарауды қайта бастау туралы хабарлайды. Істі мәні бойынша қарауды қайта бастау туралы сот отырысының хаттамасында көрсетіледі. Істі мәні бойынша қарау аяқталғаннан кейін сот қайтадан сот жарыссөздерін, ал Кодекстің 219-бабында көзделген жағдайда прокурордың қорытындысын да тыңдайдыі» деп жазылған. Сондай-ақ, ҚР АПК-нің 225-бабында шешім шығарған кезде сот дәлелдемелерге баға береді, іс үшін маңызы бар қандай мән-жайлардың анықталғанын және қандай мән-жайлардың анықталмағанын, тараптардың құқықтық қатынастарының қандай екенін, осы іс бойынша қандай заң қолданылуға тиісті екенін және қойылған талаптың қанағаттандырылуға жататынын-жатпайтынын айқындайды. Сот істі талап қоюшы талаптардың шегінде шешеді. Алайда талап қоюшының келісуімен сот, егер бұл талап қоюшының құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін қажет деп таныса, сондай-ақ көзделген басқа да жағдайларда, талап қоюшы мәлімдеген талаптардың шегінен шығуы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, қолданыстағы азаматтық іс жүргізу заңнамасы бойынша ақиқатты орнату азаматтық сот ісін жүргізудің мақсаты ретінде өзгеріссіз болып қалады. Жоғарыда аталған баптардың мазмұнынан көріп тұрғанымыздай, онда жарыспалылық қағидасының негізгі мазмұны сипатталған. Жарыспалылықтың нақты істің мән-жайын анықтау қажеттілігімен үйлесуі, объективтілік – сот арқылы қорғауға тиісті жағдай ретінде болады.

Бірақ заңнама бұрынғы ҚазКСР АПК-мен салыстырғанда сотта шындықты орнату жоспарында маңызды өзгерістер енгізді. Және бұл бірінші кезекте азаматтық істі қарау мен шешу процесінде ақиқатты орнатудың негізгі құралы болуы тиіс жарыспалылық қағидасын нақты енгізу мен ақиқатты орнатудағы соттың басым рөлінен бас тартуымен байланысты

Аталған мәселе жөнінде Ресей Федерациясының еңбегі сіңген ғылым қайраткері, профессор М.К.Треушниковтің: «Таным процесі тараптар олардың құқықтарының пайда болуымен, өзгертумен және тоқтатумен, сондай-ақ, сот орнатқан дәлелдің құқықтық бағасымен байланыстыратын дәлелдерді қалай бекіту керектігін өзіне қосып алады. Арыздану өндірісіндегі тараптардың дауы бәрінен бұрын іс бойынша құқықтық маңызы бар дәлелдерді орнату мен жоққа шығаруға алып келеді. Егер нақты іс бойынша сот істің нақты мән-жайын, тараптардың құқығы мен міндеттерін, яғни ақиқатты толық және дұрыс орнатпаса, онда заңды әрекетті қабылдауға да болмайды. Ақиқат деп объективті шындық дұрыс көрінетін пікірді айтамыз. Азаматтық процесте ақиқат ретінде іс бойынша шындығында дәлелді мән-жайлары және олардың құқықтық бағасы туралы судъялардың дұрыс пікірі түсіндіріледі. Дәлелдерді бекіту құқық нормаларын (нормасын) қолдану актісінің алдында болады. Ақиқат дау-дамай кезінде дүниеге келеді. Ақиқатқа жетудің әдісіне азаматтық процесте тең құқылық жағдайында тараптардың жарысқа түсуі жатады», - деген пікірін келтіру жеткілікті деп санаймыз [8, 76-б.].

Осылайша, жарыспалылық қағидасы іс бойынша объективті ақиқатты орнатудың негізгі құралы болып табылады және өз кезегінің соңында осы қағидалардың өзара әрекеттесуі мен өзара

байланысы көрінетін азаматтық іс бойынша әділ соттың мақсатын көрсетеді. Бұл жерде жарыспалылық қағидасын іске асыру іс бойынша объективті ақиқатқа жетудің кепілі ретінде қарастырылатыны анық көрінеді.Басында айтап өткендей, жарыспалылық қағидасының азаматтық сот ісін жүргізудегі бірқатар басқа да қағидалармен өзара байланысы мен өзара әрекеттесуін қарастыруға көшеміз.

Мысалы, соттық тергеудің тікелей және ауызша жүргізілуі, сот ісін жүргізу тілі, азаматтық сот ісін жүргізудің жариялылығы және азаматтық сот ісін жүргізуде білікті заң көмегіне құқықпен қамтамасыз ету сияқты қағидалармен өзара байланысы мен өзара әрекеттесуі.Жарыспалылық қағидасының соттық тергеудің тікелей және ауызша жүргізілуі қағидасымен өзара байланысы мен өзара әрекеттесуін қарастырамыз.

Тікелей және ауызша жүргізу қағидасы ҚР АПК-нің 186-бабынан көрініс табады. Сот іс пен дауды қараған және шешкен кезде іс бойынша дәлелдемелерді тікелей зерттеуге міндетті. Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын істерді қоспағанда, сот тараптардың және іске қатысатын басқа да тұлғалардың түсініктемелерін, куәлардың айғақтарын, сарапшылардың қорытындыларын, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қорытындыларын тыңдауға, құжаттармен танысуға, заттай дәлелдемелерді қарап шығуға, дыбысжазбаларды тыңдауға және бейнежазбаларды, киноматериалдарын, фотоматериалдарды көруге, ақпаратты түрлендірудің өзге де құралдарының материалдарымен танысуға міндетті. Қажет болған жағдайларда іс бойынша дәлелдемелерді зерттеген кезде сот маманның консультациялары мен түсіндірмелерін тыңдайды. Сот отырысында істі талқылау ауызша жүргізіледі. Істі қарау процесінде судья алмастырылған жағдайда талқылау басынан бастап жүргізілуге тиіс. Сот іске қатысатын басқа да тұлғалар тараптарының түсініктемелерін, куәлардың айғақтарын, сарапшылардың қорытындыларын, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қорытындыларын тыңдауды бейнеконференц байланыс арқылы жүзеге асыра алады (ҚР АПК 186-б.).

Тараптар мен іске қатысушы басқа тұлғалардың жоғарыда аталған іс жүргізу қызметтері, өздерінің құқығы мен мүдделерін қорғауға ұсынылған дәлелдер осы дәлелдердің көмегімен істің нақты мән-жайын бекітуге бағытталған деп қорытындылауға болады. Азаматтық процесте әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көрсетілген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі (ҚР Конституциясының 13-б., 3-б. және ҚР АПК 18-бабы). Мұндай көмекті бірінші кезекте қорғаушылар (сонымен қатар, нотариустер) көрсетеді, өйткені олар заңға сәйкес осындай өкілеттіктерімен бөліседі («Адвокаттық қызмет және заң көмегі» ҚРЗ, «Нотариат туралы» ҚРЗ).

Қазіргі азаматтық процеске заң білімі және тәжірибесі бар тұлғаның қатысуы тараптар мен іске қатысушы басқа тұлғалардың бұзылған немесе талас туындаған құқықтары мен заңдық мүдделерін қорғауды жоғары деңгейде жүргізуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты заң әдебиеттерінде «бүгінде азаматтық процестегі жарыспалылық - бұл қарама-қарсы тараптарды көрсететін қорғаушылардың (заңгерлердің) жарысуы» деген пікірлер айтылып жүр [18].

Қорыта айтқанда, жарыспалылық қағидасы бірден-бір маңызды азаматтық сот ісін жүргізу қағидаларын құрайтын жүйе ретінде азаматтық процестің барлық қағидаларымен өзара әрекеттесіп, тығыз байланыс орнатады.Қарастырылып жатқан әрбір қағидалардың мазмұны жарыспалылық қағидасының әрекеті арқылы ашылады. Сонымен, жарыспалылық қағидасы тек дәлелдеу туралы ережеге ғана алып бармайды, сонымен қатар, ол диспозитивтілік қағидасымен өзара әрекеттесуі және өзара байланысуында іске асуы мүмкін. Осы қағидалардың бірлігінде, сонымен бірге басқаларын да ескере отырып, объективтілік қағидасын іске асыру мен тараптардың тең құқылығы қағидасын жүзеге асыру қамтамасыз етіледі. Осы қағидалардың әрқайсысы азаматтық сот ісін жүргізу қағидаларының жүйесінде дербес және нақты орын алады.

Қарастырылған қағидалардың өзара байланысы бірыңғай мақсатты, яғни әрқайсысының заңды мүдделері мен құқығын қорғау және сақтауға кепілдік беруді орындауға ұмтылуымен айқындалады. Қарастырылып жатқан әрбір қағидалардың мазмұны дамудың қазіргі кезеңіндегі әділ соттың ортақ міндеттеріне негізделген.

Әдебиеттер:

1. Гурвич М.А. Принципы советского гражданского процессуального права // Советское государство и право. - 1974. - № 12. - С. 20-27.
2. Чечина Н.А. Принципы советского гражданского процессуального права и их нормативное закрепление // Правоведение. - 1960. - №3. - С. 79-83
3. Егембердиев Е.О. Применение принципа состязательности при осуществлении правосудия судами Республики Казахстан (по гражданским делам): Дис. .. .канд. юрид. наук. - Астана, 2007.
4. Советский гражданский процесс: Учебник / Отв. ред. М.С. Шакарян. -М.: Юрид. лит., 1985. - 528 с.
5. Смирнов В.П. Разделение основных функций и равноправия сторон -принципы уголовного процесса // Правоведение. - 1999. - №3. - С. 171-173.
6. Викут М.А., Зайцев И.М. Гражданский процесс России: Учебник. - М.: Юристъ, 2004.-459 с.
7. Пятилетов И.М. Защита интересов ответчика в советском гражданском процессе: Учебное пособие. - М., 1990. - 116 с.
8. Гражданский процесс: Учебник / Под ред. проф. М.К. Треушникова. 2-е изд., испр. и доп. - М.: Юриспруденция, 2000. - 380 с.
9. Гражданский процесс: Учебник для вузов / Отв. ред. проф. Ю.К. Осипов.-М.:БЕК, 1995.-462 с.
10. Францифиров А.Ю., Францифиров Ю.В. Принципы гражданского процессуального права // Арбитражный и гражданский процесс. - 2003. - №4. -С. 13-18.
11. Васьковский Е.В. Учебник гражданского процесса / Е.В. Васьковский: МГУ им. М.В. Ломоносова, юрид.фак., каф. граждан, процесса, КубГУ, юрид.фак., каф. гражд. процесса и трудового права. - Краснодар, 2003. - 528 с.
12. Папкова О.А. Принципы гражданского процесса в государствах -членах Европейского союза // Вестник МГУ. Серия 11: Право. - 2000. - №3. - С. 62-79.
13. Привман Л. Соблюдение принципов гражданского судопроизводства // Предприниматель и право. - 2004. -№11. - С. 9-12.
14. Гражданский процесс: Учебник / Отв. ред. проф. В.В. Ярков. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: БЕК, 1999. - 594 с.
15. Решетникова И.В. Курс доказательственного права в Российском гражданском судопроизводстве. - М., 2000. - 288 с.
16. Ожегов СИ. Словарь русского языка: Ок. 53 000 слов / СИ. Ожегов; Под общ. ред. проф. Л.И. Скворцова. - 24-е изд., испр. - М.: ООО «Издательство Оникс»: ООО «Издательство «Мир и Образование», 2005. - 1200 с.
17. Боннер А.Т. Избранные труды по гражданскому процессу. - СПб.: С.-Петерб. гос. ун-та, 2005. - 992 с.
18. И. Нам, Г. Нам. От объективной истины к формальной. Какая из них лучше? // Юрист. - 2006. - №1. - С. 38-41.

Мирзакулова Балжан Амангельдиевна,
Заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Байтанова Айнур Сериковна,
Заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Жумабекова Раушан Жумабаевна,
Заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҢ СИПАТЫ МЕН ҰҚСАС КАТЕГОРИЯЛАРДАН АЖЫРАТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Борьба с уголовно-процессуальными правонарушениями, существенными и несущественными нарушениями уголовно-процессуального права носит неэффективный характер потому, что наши представления о них чрезвычайно слабы. Как следствие, само преодоление уголовно-процессуальных правонарушений выливается порой в еще большее нарушение законности, способствует серьезным упущениям в работе правоохранительных органов, применяющих уголовно-процессуальный закон, посягает на процессуальную самостоятельность, как важнейшую гарантию объективного расследования и разбирательства уголовных дел.

Аңдатпа. Қылмыстық-процестік жауаптылық негіздерінің категориялары мен құрылымын, құқыққа қайшы мінез-құлық пен механизмдерін анықтау нысандарының ғылыми негізделген белгілерін анықтау және жүргізілген талдау нәтижесінде қылмыстық-процестік заңдар жүйесінде заң құрылымы нысанында толықтығы мен дұрыстығы негізінде зерттеуді құқықтық реттеу арқылы жүйелі талдау болып табылады.

Abstract: A fight against criminal judicial offences, substantial and unimportant violations of criminal judicial law carries uneffective character because our ideas about them are extraordinarily weak. As a result, the self overcoming of criminal judicial offences is outpoured at times in yet greater violation of legality, assists serious omissions in-process law enforcement authorities applying a criminal judicial law, trenches upon judicial independence, as major guarantee of objective investigation and trial of criminal cases.

Қылмыстық-процестік жауаптылықты заңды жауаптылықтың бір түрі ретінде тану қылмыстық-процестік құқық бұзушылық пен қылмыстық-процестік санкция ұғымдарына қатысты мәселені қозғауға түрткі. Қылмыстық процесс теориясында «құқық бұзушылық» - заңды жауаптылыққа әкелетін деликт қабілетті тұлғалардың құқыққа қайшы және зиянды әрекеті. ҚР ҚПК-нің 388 бабында «Сот үкімі заңды және негізді болуға тиіс. Егер үкім заңның барлық талаптары сақтала отырып және заң негізінде шығарылса, ол заңды болып танылады. Егер үкім сот отырысында сотқа ұсынылған дәлелдемелерді жан-жақты және объективті зерттеу негізінде шығарылса, ол негізді деп танылады».

Қылмыстық іс бойынша соттың заңсыз, негізсіз және әділетсіз үкім шығаруы қылмыстық-процестік құқық бұзушылық болып табылады. Аталған мән-жай қылмыстық-процестік жауаптылықтың пайда болуының негізі және сот үкімін аппеляциялық, қадағалау инстанциясымен жойылуға немесе өзгертіп қайта қарауға жатады. ҚР ҚПК 433 бабына сәйкес «сот тергеуінің біржақтылығы және толық еместігі; қылмыстық-процестік заңның елеулі түрде бұзылуы; қылмыстық заңның дұрыс қолданылмауы; жазаның қылмыстық құқық бұзушылық ауырлығына және сотталған адамның жеке басына сәйкес келмеуі бірінші сатыдағы сот үкімінің күшін жоюға не оны өзгертуге негізі қылмыстық-процестік санкцияның бір түрі болып табылады. Өзінің мәнімен қылмыстық-процестік міндетті бұзғандығына әрекет ету әдісі, құқық бұзушыға мемлекеттік ықпал ету шарасы болады [1].

Қылмыстық процесс ғылымында қылмыстық-процестік қызмет субъектелері қылмыстық сот өндірісінің қатысушыларымен атқаратын процестік міндеттеріне байланысты жіктеліп теңестіріледі. Осыдан, аталған субъектілер өздеріне жүктелген міндеттерді орындамаған немесе дұрыс орындамаған жағдайларда қылмыстық-процестік жауаптылықта болады деген тұжырымға келеміз. Бірақ, бұл тұжырыммен процесуалистердің барлығы келіспейді.

Заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету құралдары жүйесінде заңды жауаптылықтың түрі ретінде қылмыстық-процестік жауаптылықтың алатын орны ерекше. Қылмыстық-процестік жауаптылық құқық бұзушыны белгілі-бір құқықтарынан айыру, қосымша

міндеттер жүктеу немесе бір мезгілде құқықтарынан айырып, міндеттерінен айыру болып табылады. Егер бұлтартпау шарасына мойынсыну міндеті пайда болса, онда қылмыстық-процестік мәжбүрлеу; ал егер бұлтарпау шарасының қатаң түрін қолдану қажет болғанда – қылмыстық-процестік жауаптылық мәселесі туындайды. Жеке кепілгерлік бұлтарпау шарасы процестік мәжбүрлеу болса, айыпталушы немесе күдіктінің жасамауы тиіс жеке кепілгерлердің жауаптылығы, қылмыстық-процестік жауаптылық болып табылады

Қылмыстық-процестік құқық бұзушылықтар қылмыстық-процестік құқық қатысушыларының құқықтар мен міндеттері жүзеге асырылуы шеңберіндегі қылмыстық-процсетік қатынастарға қол сұғады. Қылмыстық-құқықтық ғылымында қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастар жалпы, текті, түрлік және тікелей топтарға бөлініп, әртүрлі. Аталған топтастыру қылмыстық-процестік құқығында қолданылуы мүмкін.

Қылмыстық-процестік жауаптылықтың негізі ретінде, қылмыстық процеске қатысушылардың құқыққа қайшы әрекеттерінің әртүрлі көріністегі әдістерінің нысандары болады. Аталған аспектіде қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтық статусы, қылмыстық-процестік заң құралдарының әртүрлі әсер ету ерекшелігіне байланысты құқыққа қайшы әрекеттердің нақты және анықтауға мүмкіндік беретін жүйенің жоқтығы үлкен мәселені туындатады. Қылмыстық-процестік заңдар құқыққа қайшы әрекеттің мазмұнын, жағымсыз мінез-құлықтың нысанын ажыратпай, тек жалпылама құрамдарын ғана атайды.

Қылмыстық-процестік субъектілерінің құқық немесе өкілеттіктерін асыра пайдалану жағдайларында басқа процестік салалармен салыстырғанда процестік жауаптылықты қолдану негіздер жүйесі мүлдем әзірленбеген. Жауаптылықтың негіздерінің жүйесі сот өндірісінің қатысушыларының құқықтық жағдайына байланысты әлсіз сараланған. Кейбір қатысушаларға қатысты процестік жауаптылықты қолдану базасы мүлдем жоқ, сондықтан да бірқатар субъектілердің құқықтық статусына қатысты қамтылмаған. Жауаптылық шараларының қолдану ерекшеліктерін анықтауды талап ететін, процестік қалауына сәйкес маңызды орынға ие құқық қолдану қызметінің ерекшелігімен байланысты лауазымды тұлғалардың жауаптылығының заңды негіздерін жетілдіруді талап етеді. Жауаптылық шараларын қолдануға негіз болатын қылмыстық процесс қатысушыларының құқыққа қайшы мінез-құлқын қылмыстық-процестік заң көрсете алуы тиіс. Өз кезегінде құқыққа қайшы мінез-құлық үшін процестік жауаптылық шараларын қолдану мүмкіндігін және зерттеудің құқықтық табиғатын тереңдету мәселесін шешуге мүмкіндік туындатады.

М.О.Сапунованың пікірінше, қылмыстық-процестік жауаптылық субъектелеріне қатысты ұғымы мен жүзеге асырудың шектері, қылмыстық-процестік шаралардың моральдық-адамгершілік мазмұны, қылмыстық сот өндірісінің қатысушылары мен тең деген тоқтамға келді [2].

Қылмыстық процесс ғылымында қылмыстық-процестік жауаптылығы туралы мәселе өзекті болып отыр. Аталған мәселеге қатысты В.М. Корнуков, З.Ф.Коврига, Я.О. Мотовиловкер, П.С.Элькинд, Н.Н.Сафин, А.Я.Дубинский, И.Л.Петрухин, Г.Н.Ветровалардың көптеген еңбектері арналғанмен бірталай теориялық сұрақтар ашылмаған. Бұл мәселені шешу үшін қылмыстық-процестік құқық субъектісі түсінігін ашу керек сияқты. Қылмыстық-процестік заң бойынша процестік құқық қабілеттілік пен әрекет қабілеттілікке ие лауазымды тұлға мен азаматтар бола алады.

Қылмыстық-процестік жауаптылықты жағымды және жағымсыз деп ажыратуды З.Ф.Коврига мен Г.Н.Ветровалар қылмыстық-процестік жауаптылықтың әсері қылмыстық-процестік қызметтің барлық субъектілеріне тарайды дейді. Егер жағымды қылмыстық-процестік жауаптылық мәселесі туындамайды, ал жағымсыз қылмыстық-процестік жауаптылық әсерінің шектері ашылмаған [3].

И.Л.Петрухиннің пікірінше, қылмыстық-процестік жауаптылықтың жағымсыз әсерін, кепіл берушілердің жауаптылығы, кепілді мемлекет пайдасына айналдыру, сот залынан шығарып жіберу, аудармашы мен залда отырған басқа да тұлғаларға айыппұлдар салу сияқты шараларға ұласады [4].

В.Г.Капустянскийдің айтуынша, қылмыстық-процестік жауаптылық әсері белгілі-бір процестік қызметтерді, қылмыстық-процестік құқықтарға ие және процестік міндеттерді атқаратын, сонымен қатар лауазымды тұлғалар мен соттарға тарайды [5].

О.А.Зеленина тұжырымдауынша, процестік жауаптылық субъектісіз болмайды және қылмыстық сот өндірісінің қатысушысы болатын тұлғасы бар дейді. Бірақ, қылмыстық-процестік жауаптылықтың жағымсыз шаралары қолдану шегі де зерттелмеген. Сонымен, қылмыстық

процесс ғылымында кімді қылмыстық-процестік жауаптылық субъектісі деп танимыз, ал кімді танымаймыз деген мәселе өз шешімін таппай отыр. Қылмыстық-процестік жауаптылықта лауазымды тұлғалар мен сотты субъектілері ретінде тануға болады ма деген анық емес [6]. Д.А.Липинский өз ойын қатаңдау жеткізіп отыр. Оның ойынша, соттың, соттың құрамы, тергеуші, анықтаушы, прокурордың қызметтері қылмыстық-процестік жауаптылықтың реттеу міндетінің әсеріне жатпайды және қылмыстық-процестік құқықпен реттеледі [7].

Н.А.Слободчиковтың көзқарасы мына негіздер бойынша ретсіз көрінеді. Біріншіден, қылмыстық-процестік жауаптылық қызметі туралы сөз еткен кезде, автор реттеуші қызметін статикалық және динамикалық деп екіге бөліп отыр. Егер қылмыстық-процестік жауаптылықтың статикалық реттеу қызметі қылмыстық процестің қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін бекіту, олардың құқықтық статусы мен жауаптылығын белгілейтін болса, онда оны сот қызметі, сот құрамы, тергеуші, прокурор, анықтаушы мен анықтау органына жатқызбасқа?

Екіншіден, қылмыстық-процестік жауаптылық бірыңғай болғанымен ерікті және мемлекеттік-мәжбүрлеумен жүзеге асырылатын екі нысаны бар екендігін мойындайды (жағымды және жағымсыз процестік жауаптылыққа ұқсас). Сот, тергеуші, анықтаушы, прокурор қылмыстық-процестік сот өндірісінің қатысушылары болып ерікті түрде жүктелген міндеттерін орындай отырып, қылмыстық-процестік жауаптылықтың субъектілері бола алады ма? Аталған органдар мен лауазымды тұлғалары тек жағымды жауаптылық әсеріне ұшыраса, мұндай жауаптылықты бірыңғай деп тануға болмайды [8].

Қылмыстық-процестік жауаптылық субъектілерін анықтау мәселесінің екі негізі бар. Бірінші, қылмыстық-сот өнідірісінде процестік жауаптылық институтының заңды түрде бекітілмегендігі. Екінші, жауаптылық шаралары материалды жағымсыз сиптатта болуы тиіс деген қате көзқарас. Процестік жауаптылық негізі мен шаралары заңды бекіту мәселесі бар екендігі анық.

Әрекет етуші ҚР ҚПК нормаларындағы жауаптылық шарасы мен шегі анық емес, соңына дейін жұмыс жасалмаған. ҚР ҚПК 11 бабындағы 4 тармағында, сот өндірісі жүзеге асырушы лауазымды тұлғалар мен соттың тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын бұзу нәтижесінде келтірілген зиян заңда көрсетілген негіздер бойынша өтеуге жатады. Кез-келген зиян құқық бұзушылық нәтижесінде келтіріледі, құқық бұзушының жауаптылыққа тартылатындағы да күмәнсіз. Егер зиян әкімшілік құқық бұзушылық салдарынан келтірілсе, ҚР ҚПК қарастырылған нысаны мен тәртіпте зиянды өтеу мүмкін емес [1]. Өйткені, зиянды өтеу Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің нормаларының негізінде жүзеге асырылып, әкімшілік жаза шараларымен аяқталады.

Қылмыстық-процестік жауаптылықты тек материалдық мағынадағы жазамен ұқсастыру дұрыс болмас. Кез-келген құқық бұзушылық жауаптылықты жүзеге асыруға негіз. Құқық бұзушылық сипаты қандай жауаптылыққа тартылатындығын анықтайды (қылмыстық, азаматтық, әкімшілік жауаптылық). Қылмыстық-процестік құқық бұзушылық үшін қылмыстық-процестік жауаптылық орнауы керек.

Қылмыстық-процестік құқық бұзушылық табиғатын анықтау зерттеу шегінде жатқандықтан, тек құрамын келтіреміз. Бұл, біріншіден, ҚР ҚПК нормаларын бұзған кінәлі әрекет; екіншіден, қылмыстық сот өндірісі шеңберінде жасалған әрекет; үшіншіден,қылмыстық сот өндірісінің деликт қабілетті қатысушымен жасалған әрекет. Мысалы, соттың заңсыз үкім шығарғандығы қылмыстық-процестік құқық бұзушылық және қылмыстық-процестік жауаптылық шаралары қолданылады. Мұндай шешім немесе үкімді жою құқық қалпына келтіретін сипаттағы шара болып табылады. Бірақ, мұндай шешімнің күшін жою судьяның әрекеттерін бетіне басып, ондағы құқық бұзушылықтар мен қателіктерін көрсете отырып орындалады. Осы бетіне басу судья үшін жағымсыз процестік жауаптылық болып табылады.

В.В.Бородиновтың айтуынша, жауаптылықтың ең жоғарғы шегі екендігін, үкімі жарамсыз болған, іс басқа судьяға қарауға берілген судья, өз абыройына қысым жасалғанын сезбеуі мүмкін емес. Жағдайды қиындатсақ. Мысалы, судья заң бұзушы үкім немесе шешім шығарса, бұл қылмыс, сондықтан судья қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Тәртіптік және қылмыстық-процестік жауаптылыққа тартылуы, бетіне басу мен жоғары тұрған соттан мінеушілік болатындығы сөзсіз. Лауазымды тұлғалар мен соттардың жағымсыз процестік жауаптылық мәнін құрайтын адамгершілік категориялары құрайды [9]. Мұнда А.С.Барабаштың көзқарасы өзекті «Қылмыстық-процестік құқық бұзушылықты жасауда мәжбүрлі міндеттерін немесе қылмыстық-процестік жазаны орындау қажеттілігін болдырмай, бірінші орынға міндеттерін мәжбүрлі орындау, немесе жауаптылықтағы адамгершілік шамасын құнсыздандырады». Сонымен, жағымды

не жағымсыз тұрғыда процестік міндеттерді орындамау немесе дұрыс орындамауда кінәлі, қылмыстық сот өндірісінің қатысуышысы болып табылатын, қылмыстық-процестік жауаптылық субъектісі болады деген тоқтамға келеміз [10].

Процестік мағынада айыпталушының қылмыстық жауаптылығы туралы мәселе қозғаған Я.О.Мотовиловкер, М.П.Карпушин, В.И.Курляндскийлер қылмыстық және қылмыстық-процестік жауаптылық, процестік-мәжбүрлеу шаралары мен қылмыстық жауаптылық шараларының ара қатынасын теориялық және тәжірибелік мәні мәселесін көтеріп отыр. Тағылған айып шеңберінде, мемлекет атынан сотты болып, тағайындалған жазаны өтеу қылмыстық жауаптылыққа тартылып отырған тұлғаның міндеті. Қылмыстық жауаптылыққа тартуға айып тағуға жеткілікті дәлелдемелер болған кезде мүмкін. Процестік мағынада қылмыстық жауаптылықтың пайда болуы уақыты – айыпталушы ретінде жауапқа тарту уақытымен тең [11].

Ерекше көңілді процестік мәжбүрлеу шарасын қылмыстық жауаптылықтан ажырату мәселесі өзекті. Кейбір ғалымдар қылмыстық жауаптылық мазмұнына бұлтартпау шарасын қосады. В.А.Якушиннің айтуынша, процестік нормаларды қолданудың материалдық базасы – қылмыс жасау; процестік бұлтартпау шаралары болашақ мінез-құлыққа бағытталмаған; кейбір қылмыстық бұлтартпау шаралары қылмыстық жауаптылық мазмұнына кірмегенде, қылмыстық заң жаза тағайындауды қолдануда есепке алмайтын; қорғайтын қылмыстық-құқықтық қатынастар бар кезде, қылмыстық жауаптылық өмір сүреді. В.А.Якушинаның көзқарасымен келіспеуге болмайды, өйткені, бұлтартпау шараларын қолдануға және процестік қатынастардың туындауына – қылмыс жасау жай фактісі болса, ал сотқа дейінгі тергеп-тексеру мен процестік шешім қабылдаудан тұратын күрделі кешенді факт болуы тиіс [12]. Процестік бұлтартпау шаралары субъектінің болашақ мінез-құлқына бағытталған. Олар материалды-құқықтық, процестік қатынастардың дамуына бағытталған мақсаты – іс бойынша шындыққа қолжеткізуге кедергі келтірмеу, айыпталушының тергеу мен соттан жалтаруына жол бермеу; айыпталушының құқықтық мінез-құлқын қамтамасыз ету. Бұл жағдайлар тікелей қылмыстық-процестік заңнан шығып, еш уақытта «тұлғаның қауіпті жағдайы теориясының шеңберінде сот бассыздығын санкциялау» болып табылмайды. Келтірілген пайымдаулардан кейбір бұлтартпау шаралары қылмыстық жауаптылық мазмұнына кіргенмен жүйелілігі жоқ.

В.А.Якушиннің өз еңбектерінде «ретроспективті қылмыстық жауаптылықтың қорғайтын қылмыстық-құқықтық қатынастармен құрылымды-генетикалық байланысы бар», қылмыстық жауаптылық туралы түсінікте қылмыстық жауаптылық мазмұнына процестік әсер ету шараларындағы бірнеше құқықтық қатынастардың жиынтығын құрайды. Қылмыстық жауаптылықтың салалық табиғатын қылмыстық-құқықтық емес, қылмыстық-процестік қатынастар құрайды [12].

О.В.Тюшнякова көзқарасы бойынша қылмыстық-құқықтық сипаттағы шараларды «қылмыстық жауаптылықпен байланысты және қылмыстық жауаптылықпен байланысты емес» деп ұстанады. Қылмыстық жауаптылықпен байланысты шаралар тобына «қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңінде қылмыс жасаған тұлғаға қолданылатын, шаралар» жатады [13].

В.А.Якушин профессордың ескертуі бойынша, сот бассыздығын санкциялауды ғылыми негіздеу болып тұрады [12].

Процестік жауаптылық – қалыптасу кезеңінде тұрған және ары қарай жетілдіруді талап ететін институт. Кез-келген заңды жауаптылықтың түрі ретінде процестік жауаптылық бірыңғай, бірақ ерікті және мемлекеттік-мәжбүрлі екі нысаны бар. Процестік жауаптылықтың мақсаты процесс қатысушыларының құқықтық мінез-құлқын қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтарды ескерту, тәрбиелеу, бұзылған қоғамдық қатынастарды қалпына келтіру және құқық бұзушыны түзеу. Процестік жауаптылық конституциялық, азаматтық, қылмыстық, процестік, әкімшілік сот әділдігі алдында тұрған міндеттерді шешу.

А.С.Барабаштың айтуынша, процестік қатынастарда құқық нормаларының кедергісіз қамтамасыз етілуі маңызды. Ондаған жылдар бұрын процестік мағынада және қылмыстық-процестік құқық ғылымында әзірлік басталған [10].

М.В.Фроловтың айтуынша, жауаптылық кез-келген құқық саласының қажетті құрылымдық элементі. Қылмыстық-процестік жауаптылықты жүзеге асырудың екі бағытын көрсетеді. Жағымды түрде қылмыстық-процестік нормаларын сақтаушы, орындаушы, пайдаланушы және қолданушы қылмыстық сот өндірісінің барлық субъектілерінің құқықтық әрекеттерінде жүзеге асырылады. Жағымсыз нысанда қылмыстық-процестік жауаптылық сотталуға және қылмыстық-процестік құқық бұзушылық үшін мәжбүрлеу шараларына көнуі арқылы жүзеге асады [14].

Қылмыстық сот өндірісінің кез-келген субъектісі мемлекет атынан, міндеттерді белгілейтін және уәкілетті органдары арқылы орындалуын бақылайтын, өзіне жүктелген міндеттерді орындауға мемлекеттік орган, лауазымды тұлға немесе азамат міндетті болып табылады. Қылмыстық-процестік қатынастардың уәкілетті тараптарының алдында жауапты.

Тергеушінің қылмыстық-процестік жауаптылығы өзінің процестік міндеттерін жағымды түрде орындауымен жүзеге асырылады. Процестік міндеттерін орындамаған жағдайда жағымсыз сипаттағы процестік жауаптылық шараларын қолдануға жатады. Аталған шараларда заңды бұзғандағы мемлекеттік соттау шаралары бар.

М.С.Богдановаңың пікірінше, қылмыстық-процестік заңдарды бұзу – қорғау қылмыстық-процестік қатынастардың пайда болатын заңды факт. Бұл қатынастардағы субъектілердің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру жағымсыз қылмыстық-процестік жауаптылықты құрайды. Құқық бұзушылық үшін қылмыстық-процестік жауаптылықты жүзеге асыру негізінде қылмыстық-процестік санкцияларды қолдану актісі тұрады. Онда ресми түрде қылмыстық-процестік құқық бұзушылық жасау фактісі мен ол үшін жауаптылық шарасы анықталады. Қоғамдық әсер ету шараларын қолдануда қылмыстық-процестік санкциялар құраса, қоғамдық шаралардың алдында лауазымды тұлға немесе органның шешімі тұрады [15].

Мақалада қылмыстық-процестік нормалардың санкцияларының ерекшеліктері қарастырылып, жеке түрлері талдауға түседі. Қылмыстық-процестік құқық нормалары үшін заңсыз процестік шешімдердің күшін жою, міндеттерін мәжбүрлі орындату түрінде қалпына келтіру санкциялары басым. Қылмыстық сот өндірісінде маңызды орынды дәлелдемелерді жинау, тексеру мен бағалау алатын болса, заң талаптарын бұза отырып жүргізілген тергеу және сот әрекеттерінің нәтижелерін жоятын санкцияларға да тиесілі.

Процестік міндеттерін орындамаған тікелей құқық бұзушының, кінәлінің тұлғасына бағытталған айыппұл (жазалау) санкциялары – бұлтарпау шараларын қатаңдауына ауыстыру, маман мен аудармашыға ақшалай өндіріп алу және басқалары – қылмыстық процесте көп тарамаған.

Соттың жеке ұйғарым шығаруы процестік санкциясы – арнайы қарастырылуға жатады. Қылмыстық-процестік нормалардың барлық санкциялары қылмыстық сот өндірісіндегі субъектілердің процестік міндеттерін орындамаған жағдайда, яғни қылмыстық-процестік құқық бұзушылық жасағанда іске асады. Егер нормамен бекітілген міндеттерді бұзудан сақтайтын және мемлекеттің құқық бұзушылыққа теріс реакциясы ретінде санкцияны құқық нормасының құрылымдық элементі ретінде қарастыруға болады.

А.И.Кожевниковтың айтуынша, қылмыстық-процестік жауаптылықты анықтаушы кезі құқық бұзушылықты заңмен қудалау. Тек кінәлі мінез-құлық үшін ғана жазалау әділетті. Құқықтық норманы бұзудағы кінәнің болмауында қолданылатын шаралар, жауаптылық ретінде қарастырыла алмайды. Құқықтық міндеттерді бұзу үшін жауаптылық – кінә болған жағдайда санкцияны жүзеге асыру. Сонымен қатар, кейбір қылмыстық-процестік санкциялар процестік міндеттерді бұзғандағы кінәнің болуы не болмаған жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін. Заңсыз шешім заңға қайшы шығарылғанымен қатар адал адасудың нәтижесі болса да, күшін жоюы тиіс.

Қылмыстық-процестік заңмен бекітілгенді орындамаудағы кінәнің болмауы кезіндегі қалпына келтіру санкцияларын жүзеге асыруды жауаптылық ретінде қарастыруға болмайды, өйткені құқық бұзушылық үшін жауаптылықтың анықтаушы белгісі – заңды бұзушы кінәліні мемлекет тарапынан соттау. Жауаптылық шаралары ретінде бұл санкциялар, қылмыстық сот өндірісінің субъектілерінің процестік міндеттерін кінәлі түрде орындамаған жағдайда қолданылады [16].

Процестік жауаптылық – қатысушыға құқыққа қайшы әрекет жасауының нәтижесінде салынатын процестік ауыртпалық, бұл ауыртпалықтың әртүрлі нысандары бар: құқыққа қайшы әрекеттерін қоғамдық соттау нәтижесі болып табылатын қатысушының психологиялық уайымы мен қайғыруы. Жалған жауап берген жағдайда қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру фактісі мемлекет, қоғам тарапынан қатысушының әрекеттері үшін жария ұялту. Қылмыстық сот өндірісінің қатысушына қатысты жауаптылық шараларын іске асыру субъектіні тергеуші, анықтаушы мен соттың көз алдында жағымсыз сипаттап, ары қарай осы тұлғаға қатысты шешім қабылдайтын лауазымды тұлғалардың процестік шешімдеріне әсер етеді.

Жағымсыз мінез-құлық қылмыстық қудалауға және кінәліге жаза тағайындауға, заңдылық пен құқықтық тәртіп, қылмыстылыққа бақылауды күшейтуге қарсы әрекет етеді.

Мақалада жасалған зерттеулер қылмыстық-процестік жауаптылыққа қатысты сот өндірісінің тиімділігін арттырып, оны әрі қарай жетілдіруге көмектеседі, сонымен бірге

қылмыстық сот өндірісіне қатысушылардың жауаптылығын белгілейтін және анықтайтын істерге қатысты сот тәжірибесінің қалыптасуына байланысты қорытынды жасауға көмектеседі.

Процестік жауаптылық – қалыптасу кезеңінде тұрған және ары қарай жетілдіруді талап ететін институт. Кез-келген заңды жауаптылықтың түрі ретінде процестік жауаптылық бірыңғай, бірақ ерікті және мемлекеттік-мәжбүрлі екі нысаны бар. Процестік жауаптылықтың мақсаты процесс қатысушыларының құқықтық мінез-құлқын қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтарды ескерту, тәрбиелеу, бұзылған қоғамдық қатынастарды қалпына келтіру және құқық бұзушыны түзеу. Процестік жауаптылық конституциялық, азаматтық, қылмыстық, процестік, әкімшілік сот әділдігі алдында тұрған міндеттерді шешу.

Қылмыстық сот өндірісінің әдептілік негіздері қылмыстық-процестік қатысушылардың дұрысталу және қайта тәрбиелену үрдістерімен тығыз байланысты, сондықтан қылмыстық-процестік жауаптылықтағы шынайы өнегелік үлгінің және дұрыс өнегелік көзқарастың қалыптасуына бағытталуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 4 шілде 2014 ж. № 231-V. – Алматы: ЮРИСТ, 2014.

2 Сапунова М.О. Юридическая ответственность судей в Российской Федерации: теоретико-правовой анализ: Дис. ... канд. юрид. наук. — М., 2007. — 183 с.

3 Ветрова Г.Н., Коврига З.Ф. Уголовно-процессуальная ответственность. - Воронеж: Изд-во Воронеж. ун-та, 1984. - 190 с.

4 Петрухин И.Л. Уголовно-процессуальная ответственность текст. / И.Л. Петрухин // Правоведение. 1984. - №3. - С.62-65.

5 Капустянский, В.Г. Об уголовно-процессуальной ответственности текст. / В.Г. Капустянский // Правоведение. 1982. -№6.- С.101-102.

6 Зеленина О.А. Процессуальная ответственность в уголовном судопроизводстве: содержание и реализация //Журнал российского права. 2012. No 5. С. 67–75

7 Липинский Д.А. Проблемы юридической ответственности. СПб.: Юридический центр Пресс, 2003. 409 С.9. Коврига З.Ф. Уголовно-процессуальная ответственность. Воронеж: Изд-во Воронежского ун-та, 1984. 190 с.

8 Слободчиков, НА. О позитивном содержании юридической ответственности // Юридическая ответственность : проблемы теории и практики: Сборник науч.тр. /Под ред. проф. В.А. Кучинского, доцента Э.А. Саркисовой. Мн.: Академия МВД РБ. Минск, 1998. С.28-35.

9 Бородинов В.В. Обеспечение правосудности вышестоящим судом: моногр. М.,2005. С. 27.

10 Барабаш А.С. Негативная уголовно-процессуальная ответственность //Правоведение. 1987. No 4. С. 89-93

11 Я.О.Мотовиловкер, М.П.Карпушин, В.И.Курляндский

12 Якушин В.А. Субъективное вменение и его значение в уголовном праве. Тольятти, 1999. С. 74 - 75.

13 Тюшнякова О.В. Меры уголовно-правового воздействия (характера) и их классификация // Вестник ВУиТ. Сер.: "Юриспруденция". Тольятти: Изд-во ВУиТ, 2002. Вып. 20. С. 160.

14 Фролов В. В. Правозаконность и механизм ее обеспечения в РФ (теоретико-прикладной аспект): Дис. . канд. юрид. наук. СПб., 2002

15 Богданова, М.С. Юридическая ответственность: основание, виды, субъекты текст.: дисс. .канд. юрид. наук / М.С. Богданова.- М., 1998.- 187с

16 Кожевников, А.И. Субъекты юридической ответственности текст.: дисс. .канд. юрид. наук / А.И. Кожевников. -М., 2004. 180 с.

Утаров Канат Алимтаевич,
кандидат юридических наук
Сартаева Калия Рысбековна,
кандидат юридических наук
Кожаниязов Ербол Имашович,
магистр юридических наук,
ЮКГУ им. М.Ауезова, г. Шымкент, Республика Казахстан,

ОСНОВНЫЕ РАЗЛИЧИЯ В ХАРАКТЕРИСТИКЕ СОСТАВОВ АНТИКОНКУРЕНТНЫХ ПРЕСТУПЛЕНИЙ ПО УГОЛОВНОМУ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ ЕАЭС

Аңдатпа. Мақалада ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің қылмыстық заңнамасындағы айырмашылықтар қарастырылады. Монополияға қарсы тыйымның ерекшеліктері айқындалады. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердегі бәсекелестікке қарсы қылмыстар үшін жауапкершілік туралы қылмыстық заңның нормаларына салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізілді.

Abstract: The article discusses the differences in the criminal legislation of the EAEU member states. Discloses the features of antitrust prohibitions. Comparative legal analysis of criminal law on liability for anti-competitive crimes in the EAEU member states.

К числу *важных специфических различий* уголовного законодательства государств-членов ЕАЭС относятся различия в системе и содержании антимонопольных запретов.

Система антимонопольных запретов, предусмотренных УК РБ *существенно шире круга специальных запретов, предусмотренных уголовными законами других государств-членов ЕАЭС*. Согласно уголовному закону Белоруссии уголовному преследованию подлежат[1]:

1) уклонение должностного лица государственного или иного органа управления или юридического лица от исполнения предписаний антимонопольных органов, либо ненадлежащее или несвоевременное их исполнение, либо непредставление этим органам информации (документов, объяснений), необходимой для осуществления антимонопольными органами своих функций, либо представление заведомо ложной информации (нарушение антимонопольного законодательства), *совершенные в течение года после наложения административного взыскания за такие же нарушения*(ст. 244 УК РБ). *Наиболее строгое наказание* - лишение свободы сроком на 2 года с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью;

2) установление или поддержание монопольных цен путем сговора индивидуальных предпринимателей или должностных лиц юридических лиц о деятельности на совместном рынке (ст. 245 УК РБ). *Наиболее строгое наказание* – лишение свободы сроком на 7 лет с конфискацией имущества и лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью;

3) заключение и исполнение индивидуальными предпринимателями или должностными лицами юридических лиц соглашений о разделе рынков, об устранении с рынков конкурентов и иных условиях, существенно ограничивающих конкуренцию, либо совершение иных действий, направленных на ущемление законных интересов лиц, ведущих аналогичную деятельность (ограничение конкуренции), *совершенные в течение года после наложения административного взыскания за такие же действия*(ст.247 УК РБ). *Наиболее строгое наказание* - ограничение свободы сроком на 2 года;

4) незаконное использование деловой репутации конкурента, т.е. умышленное использование индивидуальным предпринимателем или должностным лицом юридического лица товарного знака (знака обслуживания), фирменного наименования, географического указания конкурента, либо продажа или предложение к продаже товара (услуги) с применением предупредительной маркировки о товарном знаке (знаке обслуживания), не зарегистрированном в Белоруссии, либо копирование промышленных образцов конкурента, влекущие смешение продукции (товаров, работ, услуг) или деятельности с продукцией или деятельностью конкурента, *совершенные в течение года после наложения административного взыскания за такие же действия* (ст. 248 УК РБ). *Наиболее строгое наказание* - ограничение свободы сроком на 2 года;

5) дискредитация деловой репутации конкурента, т.е. распространение индивидуальным предпринимателем или должностным лицом юридического лица в рекламе, средствах массовой

информации и иным способом заведомо ложных сведений, наносящих вред деловой репутации конкурента (ст.248 УК РБ). *Наиболее строгое наказание* - ограничение свободы сроком на 2 года.

В единственной собственно «антимонопольной» ст.178 УК РФ «Ограничение конкуренции», как уже отмечалось, предусмотрена уголовная ответственность лишь за картель (наиболее строгое наказание за преступление без отягчающих обстоятельств - 3 года лишения свободы; с отягчающими обстоятельствами – 7 лет).

Также в единственной антимонопольной статье 221 УК РК «Монополистическая деятельность» предусмотрена ответственность (наибольшее наказание преступление без отягчающих обстоятельств – 1 год лишения свободы) за[2]: 1) установление и (или) поддержание субъектами рынка монопольно высоких (низких) или согласованных цен, 2) установление ограничений на перепродажу купленных у субъекта рынка, занимающего доминирующее или монопольное положение, товаров (работ, услуг) по территориальному признаку, кругу покупателей, условиям покупки, количеству либо цене, раздел товарных рынков по территориальному признаку, ассортименту товаров (работ, услуг), объему их реализации или приобретения, по кругу продавцов или покупателей, *а также иные деяния, направленные на ограничение конкуренции*, если они причинили крупный ущерб гражданину, организации или государству, либо сопряжены с извлечением субъектом рынка дохода в крупном размере (Согласно п. 38 ст. 3 УК РК под крупным ущербом применительно к ст. 221 УК РК понимается ущерб, причиненный гражданину на сумму в 1000 раз превышающую месячный расчетный показатель, либо ущерб, причиненный организации или государству на сумму, в 10000 раз превышающую месячный расчетный показатель; *под крупным доходом* – доход в 20000 раз превышающий месячный расчетный показатель. На 2018 данный показатель составил 2 405 тенге. Соответственно, в российских рублях (по курсу ЦБ РФ на 1 мая 2018 г.) *крупный ущерб* применительно к рассматриваемой статье для гражданина составлял около 450 тыс. руб., а для организаций и государства - 4,5 млн. руб., а крупный доход – 9 млн. руб. – прим. авт.).

Также единственная «антимонопольная» ст. 188 УК КР «Монополистические действия и ограничение конкуренции»[3], предусматривает ответственность за более широкий круг антиконкурентных действий, чем ст. 178 УК РФ, включая: 1) установление и поддержание монопольно высоких цен или монопольно низких цен, а равно 2) ограничение конкуренции путем а) сговора или б) согласованных действий, направленных на раздел рынка, ограничение доступа на рынок, устранение с него других субъектов экономической деятельности, установление или поддержание единых цен, *совершенные группой лиц или группой лиц по предварительному сговору*. Таким образом, законодатель Киргизии в настоящее время исходит из того, что общественной опасностью обладает лишь такое ограничение конкуренции, которое осуществляется в простом или квалицированном соучастии (группа лиц или предварительно сговорившаяся группа лиц). *Наиболее строгое наказание за преступление* без отягчающих обстоятельств – 5 лет лишения свободы.

УК Армении (ст.195) так же[4], как и УК Киргизии предусматривает ответственность *не только* за искусственное повышение, или понижение, или поддержание незаконных монопольных цен, *но и* заограничение конкуренции путем: а) предварительного сговора или б) согласованных действий, направленных на раздел рынка по территориальному признаку, воспрепятствование доступу на рынок других хозяйствующих субъектов, устранение с рынка других хозяйствующих субъектов, установление или поддержание дискриминационных цен. *Наиболее строгое наказание за данное преступление* без отягчающих обстоятельств - лишение свободы сроком на 2 года.

Сравнительно-правовой анализ уголовно-правовых норм об ответственности за антиконкурентные преступления в государствах-членах ЕАЭС позволяет сделать следующие выводы:

1. Действующее уголовное законодательство государств-членов ЕАЭС об ответственности за антиконкурентное поведение характеризуется существенными отличиями в подходах к криминализации и пенализации такого поведения. Тождественные или сопоставимые формы антиконкурентного поведения в соседних странах, имеющих общее экономико-правовое пространство, могут как подлежать, так и не подлежать уголовному преследованию, наказываться и как тяжкие, и как небольшой тяжести преступления.

2. *Наиболее узкий* круг форм антиконкурентного поведения, подлежащего уголовному преследованию в ЕАЭС, сегодня характерен для уголовного законодательства России (только крупные и особо крупные картели). Наиболее широкий – для Казахстана. То обстоятельство, что в настоящее время УК Белоруссии содержит 6 статей об ответственности за различные формы

антиконкурентного поведения, а УК Казахстана только 1 статью, не должно вводить в заблуждение, поскольку в соответствии со ст.221 УК РК уголовному преследованию подлежат *любые деяния, направленные на ограничение конкуренции,* если они причинили крупный ущерб гражданину, организации или государству, либо сопряжены с извлечением субъектом рынка дохода в крупном размере. Одновременно нельзя утверждать, что Казахстан имеет сегодня самое строгое (репрессивное) в сравнении с иными государствами ЕАЭС уголовное законодательство в сфере конкуренции, так как уголовное преследование за нарушение правил конкуренции в РК может осуществляться лишь в случае извлечения незаконного дохода на сумму свыше 9 млн. руб. или причинения ущерба на сумму свыше 450 тыс. руб. гражданину либо свыше 4,5 млн. руб. организации или государству (в УК РФ соответствующие критерии криминализации еще выше: 50 млн. руб. – для извлекаемого незаконного дохода и 10 млн. руб. – для причиненного ущерба).

3. *Наиболее строгим* уголовным законодательством об ответственности за *картели* в ЕАЭС следует, по-видимому, признать УК Республики Беларусь (ст.245 УК РФ), согласно которому сговор о цене товара подлежит наказанию в виде лишения свободы на срок до 7 лет с общей конфискацией имущества и лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью срок на 3 года *вне зависимости от размера извлеченного незаконного дохода и размера причиненного ущерба*. Вместе с тем, нельзя не обратить внимания на то, что картель в форме соглашения о разделе рынка (ст.247 УК РБ)при отсутствии отягчающих обстоятельств влечет в качестве наиболее строгого наказания лишь ограничение свободы сроком на 2 года.

4. Единственным государством-членом ЕАЭС, уголовное законодательство которого предусматривает ответственность за различные формы воспрепятствования деятельности антимонопольных органов (включая непредставление этим органам информации или представление заведомо ложной информации), является Республика Беларусь (ст. 244 УК РБ). При этом необходимо подчеркнуть, что соответствующая уголовная ответственность может наступать лишь в случае совершения повторных действий после наложения административного взыскания за аналогичные действия.

Приведенные особенности уголовной-правовой политики государств – членов ЕАЭС в сфере конкуренции, разумеется, не исчерпываются рассмотренными вопросами. В действительности круг существенных различий в этой сфере значительно шире и их влияние на поведение хозяйствующих субъектов требует более глубокого исследования.

Вместе с тем, приведенным различиям трудно найти оправдания с точки зрения с точки зрения современного состояния и целей развития общего рынка ЕАЭС, основным субъектом которой является предприниматель. Для правильной оценки всех рисков, связанных с незнанием или неправильным пониманием антимонопольного законодательства государств-членов ЕАЭС (включая риски уголовной ответственности) едва ли не каждое предприятие и предприниматель нуждаются в консультировании специалистами в области уголовного права и процесса, влекущем немалые расходы. В этой связи, существенные различия в уголовно-правовой оценке сходных форм антиконкурентного поведения на экономическом пространстве ЕАЭС, на наш взгляд, должны восприниматься как правовой барьер, подлежащий устранению.

Данная проблема не может быть разрешена усилиями одного только лишь правоприменителя - правоохранительных органов и судов, и требует, на наш взгляд, внесения изменений в Договор о Евразийском экономическом союзе в части, относящейся к регламентации основ согласованной политики в сфере административной и уголовной ответственности за нарушения антимонопольного законодательства.

Литература:

1. http://pravo.kulichki.com/vip/uk/
2. http://online.zakon.kz/m/Document/?doc_id=31575252
3. http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/568
4. https://docplayer.ru/29913275-Ugolovnyy-kodeks-respubliki-armeniya-prinyat.html
5.

Мирзакулова Балжан Амангельдиевна,
Заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Байтанова Айнур Сериковна,
Заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Ақшабай Майра Бақытжанқызы,
Заң ғылымдарының магистрі, оқытушы
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

БҰЛТАРТПАУ ШАРАСЫ РЕТІНДЕ КЕПІЛДІ ҚОЛДАНУ БАРЫСЫНДА ТУЫНДАЙТЫН ТӘЖІРИБЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕР

Аннотация. В целях гуманизации уголовного судопроизводства требуется сокращение репрессивных мер и замена их экономическими рычагами воздействия, необходим поиск действенных мер пресечения, позволяющих решить задачи уголовного судопроизводства с наименьшим ущемлением прав и свобод личности, привлеченной к участию в деле в качестве обвиняемого. В этой связи особую актуальность и значимость приобретают имущественные меры пресечения.

Аңдатпа. Қылмыстық сот өндірісін ізгілендіру мақсатында қудалау шараларынан экономикалық әсерлі әдістеріне өту арқылы айыпталушы ретінде жауапқа тартылып отырған тұлғаның мүмкіндігінше жеке басының құқықтары мен бостандықтарын азырақ шектей отырып, қылмыстық сот өндірісінің міндеттерін атқаруға қажетті бұлтартпау шараларын қарастыру қажеттігі туындап отыр. Осыған байланысты, мүліктік бұлтартпау шаралары ерекше өзекті және маңызға ие.

Abstract: For humanizing of criminal trial reduction of repressive measures and replacement their economic instruments of influence are required, the search of effective measures of suppression, allowing to decide the tasks of criminal trial with the least restriction of rights and individual brought over to participating in business as a defendant freedoms, is needed. In this connection the special actuality and meaningfulness are acquired by the property measures of suppression.

Қылмыстық іс жүргізушілік кепіл, азаматтық құқықтық кепіл сияқты өзінің тамырын терең тарихқа жаяды. Қылмыстық құқықтағы кепіл институтының қалыптасу және даму тарихы оның азаматтық құқықтан келіп, түрленгіндігін және қылмыстық іс жүргізу институтының өзіндік белгілерін қалыптастырғандығын көрсетеді. Егер кепіл бұлтартпау шарасы алғашында мүліктік сипатты (кепіл сомасымен қылмыспен келтірілген залалдың орны толтырылды) иеленсе, кейінірек ол жәбірленуші мен мемлекеттің мүліктік мүдделерін көздеуді доғарды.

Қылмыстық іс жүргізу құқығын жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі қамауға алуға балама бұлтартпау шараларын, оның ішінде кепілді қолдануды кеңейту үшін жағдай жасау болып табылады. Сондықтан кепіл бұлтартпау шарасын кеңінен қолдануға кедергілерді анықтап, оларды шешу жолдарын іздестіру заман талабы болып отыр.

Құқық жүйесінде кепілдің екі нысаны: азаматтық құқықтық міндеттеме (ҚР АК 18-тарауы,) және қылмыстық іс жүргізу құқығындағы бұлтартпау шарасы ретіндегі кепіл (ҚР ҚПК 145-бап) бар. Осыған байланысты қылмыстық іс жүргізу ғылымында екі түрлі көзқарас бар.

Кепіл – күдіктінің, айыпталушының өзі не айыпталушы (күдікті) талапқа сай мінез-құлқын бұзған жағдайда енгізілген кепіл сомасынан айырылатындығы туралы алдын ала түсіндірілген басқа жеке немесе заңды тұлға соттың депозитіне күдікті, айыпталушыны анықтау, тергеу органдарына немесе сотқа олардың келуі жөніндегі міндеттерін орындауын қамтамасыз етуге енгізетін ақшадан тұратын, прокурордың санкциясымен не соттың шешімі бойынша ғана қабылданатын, іс бойынша сот үкімі шыққанға немесе басқа бұлтартпау шарасына өзгергенге не ол жойылғанға дейін сақталатын заң жүзінде бекітілген бұлтартпау шарасының бір түрі**.**

Бірқатар процессуалист ғалымдар қылмыстық іс жүргізуде кепіл бұлтартпау шарасын қолдану кезінде қылмыстық іс жүргізу құқығының ережелерімен қатар, міндеттемелік құқықтың нормаларын, соның ішінде азаматтық құқықтағы кепіл институтын реттейтін нормаларды басшылыққа алу қажет деп ойлайды. Басқа ғалымдар қылмыстық іс жүргізу құқығындағы кепілдің құқықтық табиғаты азаматтық құқықтағы кепіл институтынан мәнді ерекшеленетіндігіне сенімді және қылмыстық іс жүргізу құқығында кепілді қолданудың тәртібін нақты регламенттеу керек деп көрсетті.

Қылмыстық іс жүргізу құқығында кепіл бұлтартпау шарасын қолдануға байланысты туындайтын құқықтық қатынастар қылмыстық іс жүргізу құқығының нормаларымен реттеліп, қылмыстық іс жүргізудің қажеттіліктерін қанағатандыруы тиіс. Бұған қылмыстық іс жүргізу шегінде шешілмейтін мәселелер (ҚР ҚПК-ның 1-бабының 3-бөлімі) жатпайды.

Тәжірибеде қылмыстық іс жүргізулік категория ретінде кепіл бұлтартпау шарасын сирек қолданылудың себептерін анықтау үшін кепіл бұлтартпау шарасын таңдауды шектейтін ереже қылмыстық іс жүргізу заңында бар ма, соны анықтауымыз қажет.

Т.А.Хановтың ойынша, кепіл бұлтартпау шарасын қолдануды заңдағы кепіл күдікті, айыпталушы анықтау, тергеу органдарына немесе сотқа олардың шақыруы бойынша келуі жөніндегі міндеттерін орындауын қамтамасыз етуге енгізіледі деген ережедегі «және өзін дұрыс ұстау» міндетінің жоқтығы шектеуі мүмкін. Бұл ҚР ҚПК-нің 136-бабында көзделген барлық бұлтартпау шараларын қоданудың бырыңғай мақсаттарына қайшы келеді. Бұлтартпау шараларын қолданудың мақсаты айыпталушы немесе күдіктінің анықтаудан, сотқа дейінгі тергеп-тексеруден немесе соттан жасырынуын, не істі сотта объективті зерттеуге және талдауға бөгет жасауын, немесе қылмыстық әрекетпен шұғылдануды жалғастыруын ескерту және үкімнің орындалуын қамтамасыз ету болып табылады [1, 48б].

Егер кепіл бұлтартпау шарасын қолданудың мақсатын тек күдікті, айыпталушы анықтау, тергеу органдарына немесе сотқа олардың шақыруы бойынша келуі жөніндегі міндеттерін орындауын қамтамасыз етуге дейін тарылтатын болсақ, онда оның қатаңдығы мен мақсатты тағайындалуы ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат алу бұлтартпау шарасынан да төмен болатындығы сөзсіз. Өкінішке орай, ҚР ҚПК-нің 145-бабының мазмұнын талдау кепіл бұлтартпау шарасын қолданудың мақсатын тек күдікті, айыпталушы анықтау, тергеу органдарына немесе сотқа олардың шақыруы бойынша келуі жөніндегі міндеттерін орындауын қамтамасыз ету деп, шектеуге мүмкіндік береді. Тергеу органына немесе сотқа олардың шақыруы бойынша келуден жалтару тек шақыру бойынша келмеу, істі сотта объективті зерттеуге және талдауға бөгет жасау сияқты екі мақсатты ғана қамти алатындықтан, бұлтартпау шараларын қолданудың бірыңғай мақсаттарын түгел қамти алмайды.

Біз бұл пікірлердің әр-түрлілігінен туындайтын дауды шешу үшін, ҚР ҚПК-нің 145-бабының 1-бөлігіне «күдікті, айыпталушы анықтау, тергеу органдарына немесе сотқа олардың шақыруы бойынша келуі және өзін дұрыс ұстау жөніндегі міндеттерін орындауын қамтамасыз етуге» деген толықтыру енгізуді ұсынамыз. Жоғарыда айтылғандай, «өзін дұрыс ұстау» деген сөз кепіл бұлтартпау шарасын қолданудың мақсатының көлемін кеңейтер еді.

Кейбір процессуалист ғалымдар кепіл бұлтартпау шарасын ауырлығы төменірек қылмыстар туралы істер бойынша басымырақ қолдануды ұсынады. Бұл ұсыныс заң әдебиетінде сынға алынуы орынды. Бұл тұрғыдан В.А.Михайлов: «Кепіл айтарлықтай тиімді бұлтартпау шарасы, сондықтан да оның қолданылуын тарылту, қылмыстық іс жүргізуде кепілді қолдану тәжірибесін санкциясы айыппұл салуды көздейтін қылмыстар бойынша басымырақ қолдануға бағыттау, кепілді айыптылушының қылмыстық әрекетінің, қылмыстық процестің қалыпты жүргізілуіне белсенді кедергінің жолын кесу құралдарының ішінен нақты алып тастауды білдіреді», - деп жазды [3, 65б].

Қылмыстық процесс барысында қоғамға қауіпті әрекеттің сараланууы өзгеруі мүмкін, әсіресе қатаңырақ жаққа (жасалған әрекетпен байланысты салдарлар туындағанда) өзгеруі мүмкін. Мәселен, бұлтартпау шарасын таңдаған кезде тұлға ауыр санатқа жататын қылмысқа айыпталып, оған кепіл бұлтартпау шарасы таңдалды, ал тергеу барысында ауыр салдарлар туындауы немесе әрекеттің сараланууын өзгертуге жағдай туғызатын дәлелдемелер анықталып, нәтижесінде әрекет аса ауыр қылмыс ретінде сараланса, бұлтартпау шарасына байланысты мәселе туындайды. Мұндай жағдайда қылмыстық іс жүргізуші орган кепіл бұлтартпау шарасының қолданылуын тоқтатып, басқа бұлтартпау шарасын таңдауға міндетті.

ҚР ҚПК-де аса ауыр қылмыстарға айыпталған тұлғаларға қатысты кепіл бұлтартпау шарасынан өзге бұлтартпау шараларын, соның ішінде бас бостандығынан айырумен байланысты емес неғұрлым жеңілірек бұлтартпау шараларын да қолдануға шектеу қойылмаған. Тұлға аса ауыр қылмыс жасағандығына айыпталып, оған қатысты қамау не үйде қамауда ұстау бұлтартпау шараларын қолдануға жеткілікті негіздер болмаса, қылмыстық іс жүргізуші орган кепіл бұлтартпау шарасына қарағанда басқа қатаңдығы жеңіл бұлтартпау шарасын таңдауға мәжбүр болады. Бұл бұлтартпау шаралары айыпталушының міндеттерінің орындалуын тек жазбаша уәдесінен басқа ешнәрсемен қамтамасыз ете алмайды, сонда да заң оларды кез келген қылмыс санаты бойынша қолдануға жол береді.

Пародаксалды жағдай туындайды. Тергеуші тек өзге қатаңырақ бұлтартпау шарасына ауыстырылады деген қорқытудан басқа ешнәрсемен қамтамасыз етілмейтін жеңілірек бұлтартпау шарасын таңдауға құқылы, бірақ айыпталушының келуін материалдық құндылықтарды енгізу арқылы қамтамасыз ететін кепіл бұлтартпау шарасын таңдауға құқығы жоқ.

Кепіл бұлтартпау шарасын аса ауыр қылмыс жасағандығына айыпталатын тұлғаға қатысты қолдануды шектеу, дұрыс емес, ізгілік принципіне сай келмейді. Кінәсіздік принципіне сәйкес, әр адам оның қылмыс жасағандығы үшін кінәлілігі ҚР ҚПК-де көзделген тәртіппен дәлелденгенге және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз деп саналатындығын әрқашан есте сақтау қажет (ҚР Конституциясының 77-бабы). Тұлғаға айып тағу оның кінәлігі туралы мәселені шешпейді және қылмыстық іс жүргізуші тұлғаны бұлтартпау шарасын қолдануға міндеттемейді, тек оған құқық береді. Қылмыстық іс жүргізуші тұлға бұл құқығын тек бізбен жоғарыда қарастырылған барлық бұлтартпау шараларын қолдануға бірыңғай негіздер жеткілікті болған кезде ғана жүзеге асыра алады.

ТМД мемлекеттерінің көпшілігінің бұлтартпау шарасының қатарына кепіл бұлтартпау шарасын қосатын қылмыстық процестік заңдарында аса ауыр қылмыс жасағандығына айыпталушы тұлғаға кепіл қолданылмайды деген шектеу жоқ. Мұны дұрыс деп ойлаймыз. Кепіл бұлтартпау шарасын таңдау туралы шешім іс бойынша анықталған мән-жайларға негізделуі тиіс. Қылмыстық құқықтық санкция бойынша кепіл бұлтартпау шарасын қолдануға тыйым салу оның қолданылу аясын тарылтады.

Келтірілген пікірлерден шығатыны, бұлтартпау шарасын қолдану аясын кеңейту үшін ҚР ҚПК-нің 145-бабының 1-бөліміндегі «Аса ауыр қылмыс жасады деп айыпталған адамдарға қатысты кепіл қабылданбайды» деген ережені алып тасау керек.

Тәжірибеде кепіл бұлтартпау шарасын қолданудың аясын тұлғаға тағылған айыптың ауырлығына байланысты анықталатын, заңда бекітілген кепілдің ең төменгі мөлшері қысқартады. Заңда көрсетілген кепілдің ең төменгі мөлшері не үшін бекітілді, заңшығарушы қандай айыпталушыны көздеді? Мүмкін тек мүліктік жағдайы жақсыларды ғана. Осындай мәселе туындайды.

«2017-2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына сәйкес 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап айлық есептік көрсеткіштің мөлшері 2410 теңге, ал ең төменгі жалақының мөлшері 24800 теңге [4]. Мысалы, бес ең төменгі жалақы мөлшерінде еңбекақы алатын, орташа ауырлықтағы абайсызда қылмыс жасағандығына айыпталатын тұлғаға қатысты кепіл бұлтартпау шарасы қолданылады. Бұл мөлшер кепіл бұлтартпау шарасын таңдауға құқықығы бар лауазымды тұлға айыпталушының міндеттерін орындауды қамтамасыз ете алмайды деп ойласа, оны ұлғайтуға құқылы. Бұдан шығатыны, орташа табысы бар бір де бір айыпталушы тұлға, әсіресе мүліктік жағдайы нашар немесе жұмыссыз тұлға егер кепіл беруші болатын мүліктік жағдайы жоғары қолдаушыны таппаса, заңда белгіленген кепіл сомасын енгізіп, бостандыққа шыға алмайды.

Ірі мөлшерде маткриалдық қаражаты бар, ұйымдасқан қылмыстық топтар мен қауымдастықтар өздерінің мүшелері үшін мұндай мөлшерде кепіл енгізе алады, тек айыптау аса ауыр қылмыс үшін болмауы тиіс. Қазіргі таңдағы жағдайларда бұл ерекше қиындықты талап етпейді. Әсіресе, бұл мәселе материалдық зияны миллиондаған теңгені құрайтын экономикалық қылмыстар үшін өзекті. Ең төменгі кепіл мөлшерін енгізіп (ұрланған немесе салық салудан жасырылған мүліктен) сотқа дейін бостандықта қалуға болады. Сондай-ақ жоғарыда айтылған кепіл бұлтартпау шарасынын қолданылу мақсаты тарлығына орай, тергеу органына ен сотқа олардың шақыруы бойынша келу туралы міндеттемені орындап жүріп, бірмезгілде іс бойныша ақиқатқа жетуге кедергі келтіруге мүмкіндік бар.

Тұлғаны бірнеше қылмыстар жасағандығына айыптаған жағдайда кепіл мөлшерінің ең төменгі мөлшерін анықтау қиындығы сияқты және жоғарғы мөлшерін де анықтау тәжірибеде қиындықтарға әкеліп соғады. Мұндай жағдайда қандай қағиданы – қосуды немесе сіңіру қағидасын ұстанамыз? Айыпталушыға айып тағылатын бірнеше ауыр емес қылмыстарды бір ауыр қылмысқа бағалап немесе олардың әрқайсысы үшін кепілдің ең төменгі мөлшерлерін қосып кепілдің жоғары мөлшерін белгілейміз бе немесе бірнеше ауыр емес қылмыстар бойынша кепілдің ең төменгі мөлшерін бір біріне сіңіріп ең төменгі мөлшерді белгілейміз бе? Сонымен қатар, заң айыпталушының тұлғасы мен мүліктік жағдайын ескеруді талап ететіндігін ескеру керек.

Материалды шығын келтірілмеген қылмыстарға қатысты кепілдің ең төменгі мөлшерін заңда белгіленген айыптаудың ауырлық дәрежесіне қарай анықтау дұрыс емес. Материалдық шығын келтірілмеген қылмыстар бойынша кепіл бұлтартпау шарасын қолдану барысында қылмыстың

қатаңдық дәрежесіне қарамастан олардың барлығына енгізілетін кепілдің бірыңғай ең төменгі мөлшерін жүз еселеген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгілеген дұрыс. Ал кепілдің ең жоғарғы мөлшерін ҚР ҚПК-нің 145-бабына сәйкес, айыптаудың ауырлығын, күдіктінің, айыпталушының жеке басын, кепіл берушінің мүліктік жағдайын ескере отырып белгілеу керек.

Айыптаудың ауырлығы тек тұлғаға төніп тұрған қылмыстық заңдағы жазаның ауырлығына байланысты емес, сонымен қылмыс үшін айыпталатын тұлғалардың түрлеріне (кәмелетке толмаған, жүкті әйел) және санына, қылмысқа қатысушылардың болуына және айыпталушының қылмысқа қатысу түріне (ұымдастырушы, айдап салушы, көмек тесуші, орындаушы), кінәнің нысанына, келтрілген салдарға, рецидив пен саралаушы белгілердің болуына және жасалған қылмыстың ауырлығына әсер ететін өзге де мән-жайларғы байланысты анықталады.

Кепіл бұлтартпау шарасын қолданған кезде енгізілетін кепілдің ең төменгі мөлшерін айып тағылатын қылмыстық әрекеттің тек ауырлық санатына қарай анықтамай, қылмыстың ауырлық санаттарын кепілдің ең жоғарғы мөлшерін анықтаған кезде қылмыстық іс бойынша өзге де мән-жайларға байланысты ескерген мақсатқа лайық болар еді [1, 58-61б].

Қылмыстық заңға «кепілдің мөлшері қылмыстық істегі мән-жайлар мен айыпталушының жеке басына байланысты прокурормен немесе сотпен азайтылуы мүмкін» деген ереже енгізуге болады. Кепіл бұлтартпау шарасының сирек қолданылуы тергеушінің іс бойынша таңдау шешіміне де байланысты.

Сотқа дейінгі іс жүргізуде құқық қолдану барысында әрқашан таңдау мүмкіндігі, яғни тергеушінің (анықтама органының) таңдау шешімі болады. Тергеушінің таңдау шешімі өзара анықталған, нақты шектеу қойылмаған субъективтік және объективтік факторлардың ықпалымен қалыптасады. Сондықтан да олардың неғұрлым мәнділерін көрсетуге болады: тергеушінің ішкі наным-сенімі, мотивациясы мен ұстанымы, болжауы, құқық қолданудағы адемгершілік қағидасы, құқық қолдану тәжірибесі т.б.

Таңдау шешімінің шегі (рұқсат етілген шек) ретінде субъективтік және объективтік сипаттағы әр түрлі факторлар болуы мүмкін. Біз олардың қайсысы басым екендігін анықтай алмаймыз, тек қана адамгершілік нормалары (қағидалары мен ұстанымдары) мен құқық қолдану тәжірибесінің маңыздылығы мен мәнділігін көрсетте аламыз. Жоғарыда айтылып кеткендей кепіл бұлтартпау шарасы прокурордың санкциясымен немесе сот шешімімен қолданылады. Бұл жерде прокурор мен соттың ролі сотқа дейінгі іс жүргізуде тергеушінің нақты бір бұлтартпау шарасын таңдау құқығын заңдастырумен тең болады. Сотқа дейінгі іс жүргізуде тергеуші аталған бұлтартпау шарасын айыпталушығы қатысты таңдау туралы шешім қабылдайды, сәйкесінше ол бұлтартпау шрасын таңдауға байланысты мәселелерді шешеді.

Кепіл бұлтартпау шарасын реттейтін нормаларды таңдаудың қиын болатындығы бірнеше себептерге байланысты. Ең алдымен, қиындық оның азаматтық құқықтың белгілері бар құқықтық табиғатынан туындайды. Сондықтан кепіл бұлтартпау шарасын таңдау және оны қолдану кезінде ҚР ҚПК-нің нормаларымен қатар міндеттемелік құқықтың нормаларын да пайдалану керек деген ұсыныстар кездеседі. Сондай-ақ кепіл бұлтартпау шарасы туралы нормалардың мазмұнын анықтауда да бірқатар мәселелердің туындайтынын жоғарыда айтып кеткенбіз. Қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу кодексінде кепіл бұлтартпау шарасын қолданудың арнайы негіздерін, кепіл берушінің құқықтарының кепілдіктері, кепілді заңсыз ұстағандық үшін жауапкершілік қарастырылмаған. Бірақ көбінесе, кепіл бұлтартпау шарасын қолданудың рәсімінің қолайлы болуы оны қолдануға құқылы тұлғаның кәсібилігіне, тәжірибесіне, біліміне және дағдысына байланысты болады.

Кепіл бұлтартпау шарасын қолдану кезінде оны таңдауға құқылы тұлғаға оны қолданудың негіздерін анықтау қиындық тудырады. ҚР ҚПК-нің 136-бабында көзделген бұлтартпау шараларын қолданудың жалпы негіздері болжау сипатын иеленеді, айыпталушы немесе күдіктінің келешектегі жағымды мінез-құлқын болжайды. Бірақ бұл бұлтартпау шарасы туралы шешім қабылдайтын органның ойлауы интуицияға, субъективтік пікірге негізделуі керек дегенді білдірмейді. Сол немесе басқа фактінің мүмкіндігінің дәрежесі қаншалықты жоғары болғанымен, оны абсолюттеуге болмайды, ол қателесу мүмкіндігін жоққа шығармайды. Сондықтан да кепіл бұлтартпау шарасн таңдау туралы шешім қабылдау сәтіне дейін айыпталушының немесе күдіктінің қылмыстық іс жүргізу мүддесі үшін жағымсыз мінез-құлқын көрсететін мән-жайлардың жиынтығы анықталуы тиіс. В.В.Смирнов: «Бұлтартпау шарасын таңдау туралы шешімнің негізіне мүмкін болатын мінез-құлық туралы субъективті ойлар емес, айыпталушының жағымсыз мінез-құлқы туралы шынайы фактілік деректер болса, онда шешімнің өзі дұрыс болады», - деп жазды [5, 24б]. Яғни, кепіл бұлтартпау шарасын қолданудың жалпы негіздеріне ҚР ҚПК-нің 136-бабында

көзделген іс әрекеттердің кем дегенде бірін жасауы немесе жасауға дайындалып жатқандығын дәлелдейтін іс құжаттары болып табылады.

Осылайша, кепіл бұлтартпау шарасын таңдаудың арнайы негізі қылмыстық іс жүргізуші орган мен кепіл беруші тұлғаның (айыпталушының) арасындағы тараптардың құқықтық міндеттемелері туралы өзіндік келісімшартты жасасу болып табылады.

А.В.Величко мұндай негіздің қалыптасуы белгілі бір шарттардың болуын талап етеді. Бұл шарттар кепіл енгізуші субъектіге, жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілік дәрежесіне және оны жасаған тұлғаның жеке басына, бұлтртпау шарасын таңдау кезінде ескерілетін өзге де мән-жайларға: айыпталушының тұлғасына, жас мөлшеріне, денсаулық жағдайына, отбасы жағдайына, немен шұғылданатындығына т.б. байланысты. Кепіл беруші басқа тұлға болған жағдайда оның тұлғасы, мүліктік жағдайы және айыпталушымен қарым-қатынасы ескерілуі тиіс. Сондықтан да кепіл беруші үшінші тұлға болған жағдайда, кепіл бұлтартпау шарасын қолданушы органның міндетіне кепіл берушінің бостандықта айыпталушының құқыққа сай мінез-құлқын қамтамасыз ете алу мүмкіндігін тексеру жатуы тиіс. Сондай-ақ «кепіл берушіні таңдау толығымен айыпталушыға тәуелді бола алмайды» [6,122б].

Кепіл бұлтартпау шарасын қолданудың аясын тек ауырлығы орташа және ауыр қылмыс санаттарын жасағандығы үшін айыпталушыларға қолданылады деп қатаң шектеуге болмайды. Кез келген жағдайда қылмыстық іс жүргізуші тұлға айыптаудың ауырлдығын бағалаған кезде істің толық мән-жайын басшылыққа алады. Егер тұлға қасақана ниетпен қылмыс жасаса, онда ол қылмыстық жазадан сондай ниетпен жасырынуға және іс бойынша ақиқатты анықтауға кез келген мүмкіндікпен кедергі жасауға тырысуы мүмкін. Сондықтан да негізгі бұлтартпау шарасы ретінде кепіл орташа ауырлықтағы қылмыс жасағандығына айыпталған тұлғаларға қатысты қолданылады, ал ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша оларға қамау бұлтартпау шарасын қолдануға негіз болмаған кезде қолданылады деген ереже дұрыс болады. Мұндай пікірмен келісу қиын, өйткені мұндай ереже кепіл бұлтартпау шарасын қолданудың аясын едәуір шектейтін болады, сәйкесінше кепіл бұлтартпау шарасын қолдану жағдайлары да сирек болады.

З.З.Зинатуллин., В.М.Корнуков: «Кепіл бұлтартпау шарасын нәтижесінде физикалық емес, мүліктік зиян келтірілген мүліктік қылмыстарға, коммерциялық және салық салу қызметі аясындағы қылмыстарға қатысты қолдану керек, мұндай жағдайда айыпталушының тұлғасы тұрақты қылмыстық бағытты иеленбеуі тиіс», - деген ой айтты [7, 28б].

Заң әдебиетінде кепіл бұлтартпау шарасының сирек қолданылуының негізгі себептер ретінде келесі мән-жайлар айтылған: кепіл бұлтартпа шарасын қолдану рәсімінің күрделілігі және кепіл бұлтартпау шарасын қолдануға байланысты қандайда бір нормативтік талаптардың жоқтығы.

Кепілді сот депозитіне енгізу мәселесін қарастырайық. ҚР ҚПК-нің 145-бабының ережесіне сәйкес кепілді айыпталушы немесе басқа жеке не заңды тұлға енгізе алады. Осыған орай кепілді сот депозитіне енізудің екі түрлі тәртібін қарастыру қажет. Кепіл беруші айыпталушы немесе күдіктінің өзі болған жағдайда оның кепілді сот депзитіне енгізу тәртібін реттейтін ереже ҚР ҚПК-де, «Бұлтартпау шарасы ретінде кепілді қолдану туралы» нұсқаулықта да көзделмеген. Кепіл қамауға алудың немесе үйде қамап ұстаудың орнына прокурордың немесе соттың (ҚР ҚПК 145-бабының 3-бөлігі), сондай-ақ прокурор санкциялаған қаулы бойынша тергеуші мен анықтау органының шешімімен қолданылуы мүмкін. Бұл жағдайда күдікті, айыпталушы келісілген сома іс жүзінде соттың депозиттік шотына енгізілгенге дейін қамауда немесе үйде қамауда ұстауда қалады. Осыдан кейін прокурордың, соттың қаулысы атқарылуға беріледі. Мұндай жағдайда айыпталушы немесе күдікті кепіл пәнін сот депозитіне енгізу шартымен босатылса кепіл пәнін өзі енгізеді, ал босатылмаса сенімхат негізінде оның өкілі кепіл пәнін сот депозитіне енгізеді. Бірақ айыпталушы немесе күдіктіні кепіл пәнін сот депозитіне енгізу шартымен босату мақсатқа лайықсыз деп ойлаймыз [1, 114]. Егер айыпталушы немесе күдіктінің мүліктік жағдайы кепіл сомасын енгізуге мүмкіндік бермесе, кепіл берушіні іздестіру мәселесі де заңда реттелмеген. Бірақ тәжірибе көрсеткендей оның өкілі немесе туысқандары кепіл берушіні іздестіреді.

Кепіл беруші үшінші тұлғалар болған жағдайда кепілді қолданудың тәртібі өзіндік ерекшеліктерді қамтиды. Мұндай жағдайда сот депозитіне енгізілетін кепілдің мөлшерін анықтағанда айыпталушының мүліктік жағдайымен қатар кепіл берушінің де мүліктік жағдайын ескеру керек. Кепіл пәні мемлекет кірісіне айналдырылған жағдайда кепіл берушінің айыпталушыға талап қою құқығын заңдастыру қажет. Тек сонда ғана айыпталушы психологиялық мәжбүрлеумен қатар, мүліктік мәжбүрлеуді де ұғынады.

ҚР ҚПК-не келтірілген кепіл бұлтартпау шарасын реттейтін нормаларды жетілдіруге байланысты өзгерістерге қарамастан оны тәжірибеде қолданудың жағдайларының саны есейген

жоқ. Сонда да кепіл бұлтартпау шарасын қолданудың пайдалы екендігін көрсететін бірнеше нақты белгілерді көрсетуге болады.

Атақты процессуалист ғалым Н.Н.Розин: «басқа бұлтартпау шараларымен салыстырғанда кепіл бұлтартпау шарасы айыпталушының, әсіресе мүлігінен айырылу олар үшін әрдайым мәнді болатын тұрғындардың неғұрлым төмен қамтамасыз етілген бөлігінің тергеу органдарына немесе сотқа олардың шақыруы бойынша келу жөніндегі міндетін жағымды орындауын қамтамасыз етудің масатқа лайықты әдісі болып табылады», - деп көрсетті [8, 336б].

Бұл пікірмен келісеміз, себебі кепіл бұлтартпау шарасы басқа бұлтартпау шараларына қарағанда мына белгілері бойынша тиімді:

Біріншіден, кепіл бұлтартпау шарасын қолдану кезінде адамның ең қымбат, бағалы бас бостандығы мен ешкімнің тиіспеушілік құқығы бұзылмайды.

Екіншіден, кепіл бұлтартпау шарасы экономикалық және әлеуметтік сипаттағы басымдыққа ие. Қоғам жұмыс күшінен айырылмайды, күдікті ретіне ұсталғандар мен қамауға алу бұлтартпау шарасы қолданылған тұлғаларды қамау орындарында ұстау үшін едәуір ақша жұмсамайды, отбасы асыраушысынан айырылмайды. Бұл жерде әңгіме қылмыстық істің мән-жайы бойынша бас бостандығынан айыру міндетті емес тұлғалар жайлы болып отыр.

Үшіншіден, айыпталушы немесе күдікті бостандықта қалып, қамау орындарындағы қатыгез қылмыскерлердің ықпалына ұшырамайды, олардың тұлғасының өзгерісі тоқтатыла тұрады. Сонымен қатар шындыққа сай келмейтін көрсетпелер мен мойындаулар алуды көздеген құқық қорғау органдарының адал емес қызметкерлерінің тарапынан айыпталушыға (күдіктіге) қатысты физикалық және моральдік ықпал етудің мүмкіндігі шектеледі.

Айыпталушы кепіл сомасын енгізген жағдайда ол сотқа келетіндігі туралы ант берген сәттен бастап қамаудан босатылады. Егер айыпталушы антын бұзса, онда оған кепіл туралы заңды бұзғаны үшін айып тағылады. Тұлға кепілге босатылған кезде оған белгілі бір шарттар қойылуы мүмкін: ешқайда кетпеу туралы қолхат беру, белгілі бір тұлғалармен байланысуыға шек қою, белгілі мерзімде үйде болуына міндеттеу.

Кейбір ғалымдар өзінің міндеттерін мүлтіксіз орындаған кепіл берушілерге көтермелеу шарасын қолдану, кепіл бұлтартпау шарасын жиі қолдануға алып келеді деген пікірлерді айтады. Мысалы, З.Д.Еникеев: «Заңда айыпталушының дұрыс мінез-құлқын қамтамасыз еткен кепіл берушілерге көтермелеу шараларын қарастыру керек» деп жазды [9]. Ол үшін кепіл пәнін кепіл берушіге қайтарғанда немесе мемлекет кірісіне айналдырған жағдайда оның белгілі бір бөлігін бұлтартпау шарасын таңдаған сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына қалдыруды қарастыратын заңға тәуелді акт шығару немесе қылмыстық іс жүргізу заңына осындай толықтыру енгізу жеткілікті болар еді. Мұндай ережелер кепіл бұлтартпау шарасын қолдануға ынталандырар еді.

И.А.Капсалямовтың ойынша, әрбір қылмыс құрамына сәйкес кез келген айыпталушыға бірдей қолданылатын қатаң анықталған кепіл мөлшері болуы тиіс. Оны анықтаудың мынандай жолын ұсынды: «тиісті мерзімде бекітілген ең төменгі жалақы мөлшерін бір жылдағы ай санына еселеу керек, шыққан соманы айыпталушыға тағылған айып бойынша ҚР ҚК-те көзделген бас бостандығынан айыру жазасының ең жоғары мерзіміне еселеу керек [10].

Қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу нормаларына сәйкес айыпталушы немесе күдіктімен енгізілген кепілдің, үшінші тұлғалармен енгізілген кепілден айырмашылығы жоқ. Соңғысының басты ерекшелігі ол айыпталушының есебінен емес, үшінші тұлғалардың есебінен енгізілетіндігінде. Мұндай жағдайда кепіл бұлтартпау шарасын қолдануға кезінде қылмыстық іс жүргізуші орган мен айыпталушының арасында туындайтын құқықтық қатынасқа айыпталушының өзін дұрыс ұстауы үшін жауап беретін кепіл сомасын ерікті түрде енгізуге міндеттенетін кепіл беруші үшінші тұлға қатысады. М.Ч.Қоғамов кепіл берушінің өзі айыпталушының жағымды мінез-құлқын бақылайтындығы бекітілетіндіктен, кепілді үшінші тұлғаның енгізуін дұрыс деп санайды [11].

Кепіл бұлтартпау шарасын заң талаптарын сақтай отырып қолдану, оларды қылмыстық іс жүргізудің мақсаттары мен міндеттерін дұрыс атқару және ең бастысы, азаматтардың осы тұрғыдағы құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету қазіргі заманғы Қазақстанның азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде халықаралық шарттарға қосылудағы мәртебесін айқындайтын шарттардың бірі болып табылады. Кепіл бұлтартпау шарасын қолдану азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын шектейтіндіктен, оның заңдылығы мен негізділігін қамтамасыз етуші нақты қатаң іс жүргізушілік кепілдіктер керек. Біздің мемлекетте қылмыстық іс жүргізу мақсаттарына азаматтың құқықтары мен бостандығын мүмкіндігінше аз шектеу арқылы қол жеткізу көзделген. Біздің ойымызша осы

еңбекте ұсынылған ережелер мен құқықтық ұғымдардың нақтылануы теория мен тәжірибеде қылмыстық процестің міндеттерінің орындалуы мен адам құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі №231-V Қазақстан Республикасының заңымен 2014 жылғы 4 шілдеде қол койылып, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2017.-368 б.

2 Ханов Т.А. Теория и практика примененния залога как меры пресечения. –Алматы: Данекер, 2003. - 109 б.

3 Михайлов В.А. Применение залога в россиском уголовном процессе. – Омск, 1993. – 145 б.

4 Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі Қазақстан Республикасының 2008 жыл 4 желтоқсан N 95-IV.

5 Смирнов С.В. Проблемы реализации в уголовном процессе права на возмешение ущерба, причиненного преступлением, в условиях прехода государства к рыночной эканомике. Дис.. к.ю.н. – Нижний Новгород, 1994. - 204 б.

6 Величко А.В. Правовое регулирование примемении залога как меры пресечения в уголовном процессе. Дисс…к.ю.н. - Москва - 2001. - 181 б.

7 Зинатуллин З.З., Корнуков В.М. Меры процессуального принуждения и его эффективность. – Саратов, 1998. - 214 б.

8 Розин Н.Н. Угловное судопроизводство. – М., 1996. – 584 б.

9 Еникеев З.Д. Применение мер пресечения по уголовным делам. – Уфа, 1998. – 104 б.

10 Капсалямов К.Ж. Уголовно-процессуальная сущность залога // Законотворчество и правоприменение в Республике Казахстан: вопросы теории и практики. – Караганда,1997. - 105 б.

11 Когамов М.Ч. Комментарий к уголовно-процессуальному кодексу РК. В 2-х частях. Общая и особенная части (извлечения) + постатейный, к нормам УПК. Издательство Жеті Жарғы 2015

Шалдарбекова Манат Бакташовна
«Мемлекет және құқық теориясы» кафедрасының аға оқытушысы құқық магистрі
Жақсылық Маржан Жақсылыққызы
«Мемлекет және құқық теориясы» кафедрасының аға оқытушысы құқық магистрі
Тлегенова Жамиля Каленовна
«Мемлекет және құқық теориясы» кафедрасының аға оқытушысы құқық магистрі
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті.

НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖҮРГІЗУ БОЙЫНША ЖЕТКІНШІКТЕРГЕ ПРОФИЛАКТИКА ЖҮРГІЗУДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ

Аннотация. В статье рассмотрена проблема наркомании, которая среди многих проблем, стоящих сегодня перед казахстанским обществом.
Целью данной статьи является исследование административно – правовых методов выявления, предупреждения и пресечения незаконного оборота наркотических средств и психотропных веществ.
Являясь острой социальной проблемой, наркомания привлекает внимание ученых-правоведов и практических работников. Обусловлено это тем, что совершенствование системы мер и методов, направленных на выявление, предупреждение и пресечение распространения наркотических средств и психотропных веществ, требует совместных усилий специалистов различного профиля.

Adstract. The problem of drug addiction, which is among many problems facing society of Kazakhstan today, is considered in the given article.
The purpose of this article is to study the administrative and legal methods of detecting, preventing and suppressing illicit trafficking in narcotic drugs and psychotropic substances.
Being an acute social problem, drug addiction attracts the attention of legal scholars and practitioners. This is due to the fact that the improvement of the system of measures and methods aimed at identifying, preventing and stopping spread of narcotic drugs and psychotropic substances requires joint efforts of specialists in various fields.

Ғасыр дертіне айналған есірткі және оны тұтынудан аулақ болу, кеселдің алдын алу қажеттілігі бүгінгі күн тәртібіндегі ең басты өткір мәселелердің бірі болып отыр. Соңғы он жылда еліміздегі нашақорлар тобы молайып, оның ішінде балалар арасындағы есірткіге құмарлар қатары 13 есе өскен екен. Соның ішінде есірткі дертіне шалдыққандардың жасы отыз жастан жоғары емес. Бұл жағдай күннен-күнге есірткі пайдаланушылардың «жасарып» келе жатқандығын дәлелдейді. Талай жеткіншек нашақорлық салдарынан қауіпті кеселдің құрбанына айналып, жыл сайын ата-ана, туған-туыстарына қайғы-қасірет әкеліп жатыр.

Отбасы әлеуметтену институты ретінде жеткіншектің өмірдегі қиын әсерлерге бейімделуін қамтамассыз етуге және дамудың деструктивті стимулынан қорғауға жұмылдырылады. Жеткіншек нашақорлығын емдеу сферасында бүгінгі күні отбасының рөлі мемлекет құрылымдарының қандай да бір жетістіктерге қол жеткізе алмауымен тікелей байланысты. Бірақ та бұл мақсаттағы отбасының рөлі жеткілікті зерттелген жоқ. Профилактика проблемасы бойынша ата-аналардың позициясы мен бағдарларының шеңбері түсініксіз, ата-аналардың негізгі стратегиялары мен олардың жетістіктері, отбасының протективті ресурстарының мазмұны, олар қандай көмекті қажетсінеді және бұл көмекті қалай ұйымдастыруға болады. [1]

Зерттеуді бастай отырып, біз мына болжамдарғасүйенеміз:
1. ата-аналаресірткігеқарсыпрофилактикағақатысуғадайын, бірақ мұндай жұмыстың әдістерін білмейді; 2. ата-аналар есірткіге қарсы профилактик аға қатысуға икемді емес және бұл міндеттерді мамандар мен мемлекеттік орындарға, әсіресе бірінші кезекте мектепке тапсыруға дайын; 3. ата-аналар күшінің жеткенінше есірткіге қарсы өздерінің мүмкіндіктерін шын асиқаттаумен шұғылдануда, бірақ мұның жеткіліксіз екендігіне сенімді.

Байқалғаны бұл болжамдардың әрқайсысы сынға шыдайалмайды және ата-аналар есірткіге қарсы профилактиканы қалайтүсінеді деген сұрақтан бастау керек. Осы терминдер мен алғашқы таныстықтан бастап-ақ мынадай тақырыпқа «Есірткі дегеніміз не, және оны пайдалануға болмайды» әңгімелесуден бастау керек. Бұлжер де ата-аналардың өзі нашақорлықпен клиникалық-әлеуметтік құбылыс ретінде аз таныс және психо активті заттарды теріс пайдаланудың салдары туралы әңгімелесуді қалайды. Осыуақытта жеткіншек-жоғарысыныптар, ата-аналармен есірткіге

қарсы сұрақтар төңірегінде біршама біліктірек, тіпті есірткіні пайдалануда жеке тәжірибесі болмасада, сондай тәжірибесі бар құрдастарынан біледі және қатынасқа түсе алады.

Көптеген отбасылар сыртқы наркогенді қауіптерден нәтижелі қорғанады (есірткінің жеткізілуі, наша тарататындардың белсенділігі, есірткіге қарсы адекватты емес насихаттау, жақын айналасындағыларға есіркінің жұғуы) және жас ерекшелік пен әлеуметтік, шартталған өмірлік тәжірибе, жеткіншектерде тәуекелділікке баруы болып табылады.

Әдетте, девиантты емес және тіпті сәтті отбасылардың өзі өздерінің протекторлық ызметтерін әртүрлі жүзеге асырады, түрлі профилактикалық потенциялға иеболады. Олардың ішінде жеткіншектерді сыртқы наркогенді сыртқы қауіптен қорғау ғана емес, тіпті сол үшін өтірік айтуға дейін барады. [3]

Жеткіншекті есірткі денқорғау деңгейі бойынша, басқаша айтсақ, профилактикалық потенциялының көріну деңгейі бойынша шартты түрде, отбасын бес типке бөлуге болады:

1. протекторлы (қорғаушы) отбасы, профилактиканың белсенді қатысушысы;
2. иммунды, бекітілген отбасы;
3. нейтралды отбасы, жеткіншектерді есірткіден қорғау бойынша өздерінің міндеттерін көрсетеді;
4. гипопротекторлы, гиперқорғаушы отбасы;
5. қорғаныс функциясын орындауға қабілетті отбасы;

Осы типтердің әр қайсысына сәйкес отбасы жеткіншек және есірткі құралдарына қатынасын түрліше көрсетеді, есірткіге қарсы стратегияларын әр түрлі қолданады.

Жеткіншекке нашақорлық жалпы отбасылық шындыққа айналғанда, нашақор және оның аға-қарындасы арасындағы өзара қатынас сипаты өзгереді. [1].Нашақорға қарсы қатынасы бойынша ағасы, бақылаушы ата-ана позициясына енеді, ал қарындастары мен інілеріне ерекше көңіл аударуы керек. Өйткені нашақор отбасында үлкен қауіп төнуі мүмкін, алдындағы баланың нашақорлығының салдарынан оны жарақаттауы ықтимал: оның тұлғасының қалыптасуының нағыз жауапкершілік кезеңінде отбасы өмірінің потогенді кезеңіне тура келеді. Біз психокоррекциялық және психологиялық жұмыс нашақор отбасындағы барлық кіші балаларына да қажет деп есептейміз.

Бәрінен бұрын балалар отбасының жабықтығымен ұшырасады, яғни балаларының біреуінің нашақорлық фактысын туысқандарының балаларынан, көршілерінен, қызметтестерінен көбірек жасыруға тырысады. Туысқандарымен немесе достарымен кездескенде, отбасы мүшелері өздерін үнемі бақылауда ұстап отыруы тиіс, өйткені олардың «отбасылық ұрысы» кездейсоқ таратылмауы тиіс. Бұл үйреншікті әлеуметтік байланыстардың және отбасындағы әлеуметтік және эмоциялық өмірінің қысқаруына және үзілуіне әкеледі. Үйде қонақ болу азаяды, балалар өздеріне достарын шақыра алмайды.

Ата аналардың нашақор баласымен күресі ішкі отбасылық шиеленістің күртөсуіне әкеледі, яғни тұйықтық,күмәндану жәнебасқаадамдардың эмоциялық күйін түсінуге қабілетсіздік бала да әлеуметтік жүріс тұрыстың кездейсоқ проблемалық стилін қалыптастырады. Болуы мүмкін шиеленісті күтуге байланысты мазасыздану уақыт келе болашақ алданда үрейді туындатады. [6]

Уақыт өте келе бұл тенденциялар күшеюі мүмкін. Олар өздерін ұмытылған және еріксіз қатарында сезінеді. Өздерінің сезімдерін жасыруға үйренген және шектетілуден қорыққан балалар, өздерінің күйзелулерін айтпайды, бірақ та олардың мазасыздануы сурет салғанда ашық көрінеді. [6]

Үлкен балаға ата-ананың белсенділігі және зейінінің аударылуы, кішілерінің қараусыз қалуына әкеледі. Баланың терең қайғыруы ата-ана тарапынан көңіл аударылмауына және оларда төмен өзін-өзі бағалау қалыптасады. [2]

Жалпы отбасылық жағдайда кіші балаларға тигізетін негативті және деструктивті әсерден басқа, олар тікелей күш көрсетуге және қорлау көрсетуге әкеледі. Осы айтылғандардың барлығы, нашақоры бар отбасының балаларында тұлғаның өте проблемалық типі қалыптасады, мыналар негізгі параметрі болып табылады:

өзін-өзі төмен бағалау;
мазасыздану;
болашаққа үрей;
негативті өзін-өзі идентификациялау;
күнәлі сезіну;
өзінің отбасы үшін ұялу сезімі;
шындықты жоққа шығару;
шындықты сезінуден қашу;

агресивтілік. [7]

Нашақордан отбасы кіші балаларға негативті әсерін тигізеді. Олар өмір сүруі үшін балалар отбасының өміріне тек бейімделу ғана емес, сонымен қатар компенсаторлы механизімді пайдаланады, соның ішінде өмірге фантазиясы мен аңыз қабілеті арқылы ерекше көрінеді. Мұндай фантазиялар баланың жан дүниесі үшін өзіндік ерекшелігі бар.

Нашақор отбасындағы кіші балаларға профилактикалық жұмыс үшін диагностикалық пен терапиялық жұмыстар бойынша әдістерге бай, проекцияның механизмдеріне негізделген:

Есірткі пайдаланатын жеткіншектер отбасындағы бұл тәжірибелерден байқағанымыз, мұндай отбасындағы кіші балалармен жүйелі, толықбағытты коррекциялық және профилактикалық жұмыс олардың тұлғалық дамуындағы негативті процестерді динамикасын ірілеуге мүмкіндік береді. Мұндай жұмыстар жағдайға байланысты индивидуалды, балалар тобында, отбасылық психотерапия процесінде жүргізілуі мүмкін.

Біз оптимистік және бекітілген клиникалық практикаға сүйене отырып, транзакты талдау жағдайында балада әрқашан позитивтілікті алу мақсатында трансформациялау мүмкіндігі бар, ал негативті нәтиже бойынша емес. [2]

Біздің тұжырымдауымызша, нашақор отбасындағы балалар мен коррекциялық жұмыс оларды есірткіге баруға және девиантты жүріс-тұрыстың алдын алуын ескертуде күшті құрал ретінде жүзеге асады.

Есірткіні алғашқы профилактикалау орталықтарын ұйымдастырудағы тәжірибені талдау

Әдебиеттердің қайнар көзін талдау, сонымен қатар интернет жүйесінен қорытынды шығара отырып бүгінгі күні ауру және тәуелдікке баратын топтардағы есірткіні пайдаланушы жұмысына бағытталған профилактикалық шаралар жүйесін өңдеуге барлық көңілді аударып отыр. Барлық елде есірткіге қарсы кеңес беру орталықтарында мамандар, жаңа емдеу әдістері мен бағдарламаларынан нашақорларға хабарлар тарататын, есірткіге қарсы акцияларды және әртүрлі ұйымдар іс-әрекетін орталықтандырады. Соңғы уақытта шағын топтарда нашақорлар мен олардың отбасыларына көмек беру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында әртүрлі мамандықтарды біріктіру тәжірибесін тарату үлкен орынды иеленеді (дәрігерлер, психологтар, педагогтар).

Әртүрлі мақсатта құрылған орталықтар психологиялық-педагогикалық, медико-әлеуметтік пен ақпараттық-әдістемелік көмектерді және есірткі заттарын пайдалану және әлеуметтік денсаулық саласында балаларға, жеткіншектер мен үлкендерге олармен тікелей өзара әрекет ететін (педагог, тәрбиеші, ата-ана, т.б.) көмекті жүзеге асыруда. Осыған орай орталықтар құрылуда.

Орталықтардың негізгі мақсаты болып табылатын:

балалар мен жеткіншектердің жауапкершілік мінез-құлқында есірткі құралдарын пайдалануға икемдейтін ықтималдылықтарды төмендететін салауатты бағдарлар мен дағдыларды қалыптастыруға икемдейтін жағдайларды құру;

балалар мен жеткіншектерді салауатты өмір сүрумен есірткі заттарын пайдаланудың профилактикасы аймағында жас ерекшеліктеріне сәйкес ақпараттар мен әдістемелік материалдар мен қамтамасызету;

оқыту мен дамуда және әлеуметтік бейімделуде проблемасы бар балалар мен жеткіншектерге кәсіби психологиялық-педагогикалық және медико-әлеуметтік көмек көрсету;

тәрбие мен білім берудің бірінші салаларымен жұмыс істейтін мектеп, колледж, лицей және басқа орындардың педагогтарының іс-әрекетін әдістемелік қамтамасыз ету;

Орталық іс-әрекетінің негізгі бағдарламалары:

- ақпараттық кеңес беру іс-әрекеті:
- есірткі заттарын пайдаланудың профилактикасы сұрақтары бойынша педагогтар мен жеткіншек-лидер үшін жаттығу сабақтары мен практикалық семинар жүргізу,
- балалар және жеткіншектермен психологиялық-педагогикалық коррекциялық жұмыс, яғни олардың тұлғалық дамуы мен мінез-құлықтың адекватты формасында девиацияны жетілдіруге бірлеседі;
- кәмілетке толмағандармен психологиялық-педагогикалық, олардың денсаулығының психологиялық жағдайы, отбасындағы өмір жағдайы мен тәрбиесі, дамудың индивидуалды ерекшеліктері, тұлғалық қасиеттері, қызығушылықтарына зерттеу жүргізу;
- кәмілітке толмағандардың жағымды икемділіктері мен қызығушылықтарына, мінез-құлықтағы кемшіліктерін шектеу, оқыту мен еңбекке тарту, өмірлік және кәсіби өзін анықтау, үлкендермен және құрдастарымен өзара қатынасты жетілдіруде психотерапевтік жұмыстарды индивидуалды және топтық тәрбие шараларында жүргізу;

- кәмілетке толмағандарға жан-жақты білікті кеңес беру (психологиялық, педагогикалық, медициналық, құқықтық);
- ата-аналарға, педагогтарға, балалардың интеллекттік және психикалық дамуының ауытқуындағы профилактика мен коррекцияға байланысты ұсыныстар; психиканы жарақаттайтын, отбасындағы қолайлы микро климатты орнату;
- ғылыми зерттеу жұмысы:
- балалар мен жеткіншектердің психологиялық, физикалық даму деңгейінің кешенді психологиялық-медико-педагогикалық диагностикасы;
- балалар мен жеткіншектерді ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерге тарту;
- сәйкес оқу орындарымен, ғылыми-зерттеу мекемелерімен ғылыми-зерттеу мен әдіснамалық іс-әрекеттерді координациялау.
- білім беру әдіснамалық жұмыс:
- балалар мен жеткіншектерді әлеуметтік қолдауда психолого-педагогикалық коррекцияның инновациялық әдістерін өңдеу және енгізу;
- БАҚ өзараәрекеттестікті жүзеге асыру;
- есірткілік заттарды пайдалануға профилактика психокоррекциялық жұмыстардың іс-әрекетін ұйымдастыру;
- Балаларға, жеткіншектерге, ата-аналарға, педагогтарға қажетті ақпараттарды тарату;

Арнайы мекемелерде нашақорлықты профилактикалаудағы зерттеудің мәні мен ерекшеліктерінің ұйымдастыру-әдіснамалық аспектісі осы мекемедегі психологиялық қызметті ұйымдастыру мен жан-жақты ғылыми талдаумен тығыз байланысты. Ол жауапқа тартылғандардың арасындағы нашақорларды алдын ала ескертеді, нашақорлардың тұлғасына, олардың қоршаған ортасына, олардың есірткіге қатынасының өзгеруіне маңызды әсерін тигізеді. Біздің жүргізген зерттеулерімізде жауапқа тартылғандарға психологиялық көмекті ұйымдастырудың негізгі звеносы жазаны орындау мекемелеріндегі психологиялық лаборатория болып табылады. [1]

Бірінші бағыт – есірткіні жұқтырғандардың арасындағы психологиялық тұрақтылықты жоғарылатудың негізгі мақсаты.

Сол бағыттың міндеттері:

1. Есірткілік психологиялық дағдарыс факторына енуден басталады.
2. Олардың тұлғалық дамуындағы негативті бағдарды олардың өздерінің өмірінде психотехнологияларын қайта құру;
3. Есірткі пайдаланушылардың экзистенциялды күйін қайта жасаудың оптималды жолын іздестіру;
4. Жоғарғы адамгершілік және өзіндік сана-сезімді қалыптастыру;

Медикоментоздан кейінгі психологиялық көмек – бұл тұлғаның қалыпты психологиялық қасиеттері мен қырларын есірткілік заттарды пайдалану процесінде қайта дамыту мен жоғалтқандарын дамытуға бағытталған өлшем жүйесі, сонымен қатар есірткіге тәуелділердің тұлғасының жалпы тұрақтылығын жоғарылату. Бұл жүйеде ерекше орын психологиялық лабораторияның диагностикалық іс-әрекетіне жүктеледі. Жұмыстың бұл спектіріне есірткіге шалдыққан аурулардың оның индивидуалды психологиялық ерекшеліктерін анықтау мақсатында, психологиялық диагноз қою мен психологиялық портретін жасауды тұлғаны зерттеу кіреді. Психодиагностиканың нәтижесінде есірткі пайдаланғандардың деструктивті және невротикалық реакцияға бейім, мінез патологиясы, стреске тұрақтылығының төмендігі, есірткіге тәуелділік, үнемі психологиялық пен медициналық көмекті қажет ететін, профилактикалық есепке алу анықталды. [1] Нашақорлардың шынайы жүріс-тұрысы туралы алғашқы мәліметтерді алуда негізгі рөлді бақылау әдісі, жеке жұмысын талдау мен сұрақ-жауап айрықша рөл ойнайды. Осылардың көмегімен нашақордың психологиялық портреті объективтірек болып көрінеді. [3] Нәтижесінде психолог есірткіге тәуелділерді үш категорияға бөледі:
- есірткіге тәуелділікті доғаруға қабілеттілік, бірақ мұны әртүрлі себептер бойынша қаламайды;
- есірткіні пайдалануды доғартуды қалайды, бірақ оны жеке орындауға қабілетсіз;
- өз беттерінше қабілетсіз және патологиядан құтылуды қаламайтын;

Осы үш категорияға жататындар, оларға үнемі психологиялық көмек көрсетуді қажет етеді. Сондықтар, олар үш арнайы қосымша психологиялық мінездеме карточка ашылуы тиіс.

Есірткіні пайдалану салдарымен байланысты (стресстік күйді болдырмау, дағдарыстық және шиеленістік ситуацияны шешу т.б.) индивидтің психологиялық проблемасын шешуде көмекке бағдарланған. Екінші функция (басты) есірткіге тәуелділердің әлеуметтік-психологиялық бағдар мен құндылықтарын, өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі дамыту тәсілдері мен әдістеріне оқыту,

есірткіден тәуелділікке құтылуға жағымды бағытты қалыптастыруға толық бағытын өзгерту. Врач-психиатр мен психолог бірлесе өзара әрекет ете отырып нашақорлардың есірткі пайдалануға негативті қатынасын өзгертуге тырысады, оның психикалық құмартуын жеңуге, ал қажет жағдайда есірткіге тәуелділіктің жоюдың процедуралық сериясын жүргізеді және психофизиологиялық денсаулығын қалпына келтіру.

Есірткіге тәуелділердің психокоррекцияның индивидуалды формасын қолданумен қатар топтық әлеуметтік-психологиялық тренингтер, рөлдік ойындар, ұжымдық релаксация, аутогенді жаттығу қолданады. Бұл шаралардың мақсаты әртүрлі өмірлік ситуацияларда мінез-құлықтың дағдыларын дамыту, құндылық бағдар мен жүріс-тұрыс мотивациясын өзгертуден тұрады. Тренингтердің моделі өмірлік ситуацияларды шешуге, әлеуметтік дезаптация, салауатты өмір сүруге бағдарланады. [6],

Психологиялық лабораториялардың іс-әрекетін профилактикалық және соған байланысты прогностикалық функцияларсыз елестету мүмкін емес. Оның мәні индивидуалдық және топтық мінез-құлықты болжау, есірткіге тәуелдінің тұлғалық дамуының болжамын бағалау және «тәуекел тобының» ішкі жалпы әлеуметтік ситуациясы, тұлға аралық шиеленісті қазіргі жағдаймен байланысты алдын алу, психоэмоциялы бұзылулар, невротикалық ашулану және т.б. [7],

Бұл жұмыстың жетістіктері психолог, психиатр және кеңес беру орындарының түрлі қызметкерлерімен өзара ақпараттарды жүйелеп бірлесе жұмыс жасағанда көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Алешина Ю. Индивидуальное и семейное психологическое консультирование. М., Класс.; 2000.С.10-25.
2. Психологическая помощь и консультирование. Под ред. М.Ж.Тетушкина., Санкт-Петербург, 1999.С.7-35.
3. Кондрашенко Е.Т. Девиантное поведение у подростков. Минск, 1988.
4. Личко Е. Подростковая психиатрия. М.,1985.
5. Методы исследования межличностного восприятия / Под ред. Г.М. Андревой, В.С. Агеева. М.,1984.
6 . Психология подростка. Под ред. А.А. Реана . М., «Олма-Пресс»., 2003.
7. Жағымсыз әдеттердің алдын алу мәселесі. Жантану негіздері №5., 2010 ж.- Б.3-6

Есеналиев Аскат Ералыулы,
кандидат юридических наук, доцент
Тоханова Роза Жумадилевна,
магистр юридических наук
Аллаярова Наргиза Имамназаровна,
магистр юридических наук, ЮКГУ им. М.Ауэзова, г.Шымкент, Республика Казахстан,

ОСНОВНЫМИ ИСТОЧНИКАМИ, ЗАГРЯЗНЯЮЩИМИ ОКРУЖАЮЩУЮ СРЕДУ И ВЫЗЫВАЮЩИМИ ДЕГРАДАЦИЮ ПРИРОДНЫМИ ОБЪЕКТАМИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Андатпа. Бұл мақалада Қазақстандағы Экологиялық ақуалдың жай күйі, бұзылған қоршаған орта мен оған төніп тұрған қауіп қатердің алдын алудың негізгі тенденциялары мен ерекшеліктері жайында бірқатар деректемелер беріледі.

Аннотация. В этой статье представлены детали, необходимые для изучения общих закономерностей и тенденций загрязняющий окружающую среды и вызывающими деградацию природными объектами в Республике Казахстан особенностях его развития.

Abstraet. Details necessary for the study of general conformities to law and tendencies contaminating surrounding environments and by defiant degradation natural objects in Republic of Kazakhstan features of his development are presented in this article.

В Республике Казахстан к настоящему времени сформировалась самостоятельная подотрасль экологического законодательства- законодательство об охране окружающей среды заново приняли как Экологическое право.

В настоящее время состояние обьектом окружающей среды вызывает серьезные опасения. На проходившем Всемирном саммите по устойчивому развитию в Йоханнесбурге (ЮАР) в 2002 г. отмечалось: биологическое разнообразие сегодня сокращается беспрецедентными темпами и именно в результате человеческой деятельности истощены до предела около 75% морских рыбных запасов, на грани исчезновения 70% коралловых рифов.[1]

Особую тревогу вызывает в настоящее время и акватории казахстанской части Каспийского моря, где осуществляется интенсивная добыча нефти и вместе с тем загрязнения моря. В настоящее время природоохранная прокуратура возбудило дело по факту гибели тюленей в Каспийском море. Сейчас численность погибших тюленей достигло 891.[2]

По мнению профессора М. Даирова, стоимость ежегодно добываемых нами 300 млн. тон нефти может составить 45 млрд. долларов. Строительство нефтепровода, эксплуатация и ремонт морских платформ, транспортные и прочие расходы обойдутся примерно в 15 млрд. долларов в год. Потеря биологических ресурсов оценивается во столько же. Таким образом, чистая прибыль от добычи нефти может составить примерно 15 млрд. долларов и фактически будет равна сумме ущерба от утраты рыбных богатств Каспия. Потери животного и растительного мира подсчитать очень трудно.[3]

В Республике Казахстан к настоящему времени сформировалась самостоятельная подотрасль экологического законодательства- законодательство об охране окружающей среды заново приняли как Экологическое право.

В 2007 году 23 января года был принят Экологический кодекс Республики Казахстан, в котором целые главы и статьи посвящены требованиям по использованию животного мира. Также, в целях обеспечения экологической безопасности Республики Казахстан и определения комплекса государственных мер по устойчивому развитию была разработана концепция экологической безопасности РК на 2004-2015 годы [4]. Здесь можно подчеркнуть главную актуальность разработки и приоритетов Концепции экологической безопасности на 2004- 2015 годы. Мировой опыт показывает, что основой успешного решения экологических проблем и предотвращения, экологических катастроф является экологизация социально- экономической системы любого государства. [5]

Обеспечение оптимального уровня экологической безопасности с достижением нормативных показателей состояния окружающей среды предполагает поэтапную реализацию положений данной Концепции.

Первый этап (2004-2007 годы) снижение уровня загрязнения окружающей среды и выработка плана действий по его стабилизации.

Второй этап (2008-2010 годы) стабилизация показателей качества окружающей среды и совершенствование экологических требований к природопользованию.

Третий этап (2011-2018 годы) улучшение качества окружающей среды и достижение благоприятного уровня экологически устойчивого развития общества. Здесь, я бы хотела выделить главную цель обеспечения экологической безопасности. Целью государственной политики в области экологической безопасности является обеспечение защищенности природных систем, жизненно важных интересов общества и прав личности от угроз, возникающих в результате антропогенных и природных воздействий на окружающую среду.

Для достижения данной цели необходимо решить следующие задачи: снижение антропогенного воздействия, ведущего к изменению климата и разрушению озонового слоя Земли; сохранение биоразнообразия и предотвращение опустынивания и деградации земель;реабилитация зон экологического бедствия, полигонов военно- космического и испытательного комплексов; предупреждение загрязнения шельфа Каспийского моря; предупреждение истощения и загрязнения водных ресурсов; ликвидация и предотвращение исторических загрязнений, загрязнения воздушного бассейна, радиоактивного, бактериологического и химического загрязнений; сокращение объемов накопления промышленных и бытовых отходов; предупреждение чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера.

Исчезновение видов животных приводит к утрате разнообразия на генетическом уровне. Наиболее эффективной мерой сохранения биоразнообразия является создание особо охраняемых природных территорий. Площадь особо охраняемых территорий республики составляет 13,5 млн. гектаров, или 4.9 % от всей территорий, что совершенно недостаточно для сохранения экологического баланса биологического разнообразия и ниже мировых стандартов, которые составляют 10 %.

Серьезно влияют на динамику правонарушений в сфере пользования животным миром появление и развитие предприятий с различными формами негосударственной собственности, нацеливающих свою деятельность, прежде всего, на скорейшее получение прибыли, с использованием различных пестицидов (ядохимикатов). Что представляет собой атмосфера В большинстве регионов нашей республики экологическая ситуация не только неблагоприятная, но и катастрофическая.

Основными источниками, загрязняющими окружающую среду и вызывающими деградацию природных? Окружающий нас воздух - это смесь газов или, иначе говоря, атмосфера, окутывающая наш земной шар.

Поступление различных поллютантов а атмосферу от стационарных промышленных источников в настоящее время составляет более 4 миллионов тонн в год.

В атмосферу над Казахстаном выделяется значительное количество высокотоксичных газообразных и твердых веществ. Если сопоставить количество выбросов от различных стационарных источников, то примерно 50 процентов выбрасывается теплоэнергоисточниками, а 33 процента - предприятиями горной и цветной металлургии. Наибольшее количество выбросов различных поллютантов происходит в Восточном Казахстане - 2231, 4 тыс. т/год, что составляет 43 процента от общего количества выбросов по всему Казахстану. На втором месте по количеству выбросов состоит Центральный Казахстан - 1868 тыс. т/ год или 36 процентов. Меньше всего загрязняется атмосфера в Северном Казахстане 363, 2 тыс. т/год (7 процентов) и Южном Казахстане 415, 1 тыс. т/год , что составляет 8 процентов. Наиболее мобильными, с обширным радиусом действия, являются окислы азота и серы. Они переносятся на значительные рассмотрения и оказывают сильное влияние на гибель, особенно сельскохозяйственных культур.

Значительный вклад в загрязнение воздушного бассейна и других компонентов окружающей среды вносит автотранспорт республики. Его выбросы, особенно в городах, составляют от 25 до 50 процентов. По загрязненности атмосферы выхлопными газами автомобилей на первом месте стоит Алматы 75 процентов, затем Актюбинск - 47, 1, Семипалатинск - 46,6, Жамбыл - 43,1, Усть-Каменогорск- 41,4 процентов. Меньше всего выхлопных газов содержится в атмосфере Жезказгана - 14,8 Петропавловска-26,3 и Лениногорска - 27,6 процентов. Однако самая высокая загазованность атмосферного воздуха, как ни странно установлена в таких городах, как Костанай - 84, 7 процента и Уральск - 81, 7 процента, где промышленных предприятий и автотранспорта сравнительно меньше, чем в вышеназванных городах. Автомашины являются главными загрязнителями воздуха и, до известной степени, почвы

и воды. Как свидетельствует статистика, на миллион с лишним алматинцев сегодня приходится более 200 тысяч автомашин.

Загрязнение атмосферы городов твердыми и газообразными поллютантами уменьшает интенсивность солнечного света, засоряет воздух значительным количеством твердых частиц, которые служат ядрами концентрации, способствующими возникновению туманов и смогов. Высокое содержание вредных примесей в атмосфере в твердом и газообразном состоянии оказывает влияние на тепловые свойства атмосферы.

Под действием солнечного света, в результате фотохимических реакций образуется эффект суммации, что способствует появлению новых, более токсических веществ, которые вызывают смоги.

В Уголовном кодексе Республики Казахстан в главе 11 Об экологических преступлениях, предусмотрена ст. 282. Загрязнение атмосферы, которая гласит: Нарушение правил выброса в атмосферу загрязняющих веществ или правил эксплуатации установок, сооружений и иных объектов, если это деяние повлекло загрязнение или иное изменение природных свойств воздуха - несут ответственность по уголовному законодательству.

Другим весьма важным, абсолютно незаменимым для жизни естественным компонентом окружающей среды, природы и биосферы является вода.

Среднегодовой сток рек в Республике Казахстан сравнительно невелик и составляет всего 101,9 км. В год, тогда как сток воды в одной, например Амазонке составляет 220 км в год. Из этого количества на территории республики формируется около половины речного стока - 57 процента или 58,4 км. Остальные водные ресурсы составляют 43,5 км и поступают из сопредельных территорий (Китай, Узбекистан, Кыргызстан). Располагаемые к использованию в народном хозяйстве ресурсы поверхностных вод оцениваются в объеме всего 46 км. В пределах Казахстана насчитывается свыше 85 тыс. рек и временных водотоков, в том числе 11,5 тыс. длиной свыше 10 км 3447 озер, 4500 прудов и водохранилищ.

Наиболее крупными реками являются Иртыш, Урал, Ишим, Тобол, из безсточных районов Южного и Центрального Казахстана реки Сырдарья, Или, Нура, Сарысу. Кроме того, в пределах Казахстана расположены такие крупные замкнутые водоемы как Аральское море и озеро Балхаш.

Наряду с характерным дефицитом водных ресурсов, обусловленным в большей степени природными факторами формирования вод, влияние на качественный состав поверхностных вод суши оказывает также антропогенная деятельность, проявляющаяся в интенсивном развитии сельского хозяйства, водного транспорта, промышленности, энергетики и коммунального хозяйства. Основными загрязнителями воды являются промышленность и сельское хозяйство. Кроме того, все большее влияние на качество воды оказывают диффузные источники загрязнения, это ядохимикаты и удобрения, смываемые с сельскохозяйственных угодий. Значительно ухудшают качество воды, делают ее токсичной промышленные и бытовые стоки. В городах и промышленных центрах сточные воды составляют примерно 15-20 процентов от общей нагрузки водоема загрязняющими ингредиентами.

Негативные действия на качество и количество поверхностных вод оказывают меры, связанные с увеличением площадей орошаемых земель, в особенности в регионах недостаточного и неустойчивого увлажнения, которых в Казахстане немало. Основными водопотребителями в республике являются такие отрасли, как сельское хозяйство, промышленность и теплоэнергетика.

Наиболее острый дефицит воды ощущается на западе и на юге республики. Основными водопотребителями являются орошаемое земледелие (72%), промышленность (29%) и коммунальное хозяйство (6,0%). В орошаемом земледелии отмечается перерасход воды в 1,5 - 2 раза. Удельное водопотребление на 1 га орошаемых земель в среднем по республике составляет 10 тыс. м\га. Важным направлением охраны и рационального использования водных ресурсов является улучшение качества поверхностных и подземных вод. Под антропогенным воздействием существенно изменился гидрохимический, гидрологический и санитарный режим практически всех рек и водоемов Казахстана Поэтому необходимы создание экономических и правовых механизмов, разработка экологических норм и нормативов, системы мониторинга воды, почв и производства сельскохозяйственной продукции.

Список использованных литература

1. Саммит земли //Экологический курьер. – 2002 – 30 сентября.
2. Тюлени вымирают // Экологический курьер. – 2017 – 17 января
3. Тодорова Т. Сколько нефти добывать, чтобы не иссякли все запасы // Казахстанская правда. – 2001 – 5 октября.
4. Концепция экологической безопасности Республики Казахстан на 2004- 2018 годы, //Каз.Правда от 10.12.03.-№7
5. Мухитдинов Н.Б., Мороз С.П., Куандыков К.Д. Состояние и тенденции развития экологического права РК //Известия.-1997.- №7.

Куздеуова Лаура Сейдалиевна,
құқықтану магистрі, аға оқытушы
Блашева Маншук Тастемировна,
құқықтану магистрі, аға оқытушы
Маделі Ердаулет Болатұлы,
ЮМ-16-1к6тобының студенті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ АТҚАРАТЫН РӨЛІ

Андатпа. Бұл мақалада **с**ыртқы экономикалық қызмет-сыртқы экономиканың байланыстарды реттеу тәртібін анықтау және елдің халықаралық еңбек бөлінісіне қатысуын оңтайландыру бойынша мемлекет пен оның органдарының нысаналы түрде бағытталған іс-әрекеті айтылған. Сыртқы экономиканың негізін құраушыларға жататындар: сыртқы сауда саясаты, құрамына экспорттық және импорттық саясат кіреді шетел инвесторларын тарту және шетелдегі ұлттық капитал салымдарын реттеу саласындағы саясат, валюталық саясат. Сонымен бірге, сытқы экономикалық саясат жекелеген мемлекеттермен,аймақтармен сыртқы экономикалық операцияларды жүргізудің географиялық теңестірілуі міндеттерін де шешеді, бұл іс елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысқан.

Аннотация. В статье рассматриваются развитие Казахстана как одного из государств входящих в мировое сообщество тесно связано системой международных экономических контактов. Развитые страны с момента провозглашеения независимости Казахстана стали один за другим на государственном уровне начали осуществлять признание нашей страны в целом. В настоящее время все внешнеэкономические связи, которые стали неотъемлемой частью экономики любой страны, на фоне глобализации стали расширять виды деятельности. Глава государства за четверть вековой период становления Казахстана сумел построить и закрепить финансовые отношения, расширить сферы международного туризма, обмена, экономический и научно-технический, включая сотрудничество международных экономических систем..

Abstract. In the article examined development of Kazakhstan as one of the states of included in world community it is closely bound by the system of international economic contacts. The developed countries from the moment of провозглашеения independence of Kazakhstan became in sequence at state level began to carry out confession of our country on the whole. Presently all external economic connections that became inalienable part of economy of any country, on a background globalization began to extend the types of activity. Head of the state for a fourth age-old period.

Еліміз егемендігін алып, құлашын кеңге созып, өз дәуірімізге сай жаңа заманауи талапқа сай даму үстінде, яғни үздік елдер қатарына қосылу жолында көптеген жұмыстар атқарылуда. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуындағы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Әбішұлының атқарған қызметтері мен жасаған бағдарламарының қоғамдық ролін сөзбен айтқызып жеткізу мүмкін емес. Тек қана мемлекет ішілік бағдарламалар емес, сонымен бірга еліміздің сыртқы экономикалық мәселелерін шешу жолдарын әлі де қарастырып келеді. Енді міне тәуелсіздігімізге қол жеткізгеніміз тура-25жыл болыпты. Бұл жылдар арасында Елбасымыздың ішкі және сыртқы экономикалық халықаралық қатынастарды әлдеқайда жақсартып, аяғымыздан тік тұратын дәрежеге жеткізуде ҚР Президенті Н.Назарбаевтың қосқан үлесі зор екені баршаға мәлім.

Сонымен қатар қазіргі заманда кез келген ел экономикасының ажырамас бөлігіне айналған сыртқы экономикалық байланыстардың құрылымы күрделеніп, аясы кеңейе түсті. Соған қарамастан, сыртқы сауда халықаралық экономикалық байланыстардың негізгі түрі болып табылады. Халықаралық экономикалық байланыс жүйесі сыртқы саудадан басқа несие-қаржылық қатынастар, жұмыс күшімен алмасу, халықаралық туризм, экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты қамтиды. Сыртқы экономикалық іс-әрекет - бұл халықаралық экономикалық қарым-қатынас пен байланысты кәсіпкерлік іс-әрекеттегі коммерциялық субъекттердің шаруасы. Бұл іс-әрекет мемлекеттер арасын өз тарапынан сыртқы экономикалық байланыстарды орнатады. Дүниежүзілік экономиканы құрайтын ұлттық шаруашылықтар бір-бірімен халықаралық экономикалық байланыстар жүйесімен тығыз байланысқан.

Бұл байланыстар халықаралық географиялық еңбек бөлінісі негізінде дамиды. Алғашқы мемлекеттер арасында халықаралық экономикалық қарым-қатынастардың ең байырғы түрі-

сыртқы сауда қатынастары орнай бастады. Кедендік тарифтер көп түрлігі және орындайтын мәселелері бойынша мүмкіндігіне байланысты экспорт-импорт мәмілелерін реттеуде өте кең қолданылады. Көбінесе импорттық баж салықтары протекционистік шара ретінде пайдаланылады. Дамушы елдерде олар салықтық түсімдерді ұлғайтуға, дамыған елдерде олар сыртқы сауданы реттеуде қолданылады. Баж бағалық категориялар санына жатады. Бұл әр тауар бойынша бажды негіздеуге, олардың ұлттық және әлемдік шығындар мен бағалар арасындағы үйлестіруді, тұтынушының параметірлері мен тауардың сапасын есептеуде, т.б. жеке бағытты алуды талап етеді. Көлік құралдарының жетілуі, Еуропада өнеркәсіптің өркендеуі, жаңа жерлердің ашылуы дүниежүзілік сауда қатынастарының ауқымын кеңейтті.

Көп жүк көтеретін ірі кемелер легі Жаңа Дүниеден Еуропаға шикізат пен алтын тасымалдады. Соның нәтижесінде XVIII ғасырда сауда көлемі бес есе артты. XX ғасырдың басына қарай дүниежүзілік сыртқы сауда айналымындағы Еуропа елдерінің үлесі 50%-ға жетсе, Солтүстік Америка елдерінің үлесі 20%-ды құрады. XX ғасырдың соңына қарай дүниежүзілік сыртқы сауда көлемі ғасыр басындағымен салыстырғанда 14 еседей өсті.Қазіргі кезде ұлттық шаруашылықтардың халықаралық сауда жүйесіне неғұрлым жедел тартылуына қарамастан, дүниежүзілік тауар айналымының шоғырлану дәрежесі жоғары. Мұны дүниежүзілік экспорт пен импорттың географиялық құрылымынан айқын көруге болады. XX ғасырдың соңына қарай дүниежүзілік тауар айналымының 72%-ы Батыс Еуропа мен Азия елдеріне, ал Солтүстік Америка үлесіне 17%-ы тиесілі болды.

Өтпелі экономика тән бұрынғы социалистік елдердің үлесі бар болғаны 4%-ды құрады. Дүниежүзілік тауар айналымында Азияның жаңа индустриялық елдерінің үлесі артып келеді, оларға әлемдік экспорттың 10%-ға жуығы тиесілі. Корея Республикасының әлемдік экспорттағы үлесі 2008 жылы 2,9% болса, импорты-2,6%; Сингапурдың үлесі тиісінше 2,3 және 2,2%-ға тең.XX ғасырдың соңына қарай дүниежүзілік сыртқы саудада дамыған 25 ел жетекші орын алды. Оларға әлемдік экспорттың 84%-ы, импорттың 82%-ы тиесілі болды. Дамыған елдер өзара тауар айналымы, жөнінен де жетекші орынға ие; АҚШ пен Канада арасындағы тауар ағыны дүниежүзілік керсеткіштің 3,2%-ын құрады. Сыртқы сауданың тауарлық құрылымы халықаралық географиялық еңбек бөлінісіне, өндірістік және тұтыну тауарларына деген сұраныстың артуына тікелей байланысты. Тауар айналымының құрылымы FTP әсерінен үлкен өзгеріске түсті.

Ел экономикасына ықпал ететін маңызды көрсеткіштің бірі-сыртқы сауда сальдосы, оны экспорт пен импорт көлемінің айырмасы құрайды. Қытайдың сыртқы саудасына тұрақты оң сальдо (экспорт көлемі импорттан артық) тән болса, АҚШ-тың сыртқы сауда айналымы теріс мәнге ие.Сыртқы сауданы халықаралық дәрежеде реттеу бағытында 1947 жылы Тарифтер мен сауда жөніндегі Бас келісім деп аталатын халықаралық ұйым пайда болды. Бұл құрылым негізінде 1995 жылы Дүниежүзілік сауда ұйымы, құрылды.

Қазіргі кезде құрамында 132 ел бар бұл ұйым халықаралық сауда қатынастарын реттеумен қатар қызмет көрсету, инвестиция және ақыл-ой меншігін қорғау саласында белсенді әрекет ететін үйлестіруші құрылым болып табылады. Бұл ұйым құрамына кіруге Қазақстанда ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде. БҰҰ жанындағы сауда мен даму жөніндегі Комиссия да-UNCTAD өз жұмысын елімізде белсенді жалғастыруда. 2008 жылы Қазақстанның сыртқы сауда көлемі 109,1 млрд АҚШ долларын құрады. Оның 65%-ы экспортқа тиесілі болды. Еліміздің сыртқы саудасының географиялық құрылымы соңғы онжылдықта едәуір өзгеріске түсті. Кейінгі жылдары Қазақстан импортында ТМД елдерінің үлесі артты, экспортта Еуропа елдері жетекші орын алады. Экспорттың географиялық құрылымында салықтық жеңілдіктерге ие оффшорлық зоналардың үлесі артуда. Өйткені Қазақстаннан мұнай мен түсті металдар сатып алатын ірі компаниялардың кейбіреулері осындай аумақтарда тіркелген. Қазақстанның сыртқы саудасының тауарлық құрылымы соңғы жылдары экспорт пен импорттағы жеке тауарлар үлесінің артуына немесе кемуіне байланысты едәуір өзгеріске түсті.

Басты экспорттық өнім-мұнай және газ конденсаты 1995 жылы 793 млн АҚШ доллар көлемінде сыртқа сатылса, 2004 жылы бұл көрсеткіш 11417 млн АҚШ долларына жетті. Керісінше осы уақыт аралығында көмірді сыртқа сату көлемі екі еседей қысқарды. Соңғы бес жылда машиналар мен жабдықтар, көлік құралдарын сатып алуға жұмсалған қаржы екі есе артты; табиғи газ бен электр энергиясын сатып алу көлемі бірнеше есеге қысқарды. Сонымен, дүниежүзілік сыртқы сауда-халықаралық географиялық еңбек бөлінісі негізінде ұлттық шаруашылықтарды өзара байланыстыратын маңызды сала Қазақстанның сыртқы саудасы осы күрделі жүйенің құрамдас бөлігі болып табылады.

Дамыған елдер жаппай өнім өндіре бастаған индустриялық кезеңде сыртқы сауданың маңызы күрт артты. СЭІ Субъектілері - кәсіпкерлік қызметпен айналыса алатын және СЭІ-ті жүзеге асыра алатын заңды және жеке тұлғалар.СЭІ тарихи және экономикалық категория болып табылады.Елдер арасындағы экономикалық, қарым-қатынастардың сипаты мен құрылымдық өзгерістері, ең алдымен, сыртқы тауар саудасынан көрінеді. Ұлы географиялық ашылулар кезеңіне дейін халықаралық тауар саудасына санаулы елдер ғана қатысты, тіпті қазіргі кезде дүниежүзіндегі басты сауда орталықтарының біріне айналған Европа елдерінің де сауда жасау аумағы шектеулі сипат алды. Бұған елдер мен дүние бөліктері арасындағы көлік қатынасының нашарлығы, саяси жағдайдың тұрақсыздығы, басқа елдер жөнінде нақты ақпардың жетіспеуі себепші болды. Көбінесе басқа елдерден өте қымбат және сирек кездесетін тауар түрлері әкелініп, саудаға салынатын. Құрлықтағы негізгі халықаралық сауда жолдары қатарына Азия мен Европаны жалғастырған Ұлы Жібек жолы мен Европаның солтүстігі мен оңтүстігін байланыстырған сауда жолы жатады. Орта ғасырларда арабтар Сахара арқылы өтетін сауда маршрутын жасады; бұл жол Арабияны Солтүстік Африкамен, одан әрі Оңтүстік Европамен жалғастырды.

Экономикалық әдебиетте кедендік баждардың табиғаты мен олардың атқаратын функциялары туралы бірде бір мәлімет жоқ. Нарықтық экономика жағдайында және СЭҚ либерализациялауда кедендік баждар СЭҚ-тің маңызды экономикалық реттеушісі болады. Кедендік баждар көмегімен мемлекет тауарларды әкелу немесе шығаруды қолдауға немесе оларды шектеуге, отандық тауарлар өндірушілердің тауарларын басқа да ұқсас тауарлардың шетел бәсекелестеріне бірдей тепе-тең экономикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық, валюта-қаржылық жүргізуге СЭҚ субъектілерінің қызметін жалпы мемлекеттік, ұлттық мүдделерге бағыттауға мүмкіндігі бар. Тарифті саясатты қолдану тиімділігі туралы көптеген көзқарастар бар. Экономикалық саясат құралы ретінде тарифті қолданудың қарсыластары тарифке қарсы бірқатар дәлелдер келтіруде:
1. Тарифтер экономикалық өсуді тежейді; 2. Тариф - тұтынушыларға салықтық ауыртпалықты ұлғайтады; 3. Импортталған тауарларға салынатын тариф жанама түрде елдің экспортына нұқсан келтіреді; 4. Тариф жұмыстылықтың жалпы деңгейінің қысқаруына әкеледі; 5. Тарифтерді бір жақты енгізу көп жағдайда сауда соғыстарына әкеледі. Ал тарифтерді жақтауға мынандай дәлелдер келтіріледі: 1. Тариф - жас салаларды қорғайды; 2. Тариф - жергілікті өндірушілерді ынталандыру құралы; 3. Тариф - бюджеттік түсімдердің маңызды көзі; 4. Тариф - ұлттық қауіпсіздікті, елдің халықаралық беделін қорғайды

Сыртқы экономикалық қызмет-сыртқы экономиканың байланыстарды реттеу тәртібін анықтау және елдің халықаралық еңбек бөлінісіне қатысуын оңтайландыру бойынша мемлекет пен оның органдарының нысаналы түрде бағытталған іс-әрекеті. Сыртқы экономиканың негізін құраушыларға жататындар: сыртқы сауда саясаты, құрамына экспорттық және импорттық саясат кіреді шетел инвесторларын тарту және шетелдегі ұлттық капитал салымдарын реттеу саласындағы саясат, валюталық саясат. Сонымен бірге, сытқы экономикалық саясат жекелеген мемлекеттермен,аймақтармен сыртқы экономикалық операцияларды жүргізудің географиялық теңестірілуі міндеттерін де шешеді, бұл іс елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысқан. Сыртқы экономикалық саясат - сыртқы экономикалық қасиетті де реттейді, оның айрықша белгілеріне мыналар жатады:

- тауарлар мен қызметтердің халықаралық сауда саттығы.
- Материалдық, ақша, еңбек және интеллектуалдық ресурстардың халықаралық қозғалысы.

Сыртқы экономиканың құраушыларының бірі болып сыртқы сауда саясаты болып табылады. Ал сыртқы сауда саласындағы саясатты жүзеге асыру құралдарына: кедендік тарифтер, шеттен әкелу және шетке шығаруды реттеудің бейтарифтік шаралары; саудалық эмбарго; кедендік одақтар және еркін сауда аймағы; валюталық қатынастар саласын: валюталарды сатып алу-сату операциялары, коммерциялық және басқа мақсаттардағы валюталық операйияларға шектеулік белгілеу жатады. Төлемдік қатынастар мен несиелік саясат сферасында займдар қарыз экспорттық несиелер және экспорттық несиелерді сақтандыру бойынша есептеу мөлшерлемелері мен проценттерінің деңгейлері реттеледі. Көптеген мемлекеттерде сыртқы экономикалық саясат құралдарының кең ауқымды жиынтығының болуы-өздерінің сыртқы экономикалық байланысының құрылымымен даму бағыттарын құруға ғана емес, сонымен бірге басқа елдермен сыртқы экономикалық байланысы мен сыртқы экономикалық саясатына да белсенді түрде ықпал етуге мүмкіндік береді. Сыртқы экономикалық саясат құралдарының бұл жиынтығын саудалық саяси механизм ретінде қарастыруға болады.

Қазақстан Республикасының қазіргі кездегі дамуы өзара бағыныштылық және өзара араласу процесінің күшейген кезеңінде жүріп жатыр. ҚР-ның геосаяси орны, жалпы шекарасы, басқа

аймақтармен байланыс жасайтын көлік қатынасы, сондай-ақ бай табиғи ресурс қуаты өндірістік өнеркәсіпті кооперацялауға, біріккен кәсіпорындар ұйымдастыруға, агроөнеркәсіптік кешендердің қызметінің дамуына алғы шарттар жасайды. Айта кететін жәйт, жаңа жағдайда бұрынғы одақ мемлекеттерінің арақатынасындағы стиль де өзгереді. Қазақстан ТМД елдері мен сауда-экономикалық байланыстарында дүние жүзінде белгіленген сауда-құқық негіздеріне, сауда және тариф жөніндегі бас ассосация ұйымының принциптеріне сүйенеді. Саудадағы әртүрлі лицензия түрінде квота, баж салығы, т.б. кедергілерден құтылуға алғашқы қадамдар жасауда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Райханұлы Н. Экономиканың жарты жылдық қарқыны. //Ақиқат.-2004-№9-11-12б.
2. Райханұлы Н. Экономикалық дағдарыстан қайтсек шығамыз? // Ақиқат.-1994-№4-14-17б.

Есентүгелов А. Қазақстандағы макроэкономикалық жағдай. // Ақиқат.-1996-№11-14-17б.

3. Елшібекова Қ. Инвестициясыз экономика өрге баспайды. //Саясат.-1998-№2-118б.
4. Қазақстан цифрларда. Статистикалық жинақ. Алматы.-2013

Куанышбаева Сауле Оралхановна
кандидат юридических наук, старший преподаватель
Южно-Казахстанского Государственного Университета имени М.Ауэзова

Ю.Г. БАСИН – ИЗВЕСТНЫЙ ОРГАНИЗАТОР ВЫСШЕГО ЮРИДИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Эту статью я посвящаю светлой памяти моего
наставника жизни и научного руководителя
доктору юридических наук, профессору
Юрию Григорьевичу Басину в честь его
95-летия (1923-2018 г.)

Мой учитель будучи человеком ученым и долгое время посвятившим себя любимому делу юриспруденции вывел в свое время основные ориентиры в работе.

- Не делай другому то, чего не хочешь, чтобы он сделал тебе. Вот этот – тот древний принцип, который просто необходимо соблюдать в жизни.
- Обсуждая действия другого человека, всегда нужно ставить себе вопрос: а как бы ты поступил, попав в подобную ситуацию?
- Умей защищать свою точку зрения, свою позицию.
- Не будь, зависящим от мнения начальства и в то же время необходимо умение прислушиваться к критике.

Потому что та позиция, которая тебе нравится и по твоему мнению абсолютно правильна, после критической оценки может потребовать пересмотра. К Вузам которые готовят юристов, Юрий Григорьевич всегда говорил, что нужно предъявлять высокие требования и спрос. К сожалению у нас есть такие платные вузы, в которых не знания приобретаются за деньги, а покупаются отметки.

Конечно, молодые специалисты, получившие (купившие) такие дипломы о высшем юридическом образовании очень быстро проявят себя как грубые невежды. Жизнь меняется, появляются новые законы, надо уметь это анализировать, сравнивать и разбираться. Так сказать вколачивать знания, надо научить студентов тому новому, что появилось за период их учебы. Важно умение не только знать, как толковать закон, но и критически его оценивать.

Юрий Григорьевич Басин всегда считал, что необходимо в подаче учебного юридического материала максимально использовать в учебном процессе возможности и технический потенциал новой техники, то есть ТСО.

В методике преподавания юриспруденции у Юрия Григорьевича, в течение долгого времени сложились некоторые свои представления.

Во-первых, он считал для совершенствования юридического образования, нельзя отрывать обучение, особенно в юридической области, от воспитания.

Во-вторых, мы должны научить молодых юристов тому, как найти и узнать что-то при необходимости.

Я не очень ценю, когда студент отвечает строго и точно на вопросы: «Это написано так, а это - так». Главное, чтобы он знал, как найти то, в чем ему нужно сегодня разобраться, как это оценить и как эти знания потом применить. Я считаю, что мы должны учить студентов мыслить и защищать свою позицию. И Юрий Григорьевич нередко говорил, что больше уважает мнение студента, может быть и неправильное, но им самим обоснованное и доказанное, нежели повторение абсолютно правильного чужого мнения.

Как-то в интервью с Юрием Григорьевичем журналист спросил «Сама проблема правосознания зависит от целого ряда объективных и субъективных факторов, но наиболее серьезным из них является проблема менталитета. Вы согласны с этой точкой зрения?» На что Юрий Григорьевич ответил. Безусловно. Желательно, чтобы формирование правосознания начиналось уже в семье. Обучение вообще и обучение юристов особенно должно быть неразрывно связано с воспитанием и развитием восприятия судебной этики; недопустимости отклонения от закона, особенно по корыстным мотивам; выработки самостоятельных позиций, а не позиций с оглядкой на вышестоящую власть. Это должно быть совершенно необходимым.

Коррупция в юриспруденций это коррозия поедающая металл. В первую очередь, это – беспощадная борьба с коррупцией. И это длинный путь, население стремится это сделать, но идет это довольно медленно, потому что есть традиции, сложившиеся привычки, устоявшаяся психология. Еще одной краеугольной проблемой в юридическом образовании является глобализация. Глобализация идет во всем, в том числе и в юридическом образовании. Отсюда их влияние на экономическую и политическую власть. Ведь что такое глобализация? Это легальная, внешне не нарушающая закон космополитическая экспансия капитала, что ведет к распространению его экономической власти. И Юрий Григорьевич видит в глобализации свои плюсы и минусы. Развитие глобализации не должны мешать интересам государств и народов, нужно ограничить экономическое поле частоколом запретов. Конечно, мы не можем этот процесс прекратить, действуя так как когда-то поступали английские рабочие, пытавшиеся уничтожить машины, заменяющие человеческий труд и поэтому вызывавшие безработицу.

Нам необходимо соблюдать баланс интересов. Можно привлекать иностранный капитал – он нам очень нужен не только в виде денег, но и опыта, новых технологий и т.п. Но, если мы не создадим необходимых условий, говорит Юрий Григорьевич, инвестор к нам не пойдет, нельзя рассчитывать на чувства альтруизма и благотворительности.

Вместе с этим нельзя, чтобы этот капитал жирел за счет наших жизненных интересов. Вот поэтому глобализация должна быть в центре внимания при развитии экономики и права с тем, чтобы в дальнейшем использовать все ее положительные стороны и ограничивать ее в тех пределах, нарушение которых приносит вред.

Юрий Григорьевич Басин с отличием закончил школу в 1941 г. 21 июня выпускникам школы выдали аттестаты, а 22 июня началась война. Их сразу призвали в армию. На фронт попал в 1943 г. – в пехоту, офицеров которой после войны осталось лишь три процента.

«Я не видел и не знаю всего того, что было на фронте в первые два года войны. У Юлии Друниной, моей ровесницы (была такая прекрасная поэтесса), есть пронзительное стихотворение «Три процента». Но особенно я запомнил такие строки: Я только раз бывала в рукопашном,

Раз – наяву, и сотни раз во сне,
Кто говорит, что на войне не страшно,
Тот ничего не знает о войне».

Юрий Григорьевич прошел через Сталинградский фронт, Ленинградский фронт. Три раза получал ранения. Под Ленинградом его ранили, оперировали, но рана была тяжелая и его отправили в тыл, в Ташкент. Выздоровел я довольно быстро. Потом вспоминает Юрий Григорьевич Басин.

Военно-фронтовая карьера моего учителя такова:

1. Курсант пехотного училища (Алтайский край)
2. Командир стрелковой роты на Прибалтийском фронте
3. Командир роты противотанковых ружей и пулеметной роты на Ленинградском фронте
4. Закончил войну заместителем командира батальона на Ленинградском фронте.

Демобилизовался в 1946 г. в звании капитана.

Активной была законотворческая деятельность Ю.Г. Басина. Основной объем работы был именно в те годы, когда законы издавал Указами имеющие силу закона Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбанв. Даже скажу больше говорит профессор Ю.Г. Басин «Если быть откровенным, то самое продуктивное время было, когда больше года законы издавал своими Указами Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев. Каждый год мы делаем шаг вперед и мы на равных войдем в мировую экономику» прогнозировал мой учитель.

В своей книге доктор юридических наук, профессор С.Ф. Ударцев делится следующим воспоминанием о Ю.Г. Басине о его законотворческой деятельности. В 1995 г. в период разработки действующей в настоящее время Конституции Республики Казахстан в соответствии с постановлением Президента Республики Казахстан от 22 мая 1995 г. №2292 Юрий Григорьевич назначался членом Экспертно-консультативного совета при Президенте Республики Казахстан Н.А. Назарбаева по проекту новой Конституции Республики Казахстан вместе с такими юристами как Н.А. Шайкенов, В.А. Ким, Г.С. Сапаргалиев, М.К. Сулейменов и др. Этим же постановлением Президента были определены иностранные эксперты в составе: С.С. Алексеев (Россия, известный юрист, бывший руководитель Комитета конституционного надзора СССР, научный консультант Н.А. Шайкенова), Жак Аттали (видный государственный и общественный деятель, советник Государственного Совета Франции) и Ролан Дюма (председатель Конституционного Совета Франции).

Конституционная тематика в творчестве Ю.Г. Басина занимало особое место. И в 2000 г. на конференции, посвященной 5-летию Конституции Республики Казахстан, Юрий Григорьевич выступил с докладом. Вспоминает в своей замечательной книге профессор С.Ф. Ударцев. Ю.Г. Басин выступил с докладом «Конституционные идеи в гражданском законодательстве». Этот доклад был включен в План мероприятий по проведению юбилейной конференции, утвержденный Постановлением Правительства Республики Казахстан от 25 мая 2000 г. №1105.

Ю.Г. Басин являлся неисчерпаемой энциклопедией правовых знаний и юридической практики, носителем живого гражданского права – тончайшим знатоком законодательства.

Юрий Григорьевич не боялся высказывать свое мнение по различным дискуссионным научным вопросам, но умел делать это всегда тактично и элегантно.

Лекции профессора Ю.Г. Басина учили юридическому творчеству, созиданию законов и правоприменительной практики.

В апреле 2002 г. Ю.Г. Басин встречался с Президентом Республики Казахстан Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым, на которой обсуждались актуальные проблемы развития Казахстана.

Юрий Григорьевич награжден орденами Красной Звезды и Отечественной войны 1 степени и большим количеством медалей, в том числе за военную отвагу и мужество. За разработку и реализацию конституционной реформы Указом Президента Республики Казахстан от 27 августа 1999 г. он награжден орденом «Құрмет». Ю.Г. Басин – заслуженный деятель науки Казахской ССР (1984 г.).

Ю.Г. Басин был патриотом Казахстана. Его патриотизм был «не против других», а стремление сделать максимально полезное для страны, где он жил, которую любил.

Ю.Г. Басин ученый-юрист с мировым именем.

Дела, мысли ученого продолжают творить жизнь, сознание, живут в правовой системе Казахстана. Точное и яркое слово мэтра творило профессиональное сознание, служило полярной звездой для ориентира в правовой сфере, в семье, детях, внуках, благодарных учениках, в сознании всех знавших этого человека людях, которым светлая память о нем будет не раз помогать в жизни, придавать силу и энергию...

Ю.Г. Басин был интеллигентный, влиятельный и ответственный человек во всех сферах человеческих отношений.

Ю.Г. Басин – известный организатор высшего юридического образования в Республике Казахстан. На научных мероприятиях присутствовали и воспитывались, не только специалисты гражданского права, но и представители других направлений юридической науки, вцелом юриспруденции.

Юрий Григорьевич принимал участие в формировании «правовой атмосферы» в стране. Его многочисленные научные публикации, выступления по телевидению, радио, выступления на научных конференциях, работа и участие в законотворческой деятельности всегда отличались четкостью, лаконичностью, прагматизмом, научные статьи отличались деловым изложением научного материала. И в тоже время Ю.Г. Басин доносил порой проблемные вопросы с тонким юмором, что помогало доброму восприятию информации и выступление становилось ярким, запоминающимся и важным.

К юбилейным датам в газете «Казахстанская правда» публиковались статьи к 70-летию, 75-летию, 80-летию учителя. Помню вот название одной статьи «Семья докторов наук сегодня отмечает юбилей». Ведь супруга Ю.Г. Басина Инна Петровна тоже была доктором технических наук, профессором. Была замечательным человеком с замечательной педагогической биографией. Сердцем теплого и уютного семейного очага. Воспитавшая достойного своего отца сына Владимира Юрьевича Басина, который почему то не пошел по стопам папы или мамы, а стал врачом, выбрал профессию своей бабушки мамы Ю.Г. Басина Анны Ефимовны Басина.

Пусть вечно светлая память Юрия Григорьевича Басина живет в сердцах.

Литература:

1. С.Ф. Ударцев. Учителя и коллеги. Алматы. Раритет. 2011 г. 52-59 стр.
2. Юрист. Ежемесячный журнал. Ноябрь. 2002 г. 8-15 стр.
3. Зангер. Ежемесячный журнал. Январь. 2002 г. 4-10 стр.

Рысбаева Сауле Жаксыбаевна,
саяси ғылымдар кандидаты,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті,
Шымкент, Қазақстан

САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК НЕГІЗІ

Аңдатпа. Мақалада Тәуелсіздік жылдарда қалыптасқан саяси құндылықтар жүйесі қарастырылған. Саяси құндылықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде саясат пен саяси сана қарастырылған.

Аннотация. В статье рассматриваются политические ценности формировавшиеся в годы Независимости в Республике Казахстан. Политические ценности могут быть демократические, основанные на гуманистических принципах.

Annotaion. The article considers political values were formed in the years of independence in Kazakhstan. Political values can be democratic, based on humanistic principles.

Құндылықтар жүйесінде саяси құндылықтардың маңызы зор.

Қоғамның мәдени-саяси деңгейі, ондағы көзқарастардың әр алуандығы мен айқындығы мемлекеттік құрылымда қалыптасқан құндылықтар жүйесімен анықталады. Құндылықтар жүйесі қоғамның идеологиясы мен мәдениетінің сипатын бейнелеп көрсетеді. Адам ақыл-ойы мен санасы арқылы құндылықтар жүйесін игеріп, оларды өз мақсат-мүддесіне орай ұстанып, бағалай бастайды. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар мен нормалар қызметін өзіне бағындырады және реттейді.

Құндылықтардың табиғатын, қалыптасуын зерттейтін ілім аксиология (грек тілінен «аксе» – құндылық, «логос» – ілім) деп аталады. Саяси құндылықтар саяси менталитеттің құрамдас бөлігі ретінде зерттеледі.

Құндылық дегеніміз – бұл идеялардың, түсініктер мен оларға сәйкес әлеуметтік-психологиялық білімдер жүйесінің (ұстанымдардың, әсерлердің, көзқарастардың), іс-әрекеттердің құралдары мен әдіс-тәсілдерін таңдау және оларды жүйелі түрде жүзеге асыру мен күнделікті тәжірибеде қолдану дәрежесі болып табылады.[1]

Саяси құндылықтарды шартты түрде бірнеше түрлерге бөлуге болады. Тоталитарлық - идеялық диктатқа, басқаша ойлауды мойындамауға негізделген; конформистік - азаматтар құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың топтық түріне идеясыздық икемделуге негізделген; бейімделген - билік институттары мен өзінің саяси мүдделеріне әлеуметтік селқоссыздықпен қарауға негізделген; белсенді - биліктің демократиялық түріне ұмтылатын және белсенді сипаттағы адамгершілік моральдық қағидаттарға және ашық жеке сенімдерге негізделген; радикалистік - қоғамдық қайта құрулардың күштеу әдістерін ғана мойындайтын, заңсыз ойлауға негізделген.[2]

Саяси құндылықтар дегеніміз – қоғамның түрлі салаларында, солармен бірге оның саяси өмірінде де саяси-әлеуметтік субъектілердің өздерінің іс-әрекетінде, көзқарасында бағыт-бағдар етіп ұстайтын идеялары мен ұғымдары. Саяси құндылықтар саясат пен саяси сананың маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Олар саясат субъектілерінің саяси-әлеуметтік сипаттағы мақсат-мұраттарының жүзеге асуына мүмкіндік тудырады.[2]

Көпұлтты және көпконфессиялы қоғамның дамуындағы күрделі де қайшылықты мәселелер ретінде саяси құндылықтар мәселесі ерекше орын алады.

Саяси құндылықтар қоғамның саяси-әлеуметтік саласында саяси мәдениетпен, саяси мақсат-мұраттармен, саяси ұстаным және мүдделермен бірлесе қалыптасып, тіршілік етеді. Демек, саяси құндылықтар – қоғамдық-саяси жүйеде саяси мәдениетті қалыптастыру мен оның дамуы жолындағы негізгі факторлардың бірі болып табылады. Осымен байланысты бүгінгі таңда саяси мәдениетті құндылықтар мен ұстанымдар жүйесі ретінде сипаттаудың маңызы ерекше. Өйткені «…бүгінгі таңда біздің пәтуа – бірлігімізге саяси құндылықтар ғана тұғыр бола алады».[3]

Қандай қоғамдық құрылымда болмасын жүзеге асырылған маңызды жаңаруларға орай, бірқатар саяси құндылықтардың өзектілігі ерекше арта түсетіні белгілі жайт. Демократиялық елде ғана мемлекеттік егемендікке, тәуелсіздікке ауадай қажетті төзімділік те, бірлік те, достық та, ынтымақтастық та нығая түседі.

Соңғы уақытта бүкіл әлемде өзара ықпалдасу үдерісі де қызу өрістеуде. Бұған қоса көптеген ұлт өкілдері, соған орай мәдениеттің көп түрлілігі бірігіп, топтасқан Қазақстан

қоғамында бұл саясат ерекше байыппен әрі парасаттылықпен жүзеге асырылуда. Десек те, қоғамда демократиялық институттардың орныға бастауы мен қоғамдық құрылымдар арасындағы ауқымды ықпалдастықтың жүзеге асырылуына орай қоғам мүшелерінің сана-сезімінде демократиялық, жалпыадамзаттық құндылықтар бірте-бірте басымдылық таныта бастады. «Демократия», «тәуелсіз мемлекет», «ұлттық қауіпсіздік», «адам құқықтары», «теңдік», «мемлекеттік тіл», «жалпыұлттық келісім», «азаматтық қоғам», «ынтымақтастық», «әділеттілік», «еркіндік», «азаттық», «билік» сияқты саяси құндылықтар сөзімізге дәлел. Қазақ ұлтының құндылықтары, тілі, мәдениеті төңірегіне барлық қазақстандықтарды іштей топтастыру, ортақ саяси құндылықтар негізінде оларды бірегейлендіру құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам құру үшін өте маңызды. Өйткені бәріміз ежелгі қазақ топырағында өмір сүрудеміз. Сондықтан, қазақтардың ата дәстүрін, дала демократиясын, дала заңын, саяси мәдениетін, шежіре-тарихын білетін Қазақстан халқының жаңа демократиялық санасын қалыптастыру қажет.

Өз кезегінде белгілі ғалым Л.Ә. Байделдинов: «…Тәуелсіздіктің жоғары саяси құндылық екендігі сөзсіз, өйткені оның арқасында халық мақсатты әрі белсенді түрде әлеуметтік жағдайды жетілдіреді, мемлекеттік билік пен саясатты қалыптастыру мен жүргізуге қатысады, өзінің барлық шығармашылық күш-қуатын қоғамдық өмірдің дамуын көтеруге арнайды. Тәуелсіздік жеке әлеуметтік субъект, қазіргі өркениеттің белсенді әрі дербес мүшесі ретінде өзінің шығармашылық сапа-қасиеттерін сақтап, оның дамуына өзінің үлесін қосу үшін әрбір ұлтқа қажет. Мемлекеттік тәуелсіздік ұлттың өзін-өзі қорғауын, өзін-өзі сақтауын және қиналмай дамуын қамтамасыз етуші күшті саяси құрал… Қазіргі саяси жағдайда тәуелсіз мемлекет халық үшін де, оның құрамына енетін ұлт үшін де сөзсіз, абсолютті құндылық болып табылады», – деп тұжырымдайды.[4]

Осы саяси құндылықтар жүйесі өз кезегінде бірте-бірте демократияланған сайын мемлекеттегі әр адамның еркін дамуына, олардың саяси іс-шараларға белсенді қатысуына, саяси мәдениетінің жетілуіне мүмкіндіктері көбейе түсері анық. Ал саяси құрылымда бүгінгі таңда демократиялық құндылықтарды кеңірек өрістету барлық азаматтарға ортақ қажеттілік болып отыр.

Саяси мәдениеттің ұлттық ерекшелігі болуы тиіс. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының тәуелсіздікке қол жеткізуімен байланысты саяси жүйеде түбірлі демократиялық жаңарулардың жүргізіліп жатқаны белгілі. Соған орай қоғамдық ой-санада еліміздің мемлекеттік құрылымында орын алған маңызды өзгерістер саяси мәдениеттің негізіндегі саяси құндылықтарға қандай сипатта өз ықпалын тигізіп отыр деген мәселенің туындауы заңдылық. Мемлекет азаматтары өздерінің мәдени және ұлттық бірегейлігін егемен еліміздің болашағымен байланыстыру арқылы ғана жасампаздық жолына түсе алады. Осылайша, саяси-әлеуметтік орнықтылықтың, мәдениетаралық, этносаралық және дінаралық келісімнің тереңдеуіне себепкер болады. Қазақстан Республикасындағы орныған жатқан демократиялық үрдістердің өзіндік ұлттық дәстүрлі ерекшеліктері мен саяси-әлеуметтік қалпы болатыны сөзсіз.

Қазақстандықтар қоғамдық-саяси жүйені алға қарай дамыту үшін демократиялық құндылықтарды қабылдап, саналы таңдау жасады, сондықтан да оның елімізде түбегейлі орныуына мүдделі. Соның нақтылы көрінісі осы мәселенің конституциялық қағидалармен бекітілгені болып табылады.
Адамның тұрмыс халінің деңгейі оның саяси мәдениетінің сипатына, ұстанатын саяси нанымы мен бағытына шешуші ықпалын тигізеді.

Бүгінде қазақ халқының ұлттық санасы жаңғырып, өзін-өзі тану, өзін басқаға таныту, өзінің бай, ежелден қалыптасқан тарихы мен ұлттық дәстүрлерін қастерлеу мен құрметтеу, біртуар ұлттың тұлғалары мен құндылықтарын бүкіл дүниеге таныту, бай рухани қазынасын әлемдік өркениетпен ұластыру, ұлттық бірлікті нығайту бағытында қыруар шаруалар атқарылуда.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында құндылықтар мәселесін XXI ғасырдың он жаһандық сын-қатерінің қатарына қосқанын атап өту жөн. Елбасы өз сөзінде: «Әлем ауыр дүниетанымдық және құндылық дағдарысты бастан кешіп отыр. Өркениеттер қақтығысы, тарихтың ақыры, мультимәдениеттің күйреуін жариялайтын үндер жиі естіледі. Жылдар бойы сыннан өткен құндылықтарымызды қорғай отырып, біз үшін осынау кертартпа көзқарастан тартынуымыздың принципті маңызы бар. Өз тәжірбиемізден білетініміз, біздің осал тұсымыз» деп атаған көпэтностылығымыз бен көпконфессиялығымызды өз артықшылығымызға айналдыра алдық [5], деп тұжырымдаған.

Тәуелсіздік алғалы бері біздің елімізде ұлттық, жалпыұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дамыту мемлекеттік саясат деңгейінде қарастырылатыны көңілге қонарлық жағдай.

Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру...Сонымен бірге, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек.[6]

Қазақстанның өткен жиырма бес жылында нарықтық қатынастар құрылды және саяси жүйеміздің институттары қалыптасты. Этносаралық үйлесімділік және саяси тұрақтылық, рухани келісім мен бейбітшілік, әлемдік дағдарыс жағдайында экономикалық даму, ұлттық мүддені қорғау негізінде ішкі және сыртқы қауіпсіздікті одан әрі нығайтуда мемлекет құрушы және қоғамды іштей топтастырушы қазақ ұлтының айналасына ұйысудың барлық алғышарттары жасалды.

Ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді. Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы.[7]

Бүгінде Қазақстанда мәдени жағдай ұлттық рухани, адамгершілік құндылықтарын, салт-дәстүрлерді, діл мен тілді жаңғыртуды қажет етеді. Заман талабына сай елімізде білім жүйесін бір жүйеге түсіріп, қалыптастыру керек. Себебі білім, ғылым халқымыз бен мемлекетіміздің мәдени тәуелсіздігін қамтамасыз ететін жүйе. Бұған білімді техникалық ақпараттық қамтамасыз етудің әлемдік деңгейіне жету мен мәдени құндылықтардың дәстүрлі ұлттық жүйесімен байланыстыру арқылы ғана қол жеткізетініміз анық.

Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Осыны бек түсінгендіктен, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.[7]

Қоғам неғұрлым бай болса, ол солғұрлым демократиялық үдерістерді дамытуға бейім келеді. Сол сияқты ел тұрғындарының да тұрмыстық қажеттіліктері толығымен қамтамасыз етіліп, олардың білім дәрежесі, сана-сезімі мен саяси-мәдени деңгейі жоғары сипатта болады. Сондай-ақ, қоғам тарапынан өз мүшелерінің тұрмыстық жағдайын көтеру жолындағы жүргізетін іс-әрекеттері олардың саяси көзқарастары мен ой-пікірінің жетілуіне, саяси бағыт-бағдарлары мен ұстанымдарының негізделуіне, саяси мәдениетінің деңгейінің жоғарылауына да өз ықпалын тигізері сөзсіз жайт.

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек.[7]

Көпэтникалық мемлекетте, Қазақстанда, қазақтар ең алдымен, жалпы барлық қазақстандықтардың ұлттық құндылықты сапаларының деңгейін көтеру мақсатында Қазақстандағы ұлтаралық келісім жүйесін құрушы ұйытқы ұлт болуы тиіс.

Қоғам мүшелерінің саяси үдерістерге белсене қатысуы мен қоғамдық өмірдің нағыз субъектісі етіп қалыптасуы оның өзіне тән даму ерекшелігіне және жоғары білім деңгейі мен саяси-мәдени дәрежесіне байланысты деп айтуға болады.

Тәуелсіз елімізде инновациялық индустрияландыру, ұлттық экономиканы әртараптандыруды жалпыұлттық идеяға айналдыру арқылы Қазақстан Республикасы өркениетті, бәсекеге қабілетті мемлекетке айналды. Бұл жолда қазақстандықтардың бірлігі, төзімділігі, ынтымақтастығы, өзара құрметі зор мәнге ие.

Қазақ халқының ұлтгық идеяны ту етіп көтеріп, егемен елін, дербес мемлекетін орнатып, жиырма жеті жылдың ішінде төрткүл дүниеге танылуына жеткізген ұлы күш – бұл ұлттық намыс пен азаттық рухы.

Осы жиырма жеті жыл ішінде өзіне тән институттары бар жаңа демократиялық құқықтық мемлекет құрылды. Егемен Қазақстан әлемдік қауымдастықта дербес даму жолымен нық жүріп келеді.

Қазақстанның табысты жаңғыруын қамтамасыз ету үшін бастамашыл белсенді сыртқы саясатты одан әрі жүзеге асыру қажет.

Қазіргі күрделі жағдайда Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты бейімделуді және ұлттық мүддені прагматизм қағидаттарына сәйкес ілгерілетуді талап етеді. .[8] Бұл үшін қазақстандық қоғамда барлық мүмкіншілктер мен күштер жеткілікті дәрежеде деп сенімді айтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Психология. Словарь, М., 1990, 442-б.
2. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.
3. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. -189-б.
4. Байдельдинов Л.А. «Государственный суверенитет Республики Казахстан как политическая ценность», Саясат, 2001, №3, 12 б.
5. Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму», 30.11.2015 ж.
6.ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»,31.01.2017 ж.
7. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», сәуір 2017 ж.
8.Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру», 05.10.2018 ж.

Өмірзақов Пернебек Құрашұлы
заң ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің доценті, Астана қ., pumirzakov@mail.ru

КОРПОРАТИВТІК ДАУЛАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДЕГІ ЕУРООДАҚ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Кілт сөздер: *арбитраж, корпоративтік даулар, корпоративтік құқық, корпоративтік қатынастар, бағалы қағаздар нарығы, құқықтық реттеу.*

Ключевые слова: *арбитраж, корпоративные споры, корпоративное право, корпоративные отношения, рынок ценных бумаг, правовое регулирование.*

Keywords: *arbitration, corporate disputes, corporate law, corporate relations, legal regulation, securities market, legal regulation,.*

Халықаралық тәжірибеде сондай-ақ даулардың арбитрабелді екенін анықтау барысында достастық келісімге келу мүмкіндігі секілді сипат қолданылады. Арбитраж компетенциясын кеңейтетін мұндай амалдар, мысалы, Финляндия заңнамасында бекітілген. Ұқсас жағдай шведтік 1999 жылғы арбитраж жайлы Заңда да бекітілген. Германдық азаматтық жинақ мүліктік емес талап бойынша арбитраждық келісімнің де құқықтық күшін қарастырады, өйткені екі жақта даудың себебі бойынша татуласуға бағытталған келісімге отыруға теңдей құзіретті.

Австрияда арбитраждық талқыланудың тақырыбы тараптар достастық келісімге отыра алатын кез келген даулар бола алатын еді. Алайда қазіргі уақытта австриялық заңнама тек арбитражда даудың қарастырылу негіздемесін беретін мүліктік даудың себебін ғана қарастырады. Бірақ мүліктік қатынастар жоқ даулық жағдайларда ортақ келісімге келу мүмкіндігінің критерийі әліге дейін қолданылады.

Ұлыбриятанияда арбитражда даулардың қарастырылуының тек бір ғана шектеуі бар - қоғамдық тәртіпке қайшылық туғызса, яғни бұл арбитраждардың максималды құзіретін білдіреді. Дәл осындай жинақтардың, яғни тараптардың барынша қызығушылықтары мен келісімдерін ескеретін кесірінен ағылшындық құқық коммерциялық қатынастарды реттеуде өзекті болып, кеңінен таратылды. Егер корпоративті даулардың арбитрабелдік сұрағына назар аударсақ, онда олардың арбитражда қарастырылуы көптеген елдерде қалыпты болып саналады.

XIX ғасырдың басында арбитраж Франция және Бельгия елдерінің акционерлер арасындағы дауларды шешудің жалғыз жолы болды. Мұндай даулармен мемлекеттік сотқа бару тек XIX ғасырдың соңында алынып тасталынды. Керісінше, Ұлыбритания соттары ұзақ уақыт арбитражға сенімсіздікпен қарап, бірте-бірте корпоративтік дауларды шешудің альтернативті жолын мойындады. Жоғарыда айтылғандай, Ұлыбританияның соттық тәжірибесіне сәйкес, тек егер қоғам мүддесіне қайшы болмаса барлық даулар арбитражда қарастырылуы мүмкін. Корпоративтік даулар қоғам мүддесіне қарсы келмейтіндігі мойындалса, олар арбитражға рұқсат етіледі. Оған мысал, FulhamFootballClubLtd және Richards тараптары арасындағы іс бойынша Ұлыбританияның Апелляциялық сотының шешімі кеңінен танымал. Корпоротивтік даулардың арбитражбен қарастырылуына Италия сот жүйесі де оң қарайды. Мысалға алатын болсақ, D'AmicoCortediCassazione ісіне қатысты Италияның Кассациялық сот шешімі. Австрияда, коммерциялық айналымның талаптарына орай, Жоғарғы сот және соттық тәжірибе корпоротивтік даулардың арбитражда қарастырылуын қолдайды және осыған қажетті талаптарды анықтады. Германияда соттық тәжірибе арбитраждық келісімді қолдайды. Германияның Жоғарғы Соты құрамында жауапкершілігі шектеулі серіктестік бар қатысушылардың шешімімен даулар арбитражда қарастырыла алатынын және компаниялар жарғысындағы арбитраждық ескертулер қатысушылар үшін міндетті екенін растады. Осы қатынаста арбитраждық іс бойынша Неміс институты (DIS) 2009 жылы корпоративтік даулар арбитражына соттық тәжірибені де ескеретін қосымша ережелер енгізді. Енгізілген ережелер қоғам қатысушылары арасындағы немесе қоғам мен жарғыға сәйкес қатысушылар арасындағы кез келген даулар арбитраждық тәртіпке сәйкес түпкілікті бекітуге және қосымша ережелермен реттелетінін ескереді Мұндай ережелерді негізінде ірі компаниялар қолданады. Алайда, акционер саны көп компаниялар үшін арбитраждық ережелерді қолдану барлық акционердің ережені қолдану жайлы келісімін алу немесе арбитраждық талқылауда барлық акционерді тарту міндеттемесіне сәйкес мүмкін емес немесе ұтымды емес болып табылады. Негізінде корпоративтік даулар арбитражының қосымша ережелері Еуропада коллективтік дауларды арбитражда шешуді реттеудің алғашқы мысалы болып

табылады. Кейбір бағалаулар бойынша Германиядағы арбитраждық талқылаудың үштен бірі корпоративтік дауларға жатады. Корпоративті дауларға қатысты нақты ережелер басқа да елдерде орын алады. Сонымен, Испанияда компания жарғысына енгізу үшін Сауда палатасының қатысуымен корпоративтік дауларды шешудің типтік арбитраждық ескертуі әзірленген.

Еуропалық елдер - Германия, Австрия, Англия осы елдерде біршама уақыт бұрын корпоративтік дауларды шешуде альтернативті сотқа баруды мұқият қарағанымен, қазіргі таңда арбитраждық соттың дауларды шешуі үйреншікті тәсіл. Тараптардың мінез-құлық еркіндігі бірінші орынға шығатын келісімшарттық қатынастарға қарағанда, корпоративтік құқық жалпы басым болып келеді. Алайда, соңғы кездері бұл елдер арбитраждық талқылау пайдасына қарай мұндай амалдан алшақтап кетті.

Немістік Азаматтық-процессуалдық кодексінің 1 және 2 бөлімінің 1030 ст. тура экономикалық қызығушылық негізінде құрылмаған болғанымен, бірақ жақтар еркін қолдана алатын құқық негізінде құрылған кез келген талап сияқты экономикалық қызығушылық негізіндегі кез келген талап арбитраждық сотта қарастырыла алады деп бекітілген. Сонымен қатар экономикалық негізде құрылған талап ретінде, егер талапта ақшалық талап қаралса немесе талап экономикалық қызығушылықтарды қанағаттандыруға бағытталса, құқықтық қаржылық қатынастан орын алатын талап түсіндіріледі.

Алғаш қарағанда, неміс кодексі корпоративтік дауларды арбитраждық сотта қарауға абсолютті carte blanche береді деп көрінуі мүмкін. Бірақ бұл тек алғашқы кезде ғана. Акционерлік келісімдердің арбитрабелділігін мойындату жолы қиын болды. Мысалы, Германияда 2009 жылға дейін корпоративті даулар арбитрабелді емес деген ойлар үстем етті. Бұл позиция Германияның акционерлік қауымдастықар туралы Заңының 248 секция 1 параграф 1 сөйлеміне негізделген болатын, яғни егер ортақ жиналыстың шешімі жарамсыз соңғы сот шешімі болып шешілсе, бұл шешім барлық акционерлерге, атқарушы және қадағалау органдары үшін міндетті болады, тіпті егер олар үрдісте жақ болмаса да. Бап нақты соттық шешімді апелляциялайтынына көңіл аударайық. Сондықтан немістік құқықта ұзақ уақыт арбитраждық талқылау ретіндегі акционерлер жиналысының шешіміне шағым беру мүмкіндіктеріне қатысты анықтық болмады.

Германдық Федералды Жоғарғы Сот 29.03. 1996 жылы Германияның акционерлік қауымдастықтар туралы Заңының 248 секциясын арбитраждық сотты шешуде қолданудан бас тартты. Ол бұл секцияда экономикалық дауларды арбитрабелділіктен шығару бар екенін көрсетті, яғни корпоративтік даулар арбитраждық сотта қарастырыла алмайды. Мұндай жағдай Германияда 06.04. 2009 жылға дейін үстем етті, яғни Германдық Федералды Сот № II ZR 255/08 Шешімінде қарастырылуға берілген акционерлік келісімді неарбитрабелділігін мойындаса да, төтенше маңызды ескертулер жасады.

Осы істе соттың айтуы бойынша, акционерлік келісімді арбитрабелді деп мойындау үшін талаптар қатарын орындау қажетті. Біріншісі, компанияның құраушы құжаттары арбитраждық ескертулерді енгізуі тиіс. Егер де құраушы құжаттарда бұл ескертулер болмаса, онда ол басқа құжатта бола алады. Алайда, компанияның өзі атқарушы орган ретінде мұндай келісімшартта жақ болуы міндетті. Екіншісі, арбитраждық ескерту бір даудың ортақ жиналысында нақты шешімге қатысты барлық қарсылықтарды қарастыруға мүмкін болатындай етіп құрастырылуы тиіс, өйткені ортақ жиналыстың шешімінің жарамсыздығына қатысты сот шешімі барлық акционерлер үшін, сондай ақ компанияның өзі үшін де, барлық өкілдері үшін де міндетті. Үшінші, арбитраждық келісім арбитраждық соттың жиналыстарында қатысу үшін барлық акционерлерге мүмкіндік беруге тиіс. Сонымен қатар, барлық акционерлер жиналыс жайлы хабардар болуы қажет, оларға арбитрлерді сайлауға қатысу мүмкіндігі қарастырылу тиіс. Сондай -ақ, олар талап етушінің де, жауап берушінің де жақтарында бола алады. Осылайша, неміс соты барлық акционерлер арбитраждық келісімнің жақтары болған талабымен акционерлік даулардың арбитрабелділігінен шығады.

Австрияда соттар про-арбитрабелдік позиция ұстанады. Австрияның Жоғарғы соты оларға қойылған кейбір талаптардың орындалуына сәйкес акционерлік даулардың принципиалді арбитрабелділігін бекітті. Жоғарғы сот қарастырған дау 1995 жылы қоғамның 5 қатысушысы негізін қалаған ұялы байланыс ортақ кәсіпорнына қатысты болды. Компанияны құру барысында, қатысушылар құраушы келісімге және әрқайсысында арбитраждық келісім болған құқықтарының орындалу тәртібі бойынша құжатқа қол қойды. Арнайы шарттар кезінде жүзеге асатын құқықтар жайлы келісімге сәйкес опцион колл қолданылды. Осы жағдайды қолданумен, бір қатысушы опцион колл қолдана алу мүмкіндігін беретін шешім алу мақсатымен арбитраждық сотқа шағымданды. Қалған үш қатысушы арбитраждық талқылауға араласпады. Дау бойынша жауап

беруші арбитраждық сотта барлық қатысушылардың қатысуының қажеттілігін қарастыратын күшіне сәйкес бұл даудың арбитрабилді емес екендігін алға тартты. Алайда бұл оймен сот келіспеді. Ол бұл істе арбитраждық келісімге сәйкес туындаған қатынастар тек келісімдік мінезге ие екендігін көрсетті. Австрияның жоғарғы соты сонымен қатар арбитраждық келісімнің арбитрабелділігін мойындау үшін бірнеше талаптарға сәйкестігінің қажеттілігін көрсетті. Біріншісі, барлық акционерлер бір келісімнің қатысушылары болу керек. Екіншісі, егер арбитраждық соттың шешімі басқа акционерлердің құқықтары мен міндеттеріне әсер етсе, онда оларды талқылауға араластыру қажет. Үшіншісі, сот даудың табиғаты арбитраждық талқылауға барлық акционерлерді тартуды талап етуі мүмкін. Бұл тек шешім барлық акционерлердің пайдасына не зардабына бағытталса ғана орын алуы мүмкін.

Осылайша, Австрия және Германия корпоративті даулардың арбитрбабелділігін мойындайды, сонымен бірге акционерлік келісімнің "келісімшарттық" концепциясын да мойындайды. Алайда бұл елдердегі соттар корпоративті дауларды арбитраждық сотта қарастыруға мүмкіндік бере отыра арбитраждық ескертуге қатысы жоқ үшінші беттердің құқықтарының қорғалуын және сот шешімдерінің "бәскелестік" туғызу мүмкін емес екендігін қамтамасыз етеді.

Ұлыбритания соттары корпоративтік дауларды арбитраждық сотта қарауға жалпы келісім бергенімен, арбитраждық келісімге бірнеше талап қояды. Мысалы, 2010 жылы *Fulham FC v Richards* [2010] EWHC 3111 шешімі бойынша Апелляциялық сот корпоративтік даулар арбитраждық сотта қарастырылуы мүмкін деген тәсілін бекіткен болатын. Осылай бола тұра, бұл дауда акционерлік келісімнің болмағанына, тек арбитраждық ескерту құрау құжаттарында ғана болып, осылайша заңды тұлғаның барлығы үшін бірдей таралғанына назар аударайық. Қарастырылған дау-дамай директорлар кеңесінің іс-әркетіне қатысты болды. Арнайы юрисдикция заңдарының болуының тарихы кең. Сауда соттары тіпті ежелгі Римде қызмет жасады. Ал сауда ісінің ұйымдастырылған формасын тек Италияда арнайы теңіздік сауда соттары пайда болғанда ғана қабылдады. Содан соң Францияда, кейінірек Австрия, Англия, Германия, Голландия, Испания, Италия, Швеция сынды елдерде соттар пайда болды. Парижде алғашқы тұрақты коммерциялық сот 400 жылдан астам жұмыс жасауда (1563ж. негізін қалады).

сөйлем топтарын синтаксистік тұтастық деп атаушылық бар. Күрделі синтаксистік тұтастық – жеке сөйлемдерге қарағанда, ойдың дамуын неғұрлым толық бере алатын мағыналық және синтаксистік жағынан өзара тығыз байланысқан сөйлемдердің тобы. Сөйлем сөздердің тіркесуі арқылы біршама аяқталған ойды білдірсе, күрделі синтаксистік тұтастық сөйлемдердің тіркесуі арқылы аяқталған ойды білдіреді[7.35б.],-дейді. Мұндағы синтаксистік тұтастық дегеніміз – фразалық бірліктер. Ой, идея, мазмұн, пікір осы фразалық бірліктер арқылы басталады. Олар жаңа ой әкеледі және фразалық бірліктің ұйымдастырушы орталығы болып табылады. «Негізгі ойды белгілеп, басқа сөйлемдерге қазық болып тұратын бір не екі сөйлем болады. Ол сөйлемдер көбіне күрделі синтаксистік тұтастықтың басқа бөлігінде орналасады да, басқаларға қарағанда өзіндік еркіндікке ие болып келеді. [3.735б.]»

Егер шартты түрде мәтіннің композициялық схемасын сызып көрсету керек болса, былай болып шығар еді:

Сөйлем – күрделі синтаксистік тұтастық – мәтін.

Сөйлемге қарағанда, күрделі синтаксистік тұтастық әлдеқайда күрделі ойды білдіреді. Сонда байланыстыра сөйлеуге әкелетін – жай сөйлемдердің мән-мазмұндық және қарым – қатынастық ұйысымдары. Бұл туралы орыс лингвисі Н.С. Поспеловтің «... байланысты, монологты сөйлеудіің шынайы синтаксистік бірлігі сөйлем емес, автордың сөйленімін құрайтын сөйлемдер тобы. [6. 53б.]» - деген пікірінен де аңғарамыз. Өйткені жеке сөйлем- мағыналық жағынан аяқталмаған конструкция. Сөйлем мағыналық толықтыққа тек контексте ғана, яғни күрделі синтаксистік тұтастықтың құрамында тұрып қана ие болады. Ал сөйлем контекстен ажыраған өзінің грамматикалық тұтастығын сақтағанмен, мағыналық тұтастығын жоғалтатыны белгілі. Жеке сөйлемнің байланысу тәсілдері – күрделі синтаксистік тұтастық болып табылады. Осы күрделі синтаксистік тұтастықтың құрамына кіретін сөйлемдерді өзара байланыстыратын тәсілдері, амалдары болады. Байланыстырушы амалдарға И. Мистрик салалас мәнді жалғаулықтарды, есімдіктерді жатқызады. [7.47б.]

Ал Н.Д. Зарубина мұндай амалдарға:

а) Есімдіктің үшінші жағы, сілтеу есімдіктері (Он интересуется искусством. Эти ребята живут в доме №5.)

б) Сөйлем басында келетін толықтауыш немесе пысықтауыш (Книгу я не брал. На столе мы ничего не оставляли.)

в) Сөйлем басында келген етістіктен болған баяндауыш (Хотели мы еще раз позвонить, но не стали.)

г) Қыстырма сөздер – яғни, ізінше, сонымен, бір сөзбен айтқанда, мысалы, сонымен қатар, сондай-ақ, осылайша т.б.

д) Сөйлемнің толық еместігі. (Я курю папиросы и сигареты. Мой брат – только трубку.)

е) Сөйлем басында келген ыңғайлас мәнді жалғаулықтар (И было очень холодно.)

ж) Сөйлем ортасында келетін «тоже» жалғаулығы (Я тоже хотел бы присоединиться к веселой компании.) [2. 23,24б.] жатқызады.

Күрделі синтаксистік тұтастықтың құранды бөліктерін байланыстыратын амалдарға М.Серғалиев ондай тәсілдерге, жалғаулықтар, есімдіктер, үстеу сөдер, модаль сөздер, сөздердің орын тәртібі, қайталанған сөздер, етістік баяндауыштардың жақтық, шақтық тұлғаларының біркелкілігін жатқызады. [3.735б.]

Сонымен біз күрделі синтаксистік тұтастықтың құранды бөліктерін байланыстыратын амалдардың бар екенін білдік. Біз тіл үйренушіні осы амалдарды пайдалана отырып, байланыстыра сөйлеуге қалай үйретеміз? Әрине байланыстыра сөйлеуді меңгеру үшін тіл үйренуші жоғарыда аталған амалдарды білуі тиіс. Өйткені үйреніп жатқан тілде байланыстырып сөйлеуді меңгеру – күрделі. Біріншіден, белгілі бір оқиғаға байланысты бір емес, бірнеше сөйлем айту керек. Екіншіден, әр түрлі модальдықтағы сөйлемдерді байланыстыра алу амалын білу керек. Үшіншіден, бір сөйлеу тілінде сөйлеудің синсемантикалығын сақтау, яғни фразалық тіркестерді құра алу керек.

Сөйлемдердің синтаксистік байланысы дегеніміз – әр түрлі модальдықтағы сөйлемдер арасын біріктіретін құралдар арқылы пайда болатын сөйлеудің сыртқы байланысының үлгісі екенін білдік. Ал түрлі модальдық ұғымына – сипаттау, баяндау, пайымдау сияқты әр түрлі сөйлеу типін жатқызамыз.

-Сипаттауда белгілер санамалы көрсетіледі, эмоционалдық -экспрессивтік баға болмайды.

-Баяндау деп әрекет пен жай-күйдің дамуы туралы хабарламаны айтамыз. Мұнда мезгілдік мағынасы бар жалғаулықтар, сөздер, экспрессивтік-эмоционалдық құралдар қолданылады.

-Пайымдау – себеп-салдарлық конструкциясы бар авторлық бағалау, модаль сөздер, сұрақтары бар мәтін. [1.336б.]

Сонымен «байланысты сөз, сөйлеу» әдістемелік ұғымының лингвистикалық мазмұны деп бір модальді және әр түрлі модальді сөйлемдердің бір-бірімен байланысу амалдарын айтамыз. Өзге тілді тыңдаушыларға қазақ тілін үйретуде байланыстыра сөйлеуді қалай меңгертеміз? Оның қандай әдіс-тәсілдері бар?

Байланыстыра сөйлеуді мынандай бірізділікке құруға болады:

а) Бастапқы кезең үшін автоментикалық сөйлемдердің интонациялық бірігуі;

ә) Оқытудың ортаңғы кезеңі үшін әр түрлі модальдықтағы сөйлемдердің бірігуі;

б) Оқытудың ілгерілеу кезеңі үшін бір сөйлеу типіндегі (сипаттау, баяндау, пайымдау) сөйлемдердің бірігуі.

Тәжірибе көрсетіп жүргендей, қазіргі ЖОО –ның орыс бөлімінде оқитын студенттердің тілді меңгеруі бірдей деңгейде емес. Осыған орай, біз тіл үйренушілерді әлі де болса бірнеше деңгейге бөліп оқытып жүрміз.

Бастапқы кезең үшін байланыстыра сөйлеуді меңгерту жолдары.

Бастапқы кезең үшін *«Біздіің университет»* деген тақырыпта әңгіме жазу берілді делік. Мысалы:

Біздің университетіміз - Қазақстандағы санаулы ұлттық университеттердің бірі. Университетте көптеген ұлт өкілдері оқиды. Университетте студенттердің білім алуына барлық жағдай жасалған.Студенттер бірнеше мамандық бойынша білім алады.

Әрине, бұл жерде үйреніп жатқан тілінде коммуникативтік қатысым мақсаты орындалды. Бірақ, байланыстыра сөйлеуді меңгерту мақсаты орындалған жоқ.Тапсырманы басқаша орындап көрелік.

Біздің университетіміз - Қазақстандағы санаулы ұлттық университеттердің бірі. Мұнда көптеген ұлт өкілдері оқиды. Университетте студенттердің білім алуына барлық жағдай жасалған.Олар бірнеше мамандық бойынша білім алады.

Бір тақырыпта орындалған тапсырманың екінші түрі байланыстырып сөйлеуге әкеледі. Бірінші тапсырмадағы жеке, дербес, автосемантикалы сөйлемдер екіншісінде бір-бірімен есімдік (*олар)* және мекен үстеуі (*мұнда)* арқылы байланысып, дербес емес синсемантикалы сөйлемдер болып тұр.

Тіл үйретудің бастапқы кезеңінде тіл үйренушілерге сөйлемдер арасындағы мынандай байланыс амаларын меңгертуге болады.

-алдыңғы сөйлемдегі зат есімді алмастыратын *ол, олар* жіктеу есімдіктері

-*бұл, сол, сонау, осылар* сілтеу есімдігі+алдыңғы сөйлемдегі зат есім

-ілік септігіндегі *оның, олардың* есімдігі

-*және, де* жалғаулықтары

Себеп-салдар мағыналы *сондықтан, себебі* жалғаулықтары

-салыстыру, қарсылық мәнді *ал, бірақ* жалғаулықтары

Тіл үйретудің орта кезеңінде фразалық бірліктердің құрамына кіретін сөйлемдерді байланыстыратын басқа да тәсілдерді меңгерту қажет. Мысалы *алайда, дегенмен, солай бола тұрса да, иә, ал енді, бұдан басқа, сонымен, сөйтіп, қорыта келгенде* т.б. Жай - күй мен әрекетті сипаттайтын және жай -күй мен әрекетті бағалаушылық сипаттағы сөйлемдерді ажырата білуге және жоғарыда аталған байланыс амалдарын белсенді пайдалана білуге үйрету керек. Оларды пайдалана отырып, сөйлеудің бір типі аясында бір-бірімен байланысты бірнеше сөйлем айта алуға бағыттау керек.

Әдебиеттер:

1 З.С. Күзекова «Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері» ТОО «Издательство LEM» Алматы, 2005ж.

2 Н.Д. Зарубина «Методика обучения связной речи» М. «Русский язык», 1977ж.

3 Қазақ грамматикасы. Астана, 2002ж.

4 Г.Я Солганик Синтаксическая стилистика. М. 1973ж.

5 Н. Оралбаева, К. Жақсылықова «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі» Алматы. «Ана тілі», 1996ж.

6. Н.С. Поспелов «Проблемы сложного синтаксичкского целого в современном русском языке» Ученые записи МГУ, Вып. 137 (Труды кафедры рус. яз.) 1948ж.

7 И. Мистрик « Математико-синтаксические методы в стилистике». Вопросы языкознания №3. 1967ж.

Құлманов Қ.С.,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, ф.ғ.к., профессор

Құрмашқызы Ә.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, аға оқытушы

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

Түйін: Мақалада қазақ тілін оқытудағы құзіреттілік мәселесі қарастырылады. Сонымен қатар, тілдерді оқытудағы мәдениетаралық коммуникациялар мәселелерін зерттеу мәселесі де жан-жақты талданады. Нақты мысалдар арқылы жұмыс түрлерін орындау жолдары айтылады.

Түйін сөздер: Әлеуметтік мәдени, ақпараттық құралдар, ақпараттық технологиялар, іскери қатынастар, тілдік тұлға, білім беру, тілді үйрету, рөлдік ойындар.

Резюме: В статье рассматриваются проблемы приобретения компетентности в процессе обучения казахскому языку. Также в статье разносторонне исследуются вопросы межкультурной коммуникации на примере различных упражнении и работ.

Ключевые слова: социально-культурные и информационные средства, информационные технологии, деловые отношения, языковая личность, образование, обучение языкам, ролевые игры.

Resume: The article discusses the issues of competence acquisition in the process of Kazakh language teaching. Also there are a lot of examples of different exercises and works devoted to intercultural communication.

Key words: social-cultural and informational means, informational technologies, business relations, speech individuality, education, teaching languages, role plays.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің практикалық қазақ тілі кафедрасы университеттің 13 факультетінде «Қазақ тілі», «Кәсіби қазақ тілі» пәндерінен сабақ жүргізеді.МББ бағдарламасы негізінде білім алушылар аталмыш пәнді оқығанға дейінгі және оқығаннан кейінгі құзіреттілікпен танысып шығады. Бұл әрине пәнді таңдау кезіндегі білім алушылардың өздеріне қажетті білімді игерулеріне алдын-ала бағыт-бағдар беретіндігін білдіреді. Және де студенттердің пәнді таңдауына мүмкіндік жасайды. Университеттегі білім алушыларға «Қазақ тілі» пәнінен 6 кр., «Кәсіби қазақ тілі» пәнінен 2 кр. көлемінде сабақ жүргізіліп келеді. Бекітілген бағдарламаларға сәйкес тақырыптар легі жан-жақты оқытылуда.

Құзыреттілік терминдерімен тұжырымдалған нәтижелер мен модульдерді меңгеру мақсаты қазақ тілінде өз ойларын еркін жеткізу және сауатты жаза білу. Меңгеру-қазақ тілінің грамматикалық ережесін меңгерту. Білу- грамматикалық тақырыпты тілдік жағдаятта қолдану (мәтін, диалог, пікірталастарда т.с.с. Дағдыларына келетін болсақ күнделікті қолданыста қазақ тілін сауатты қолдану болып табылады.

Мәдениетаралық коммуникация елдер арасындағы ішкі өмірдің де, өзара қарым-қатынастың да реттегіштік маңызды факторы болып табылады. Өзінің әлеуметтік мәдени ерекшелігін іздеу жолындағы қазіргі қазақстандық қоғамның трансформациясы жағдайында мәдениетаралық коммуникациялар мәселелерін зерттеу қажеттілігі арта түседі.

Кез келген тілді зерттеу тиісті ұлттық мәдениетті зерттеу болып табылатындығы белгілі. Тіл саясатын реттейтін Еуропа Кеңесі білім құжаттарындағы мультимәдениеттаным идеясы нақты осы негізге сүйенеді. Осы контекстегі құзіреттілік дегеніміз – студенттің білім беру бағдарламасының бір бөлігін немесе оны толық бітіргенде көрсететін білімі,ептілігі, дағдысы мен жеке басының сапасы.

Қазақстан жоғары оқу орындары ұстаздарының алдында студенттерді оқытудың барлық процесін ұйымдастыруға, сонымен берге жаңа талаптардың мазмұнын түсіндіру барысында Болон конвенциясы аясында қойылған маңызды міндеттер жоғары кәсіби білім сапасының негізгі көрсеткіштерінің нәтижелеріне бағытталғанын атап өткіміз келеді.

Сонымен қатар, жаңа ақпараттық құралдар мен технологияларды меңгеру мүмкіндігі мен барлық өзіндік ерекшеліктерді нақты еңбек нарығының жағдайларына «бейімдей» білу – қазіргі жоғары оқу орны түлегінің санаттық сипаттамасымен қатар оның бәсекелестік ортада озып шығуына, қызметте өсуіне және ең соңында өмірде табысқа жетуіне қолғабыс етеді.

Тілдік, коммуникативтік және мәдениетаралық құзіреттіліктер жөнінде айтар болсақ:

Қазақстан Республикасында мәдениетаралық кәсіби байланыстардың кеңеюіне байланысты үш тіл – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген түрлі сала мамандарына сұраныс көбеюде. Мәдениетаралық өзара қарым-қатынасты табысты жүзеге асыру қоғамдық және іскери дағдылардың өзіндік ерекшеліктерін анықтаушы, тарихи дәстүр мен салттар, өмір сүру салтының әсерімен детерминделетін түрлі мәдениеттің кәсіби-маңызды концептілерін меңгеруге және білуге бейімдейді. Сөйлеушінің когнитивті дайындығы ғана мәдениетаралық қарым-қатынаста лингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық, мәдениеттанымдық контексті және әсерлі мәдениетаралық іскери қатынастарға дайындық пен халықаралық кәсіби ықпалдастықты қалыптастырады. Когнитивті аспектіні негізге ала отырып, тұлғааралық қарым-қатынас сипаты коммуниканттардың құзіреттілік интенциясы мен олардың жетістік стратегиясымен (ықпалдастық, бәсекелестік, тартыс, т.б.) анықталады.

Сондықтан, студенттерді тілдік, коммуникативтік және мәдениетаралық құзіреттілікке оқыту міндетті түрде іскери қатынастың мәдени стандарттарын жасайтын тұтастық концепциясына, іскери қарым-қатынастағы тілдік қолданысты дифференциялы меңгеруіне, іскери этикет формулаларына (әсіресе параллельді сәйкестік болмаса), ұлттық менталитетті түсінуге негізделуі қажет.

Адекватты мәдениетаралық түсінік пен тиімді қарым-қатынас үшін тілдік, коммуникативтік және мәдениетаралық құзіреттілік деңгейлерінің пропорционалды тәуелділігі болуы шарт. Асимметрия болған жағдайда жоғарыда аталып өткен құзіреттіліктерде түсінбеушілік болады, атап айтқанда, тілді жақсы меңгерген кәсіби маманнан мәдениетаралық құзіреттілікке сәйкес келетін деңгейді күтеді және оған әлеуметтік, әлеуметтік-мәдени және мәдениеттанымдық ақпараттарға жеткілікті көлемде ие адам ретінде қарайды.

Енді мәдениетаралық құзіреттілікті қарастыру аспектілеріне келетін болсақ,МАҚ мынадай аспектілерді қарастырады: 1) когнитивті; 2) әлеуметтік мәдениеттілік; 3) әлеуметтік лингвистикалық; 4) лингвоелтанымдық.

Әлеуметтік үлгідегі ең қарапайым деген айырмашылықтың өзі түсінбестіке, тіпті ақыр аяғы айтарлықтай салдарға ұрындыруы мүмкін. Сөйлеудегі грамматикалық немесе фонетикалық қателіктер адамның шет тілін жеткіліксіз білетіндігін көрсететіндігі ақиқат, сондай-ақ әлеуметтік прагматикалық қателіктер де коммуниканттың белгілі бір эмоциясын туғызады (таңдану, наразы болу, түсінбеу, дүдәмал болу, сенімсіздік, т.б.). Бұларды тілді оқыту барысында ерекше ескеру қажет. Лингвистикадағы когнитивті бағыт тілдік жүйенің бірлігі мен өзара әрекеттестігін ашуға мүмкіндік береді, әрі тікелей қарым-қатынастағы функионалдылық пен ішкі құрылымды түсінуге жол ашады, тілдік жүйені күрделі, оның пайда болуындағы сөйлеудің көп компонетті механизм екендігін танытады, себебі оны қабылдау мен мен түсіну тілдің шын мәнінде де бір мезгілде әрі коммуникативті, әрі когнитивті құрылым екендігін дәлелдейді, ал тілдік мәліметтер когнитивті процестер мен механизмдерге шынайы және айқын мүмкіндікті қамтамасыз етеді.

МАҚ-ті қарастырудың әлеуметтік мәдени аспектілері

Политілділік білім берудегі әлеуметтік мәдениет параметрлері өзіне тек қана лингвистикалық, лингвоелтанымдық, әлеуметтік және әлеуметтік мәдени құзіреттіліктерді қамтымайды, сондай-ақ географиялық, тарихи, экономикалық, құндылық, әлеуметтік, эстетикалық ракурстердегі түрлі мәдени феномендерді жасайтын ұлттық лингвомәдени құзіреттіліктерді де қоса қамтиды.Әлеуметтік мәдени фонды білу өте қажетті нәрсе, себебі, онсыз коммуникативті құзіреттілікті қалыптастыру мүмкін емес. Мәдениет пен тілді оқып-үйрену жалпыбілімдік мәліметтерді меңгеруге ықпал ететіні белгілі, ең бастысы, жеке тұлғаның дамуын қамтамасыз етеді, студенттердің уәждемелік сипатын қолдайды. Сабақты жүргізудің дәстүрлі емес формалары әлеуметтік мәдениет құзіреттілігін қалыптастыратын нәтижеге қол жеткіздіреді.

МАҚ-ті қарастырудың лингвоелтанымдық аспектілері

Табысты қарым-қатынас жасау үшін өзге ұлттың дүниетанымын түсінуге ықпал ететін тарихи-мәдени фонды студенттерге сіңіре білу қажет, олар сол халықтың тарихи даму барысындағы мәдениетін білдіретін мәліметтерді меңгеруі қажет, өзге тілді халықтың қоршаған орта ерекшелігін түсінулері керек [1, 78-81 бб]; бөтен халықтың қоғамдағы өзара қарым-қатынас ерекшеліктерінің көрінісін, олардың мәдениеттілік мінездерін, нормалар жүйесін, құндылықтар туралы пайымдарын, тілдесу формуларын, дене қозғалысының «тілін» түсінгендері абзал.

Ғылыми әдебиеттерде жиі айтылатындай, МАҚ-ті оқыту кешенді білім беру процесін танытады, бұны жүзеге асыру үшін әртүрлі этностардың әлемді тану пайымын түсінуге мүмкіндік беретін үдерістерді күшейту қажет а) тілді оқыту барысында аутентикалық материалдарды

(мәтіндер, өлеңдер, әндер, бейнематериалдар, т.б.) қосу арқылы; б) білім берудің белсенді формалары (проблемалы тапсырмалар, әлеуметтік мәдениетке бағытталған рөлдік ойындар) арқылы; в) өзге мәдениетке қатысты нақты бір мәселені шешуге арналған (мәдени-елтанымдық сұрақтар мен байқаулар, сайыстар, шетелдік достармен хат жазысу, т.б.) арқылы студенттерді аудиториядан тыс түрлі жұмыстарға тарту қажет.

Қазақ тілі сабағындабіз мәдениетаралық коммуникацияларды қалыптастыру әдістері ретінде мыналарды пайдаланамыз: а) қазақ-орыс-ағылшын мәдениетаралық айырмашылықтары туралы түсінік беретін қосалқы мәтіндермен әдістемелік жасалымдар, мысалы, а) мінез-құлық саласында (сәлемдесу тәртібі; әңгімелесудің вербальдық емес құралдары; күнделікті өмірдегі мінез-құлық нормалары; ұлттық-ерекше әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер; іскерлік этикет; іскерлік хаттама; б) сөйлесу саласында (іскерлік хат жазысудағы негізі стандарттар; сөйлеу мәдениеті; келіссөздер жүргізу (соның ішінде телефонмен де); әңгімелесудің мүмкін тақырыптары, табу-тақырыптар; «жоғары деңгейдегі әңгімелесулер»; в) қабылдау мен қарым-қатынас саласында (тұлғааралық қарым-қатынастар, уақыт пен кеңістікті сезіну; жекелік мен ұжымдық; жұмысқа қатынас; түр-түсті қабылдау; қоршаған ортаға қарым-қатынас (экологиялық сана); стеоротиптер; ерлер мен әйелдердің әлеуметтік рөлін қабылдау; эмансипация мәселелері.

Оқу үдерісіне ғаламтор желісінің ақпараттық ресурстарын белсенді түрде енгізе отырып, оқытушылар сабақтар мазмұнына электрондық таныстырылымдарды жасап енгізеді, виртуальдық көрсетілімдерді көрсетеді, дәрістер мен тәжірибелік сабақтарда әр түрлі электрондық энциклопедияларда бар қолданбалы материалдарды пайдаланады, оқытудың белсенді әдістерін пайдаланады: (тренингтер, рөлдік ойындар, дискуссиялар, «дөңгелек үстелдер», «кейс-стадилер» және т.б.) және басқа да интерактивті технологиялар.

Оқу үдерісіне жобалар әдісі белсенді енгізіледі, олар игерілген білімді өзектілендіруге көмектеседі, жаңа идеялардың тууына қолғабыс жасайды, студенттерде жаңа сыни ойлау дағдылары мен тәсілдерінің пайда болуына септігін тигізеді. Бейне-сабақтарды пайдалану, әңгімелесуге нақты және ойдағы жағдайларды тудыратын жұмыстың әр түрлі тәсілдерін қолдану оқытушы мен студенттің синергетикалық ықпалдастығы әсері мен ахуалын туындатады.

Тілді үйрету барысында рөлдік ойындар, басқа да жағдайларда, сценарийлерде, басқа да үйретін ойындарда ойын моделінің түрлері жиі пайдаланылады, өйткені олар білім алушылардың физикалық және эмоционалдық белсенділігін арттырады, ойдан шығару шабыты мен қиялын қанаттандырады. Бұндай әдіс студенттерді дұрыс сөйлеуге үйретеді, нақты бір вербалды немесе бейвербалды емес коммуникациялар құралдарын таңдауын өзектілендіреді, мәдениетаралық әңгімелесу жағдайына сай мінез-құлық моделіне үйретеді.

Қорытындылай келе, тілдік, коммуникативтік және мәдениетаралық құзіреттілік – тілдік тұлғаға өзінің мәдениеті шеңберінен шығып, өзіндік төл мәдени ерекшелігін жоғалтып алмай, мәдениет медиаторы сапасын меңгеруге қабілеттілігін айтады.

Сонымен қатар, студенттің оны қалай қабылдауы мен білуіне байланысты басқаша өмір сүру феноменді бағдар аспектісіндегі салғастырмалы ойлауы дамуын есептеу және оны өзіндік мәдениетпен салыстыру; мәдениетаралық сөйлесудегі түсінбестікті анықтау – еуразиялық әлеуметтік мәдени контексте табысты коммуникативтік әрекетке белсенді араласуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Грушевицкая Т.Г., Попков В.Д., Садохин А.П. Основы межкультурной коммуникации: Учебник для вузов. – М.: МГУ, 2003. – 219 с.

Жумадилова Мейрамгуль Нурмагамбетовна
ф.ғ.к., доцент, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
Астана, m.zhumadilova@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ АЗАМАТТЫҚ РУХЫН ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация: В статье рассматривается проблема патриотического воспитания студентов. Автор раскрывает приемы и формы проведения занятий по казахскому языку. Статья исследует пути формирования чувства патриотизма в процессе обучения казахскому языку. Также указывается цель изучения казахского языка в данном контексте как глубокое понимание сквозь призму языка истории и культуры страны.

Ключевые слова: патриотизм, история, культура, национальные особенности, Родина, традиции, язык, воспитание

Қазақстан Президенті өзінің "Қазақстан-2030" Жолдауында еліміздің ұзақ мерзімді дамуының басымдықтары ретінде Ұлттық қауіпсіздік пен тәуелсіздікті нығайтуды белгіледі. Білім беру мен тәрбиелеудің негізгі міндеті - өз елінің патриотын, азаматын тәрбиелеу. Тиісінше, патриотизм деңгейі студенттердің тәрбие деңгейін бағалаудың көрсеткіші болып табылады. Әлемдік стандарттарға жауап беретін білім беру жүйесін құру бүгінгі таңда Қазақстан үшін аса маңызды мәселе болып табылады. Өйткені білім беру жүйесі демократиялық, құқықтық мемлекет құрудың жетекші құралы болып табылады. Елдің экономикалық және мәдени дамуын қамтамасыз етеді.[1.]

Осыған байланысты білім беру жүйесін реформалауды осы үшін қажетті кадрлық және экономикалық ресурстарды тарта отырып, білім беруді жан-жақты жаңғыртудың ғылыми теориясы, ғылыми тұжырымдамалары мен модельдері негізінде жүргізу қажет. Бұл республиканың әлемдік білім беру жүйесіне лайықты кіруге мүмкіндік береді. Мемлекеттің саяси және рухани әлемдегі әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдетуге және міндеттерді жаңартуға бағытталған идеялық-тәрбие жұмысы таңдалған жалпы даму стратегиясының векторларымен айқындалады. Мемлекеттің тәуелсіздігі ұлттық дүниетанымды, оның ішінде Қазақстанның басқа да ұлттары мен халықтарының дамуына қолайлы жағдай жасайды. Қазақстандық жастарда патриотизмді тәрбиелеу қажеттілігі таңдалған зерттеу бағытының өзектілігін көрсетеді.

Бұл ұлттық педагогика мен патриоттық тәрбие негізінде білім беру бағдарламасы болып табылады деп айтуға болады. Соңғы жылдары қалыптасқан тәрбие жүйесі баяндау сипатында болды және жастардың қоғамдық пайдалы істерге қатысуын көздемеді. Бүгінгі таңда тәрбиенің көптеген мәселелерін, формалары мен әдістерін қайта қарастыру қажет. Бұл әсіресе маңызды, өйткені бүгінгі күн жастардан ұстамдылықты, төзімділікті, батырлық, табандылықты, білім мен тәрбиені талап етеді. Соңғы уақытта "Қазақстандық феномен"ұғымы пайда болды. Алайда, бұл жолдың басы ғана. Осы ұғымға сәйкес болу үшін ел жан-жақты дамуы тиіс. Қазақ халқы - патриот, ізгілікті халық. Бұл сырттан әсер ету нәтижесі емес, ішкі мәдениет контекстінде қалыптасатын және дамып келе жатқан қадір-қасиеттер. Алайда бұл қасиеттерді білім беру және сапалы тәрбие арқылы дамыту қажет.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың жаңа бағдарламасында әрбір азамат отанын сүюге, Отанын құрметтеуге, ұлттық салт-дәстүрлер мен құндылықтарды мақтан етуге, бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді нығайтуда үздіксіз еңбек етуге тиіс екендігі анық көрсетілген.[2. 564-566]

Көптеген оқу пәндерінің ішінде "қазақ тілі" ерекше орын алады. Оның өзіндік ерекшелігі - оны оқу барысында оқушылар ғылым негіздерін білмей, қарым-қатынас құралы ретінде, жаңа және пайдалы ақпарат алу құралы ретінде тілді қолдану дағдылары мен біліктерін қалыптастырады.

Қазіргі Қазақстан жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту оқытушыға азаматтықты, патриотизмді, құқықтық мәдениетті, тұлғаның жоғары адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуге кең мүмкіндік береді. Бұған тілдің коммуникативтік бағыты, оның тұрмысын, әдет-ғұрпын, дәстүрлерін және ең алдымен, халықтың тілін үйренуге деген көзқарасы ықпал етеді. Тіл арқылы мәдениетті үйрену ана тілінің қалыптасқан ұлттық-мәдени базасында ғана мүмкін болады. Қазақ тілі арқылы алынған кез келген білім халық мәдениетін меңгеру процесінде қалыптасқан білім сүзгісі арқылы ғана қабылданады.

Отаншылдыққа тәрбиелеу студенттердің патриоттық сезімдерін дамытумен, өз бойында осы моральдік қасиеттерді қалыптастыру бойынша белсенділігін ынталандырумен байланысты оқу және сабақтан тыс жұмыстардың әр түріне мақсатты түрде енгізу үдерісі болып табылады.

Қазақ тілінің оқу-әдістемелік кешені бойынша оқыту негізінде жатқан тілді оқытудың жобалық әдістемесі оқушылардың бойында өз мәдениетіне құрметпен және өзге мәдениетке толерантты қарым-қатынас және өз мәдениетін терең ұғыну сияқты жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға үлкен мүмкіндік береді. Нәтижесінде студенттер арасында мәдениеттердің өзіндік диалогы өтеді. Шетелдік құрдастары мен өздерін, елдерді салыстыра отырып, студенттер өзара ортақ және ерекшеліктерді анықтайды. Бұл елге, оның адамдарына, дәстүрлеріне бірігуге, жақындастыруға, түсіністікті және жақсы қарым-қатынасты дамытуға ықпал етеді. Осы мақсаттарға жету үшін қазақ тілі тәжірибелік сабақтарында жаттығу жұмыстарының алуан түрлері мен тәсілдері қолданылады.

Студенттер сабақта проблемалық жағдайларды моделдеу мен шешуге, викториналарға, сөзжұмбақтарды құрастыруға, хабарламалар мен баяндамалар жазуға, тарихи орындарға экскурсияларға, баспа материалдарымен жұмыс істеуге, "дөңгелек үстелдер"өткізуге қатыса алады. Студенттерге " шетел қонақтарын Қазақстанға шақыру және оларға саяхат ұйымдастыру " жағдаяты ұсынылады. Өз жобаларын студенттер "Қазақстанға қош келдіңіз!" деп атап, жан-жақты мәліметтерді қамтуға тырысады. Мұндай сабақтардың танымдық аспектісі туған ел мәдениетінің ерекшеліктері туралы білім көлемін арттырады. Астана және Қазақстанның өзге де қалаларының көрікті жерлерімен танысу, "Отан" ұғымын түсінуді, өз мәдениетін терең білуді көздейді.

Патриотизм деп азаматтардың, соның ішінде студенттердің саналы және ерікті ұстанымы деп білеміз. Презентациялармен, баяндамалармен, рефераттармен және жобалармен жұмыс істеу нәтижесінде өз ой-өрісін кеңейтуге және Отанның пайдасына қоғамдық-пайдалы еңбекке қатысуға уәжді қажеттілік пайда болады [3. 66-67.]. Осыған байланысты "Қазақ тілі" пәні мен пәнге деген студенттердің қатынасы ерекше маңызға ие.

Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа қатысуы, халықаралық ынтымақтастық, көші-қон процестері, студенттік алмасулар және т.б. мәдениетаралық коммуникацияның жаңа мақсаттарын құрайды. Тілдерді меңгеру заманауи жас адамның қажетті құзыреттілігіне айналды. Осыған байланысты азаматтық патриоттық сезімді қалыптастырудағы гуманитарлық цикл пәндері бойынша "қазақ тілі" курсының тәрбиелік әлеуеті мен прагматикалық мүмкіндіктерін атап өткен жөн. Тілдік емес жоғары оқу орындарына арналған қазақ тілін оқыту бағдарламалары мәдени және педагогикалық мақсаттылық принциптерін ескере отырып әзірленген, тілдік және елтану материалдарын мұқият іріктеуге негізделеді, студенттердің өз елінің және оқытылатын тіл елдерінің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін, осы елдерде және өз елінде жалған стереотиптерді ұғынуына ерекше көңіл бөле отырып, әртүрлі мәдениеттер туралы дұрыс емес және бір жақты түсініктерді қалыптастыруға кедергі жасайды.

Осылайша, қазақ тілін оқытудың практикалық (коммуникативтік) және дамытушылық мақсаттарымен қатар оқытудың тәрбиелік мақсаты, соның ішінде практикалық қазақ тілі кафедрасы аудиториялық және аудиториядан тыс қызметте жүзеге асыратын патриотизмді дамыту болып табылады. Қазақ тілі бойынша аудиториялық сабақтар шеңберінде патриоттық тәрбиенің ең қолайлы түрі - адамгершілік-патриоттық, батырлық-патриоттық және ұлттық-патриоттық тәрбие, өз халқының халықаралық тарихи өмір аренасында патриоттық рөлін сезіну, өз елі мен мәдениетін көрсете алу, студенттің қазақ тілінде мәдениетаралық диалогта өз ұстанымын қорғауға дайындығын қалыптастыру. Қазақ тілін оқыту барысында, соның ішінде шетел студенттері біздің еліміз, оның астанасы, Қазақстанның жетістіктері, оның тарихы, еліміздің белгілі адамдары туралы мәтіндерді белсенді пайдаланады. Бұл студенттерге өздерін тарихы мен мәдениеті бай, ұлттық дәстүрлері мен мерекелері бар, ұлы елдің азаматтары ретінде сезінуге мүмкіндік береді. Студенттер тіл сабақтарында өз тарихы мен дәстүрлерін, сондай-ақ оның атақты түлектерін танытатын хабарламалар мен презентациялар дайындайды.[4. 395-411]

Қазақстандықтардың алдында тұрған міндеттердің бірі "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру болып табылады. Оның іргетасы оқу орындарында қалануы тиіс. Осы идеяны іске асыру аясында пәндерді оқыту студенттердің рухани-адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін қалыптастыруға, қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға, ұлттық сана-сезім мен толеранттылықты дамытуға бағытталуы тиіс.

Әсіресе бұл міндет оқытушыларға, оның әшәнде филолог мамандарға жүктеледі. Өйткені оқытушы негізінен екі кәсіби рөлді атқарады – оқытушы мен тәрбиеші. Филологтар алдында рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие мәселесі өте өткір тұр. Тіл пәні оқытушысының өте

күшті қаруы – бұл сөз, көркем сөз. Бұл бағытта дұрыс таңдалған дидактикалық материал маңызды рөл атқарады.

"Қазақ тілі" пәнінің мазмұнында осы мақсат үшін қолдануға болатын оқу материалының екі түрі бар: біріншіден, бұл "тіл туралы жалпы мәліметтер" бөлімі, екіншіден, дидактикалық материал.

Тілді үйрету кезінде оқудың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағыттау қажет. Қазақ тілі сабағында студенттердің назары өз көзқарасын білдіру, оны дәлелдеу және негіздеу, диалогты шебер жүргізу қабілетіне бағытталуы тиіс. Қазақ тілін оқытудағы маңызды компонент жеке тұлғаның функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағыттау. Оның компоненттерінің бірі - оқу сауаттылығы, яғни:

- жазбаша мәтіндерді түсіну және оларға рефлексия жасау;
- оқу үрдісінде, университеттен тыс және ересек өмірде күтіп отырған әртүрлі жағдайларда олардың мазмұнын пайдалану;
- қоғам өміріне белсенді қатысу үшін білім мен мүмкіндіктерді дамыту;
- оқу мақсатын түсіну.

Оқу мақсатына жету үшін құрастыратын оқу жоспарының белгілі бір стратегиясын ұстануға болады:

1. *Егер сабақта патриоттық сезімді тәрбиелеу керек болса, онда мазмұны қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға бағытталған мәтінді таңдауым керек.*

2.Егер мәтінді түсінуді, талқылауды, проблемалық міндеттерді шешуді үйрету керек болса, онда белсенді оқыту стратегиясын пайдалануға тиіспіз. Белсенді оқыту кезінде жоғары деңгейдегі процестер (талдау, синтез, бағалау) болғандықтан, студент ойлануға тиіс тапсырмалар қолданылады (Мен қалай оқимын? мен не оқимын? мен не үшін оқимын?)

3. Сабақта қоғам өмірінің түрлі аспектілерін қамтитын әр түрлі стильдер мен жанрлардың мәтіндерін қолдану.

Оқушылардың тілдік қорын қоғамдық-саяси лексикамен байыту біздің Отанымыздың өмірі, халқымыздың ұлы жетістіктері туралы студенттердің білім шеңберін кеңейтеді. Қорытынды сабақта студенттерге келесі лексикалық материал мысалында мәтінге кешенді талдау жасауды ұсынуға болады: "Қазақстан халқы Ассамблеясы" мәтіні. Мәтіннен кейін тапсырманы орындайды.

Президент Жолдауының мәтінімен жұмыс кезінде "мәтіндік граффити" стратегиясын қолданамыз. Оқушылар белгілі бір таңбалау жүйесін пайдалана отырып, мәтінді түсіндіреді, әрі қарай мәтінге түсініктеме жазады, оқушылардың басқа тобы үшін мәтін бойынша сұрақтар жазады, бұл полемиканың, пікірталастың пайда болуына ықпал етеді.

Осы мәтіндердің көпшілігі публицистикалық стильдің үлгілерін көрсетеді, студентке эмоционалды әсер етеді. Оның әртүрлі қоғамдық-саяси лексиканы меңгеруіне ықпал етеді. Мәтіндермен жұмыс кезінде осы стратегияларды қолдану патриоттық сезімдерді қалыптастыруға әсері бар. Мәтінді мұқият оқуға, мәнін тереңірек ұғынуға көмектеседі.

Қорытындылай келе, дәл осы студент кезінде патриотизмнің негізі қаланып, Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуге келеді және оқу бағдарламасының осы бағыттағы мазмұны арқылы олардың жүрегіне ең қажетті сөздерді енгізіп, ең маңызды ой салуымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан 2030. Білім баспасы 1998 жыл.
2. Уразалиева Р. М., Тауипбаева А. Т., Кушекбаева Ж. С., Аббасова Л. Х. Особенности гражданско-патриотического воспитания в казахской этнопедагогике // Молодой ученый. — 2015. — №2. — С. 564-566. —
3. Герасимов В. Л. Могучий источник патриотизма, любви к Отечеству и родному краю // Военно-исторический журнал. – 2004. – № 5. – С. 66-67
4. Астафурова Т. Н. Патриотическое воспитание студентов в процессе обучения иностранному языку // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2017. – Т. 19. – С. 1–3. – URL: http://e-koncept.ru/2017/770392.htm. Акулич М. М. Патриотизм в системе нравственных ценностей россиян // Безопасность Евразии. – 2004. – № 2. – С. 395-411.

УДК 378.14:004

Майлыбаева Айман Джадгереевна
ф. – м.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.,

Абыканова Бакытгул Толыбековна
п.ғ.к., қауымдастырылған профессор,

Ғилымғалиева Әлия Нұрланқызы,
Мухамбеткалиева Эльмира Каскинбаевна
6М011100 – Информатика мамандығының магистранты

МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ ҚОЛДАНБАЛЫ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. Бұл мақалада мультимедиалық технология негізінде қолданбалы бағдарламаларды информатиканы оқытуда қолданудың ерекшеліктері туралы айтылған. Зерттеу тақырыбының өзектілігі информатиканы мультимедиа технологиясы негізінде жасақталған қолданбалы бағдарламалық құралдар арқылы оқыту әдістемесін жетілдіру орындылығымен, мультимедиалық оқу бағдарламалары мен мультимедиялық курстарды жасақтау әдістемесін құру қажеттілігімен айқындалады.

Резюме. В данной статье говорится об особенностях использования прикладных программ на основе мультимедиа технологий в обучении информатике. Актуальность темы исследования определяется целесообразностью совершенствования методики обучения информатике с использованием прикладных программных средств, реализованных на базе технологии мультимедиа.

Summary. This article describes the features of the use of applications based on multimedia technologies in teaching computer science. The relevance of the research topic is determined by the expediency of improving the methods of teaching Informatics using applied software implemented on the basis of multimedia technology.

Кілттік сөздер: мультимедиалық технология, қолданбалы бағдарламалар, информатиканы оқыту әдістемесі.

Ключевые слова: мультимедийные технологий, прикладные программы, методика обучения информатике.

Keywords: multimedia technologies, applied programs, methods of teaching Informatics.

Ақпараттық технологияларды білім үдерісіне енгізу заманауи ақпараттық әлемнің дамуындағы қажетті қадам болып табылады. Информатика сабағында жаңа технологияларды қолдану тәжірибе жүзінде өзінің өзектілігін айқындады, атап айтқанда мультимедиалық технология негізінде жасақталған қолданбалы бағдарламаларды оқу үдерісінде қолдану оқытушыға оқу материалын баяндауға көмектесумен қатар білім алушылардың білімін нығайтып қана қоймай, пәнге деген қызығушылығын да арттырады.

Қазіргі таңда мектеп білімін ақпараттандыру қарсаңында және оқу-тәрбиелеу үдерісінде компьютерлік техниканы жан-жақты қолдануда жаңа компьютерлік технологияларды пайдалану сұрақтары өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қоғамды ақпараттандыру объективті түрде жүретін үдеріс болып табылатыны белгілі. Ақпараттандыру үдерісінің жетекші бағыттарының бірі – білім беру және білім беру мақсаттары үшін ақпараттық технологияларды жасау мен пайдаланудың әдіснамалық және тәжірибелік құралдарымен білім беруді қамтамасыз ететін білім беруді ақпараттандыру үдерісі.

Білім беруді ақпараттандыру үдерісінің идеяларын анықтайтын теориялық мәселелер И.Н. Антипов , А.А. Кузнецов , М.П. Лапчик, Ю.А. Первина, И.В. Роберт, В.В. Рубцов, И.А. Румянцев, Ю.А. Уварова, Е.К. Хеннера, В.Ф. Шолохович, А.А.Абдукадыров, Г.Б.Ахметова, В.С.Гершунский, М.И.Жалдак, Г.Б.Камалова, А.А.Кузнецов, Ш.Х.Құрманалина, В.М.Монахов, Е.И.Машбиц, В.В.Лукин, Ә.Т.Чакликова және т.б. жұмыстарында көрініс тапқан. Зерттеу жұмыстарының көпшілігі орта мектептегі (С.А.Бешенков, Е.П.Велихов, С.Қариев, А.И.Тәжіғұлова, Б.Д.Сыдықов, И.В. Роберт және т.б.) және педагогикалық оқу орындарындағы (Э.И. Кузнецов, М.П. Лапчик және т.б.) информатика курсын оқытуға бағытталған[1,2] .

Оқыту сапасын жақсарту үшін, оқушылардың оқу дағдыларын қарқындатуда әртүрлі әдістер қолданылады. Оқыту мазмұны мен сабақ беру әдістерін жаңартуда компьютерлік технологиялар мүмкіндіктерін кенінен қолдануға болады. Курсты жасақтауда нақты оқытушының жеке тәсілі мен замануи оқытуға қойылатын талаптар деңгейін ескере отырып, оқытушыға өзінің авторлық қолданбалы бағдарламаларын, яғни, мультимедиа, гипермедиа түрінде желіде не желісіз жұмыс жасайтын мультимедиялық оқу құралдарын жасақтауы керек. Мұндай бағдарламалар оқушының жады, гендік қабілеттілігі, мәселелерді шешу қабілеттігі сияқты миы мүмкіндіктерін қеңейтуге көмектеседі.

Мультимедиялық технологиялар мен оның негізінде жасақталған мультимедия-курстардың дамуы анимация, дыбыс, бейнежазбаны қосу негізінде оқу материалдарын ұсыну мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді.

Ақпаратты ұсынудың жаңа пішімдеріне қосымша, мультимедия технологиясымен әзірленген бағдарламалар әдіснамалық тұрғыдан тағы да бір құнды сипатқа, яғни, оқыту құралдарын әсерлі ететін – интерактивтілікке ие.

Осындай бағдарламаларды жасақтау құралы ретінде объектіге бағытталған бағдарламалау тілдері (мыс,. Visual Basic, Delphi, Borland C++ және т.б.), сондай – ақ түрлі аспаптық қабықшалар мен орталар (Macromadia Flash, Turbosite, HyperStudio, және т.б) қызмет етеді.

Мультимедиа технологиясының кең әлеуетті мүмкіндіктері педагогика ғылымының алдына екі іліктес бағыттар бойынша зерттеу сұрақтарын қояды:

1. Мультимедиа технологиясын мектептегі профильдік курстар шегінде информатиканы оқытуда қолданудың әдістемелік аспектілері;

2. Информатика мұғалімдерін даярлау жүйесінде оқыту мақсатында құрылатын мультимедиялық бағдарламалардың әдістемелік аспектілері.

Осылайша, зерттеу тақырыбының өзектілігі информатиканы мультимедиа технологиясы негізінде жасақталған қолданбалы бағдарламалық құралдар арқылы оқыту әдістемесін жетілдіру орындылығымен, мультимедиалық оқу бағдарламалары мен мультимедиялық курстарды жасақтау әдістемесін құру қажеттілігімен айқындалады.

Зерттеу мәселесі қазіргі заманғы оқыту саласындағы қолданбалы бағдарламалық құралдарды құру және қолдану тәсілдері мен мультимедиа технологиясының әлеуетті мүмкіндіктерінің оқыту үдерісінде пайдалануда іске асырылмай қалған мүмкіндіктерінің арасындағы қарама-қайшылықтың туындауынан айқындалады.

Мультимедиялық технология өзіне тән интерактивті, икемді қасиеттеріне сай, оқушылардың өзіндік ерекшеліктерін ескеріп оларды ынталандыруға ықпал ететін пайдалы білім беру технологиясы болып табылады.

Алайда, білім беруде мультимедиялық технологияны қолдануда көптеген аспектілер ескерілуі тиіс. Бұл технологияның академиялық әлеуетін толық көлемде іске асыру үшін, құзіретті оқытушылардың қолдау көрсетуі талап етіледі. Оқытушы білім алушыға оқудың тиімді стратегиясын көрсетіп отыруы қажет.

Оқулықты қолданғандағыдай, оқытушы оқу үдерісінде басшылық жасай отырып, қолдау көрсетіп және көмектесіп отырған кезде ғана, мультмедиялық құралдарды қолдану оқыту стратегиясын байыта түседі.

Мультимедиялық технологиялар негізінде жасақталған қолданбалы бағдарламалар оқушыларды қалыптастыру мен дамытудың (тұлға ретінде; таным, практикалық іс-әрекет, қарым-қатынас субъектісі ретінде) қуатты құралы болуымен қатар, керісінше, шаблондық ойлау, іс-әрекетке деген формальды және ықылассыз қарым-қатынасты қалыптастыруы мүмкін. Сондықтан да, жалпы орта білім беруде мультимедиялық технологиялар негізінде жасақталған қолданбалы бағдарламалар келешегін қарастырған кезде пәндік оқытудың рөлі де, өз пәнін жақсы білетін және оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекеттерін дамытуды басқара алатын мұғалімнің рөлі де төмен түсірілмеуі керек. Тек мұғалімді одақтас етіп, оны қарапайым мектеп сабағында қолдануға болатын арнайы мультимедиа-құралдарыман, оларды қолдану әдістемесімен қаруландырып қана педагогикалық технологиялардың жаңа технологиялық негізінде ойдағыдай дамуға үміттенуге болады. Мультимедиа әр түрлі ақпаратты бейнелеу формасы ретінде оқу іс-әрекетін ұйымдастыру мүмкіндіктерін кеңейтеді. [4].

Мультимедиялық технологиялар визуалдық формада көрсетілген ақпарат бөлігін кеңейтумен байланысты мұғалімдерге оқу материалын (түрлі - түсті динамикалық иллюстрациялар, дыбыстық сүйемелдеу, «тірі» сабақтар үзінділері және т.б.) ұсынудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Ақпаратты алу, сақтау және өңдеудің электрондық тәсілдері оқу іс-

әрекетінің жаңа түрлерін береді (оқу сайттарын жасау, сөздіктер, анықтамалықтар және т.б. құрастыру). Мектептер мен жекелеген мұғалімдердің дайын мультимедиа-ресурстардың көмегімен электрондық кітапханалар, әр түрлі дидактикалық материалдарды автоматтандырылған құрастырулар жасау мүмкіндіктері пайда болады. [6].

Мультимедиялық технологиялар оқушыны дайын оқу материалының пайымдаушысы ғана етіп қоймай, оны жасауда, түрлендіруде, оперативті қолдануда оның қатысушысы етуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақыттағы қолда бар курстар, білім беру бағдарламалық пакеттері сабақты жаңаша құруға мүмкіндік жасайды. [8].

Мультимедиалық технологияларды мектепте информатиканы оқыту барысында қолданбалы бағдарламалық құралдардың мүмкіндіктерін қолдану оқыту және оқу сапасын арттыруға көмектесіп және тиімді болары сөзсіз.

Қорытындылай келсек, жүргізілген зерттеу барысында осы аталған тақырыпта мультимедиялық технологиялар негізінде қолданбалы бағдарламаларды информатиканы оқытуда қолдану әдістемесі бойынша әдебиеттерге шолу жасау барысында, мультимедиа технологиясы негізінде іске асырылған қолданбалы бағдарламалық құралдардың неғұрлым тиімді болып табылатыны анықталды. Сонымен қатар, мультимедиалық технология негізінде жасақталған қолданбалы бағдарламалық құралдарды жобалау негіздері қалыптастырылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Нұрғалиева Г.Қ. Электронды оқулықтар – ізгілендіру құралы. //Қазақстан мектебі, Алматы, 2002.- №11-12. -14 б.

Абықанова Б.Т. Компьютерлік технологияны пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырудың дидактикалық шарттары: пед.ғылым.кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы, 2005. - 143 б.

Кеңесбаев С.М. Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдерді жаңа ақпараттық технлогияны пайдалана білуге даярлаудың педагогикалық негіздері: педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Түркістан, 2006 жыл. - 316 б.

Бидайбеков Е.Ы., Гриншкун В.В., Бостанов Б.Ғ. Электрондық оқыту құралдарын жасау мен пайдалану. Оқу әдістемелік құрал. Алматы, 2009. – 123 б.

Шутенко, А.В. Методы проведения учебных занятий с использованием средств информационных и коммуникационных технологий / А.В. Шутенко [Электронный документ].– (http://pedsovet.su/publ/26-1-0-841). 05.04.2010.

Бидайбеков Е.Ы., Исабаева Д.Н., Ошанова Н. ХХ ғасырдағы білім беру және ақпараттық технологияларына кіріспе. А., 2010. – 210 б.

Конева С.Н. Компьютерные сети, интернет и мультимедиа технологии. Часть 2. Интернет технологии. Учебное пособие. – Алматы, 2011. – 90 с.

БидайбековЕ. Ы.,ГриншкунВ.В.,Камалова Г.Б., Исабаева Д.Н.,Бостанов Б.Ғ. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері: /Авторлар ұжымы: Е. Ы. Бидайбеков, В. В. Гриншкун, Г. Б. Камалова, Д. Н. Исабаева, Б. Ғ. Бостанов/ Оқулық. – Алматы, 2014. – 352 б.

Дүйсенова Жамила Қалымбетовна
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Педагогикалық ғылымдар кафедрасының доценті, аға оқытушы, Djk.68@mail.ru

БАЛА ТӘРБИЕСІ - ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Түйін: *Бұл мақалада ұлт болашағы балаға берілетін тәрбие құндылықтары жайында мәселе қарастырылады*

Резюме: *В статье рассматривается проблематика воспитания национальных ценностей, национального сознания и самосознания, формирование моральных ценностей у детей в наше время.*

Summary: *The article deals with the problems of education of national values, national consciousness and self-consciousness, the formation of moral values in children in our time.*

«Ел боламын десең – бесігіңді түзе» деген асыл сөз бүгінгі күні ұлт болашағын ойлаған зиялы қауым үшін де, әлеуметтік қоғам үшін де ұрпақ тәрбиесіндегі өзекті мәселелердің бірі болып отырғандығы баршамызға аян. Қ.Р.Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жер» жобасы аясында «Тәрбие мен білім» - қазақстандық патриотизм рухымен үйлесе дамыған тұлғаны тәрбиелеу мәселесінде болашақ ұрпақ тәрбиесінің қайнар бұлағы ұлттық тәрбиеде екендігіне баса назар аударылған. Осы орайда ойшылдарымыз бен ағартушыларымыз, шешендеріміз бен туралықтың туын биік ұстаған билеріміздің бала тәрбиесіне қатысты қалдырған өнегелі өсиеттері мен ғибратқа толы ой-пікірлері ұрпақ болашағы үшін таптырмас мол азық екендігі еріксіз еске түседі. Олар ұрпақ болашағы үшін көп алаңдаған, тектілік пен қан тазалығын сақтауды ұлтымыз үшін басты қағида ретінде дәріптеген. Айтылған ойымыздың дәлелі ретінде Бұхар бабамыздың:

Жал құйрығы қаба деп, Жабыдан айғыр салмаңыз,
Қалың малы арзан деп жаман қатын алмаңыз.
Жабыдан айғыр салсаңыз жауға мінер ат тумас,
Жаман қатын алсаңыз топқа кірер ұл тумас

деген өлең жолдарында бала тәрбиесіндегі тектіліктің ролінің аса зор екендігіне мән береді. Қазақ халқы ежелден ұрпақ болашағын тереңнен көрегенділікпен болжай білген текті халық. Басты мақсаты елдің қамын ойлайтын, ұлттың жанашыры бола білетін, жүрегінде отаншылдық, елшілдік берік орныққан ұлды дүниеге әкелу және оны тәрбиелеу болған. Соның нәтижесінде балаға берер тәлім-тәрбиесі де мол болды. Ұл тәрбиесі немесе қыз тәрбиесі болсын аса құрметпен қараған. Қай жағынан алып қарасақ та қазақ халқы ержүрек халық болғандықтан ұрпағының да ер жүрек, еті тірі азамат болғанын қалаған. Мысалы «Ұл болсаң шоқ бол, шоқ болмасаң жоқ бол бол» деген сөздер арқылы кеудесінде оты бар, жанып тұрған ұл тәрбиелеп өсіруді мақсат еткен. Абай атамыз өзінің өлең жолдарында «Ішінде кімнің от болса, қар жауса да сөне ме» деп ешқандай қиындыққа мойымайтын, отаны, елі, жұрты үшін аянбайтын, кеудесінде оты бар ұрпақты дүниеге әкелу және оны тәрбиелеу туралы айтады.

Бүгінгі таңда бала тәрбиесінде ата-ана ескеретін жайттар өте көп. Мысалы баланы дүниеге әкелу, киіндіру, тамақтандыру, оқыту бұл ата-аналық парыздың өтелгендігі емес. Сол баланы жан-жақты тәрбиелеу, отанға, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, баланың көкірек көзін ояту, Абай атамызша айтқанда көптің бірі етіп қалдырмау бүгінгі күннің басты талабы.

Бұл жерде көзі ашық, көкірегі ояу сөзінің астарында үлкен мағына жатыр.

Бүгінгі таңда біз үлкен өлшеммен қарағанда бала деген әрбір ата-анаға берген құдайдың үлкен аманаты екенін ұмытып кеткендейміз. Өзім білемін, өз балам деп баланың бойындағы ұлтқа деген рухы мен сенімінен айырып, эгоистік танытатынымыз да жоқ емес. Осы тұрғыда Пайғамбарымыздың «Ата-ананың балаға беретін жалғыз нәрсесі бар. Ол – жақсы тәрбие. Егер балаңа жақсы тәрбие бермесең ол аманатқа қиянат жасағаның, ала аманатқа қиянат жасау екіжүзді адамның белгісі» деген асыл сөздері ойға оралады. Сондықтан әрбір өсіп келе жатқан балаға жақсы тәрбие беру ата-ананың басты міндеті.

Қазақта «Атадан алтау туады, соның ішінде біреуі абадан туады» деген қасиетті сөз бар. Абадан сөзі парсы тілінен аударғанда көркем деген мағына береді. **Абадан** (Абдан) - жаугершілікте қол бастайтын мықты тұлға. Шамасы, **абадан**, абдан, абдана деп аталатын қасқырдың үйірін бастайтын көкжалға теңеу ретінде қалыптасқан болуы керек. Ақын, жыраулар

шығармаларында жауға атойлап шабатын ержүрек қолбасшыны Абаданға теңеген. Мысалы, Қазтуған жырау толғауларында төмендегідей теңеу-жолдар кездеседі:

Ау, бөрілер, бөрілер,
Бөрімін деп жүрерлер,
Һәр бірінің баласы,
Алтау болар, бес болар,
Ішінде абаданы бір болар,
Абаданышан айрылса,
Олардың нәр біреуі,
Һәр бір итке жем болар.

Сонымен бірге, Абадан атауы билер (шекті Мөңке би, шеркеш Түрке би, тана Нұрке би) айтты деген сөз үлгілерінде де кездеседі:

Бөрі, бөрі, бөр болар,
Бөрі баласы дүр болар.
Әр бөрінің баласы,
Алты болар, бес болар.
Абданымен жургенде,
Осалы оның кем болар.
Абданынаи айрылса,
Әр қайсысы оның да,
Әрбір итке жем болар.

Сонымен, Абаданның мағынасы «күшті, мықты» деген ұғымға саяды. Халық арасында дарабоз ерді қарулы көкжалға теңеу дәстүрі көне түркілік тек-тотем көк бөріге байланысты түсініктен бастау алатын болуы керек. Мәні - ел қорғаны батырлар тек-тотем - көк бөріден қуат алады дегенді білдіреді.

Одной классно-урочной деятельности недостаточно для компетентностного подхода. В условиях реализации компетентностного подхода внеклассная деятельность учащихся несет не меньшую образовательную нагрузку. Она по возможности должна быть организована как групповая деятельность, в процессе которой формируется и осмысливается личный опыт при одновременном сведении к минимуму индивидуальных и фронтальных бесед классного руководителя с учащимися, докладов и сообщений на тематических классных часах, пассивного посещения объектов и учреждений культуры и тому подобных фронтально - индивидуальных и "некомпетентностных" форм работы.

Таким образом, ОУ должно помочь учащимся в овладении технологиями жизнедеятельности, создать условия для формирования способностей самооценки, самопознания, самопрезентации и самоконтроля, раскрыть потенциал самореализации, самоактуализации и саморегуляции.

Наша задача, создать условия для успешной самореализации выпускников. Ведь в ближайшем будущем им предстоит без нашей помощи реализовывать себя.

Компетентностный подход в подготовке специалистов позволяет сформировать такие способности и умения, как:

- конкурентоспособность;
- уметь использовать знания по смежной специальности;
- уметь на научной основе организовывать свой труд;
- уметь использовать современные информационные технологии.

Компетентностный подход, конечно, требует совершенствования образовательных технологий. Но именно в современных условиях он является одной из гарантий качества образования.

Подводя итог, можно сказать, что компетентностный подход является системным, междисциплинарным, в нем есть и личностные и деятельностные аспекты. На основе компетентностного подхода к организации образовательного процесса происходит формирование у обучающихся ключевых компетенций, которые являются неотъемлемой составляющей его деятельности как будущего специалиста и одним из основных показателей его профессионализма, а также необходимым условием повышения качества профессионального образования.

Литература:

1. Филатова Л.О. Компетентностный подход к построению содержания обучения как фактор развития преемственности школьного и вузовского образования. Москва, 2010

2. Концепция модернизации Казахстанского образования. – Астана,2001

Абыканова Б.Т.
қауымдастырылған профессор, п.ғ.к.
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Сариева А.К.
қауымдастырылған профессор м.а., п.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Қабиден Қ.Б., Ғайниева А.Қ., Жеткінов Э.
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің магистранттары

ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аннотация. Мақалада шектеулі энергетикалық ресурстар жағдайында электр қуатын ұтымды пайдалану және оны тұтынудың өсуі мәселесі ең өзекті болып табылатындығы айтылған. Энергия ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін инновациялық технологияларды енгізу электр қуатының тапшылығын болдырмауға көмектесетіндігі көрсетілген.

Аннотация. В статье отмечается, что проблема рационального использования электроэнергии и увеличения потребления в ограниченных энергетических ресурсах является актуальной. Внедрение инновационных технологий, обеспечивающих эффективное использование энергетических ресурсов, может помочь предотвратить дефицит энергии.

Кілттік сөздер: болашақтың энергиясы, ресурстар табиғи қорлар,
Энергия тарифы қуат көздері, энергия үнемдеу технологиялары

Ключевые слова: энергия будущего, ресурсы, природные ресурсы, энергетические тарифы, источники энергии, энергосберегающие технологии

Шектеулі энергетикалық ресурстар жағдайында электр қуатын ұтымды пайдалану және оны тұтынудың өсуі мәселесі ең өзекті және оны шешу көптеген мемлекеттер үшін стратегиялық міндет болып табылады. Экологиялық мәселелер, табиғи энергияға бағаның тұрақты өсуі, атмосфераға зиянды заттар мен парниктік газдар шығарындыларын азайту энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелерін шешу қажеттілігін түсіндіреді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз Қазақстан жариялаған Жаһандық энергоэкологиялық стратегияны іске асыру үшін барлық күш-жігерімізді жұмсауымыз керек», - деп атап өтті. Мақсат - энергия тұтынуды азайту және қазақстандық тұтынушылардың ұлттық энергетикалық ресурстарын үнемдеу. Бұл идея Мемлекет басшысының «XXI ғасырдағы орнықты дамудың жаһандық энергоэкологиялық стратегиясы» кітабында атап көрсетілген.

Электр энергиясына шығындар халықтың қажеттіліктеріне қарай артады. Біздің еліміздегі ІЖӨ өсімінің 1% -ы электр энергиясын тұтынудың 0,5% -ға жуығын арттырады. 2010 жылдан бастап 2020 жылға қарай ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің есептеулеріне сәйкес Қазақстанда электр энергиясын тұтыну 50% -ға артады. Бұл энергия тиімділігін арттыру мәселесі өзекті болып отыр. Қазақстан Республикасы үшін энергия тұтынуды төмендетудің жалпы әлеуеті 30-35% бағаланады. Жарықтандыру саласы энергияны үнемдеудің ең үлкен әлеуеті бар аймақтардың бірі болып табылады.

Қазақстанда жыл сайын жарықтандыру қажеттіліктері жалпы тұтынудың тоғыздан бір бөлігін жұмсайды, осылайша жарықтандыру үшін энергия тұтынуды қысқарту энергия тұтынуды азайту үшін басым бағыттардың бірі болып табылады. Энергия сервистік Energyprom.kz айтуынша, Қазақстанда 2016 жылдың 1-ші тоқсанында электр энергиясының шығынын қарастыру 24,4 млрд кВтс тұтыну құрады. Жарықтандыру үшін электр энергиясының құнын есептеу кезінде шамамен 3,2 млрд.кВтс құрайды. Экология үшін бұл СО сәуле мөлшері шамамен 1,6 млн.тонна жұмсалды дегенді білдіреді. Көміртегі тотығының мұндай мөлшері климаттың өзгеруіне, сондай-ақ көптеген ауруларға әкеледі.

Әлбетте, жарықтандыру үшін энергия шығынын азайту парниктік газдар шығарындыларының экологиялық жағдайын едәуір жақсартады. Осыған байланысты жарықтандыру жүйелерінің тиімділігін арттыру маңызды міндет. Жалпы алғанда, бұл елдегі энергетикалық теңгерімге және электр станцияларының жұмыс жасауымен туындаған экологиялық жағдайға жағымды әсер етеді.

Энергия ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін инновациялық технологияларды енгізу электр қуатының тапшылығын болдырмауға көмектеседі. 46 ел, соның ішінде Қазақстан, энергияны үнемдеуді ынталандыратын бағдарламалар, сондай-ақ энергияны

үнемдейтін жарық технологияларына көшу бағдарламаларын мақұлдады. Қазіргі уақытта Қазақстанда энергияны тиімді жарықтандыруды енгізу үшін «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Заң және «Энергия үнемдеу 2020» бағдарламасы қабылданды [1].

Қазақстан Республикасының қалаларында мемлекеттік сектордағы 10 000-нан астам кәсіпорындар мен ұйымдар желдету жүйелерінде жылу энергиясын тиімсіз пайдалану, ғимараттарды ыстық сумен жабдықтау және жылытуға байланысты жылуды тұтынудың жоғары стандарттарына ие болғандықтан, энергияны үнемдейтін әлеуетке ие. Әсіресе үлкен жылу шығындары «жұмсақ қыстың» кезеңдерінде, жұмыстан тыс уақыттарда және жылу мезгілдерінің «өтпелі кезеңдерінде» ғимараттардың қызып кетуімен байланысты.

Бюджеттік қарым-қатынастардағы энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу жағдайын талдау бойынша Қазақстанның 100-ден астам қалаларының бюджеттік ұйымдарында жүргізілген зерттеу нәтижесінде энергияны үнемдеудің жалпы әлеуеті коммуналдық төлемдердің 25-40 пайызын құрайды және энергия үнемдеуге тән әдеттегі шаралар үшін өтемділік мерзімі бюджеттік ұйымдарда 3 жылға дейін, тіпті ағымдағы тарифтермен.

Электр энергиясына қатысты шараларды жүзеге асыру арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуге болады. Ыстық шамдар мен заманауи қондырғылардың орнына заманауи энергияны үнемдейтін шамдарды орнату ұсынылады. Сонымен бірге бұл қызметтің өтелу мерзімі 1,5-2,5 жылдан аспайды [2].

Көптеген жағдайларда қазіргі жағдайдағы энергияны үнемдеудің рөлі мен энергия тиімділігін тек даму проблемаларын шешу тұрғысынан ғана түсіндіруге болады. Бұл зерттеу тақырыбын таңдауға әсер етті, ол энергия үнемдеуді басқару механизмін құруға бағытталған бірқатар теориялық және әдіснамалық мәселелерді шешудің өзектілігін алдын-ала белгіледі және өнеркәсіптік кәсіпорындардың олардың энергетикалық тиімділігін арттыруға байланысты.

Мемлекеттік сектордың кез-келген ұйымдарында энергияны үнемдеу шараларын дамыту қаланың мемлекеттік мекемелерінің энергетикалық аудитіне үлкен әсерін тигізді. Энергетикалық аудит тек ұйымдастырушылық шараларды әзірлеу арқылы коммуналдық қызметтерге төленетін төлемнің 4-6% үнемдеуі мүмкін.

Демек, республиканың бюджеттік ұйымдарында жалпы энергия үнемдеу әлеуеті тұтынылатын энергияның кем дегенде 25-30% -ын құрауы мүмкін, ал республиканың бюджеттік секторында энергияны үнемдеу шараларын енгізу 2 жылға дейін өтіп, коммуналдық қызметтерге бөлінген бюджет қаражаттарының 20% -ын үнемдеуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге энергия үнемдеудің типтік өтеу мерзімі бюджеттік ұйымдарда 1,5-тен 4 жылға дейін, тіпті ағымдағы тарифтермен бірге [3].

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдарда энергия үнемдеу шараларын іске асыруда елеулі салмақ мемлекеттік сектор қызметкерлерінің энергия үнемдеу саясатын жүргізуге қызығушылығы, энергия үнемдеуге экономикалық ынталандырудың жоқтығы және энергияны үнемдеу саласында кәсіби дайындалған қызметкерлердің болмауы.

Қазіргі уақытта кез-келген өнеркәсіптік кәсіпорында энергияны үнемдеудің негізгі бағыты негізгі өндірістің (технологиялық қажеттіліктер) жұмыс істеуі үшін энергияны тұтынуды төмендету және оңтайландыру болып табылады. Энергияны үнемдеудің тағы бір саласы - желдету, жылу, автокөлік пен машиналар мен суды тұтыну арқылы мотор отынын тұтынуды оңтайландыру, сондай-ақ ғимараттар мен құрылыстарды кондиционерлеу үшін энергияны тұтынуды төмендету және оңтайландыру.

Ғылыми жұмысын зерттеу нәтижесінде ол өнеркәсіптік кәсіпорындардың жұмысының тиімділігі, ең алдымен, өндіріс құнына әсер ететін жалпы шығындардағы энергия ресурстарын сатып алуға жұмсалатын шығындардың үлесі бойынша анықталды. Бұл үлес неғұрлым төмен болса, кәсіпорын пайдасының деңгейі неғұрлым жоғары және отын-энергетикалық ресурстарды пайдалану тиімділігі жоғарырақ болады.

Біздің еліміздің экономикасының өсуі, тіпті әлемдік экономикалық және қаржылық дағдарыс жағдайында, энергия тапшылығымен шектелмеуі керек, сондықтан бүгінгі күні энергияны үнемдеу - тарифтерді төмендетпей, энергияны тұтынуды азайтатын жалғыз және жалғыз құрал құрылыс және өндірістің өсуі, дамыған елдердің ЖІӨ-нің энергетикалық қарқындылығы көрсеткіштеріне (жалпы ішкі өнімге) қол жеткізу.

Қазақстан Республикасының энергетикалық жағдайы сандық пропорцияда мынадай: Қазақстан экономикасының 2000-шы жылдардағы дамуы 2001 жылдан бастап электр энергиясына деген сұраныстың тұрақты өсуіне әкелді, орташа алғанда жылына 4,9% (2008-2009 жылдардан басқа). 2001-2011 жылдарға арналған Электр энергиясын өндіру 49,2% -ға, ал тұтыну 53,9% -ға

өсті. 2012 жылдың соңында өндіріс 90,24 млрд. КВт / сағатты құрады, ал республикада электр энергиясын тұтыну 91,44 млрд. КВт / сағ құрады [4].

Дүниежүзілік Банктің зерттеуі бойынша, бірыңғай жүйе елдерінің электр энергетикасы саласындағы нарықтық қатынастар жоғары деңгейде дамып келеді. Осылайша, бірыңғай жүйенің тәжірибесіне сәйкес келетін тарифтік реттеудің 100% -ға көшуі осы салада нарықтық қатынастарға толық көшуді білдіреді 2017 жылдың 27 қаңтарында «Самұрық-Қазына» трансформациялау бағдарламасын айтарлықтай түзетіп, өңделді, бұл тарифтік реттеуді жетілдіру жоспарлары одан бас тартты. Оның орнына, 2019 жылға дейін электр энергиясын беру мен тарату және генерациялау үшін шекті тариф жүйесі кеңейтілді. Дүниежүзілік банк атап өткендей, осы тарифтік жүйе шеңберінде бәсекелестік пен нарықтық қатынастарды дамыту негізінен мүмкін емес. Дүниежүзілік банктің зерттеуінде электр энергиясына сұраныстың өсуі электр энергиясын генерациялау және трансмиссиялық жабдықтардың жоғары тозу жағдайында, сондай-ақ қате ақау Қазақстанның энергетикалық жүйесінің орта есеппен 60-80% деңгейіне жетеді. Электр энергетикасы саласының мүмкіндіктерін кеңейту және оны қалыпты жағдайда ұстау үшін Қазақстан үкіметі 2030 жылға дейін индустрияға $ 5,5 млрд (немесе жылына орта есеппен 325 млн АҚШ доллары) көлеміндегі инвестиция қажет. Бүкіләлемдік банктің мәліметі бойынша, бұл сома шамамен 8 есе - 42 миллиард доллар (жылына 2,6 миллиард доллар) болуы тиіс.

Дүниежүзілік банктің зерттеуінде энергетика және «Казэнерджи» мұнай-газ кешені ұйымдарының тәуелсіз бірлестіктерінің мәліметтері бойынша, электр энергетикасына қажетті инвестициялардың көлемі 54 миллиард АҚШ долларын құрайды және 2030 жылға қарай үкіметтің бағалауынан 10 есе ерекшеленеді [5].

Тұтынушылардың барлық санаттарының қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін үнемді және сенімді энергиямен қамтамасыз ету маңызды. Жылумен және электр энергиясын өндіру бұрынғысынша негізінен қорлары үлкен, бірақ шектеусіз қазба отындарын пайдалануға негізделген. Бұл дәстүрлі энергия ресурстарын үнемді және үнемді пайдалануды, қуатты үнемдеуді және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды кеңінен енгізуді талап етеді. Энергетика және ресурстарды үнемдеу экономикалық секторлардың жұмыс істеу тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Бұл жаңа техникалық шешімдерге уақтылы көшу, өнімнің сапасын жақсарту, энергия үнемдеу шараларын енгізу, халықаралық тәжірибені пайдалану және басқа да шараларды қолдану жолымен жүзеге асырылады. Энергия үнемдейтін технологияларды енгізу отын-энергетикалық кешеннің тұрақтылығына ықпал етеді, шығындарды азайтуға, экологиялық жағдайды жақсартуға және қосымша қуат енгізудің құнын төмендетуге алып келеді [6].

Ұсынылған кейбір шаралардың орындалуы сыртқы факторларға, атап айтқанда, транзитпен айналысатын шетелдік контрагенттердің, тұтастай алғанда кәсіпорынның экономикалық жағдайының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерінің және т.б. мүмкіндіктерінің болуына байланысты екенін атап өткен жөн.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Григорьева С.В.Оптимизация светодиодных систем освещения с элементами робастного управления // Св. №2336 от 9.11.2016г.// г. Астана, РК «Об утверждении Программы «Энергосбережение – 2020» от 29 августа 2013 года № 904, направленное на снижение потребления электроэнергии за счет внедрения энергосберегающих технологий в области освещения.

2. Каракулова А.Н. Проблемы энергосбережения и энергоэффективности в экономике Казахстана//Статья магистранта МЭЭБ-12 ЗКАТУ им. Жангир хана.

3. Садовская А. Об эффективности снижения Нормативных потерь электроэнергии (г. Алматы, 02.03.2012 г.) // Журнал «Вестник Энергетика» №2(41) от 05.12 г.

4. Кузнецов Н.М., КлюкинА. М., Трибуналов С. Н.Энергосбережение и повышение энергетической эффективности в Мурманской области // УДК 620.9 (470.21) // Центр физико-технических проблем энергетики Севера КНЦ РАН, 2016 г.

5. Рахжанов Ж. Электроэнергетика в Казахстане: реформы наоборот//Статья экономиста Журнала «Forbes» от 27.03.2017 г.// https://forbes.kz/process/energetics/elektroenergetika _v_kazahstane_reformyi _naoborot.

6. Кузнецов Н. М., Клюкин А. М., Трибуналов С. Н. Управление энергоэффективностью и энергосбережением//УДК 620.9, Центр физико-технических проблем энергетики Севера КНЦ РАН, 2016 г

ӘОЖ (075.8) 37. - 013

Таганова А.М.
Педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМ ӘДІСТЕРІ НЕГІЗІНДЕ МӘТІННІҢ ИДЕЯЛЫҚ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ МІНДЕТТЕРІН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Резюме. В данной научной статье рассматриваются мнения ученых, изучающих природу текста и учебные тексты, цели работы учащихся с текстом и решения идейно-эстетических задач, передаваемых в тексте, применение лингвокультурологических методов на пути создания образа определенного героя или явления, важное место в лингвистическом обосновании текста занимают аспекты лингвокультурологии.

Ключевые слова: текст, работа с текстом, навыки и умения, аффективные особенности, многослойное содержание текста, национальный язык, теория текста, языковой слой текста, идейно-эстетический уровень текста.

Summary. This scientific article discusses the opinions of scientists studying the nature of the text and educational texts, the purpose of students ' work with the text and the solution of ideological and aesthetic problems transmitted in the text, the use of linguistic and cultural methods to create an image of a certain hero or phenomenon, an important place in the linguistic justification of the text.

Keywords: text, work with text, skills and abilities, affective features, multilayered content of the text, national language, text theory, language layer of the text, ideological and aesthetic level of the text.

Түйін. Аталған ғылыми мақалада мәтін табиғаты мен оқу мәтіндерін зерттеген ғалымдар пікірлері, оқушылардың мәтінмен жұмыс жасау мақсаттары және мәтінде берілетін идеялық-эстетикалық міндеттің шешілуі негізінде белгілі бір кейіпкердің немесе құбылыстың бейнесін жасау жолында лингвомәдениеттаным әдістері қолданылатындығы, мәтіннің лингвистикалық негіздемесінде лингвомәдениеттаным аспектілері де маңызды орынға ие екендігі айтылады.

Тірек сөздер: мәтін, мәтінмен жұмыс жасау, дағдыландыру және икемдендіру, аффектілік ерекшеліктер, мәтіннің көпқабатты мазмұны, ұлттық тіл, мәтін теориясы, мәтіннің тілдік қабаты, мәтіннің идеялық-эстетикалық деңгейі.

Оқушылардың ойлау қабілеттілігі мен ізденімдік-танымдық қызметін дамыту, көп ретте, жаттығуларда берілетін жалпы мәтіндер мен оқу мәтінінің мазмұнына тәуелді. Ғалымдар мәтін туралы: «Мәтін – адамдар арасындағы тілдесімдік қатынастың жемісі, ал адам өз ойын екінші біреуге жеткізген кезде қалай болса солай айтылған сөйлемдер тізбегінен құрамайды. Керісініше жиынтықталған пікірін, көзқарасын бір-бірімен ойы жағынан да, қалпы тарапынан да бірлескен сөйлемдер жүйесімен, яғни мәтін арқылы жеткізеді, баяндайды», - дейді [1].

Сондықтан да мектеп қабырғасында мәтінмен жұмыс жасау мақсаттарының бірі оқушының мәтін мазмұнын толыққанды түсінуіне дағдыландыру және икемдендіру болып табылады.

М.М. Бахтиннің пікірінше: «Текст – это «первичная данность» всех гуманитарных дисциплин и вообще всего гуманитарно-филологического мышления... текст является той непосредственной действительностью мысли и переживания, из которой только и могут исходить эти дисциплины и это мышление. Где нет текста, там нет и объекта для исследования и мышления» [2].

Оқулықта берілетін мәтіндердің мазмұнына тиісті назар салмайынша, оқушыны фундаменталды дайындау мүмкін де болмайды.

Э.Д. Сүлейменованың айтуынша, мәтін – адамзат қоғамының мүшелері бірімен-бірі алмасатын дүниетанымы мен ақпараттарын таңбалайтын ерекше тіл бірлігі, мағыналық (мәндік) жағынан тым қозғалмалы бірлік. Мәтіннің тұтастығы тек оны жасап тұрған тақырып пен тіл бірліктеріне ғана емес, мәтіннің қатысымдық (коммуникативтік) мақсатына көп байланысты [3].

Сонымен қатар қазақ тіл білімінде мәтіннің табиғаты мен оқу мәтіндерін зерттеуге арналған мынадай ғалымдардың: Р. Сыздықованың, профессор Б. Шалабайдың докторлық диссертациясы, С.Мұстафина, Ж.Қайшығұлованың, М.Ахметованың, С.Күзекованың ғылыми жұмыстары мен көптеген еңбектері бар.

Сонымен, мәтін – мазмұн жағынан аяқталған, құрылымдық элементтері арасында тығыз байланысы бар тұтастық болса, оқу мәтіндері – оқыту бағдарламасының негізгі мазмұнын ашатын оқулық элементі.

Мәтін табиғатын зерттеуге қызығушылықтың артуына көптеген мәселелер де ықпалын тигізді. Онда тілдің қарым-қатынас жасаудың бірден-бір тұтас құралы ретінде түсіну, тілдің адамзат қызметтерінің әр түрлі жақтарынан байланыстылығын терең білу үшін қажет. Мәтін көмегімен өмір сүру мен оның заңдылықтарын тануға болады десек, оқушыларға мәтін арқылы түрлі құбылыстармен қарым-қатынаста жасауға әсер етуге болады.

Одан басқа мәтін мәселесіне қатысты алғашқы ойларды қазақ тіл білімінде тіл білімінің негізін қалаушылар А. Байтұрсынов пен Қ. Жұбанов еңбектерінен айқын көруге болады. А. Байтұрсынов мәтінді «шығарма сөз» деп атап, сөйлеудің бірілігіне жатқызады. Себебі, ғалым өз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы атын шығарма сөз, оның аты шығарма деп айтылады. Ауызша шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын бәрі шығарма болады деген пікір айтады [4, 65 б.].

Мәтін – өзінің құрылымымен ғана емес, мазмұндық көпқабаттылығымен де күрделі тіл бірлігі. Мәтінді жасаушы адамның, мейлі ол жазсын, немесе ауызша айтсын, барлық эмоциясы, сезімі немесе аффектілік ерекшеліктері, мәтін тақырыбына деген өзіндік көзқарасы, оның қолданған тіл бірліктерінің ерекше қызметі негізінде жасалып шыққан тұтастығы мәтін арқылы көрінеді. Бірақ айтушының сондайлық күрделі қызметінің нәтижесі ретінде жасалып шыққан мәтіннің көпқабатты мазмұны мен мағынасын тыңдаушы сол дәрежеде түсіне ала ма? Осындай мәселе қазақ тілін өзге ұлтқа үйретуде зор маңызға ие болады. Өйткені, сөйлеуші, яғни, қазақ жасаған мәтіннің тек "жалаң қабат" мазмұны ғана емес, сөйлемдерінің әрқайсысының атқарып тұрған ролі мен солардың байланысының негізінде құралған терең қабаттағы ұлттық тілдің ерекшелігін тани алатын болуы керек. Ондай міндетті шешу үшін, қазақ тілін оқытатын мұғалімнің мәтін теориясы туралы жақсы білімі болуы керек.

Мәтінді қолдана отырып, қазақ тілін үйрету әдістемесінің лингвистикалық негізі де осыған арналатыны белгілі. Мәтіннің көпқабаттылығын мұғалім қазақ тілін үйрету барысында мынадай жолдар арқылы меңгерте алады: *біріншіден,* мәтіннің тілдік қабаты анықталады. Яғни, мұнда сөздің мағынасы, сөз бен сөздің тіркесуі, сөйлемдер құрылуы, сөйлем мүшелері талданады; *екіншіден,* мәтінді құрап тұрған абзацтар, абзацтардағы сөйлемдердің мағыналары аударылып, олардың байланысы көрсетіледі. Сөйтіп тұтас мәтіннің мазмұнын құрап тұрған үлкен ойдың "кішкентай кірпіштері" сұрақ-жауап арқылы, жоспар құру арқылы, белгілі бір сөйлемді мәтіннің ішінен іздетіп тапқызу және басқа да әдістер арқылы анықталады; *үшіншіден,* мәтіннің идеялық-эстетикалық деңгейі анықталады. Сонымен мәтін табиғатына мынадай сипаттама жасаймыз, мәтін ол:

1) жүйелі, тұтас, тиянақты қалыптасқан және мағыналық жақтан өзара байланысқан сөйлемдердің бірізділігі, қатысымдық (коммуникативтік) сипаты бар, жазу үлгісіндегі ауызша сөйлеу шығармашылығы.

2) тілдік қарым-қатынастың ең кіші бірлігі.

3) объективті әлемнің субъективті бейнесі, кең мағынада екі сананың қарым-қатынасқа түсу жолы.

4) (әңгіме, сөз, хат, оқиға) әрқашан біреулерге бағышталған, әрі сол бағышталғанымен ғана бағалы.

Мәтін – өз ойынды жеткізудің формасы, адам өз-өзін ойлай білетін субстанция ретінде табу жолы. Осылай мәтінді тіл, сөйлеу, интеллект факторларының бір-бірімен өзара байланысқан біртұтас кешені деп қарастырып, мәтіннің басты белгісіне сыртқы және ішкі формалар бірлігін жатқызуға болады. Мәтінді оқып, оның мазмұнын талдау барысында, аудармалар жасау, сөздердің мағыналарын түсіну, сөз тіркесінің, сөйлемнің құралу жолын талдап отырған оқушы сол мазмұнды өзінің санасында "қайта өңдейді". Яғни, сол мазмұнды өзі қайта жасап шығарады. Бұл – жасанды тілдік жағдай жасаудың бір жолы. Оқушы мәтіннің мазмұнын жалаң ғана түсініп, әйтеуір бір фактіні ғана біліп, сондай бір болған екен деп қана қоймай, тіл үйренуі үшін, мәтінмен жұмыс жасаудың саналы әдістерін қолдану керек. Мәтінде берілетін идеялық-эстетикалық міндеттің шешілуін, соның негізінде белгілі бір кейіпкердің немесе құбылыстың бейнесін жасау жолын меңгертуде лингвомәдениеттаным әдістері көмекке келеді. Сондықтан мәтіннің лингвистикалық негіздемесінде лингвомәдениеттаным аспектілері де маңызды орынға ие болады.

Мәтінге тұтастық, типологиялық, стилистикалық ерекшеліктер, абзацтарға бөліну, сөйлемдер, лексика-грамматикалық конструкциялар, мәтінішілік байланыстар, мәтіндегі сөйлемдердің тема-ремалық мүшеленуі сияқты қасиеттер тән.

Мәтін – күрделі санатқа жатқызылады, сондықтан да қазіргі әдістемеде түрлі тәсілдермен жан-жақты алып қарастыру кең өріс алып отыр:

− онтологиялық тұрғыда – мәтіннің болмысы, алатын орны мен ауызекі тілден айырмашылығы;

− лингвистикалық тұрғыда – мәтіннің тілдік ұйымдасуы;

− психологиялық тұрғыда – мәтіннің қабылдануы;

− прагматикалық тұрғыда – мәтін авторының объективті болмысқа және мазмұнға деген қатынасы сипатталады.

О.И. Москальскаяның пікірлеріне сүйене отырып, мәтіннің құралуындағы мынадай қатысымдық тәсілдері анықталады:

1) хабарлама жасау (фактілерді анықтау, бекіту);

2) екінші адамға жеткізу (сипаттау, әңгімелеу, бағалау, суреттеу, мазмұнын баяндау (реферировать);

3) түсіндіру (теңеу, түйіндеу, топтастыру, қорытындылар жасау);

4) негіздеме жасау (дәлелдеу → қарсы ойын дәлелдеу → ақиқат) еместігін анықтау;

5) бұйыру не тілек ету, өтіну → сұрап білу → шақыру → ақтау → талап ету → түсіндіру → бұйыру;

6) түсініктеме беру → арқылы дәлелдеу;

7) сұрау (спрашивать) [5].

Мәтін табиғатын зерттеуде мәтінді танудың мынадай жолдарын көрсетуге болады:

− лингвоцентристік: нысаны – тіл және мәтін;
− текстцентристік: әдеби қарым-қатынас;
− антропоцентристік: автор – мәтін – оқырман;
− танымдық: автор – мәтін – мәтіннен тыс болмыс.

Осындай талдаулардың ішінде қазіргі орта буынды оқушылар назарына лингвоцентристік тәсілді алуға болады. Өйткені ол мәтіннің тілдік бірліктеріне және категорияларына негізделіп, мұнда лексикалық, фонетикалық, грамматикалық, стилистикалық бірліктер мен категориялар қамтылады.

Текстцентристік тәсілге келетін болсақ, ол мәтін туралы негіздер шығармашылық әрекеттің нәтижесі мен азығы ретінде көрінеді. Мәтін тұтас аяқталған нысан ретінде зерттелсе, антропоцентристік тәсіл – мәтіннің интерпретациясына байланысты нысанында автор ұстанымы мен қабылдау (оқырман ұстанымы) қамтылады. Осы тәсіл арқылы мәтінді тану мынадай бағыттарға сарапталады: психолингвистикалық, прагматикалық, деривациялық, қатысымдық.

Танымдық тәсіл – соңғы он жылдықта ғылыми парадигма ізімен алдыңғы қатарға шықты. Т. Виноградов тілді әлемнің тілдік бейнесі ретінде қарайды [6].

Негізгі ұғым – концепт болып табылады. Жоғарыда талданған тәсілдерді оқушыларға көрсете отырып, осы логикалық жолмен құрылатын мәтіннің типтері болатыны да түсіндіріледі. Мәтіннің мынадай типтері оқыту барысында тиімді болады: мәтін – *өтініш,* мәтін – *бұйрық,* мәтін – *түсініктеме,* мәтін – *хабарлау,* мәтін – *сипаттау,* мәтін – *ойталқы*, мәтін – *баяндау.*

Мәтіннің жасалуында оның түрінің де алатын маңызы үлкен. Мысалы, мәтін-хабарлауда, негізінен, хабарланатын оқиға бірізділікпен берілетін болса, мәтін-ойталқыда сөйлемдер арасындағы ішкі байланыстар (мағыналық байланыстар) негізгі қызмет атқарады. Ал мәтін-өтініш не мәтін-бұйрықты алатын болсақ, онда сол мағынаны білдіретін арнаулы грамматикалық не лексикалық тәсілдер алдыңғы қатарға шығады. Сонымен жалпы мәтін табиғатын талдай келе зерттеу жұмысымыздың негізгі нысаны болып отырған оқулық түсінігіне, оқу мәтініне келетін болсақ, жалпы мәтін оқулықтың негізгі құрылымы болып табылады және оқу бағдараламасының мазмұнын ашып, оның бірізділікпен әрі толық берілуін қамтамасыз етеді.

Оқу мәтіндері оқулықтың негізгі ақпаратты ұстаушы болып, берілетін білім пайызының біразын құрайды. Оқу мәтіндері *негізгі, қосымша, түсіндірмелі* болып бөлінеді.

Негізгі мәтін оқу бағдарламасына сәйкес келетін автормен берілген дидактикалық және әдістемелік тұрғыда қайта жөнделген сөзбен берілген материал болып табылады. Оқулықтағы мәтін мазмұндары мен құрылымын зерттеу барысында Д.Д. Зуев [7, 76 б.] негізгі оқу мәтіндерінің барлық элементтерін екі топқа бөледі:

− теориялық-танымдық мәтіндер (бірініші топ);
− инструменталды-практикалық мәтіндер (екінші топ).

Теориялық-танымдық мәтіндер негізінен ақпараттық міндетін атқарып өзіне келесі элементтерді қамтиды:

− оқу үдерісі ұсынатын ғылыми танымның және мамандандырылған қызметтің негізгі терминдері мен нақты тілін;

− негізгі ұғымдар мен олардың ережелерін;

− негізгі фактілер (құбылыс, объектілер, үдерістер, оқиғалар, тәжірибелер);

− негізгі заңдардың сипаттамаларын, заңдылықтарды және олардың салдарын;

− озық идеялардың даму сипаты мен нақты білім саласының болашақтық бағытын;

− оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуының, оның танымдық қабілетінің дамуының, белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруына негіз болып табылатын материалдарды;

− қорытындыларды.

Инструменталды-практикалық мәтіндер алған білімдердің қолданылуының трансформациялық міндетін атқарады және келесі элементтерден тұрады:

− оқу материалын ұғуға және өзіндік жұмыстарды орындауға қажетті қызметтің негізгі тәсілдерінің сипаттамасы;

− нақты білім саласында танымның негізгі әдісінің сипаттамасы;

− оқу ақпаратын қолданудың негізгі ережелері мен қағидалары;

− теориялық-танымдық ақпаратты ұғу үшін және ережелерді, теорияларды, шолуларды анықтау үшін қажетті тәжірибелерді эксперименттерді, ситуацияларды, жаттығулар мен тапсырмаларды суреттеу;

− базалық дағдылар кешенін қалыптастыру үшін қажетті тапсырмалар мен жаттығулар, тәжірибелер құру;

− нақты білім саласына қатысты қызметке қажетті идеологиялық, моральдық және эстетикалық сипаттамалар;

− теориялық-танымдық ақпаратты қабылдау үдерісін ұйымдастыруға қажетті логикалық операциялар мен тәсілдер сипаттамасы;

− оқу материалдарын интеграциялайтын арнайы бөлімдер мен шолулар;

− оқу материалдарын бекітуге арналған арнайы мәтін элементтері.

Қосымша мәтіндер негізгі мәтінді бекіту мен терең ұғу үшін қолданылады. Осы мәтіндер оқушының оқуға деген қызығушылық мотивациясын күшейтуді қамтамасыз етеді.

Осылармен танысу барысында оқушылар танымдарын тереңдетіп, білім болашағын көре алады. *Қосымша мәтінге келесілер енеді:* құжаттар, хрестоматиялық мәтіндер, ғылыми және әдеби, немесе өзге әдебиеттерден үзінді, библиографиялық және ғылыми мәліметтер, статистикалық мәліметтер, анықтама материалдары және т.б. Қосымша мәтіндер кейбір оқулықтарда он пайызға жетіп отырады.

Түсіндірме мәтіндер оқу материалдарын толыққанды меңгерілуіне қажетті жағдай жасауға арналады. Олар оқулықтың анықтамалық-ілеспелік аппаратының басты бөлігін құрайды. Оларға қойылатын басты талап: оқу мәтінімен тығыз байланыста болуы және қажет емес материалдардың болмауы. Түсіндірме мәтіннің негізгі элементтері келесі:

− алғысөз, оқулықтың қолданылуына қатысты әдістемелік нұсқау, оқулыққа және оның бөлімдеріне кіріспе;

− ескертпелер мен түсіндірулер;

− сөздіктер;

− ережелер;

− кестелерге, жоспарларға, диаграммаларға, графикалық модельдерге және карталарға түсініктемелер;

− жинақтық сызбалар;

− көрсеткіштер (қысқартылған сөздерге және т.б.).

С.И. Архангельскийдің айтуынша оқулық, оның құрылымы мен мазмұны оқыту теориясымен, оның негізгі қағидаларымен тығыз байланыста болады: ғылымилылық қағидасы, жүйелілік қағидасы, теория мен практиканың байланыс қағидасы, оқытудың саналылық қағидасы және т.б. [8].

Оқулықты нақты дидактикалық қызмет атқаратын мәтіндер мен мәтіннен тыс компонеттер жүйесі деп қарауға болады. Педагогикада оқу мәтініне, оны арнайы зерттеуге ерекше мән берілетіні түсінікті. Осылай, педагогикалық, лингвистикалық сапасы нашар мәтіннен тұратын оқулық деген болмайды, нақты айтқанда оқулықтың сапалылығы оның құрылымындағы оқу мәтіндеріне тығыз байланысты. Алайда оқу мәтініне қойылатын педагогикалық міндеттер мен талаптар аса ескерілуі қажет.

А.А. Құсайынов пен Ұ.Ә. Асыловтың айтуынша, ғалымдар оқу материалдарының меңгерілімдік деңгейі көбіне мәтінге байланысты деп қарайды. Осылай мәтін шартты түрде екіге бөлінеді:

− мазмұндық-әдістемелік,

− лексикалық-синтаксистік мәтіндер.

Мазмұндық-әдістемелік сипатына: ғылыми мазмұны, оның қажеттілігі, қайталаусыз, жүйелі баяндалуы, теориялық, абстракциялық деңгейі, өткен материалмен және сол сыныпта оқылатын басқа пәндермен сабақтастығы, күрделілік деңгейінің оқушылардың жасы мен біліміне, логикалық ойлау деңгейіне сәйкестігі (яғни бала белгілі бір дәрежеде ақыл-ой қызметі мен күшін жұмсай отырып, меңгере алатындай болуы), терминологияның бірізіді қолданылуы, түрлі ақпараттық және фактілік материалдардың мөлшері мен олардың оқушының уақыт қорына сай есептелген болуы, т.б. мәселелер.

Ал лингвистикалық-стильдік сипатына: оқушылардың лингвистикалық әзірлік деңгейінің ескерілуі, сөйлемдерінің тым ұзын, шұбалаңқы (зерттеушілер мәтіннің түсінуге қиындығын көбінесе сөйлемнің ұзақтығымен байланыстырады) немесе кілең тақ-тұқ қысқа да болмауы, оқылуы мен жазылуы қиын көп буынды сөздердің қажетті мөлшерде әрі контексте түсінікті болатындай етіліп жұмсалуы, мағынасы тығыз байланысты сөздердің сөйлемде араға сөз салмай немесе аз сөз салып орналастыруы, сөздердің сөйлемде екі ұшты мағына беретіндей қолданылмауы. Осылардың бәрі тоғыса келе, мәтіннің түсінілу, қабылдау деңгейін анықтайды. Ол деңгей төмен болса, материал меңгерілмей қалады немесе нашар меңгеріледі, баланың оқудан беті қайтып, жалығу, зерігу эмоциясы пайда болады [9, 43-44 бб.].

Оқу мәтініне қатысты тақырып мәселесі де оқулықтарда зор орынға ие. З.С.Күзекованың айтуынша, тақырып – оқу мәтіні мазмұнының негізгі бірлігі болып табылады. Тақырыптың екі жағы бар:

а) сыртқы жағы – бұл қаралатын аспектінің, объектінің атауы;

ә) тақырып атауын ашатын мәтіннің мазмұны. Бұл дегеніңіз кез-келген тақырып объекті қасиеттерінің жан-жақты сипатталуы. Мамандыққа қатысты оқу мәтіндерінің сипатын ашу үшін тақырыпша туралы ұғымды енгізу және тақырыпшалардың иерархиялық деңгейін белгілеу де пайдалы.

Тақырыпша – үлкен, кең тақырыпқа кіретін тақырып, үлкен тақырыптың бір бөлшегін құрайды, тек қана сол объектіні тарлау қарастыруымен өзгешеленеді немесе зерттеудің жалпы бағытын сақтай отырып, объектінің бір бөлігін қараумен шектейді.

З. Күзекова мәтінді тілді оқып-үйретудің басты құралы деп атайды. Оқулық сапасы тек қана оқу материалын сәтті таңдаумен ғана байланысты емес, оны мазмұндай, баяндай алумен де байланысты. Яғни тақырыпты ғылыми-педагогикалық стильмен мазмұндай алу да үлкен өнер [10, 38б.].

Жоғарыдағы пайымдауларды ескере отырып, оқу мәтіндеріне қойылатын талаптарды келесідей жүйеде атауға болады:

1) соңғы ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін ескере келе, оқу бағдарламасының толық ашылуын қамтамасыз ету;

2) оқушының өзіндік шығармашылық жұмыс жасау үшін жағдаймен қамтамасыз ету;

3) оқу мәтіндерінің оқушыға оңай түсінілуін қамтамасыз ету;

4) пәнаралық байланыс қағидасын ұстану;

5) техникалық құралдарды пайдалануға қажетті жағдай жасау;

6) оқушылардың дайындық деңгейін және оқыту үдерісінің психологиялық педагогикалық факторларын ескеру;

7) оқулыққа қажетті әрі мәтіндерді толықтыратын жетістіктерді пайдалану;

8) оқулықта негізгі, түсіндірме және қосымша мәтіндерді толыққанды қолдану;

9) мәтін мөлшері: оның негізгі, қосымша, түсіндірме бөлігі, тараулары мен параграфтары оқу үдерісінің графигіне сәйкес болуы қажет.

Сонымен оқу үдерісінде оқу мәтіндерінің қолдану тиімділігі оның құрылымына, мазмұнына, нақты берілген оқу материалына, мәтін бөліктеріне, кіріспелеріне, алғысөздеріне және т.б. тығыз байланысты.

Әдебиеттер:

1. *Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатысым: теориясы және әдістемесі. –Алматы, 1999. – 260 б.*
2. *Бахтин М.М. Язык в художественной литературе // Сбор. Соч: в 7 т. −М., 1997. –Т. 5. С.36.*
3. *Сүлейменова Э.Д. Понятие смысла в современной лингвистике. –Алматы, 1989. – 59 б.*
4. *Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал // Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. 3-кітап. – 446 б.*
5. *Москальская О.И. Грамматика текста. −М., 1981. – 58 с.*
6. *Виноградов В.В. Русский язык. Грамматическое учение о слове. − М., 1947. – 260 с.*
7. *Зуев Д.Д. Школьный учебник. −М.: Педагогика, 1983. – 253 с.*
8. *Архангельский С.И. Лекции по научной организации процесса в высшей школе. −М., 1976. – 210с.*
9. *Құсайынов А.Қ., Ұ.Ә.Асылов. Оқулықтану. Өзекті мәселелер. – Алматы: Рауан, 2000. – 144 б.*
10. *Күзекова З.С. Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері. −Алматы, 2005. – 390 б.*

Әлібаева М.
педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Нұрғали С.
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы

ӨЗГЕ ТІЛДІ АУДИТОРИЯДА ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕРДІ СҰРЫПТАП АЛУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі қоғам қандай ортада болсын өз ойын, көзқарасын еркін әрі мәдениетті түрде жеткізе алатын, өзгелермен дұрыс тіл табыса білетін, өзгермелі дүние жағдайында өздігінен шешім жасай алатын алғыр да білікті мамандарды қажет етіп отыр.

Осыған байланысты болашақ мамандарды дайындау барысында кәсіби қазақ тілі сабағы арқылы студенттердің сөздік қорын арттыруда, сөйлем мен оның түрлерін әр түрлі қолдануға бейімін дамытуда, логикалық ойлау жүйесін кеңейтуде қазақ тілі сабағында қолданылатын әдістерді сұрыптап алудың маңызы ерекше. Тілді жан-жақты меңгертудің қоғамдық рөлін түсіндіруде арнайы сұрыпталып алынған әдістер арқылы студенттердің алған теориялық мәліметтері пысықталады және өзінің сөздік қорын тілдік қарым-қатынаста қолдануға дағдыланады.

Оқыту әдіс-тәсілдері арқылы сабақ үстінде студенттерге жағымды атмосфера жасалуы тиіс. Жағымды атмосфера студенттердің пәнге қызығушылығын, көп білсем, үйренсем деген ынта, ықыласын тудыруға көмектеседі.

Мұғалімнің әдістерді таңдап алуы сабаққа оқу материалдарының мазмұнын дайындап алу кезеңінен басталады. Ол бұдан басқа дидактикалық мақсаттарға, студенттің білім деңгейіне және мұғалімнің өз басының дайындық деңгейіне де байланысты болады.

Қай әдіс болса да, оларға тән негізгі ортақ қасиет оның практика арқылы жүзеге асуында. Белгілі ғалым Ф.Ш.Оразбаева тіл үйретуге қатысты әдістердің негізгі шарттарын былайша саралайды: Теорияны практикамен ұштастыра білу; теорияны саналы түрде меңгеру, жолдарын ашу; тиімді әдіс-тәсілдер арқылы тілді тез үйренудің мүмкіндіктерін қарастыру; ой мен іс-әрекеттің қатар жүруін қамтамасыз ету; тәжірибенің жиынтығын жан-жақты қорыту арқылы іс жүзінде дұрыс қолдану деп, әдіс болмаса, теориялық білімнің жүзеге асуы қиын екенін нақтылайды.

Дидактиканың негізгі заңдылықтары бойынша әдіс – оқытушы жүргізетін іс-әрекеттің жинақталған жүйесі; мұғалім мен оқушының арасындағы өзіндік күрделі ерекшелігі бар тілдік қарым-қатынас; мұғалімнің оқушыларды білім және білікпен қаруландыратын құралдары мен тәсілдері.

Әдістемелік еңбектерде оқыту әдістерін әр түрлі топтаудың жүйесі бар. Сөйтіп қазақ тілінен білім беру әдістері сан алуан. Осы әдістерді әдістемеде жіктеп көрсетудің мәні зор. Жіктеп көрсетуде, біріншіден, үйренушіге берілетін білімнің сапасы артады, екіншіден, оқушымен жүргізілетін жұмыстың дәлдігі нығаяды, үшіншіден, мұғалімнің атқаратын жұмысы жеңілдейді. Әрине, білім беру әдістерін таңдап қолдану, оны қай уақытта іске асыру және білім беру әдістерін қай материалға байланысты сұрыптап алу әдістемесінің қиын әрі күрделі мәселелері бар. Оқушыларға берілетін білімінің көлемін сұрыптап алу білім беру әдістерінің іске асырылуын жеңілдетеді. Білім беру әдістерін іске асыруда оларды топтастыру, жіктеу ең қажетті мәселе болып табылады. Қазақ тілінен білім беру әдістерін топтастыру әдістеме ғылымының соңғы жетістіктеріне негізделеді.

Қазақ тілінен білім беру әдістерін жіктеуде төмендегі әдістемелік мәселелер өлшем етіп алынады. Олар: оқушылар қазақ тілінен алған білімдері мен дағдысын өз ортасымен тілдік қарым-қатынас жасау негізінде белгілі бір білім негіздерін молайтады; екінші, тілдік материалдарды іс жүзінде қолдануды оқушылар басқа да пәндермен байланысты оқу үстінде түсінеді; үшінші, оқушылар білім мен дағдыны қазақ тіліне байланысты жүргізілетін тәлім-тәрбие сабақтары бойынша алады; төртінші, білім мен дағды мұғалімнің түсіндіруі бойынша жеткізіледі, кәсібіне қарай қазақша сөйлеуге дағдыланады.

Сөйтіп, қазақ тілінен білім беру әдістерін оқушылардың білім алу көздеріне негіздей отырып, оларды төмендегіше жіктеуге болады.

Витагендік тәжірибенің негізінде тіл үйренушінің жинақтаған білімін, қоршаған ортаға деген көзқарасын, іс-әрекетін қамтитын ақпараттар жататындықтан, бұл оқыту технологиясында

дәстүрлі сабақтан өзгеше ой шақыру, тәжірибелік ойын әдісі, өзін-өзі бақылау, қате табу, т.б. оқушының шеберлігін шыңдауға арналған әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады.

Ой шақыру әдісі арқылы тіл үйретудің мақсаты – оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіру мақсатында белгілі бір проблеманы шешу, ынтымақтастыққа тәрбиелеу, оқушының шығармашылық ойлауын жетілдіру. Бұл тәсілдің негізін 1941 жылы А.Ф.Осборн қалаған. Бұл әдіс жарнама бизнесінде кеңінен қолданылады. Ал тіл үйретуде жаңа оқу материалын өту барысында, өткен материалды қайталауда, жинақтауда, белгілі бір проблеманы шешуде қолданылады.

Қазақ тілі сабағының ұйымдастырылуы оқытушыдан сабақта қарым-қатынастың жаңа түріне және жаңа білімді игеруде ой шақыру әдісін ұйымдастырудың тәсілдерін қолдануды қажет етеді. Ой шақыру әдісі арқылы өтетін сабақтың тақырыбы шамаға шақ болуы және біртіндеп оқушылардың білімді игерулеріне қарай күрделене түсуі қажет.

Витагендік оқыту технологиясы арқылы жүзеге асатын ой шақыру әдісі төмендегідей талаптарға жауап беретіндей болуы керек:

1. Танымдық. Берілетін материалдар оқушының қызығушылығына сай келетін танымдық бағытта құрылуы тиіс. Болашақ кәсібіне бағдар ала отырып, экономист-қаржыгер болу үшін қандай ақпараттардың маңызды екендігін болжай алуы тиіс. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін ой шақыру әдісі арқылы ұсынылатын тақырыптардың барлығы оқушылардың танымдық қызығушылығына жауап беруі қажет.

2. Тәжірибелік. Витагендік тәжірибе – адамның белгілі бір тұлға ретінде қалыптасуында маңызды қызмет атқаратын өмір бойы жинақтаған тәжірибесінің нәтижесі ретінде оқушының болашағын болжауына және айқындауына негіз болады. Витагендік тәжірибе жинақтау үдерісі өмір бойы еш үзіліссіз жүріп отырады. Оқу үдерісінде витагендік тәжірибеге сүйену оқушылардың белгілі бір табысқа жетуіне, танымдық қызығушылықтарын дамытуына, дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруына септігін тигізеді. Сол себепті де оқушылар қазақ тілі сабағында алған жаңа ақпараттарын тәжірибеде еркін қолдануға қол жеткізеді.

3. Нәтижелілік. Оқушылардың ой шақыру әдісі арқылы жіберген қателері анықталып, сараланады; диаграмма жасалады; оқушылардың қазақ тілі жайында алған іскерлік, білім, білік дағдылары анықталады; нәтижесінде бұл әдіс арқылы қандай жетістіктерге жетуге болатындығы жөнінде болжам диагноз жасалады.

4. Ынтымақтастық. Сабақта жаңа ақпаратты жеткізудің негізгі көзі тек мұғалім ғана емес, сонымен бірге оқушы да болуы керек, сонда ғана мұғалім мен оқушы арасында өзара ынтымақтастық орнап, белгілі бір нәтижеге қол жеткізіледі. Ой шақыру әдісі арқылы сабақ үлгерімі нашар не жақсы оқитын оқушы деп бөлінбейді. Керісінше, оқушылар арасында өзара түсіністік пайда болып, бір-бірінің пікірін бағалауға, құрметтеуге дағдыланады. Өйткені ой шақыру әдісінде оқушылардың бір-бірін сынауы, айтылған пікірдің дұрыс-бұрыстығын анықтауы негізгі мақсат болып табылмайды.Ең бастысы: оқушылардың бір-бірімен ынтымақтастықта болуы.

Ой шақыру әдісі былай жүзеге асты: біріншіден, оқушылардың қызығушылығын ояту үшін өтетін тақырып, оның мақсаты хабарланды. Экономикалық тұрғыдан инфляция дегеніміз не? Инфляцияның қандай түрлері бар?

Әдістің мақсаты: оқушылардың кәсіби мамандығын жетілдіре отырып, қазақша сөйлеуін дамыту, қазақша ойлауға дағдыландыру, бір-бірімен пікір алмасу арқылы экономикалық мәдениетін қалыптастыру.

Екіншіден: ынтымақтаса жұмыс істеудің жалпы ережесінен хабардар болады. Ынтымақтаса оқытудың ең ұтымды жағы – ой шақыру әдісі, ол оқушылардың тілдік дағдыларын дамытады және тек оқытушымен ғана емес, басқа да оқытушылармен қарым-қатынас жасау арқылы білімдерін толықтыруға үлкен мүмкіндіктер береді. Топтар мәселелі жағдаяттарды шешеді, мәселені талқылайды және оны шешудің жолдарын іздейді. Ынтымақтаса жұмыс істеу әрбір оқушыға өз ойын айтуға, дәлелдеуге, қарсыластары мен жақтаушыларының ойын тыңдай білуге, жолдастарының жауаптарын талдауға және бір шешімге келуге жағдай жасайды. Әрине, бұл тұста оқушылардың іс-әрекетін қадағалап отыратын оқытушы рөлі де маңызды.

Үшіншіден, оқушыларды бағалау критерийлері айтылды.

Төртіншіден, сарапшы тағайындалды. Сарапшы бірнеше болуы мүмкін, себебі жауап берген оқушылардың білім деңгейін бағалайды.

Бесіншіден, оқытушы оқушыларға қазіргі кездегі ақша айналымының заңдылықтары, ақшаның тұрақтылығы және оның конверсиялануы туралы қысқаша ақпарат береді. Мысалы: «Сіздер болашақ қаржыгер-экономист маман ретінде ойларыңызды жеткізуге тырысыңыздар. Инфляция дегеніміз не? Мемлекетте болдырмаудың жолдары қандай? Инфляцияны қалай

тоқтатуға болады? Ойларыңызды, пікірлеріңізді еш қысылмастан жеткізуге тырысыңыздар. Кез келген пікірлеріңіз шындыққа жанаспаса да, дұрыс болып есептеледі. Басқа ұсынысты сынауға болмайды. Пікірлеріңізді еркін жеткізуге талаптаныңыздар. Сарапшылар барлығын жазып отырады». Оқытушы оқушылармен ізгілікті қарым-қатынас орнатуға тырысуы қажет. Бір-бірінің пікірін сынауға болмайды.

Алтыншыдан, оқушылар өздеріне келіп түскен жаңа ақпаратпен танысады. Өздеріне түсініксіз ақпаратты оқытушыдан сұрап, ой түюге дағдыланады.

Жетіншіден, оқытушы оқушылар тарапынан келіп түскен қосымша ақпараттарға жауап береді.

Сегізіншіден, берілген тақырып бойынша ой шақыру әдісі жүзеге асады. Әр оқушы тақырыпқа қатысты түрлі ой түйе отырып, еркін түрде ойларын айтуға тырысты. Сарапшылар мен оқытушы оқушылардың ой-пікірлеріне түрлі репл икалармен жауап бере отырып, қолдау көрсетеді. Белгілі бір тақырып көлемінде ой шақыру 45 минут көлемінде жүзеге асады. Әр оқушының жауап беру көлемі 1 минутқа дейін созылады. Бірнеше рет ойын білдіруге болады. Ол үшін алдындағы оқушылардың пікірлерімен кезектесіп алмасып отыруы қажет. Ой шақыру әдісі арқылы бақылау жұмысындағы сұрақтарды пайдалана отырып, жүйелілікпен жауап қайтаруға болады. Бұл оқушылардың ойлау жүйесін белсендіре отырып, белгілі бір проблеманы түрлі жағынан шешуге мүмкіндік береді.

Ой шақырудың өз мақсатына жетуі көп жағдайда оқытушыға байланысты. Оқытушының сөздері анық, дәл, ой шақырудың негізгі тақырыбына сай оқушыларға түсінікті болатындай мазмұнды болуы қажет. Ең бастысы, оқытушы ой шақыруға ұсынылып отырған тақырып бойынша көп білуі қажет. Ой шақыру әдісі арқылы оқушылар өз ойын қазақша таза айта білуге, сөздік қорларын байытуға және сол арқылы тілін дамытуға дағдыланады. Ой шақыру негізінен, баспа беттеріне жарияланған көптің назарын аударатын, көпті қызықтыратын мәселелерге байланысты өткізілгені дұрыс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер. –Алматы: АнАрыс, 2009. - 368 б.
2. Лисовский В.Т. Диспуты на морально-этические темы. – М.: Знание, 1988. – 64 с.
3. Нечаева В.В. Применение технологии витагенного обучения с голографическим методом проекций на уроках русского языка // Материалы межрегиональной НПК «Профессионализм педагога в условиях инновационного развития системы образования». - Астрахань, 2009. – С.121-124.
4. Сыздық Р. Мәдениетті тіл ғана мәртебелі //Кітап: Ғылыми таным үзіктері.- Алматы: «КИЕ» лингвоелтануинновациялық орталығы, 2009.- 2-т . – Б. 514-518

Бигаримова Д., Нуратбаева А., Манарбек М.
«6М012400-Педагогикалық өлшемдер» мамандығының 2 курс магистранты,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН ОҚУ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ ӨЛШЕУДІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ РЕТІНДЕ

Түйін: мақалада функционалдық сауаттылық пен оқу танымдық құзыреттіліктерді бағалау оқу жетістіктерін өлшеудің, мониторинг бақылау-бағалаушылық материалдардың маңызды көрсеткіштері ретінде қарастырылады. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту процесі оқу танымдық құзыреттіліктің нәтижелігін оқу материалын меңгерудің процессуалды жағын және жеке тұлғалық қасиеттердің пайда болуын есепке алатын бағалаудың жаңа жүйесін енгізуді айқындайды. Мониторинг көрсеткіштерінің жиынтығы әрқашан да білім берудегі ортақ тенденциялармен, үкіметтің және білім беруді басқарушы органдарымен тығыз байланыста жүзеге асырылады.

Резюме: в статье оценивание функциональной грамотности и учебно-познавательной компетентности рассматриваются как измерение учебных достижений, мониторинг – как одним из значимых показателей контрольно-оценочных материалов. Функциональная грамотность и учебно-познавательная компетентность позволяет выявить внедрение новую систему оценки процессуального изучения и личностных качеств обучающихся. Основная цель мониторинга качества образования заключается в том, чтобы подчеркнуть особенности этих целей в улучшении качества школьного образования.

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, орыс тілі және әдебиеті кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты.
Қазақстан, Павлодар қ, Kairova_mk@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САРЫН

Түйін. Бұл мақалада қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық мәселесі сөз етіледі. Тәуелсіз қазақ әдебиетіне, оның ішінде қазіргі поэзияның жан-жақты дамуына жастар үлкен үлес қосып келе жатқандығы баяндалады. Қоғамдағы әлеуметтік жағдайларға байланысты **қазіргі жас ақындардың** шығармаларында көтерген мәселелеріне байланысты, соның ішінде әлеуметтік тақырыптар: баспана мәселесі, **ауыл мен қала өмірі,** жастардың болашақтарын қаламен байланыстыруы жайлы өлеңдерінен үзінді келтіріледі. Зерттеудің дерек көздері ретінде Саят Қамшыгер, Дәурен Берікқажұлының, Алмас Темірбай, Серік Сағынтай, Танакөз Толқынқызы, Рахат Әбдірахманов, Ықылас Ожайұлы, Шырын Толқынова, Жанар Әбсадық, Құралай Омар поэзиялары алынды. Қазіргі жастар поэзиясында қала тақырыбы, әсіресе Алматы, Астана бейнелері жырлап жүрген ақындардың өлеңдеріне шолу жасалып, қаламгерлік ерекшеліктеріне мән беріліп, шығармаларынан кейін сараптама жасалады.
Кілт сөздер: қазақ әдебиеті, дәстүр мен жаңашылдық, ақындар шығармашылығы, жас ақындар, баспана тақырыбы, ауыл мен қала өмірі.

Резюме. В статье повествуется о большом вкладе, вносимый молодежью в независимую казахскую литературу, включая всесторонние развитие современной поэзии. В статье представляют отрывки произведений молодых поэтов, в которых затронуты темы социальных условий в обществе, в том числе социальные темы: проблемы жилья, жизни города и села, будущая жизнь молодых в городе. Источниками исследований являются Саят Қамшыгер, Дәурен Берікқажұлы, Алмас Темірбай, Серік Сағынтай, Танакөз Толқынқызы, Рахат Әбдірахманова, Ықылас Ожайұлы, Шырын Толқыновой, Жанар Әбсадық, Құралай Омар. Учитывая писательские особенности, в современной молодежной поэзии проведен анализ поэтических стихотворений на тему жизни в городе, а именно в таких городах как Алматы, Астана, после чего проведена анализ произведений.
Ключевые слова: казахская литература, традиции и новаторство, творчество поэтов, молодые поэты, тема жилья, жизнь города и села.

Summary: The article tells about the great contribution made by young people in independent Kazakh literature, including the comprehensive development of modern poetry. The article presents excerpts of works of young poets in which the topics of social conditions in society are touched upon, including social topics: problems of housing, city and village life, the future life of young people in the city. Sources of research are Sayat Kamshyger, Dauren Berikkaziyevich, Almas Temirbay, Serik Sagyntai, Tanakoz Tolkynovna, Rakhat Abdrakhmanova, Yklas Ozhayuly, Shyryn Tolkynova, Zhanar Absadyk, Kuralay Omar. Taking into account the writer's peculiarities, in modern youth poetry, an analysis of poetic poems on the topic of life in the city, namely in such cities as Almaty, Astana, followed by an examination of the works.
Key words: Kazakh Literature, tradition and innovation, creativity of poets, young poets, housing theme, the life of the city and the village.

Поэзия – адамның ішкі сезімінің тіл жетпес тылсымында жатқан әсем әлемі. Жеке адамның ешкімге айтпас құпия да қастерлі ішкі сыры. Поэзия тек қана ішкі дүние ғана емес, адам жанының

алаулаған алтын жалыны. Поэзия – тарихтан да, тіпті философиядан да жоғары екенін бағзы заманнан-ақ ұлы Аристотель айтып бергені мәлім. Поэзия – әлемнің жыршысы, ақылдың айнасы, халық мұңы, өнердің шыңы. Бағзы заманда да, қазіргі кезеңде де ол осы өрістен тайған емес.
Поэзия деген ұғым тарихи жағынан алғанда ерте қалыптасқан. Себебі қай халықтың әдебиетін алсақ та, поэзия ерте заманнан бастап дамып-өркендеген. Поэзия деген ұғым ақындық өнерге тән сипат-ерекшеліктерді кең көлемде тұтас алып қарастыру тұрғысынан құнды.
Тәуелсіздік жылдарында қазақ әдебиетіне, соның ішінде қазақ поэзиясына тыңнан түрен салып бір топ таланты ақындар легі келген болатын. Әдеби орта бұрынғы айта алмай жүрген ақиқатты егемендікке қол жеткен жылдары ашық айта алды. Кешегі қалыптасқан поэзия жаңа түр, жаңа мазмұн иеленді. «Жас ақындар жырының анталогиясы» атты шығармада қазіргі жыр патшалығының 45 ақынның өлеңдері енгізілген. Алаш ардақтысы М.Жұмабаев:

«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,

Қырандай күшті қанатты» деп, кейінгі жастарға зор сенім артады. Жинақта «Қазақ өлеңінде болашақ бар ма?» деген сұраққа жауап табылады. Мыңдаған жаңа есімдер ашылып, көптеген талантты жастың жыр жинағы жарық көрді. Поэтикалық тілі өз қатарлас-қаламдастары арасында айқын өзгешелік танытатын өкілдері қатарына: Есенғали Раушанов, Ұлықбек Есдәулет, Н. Айтұлы, Жәркен Бөдеш, Саят Қамшыгер, Алмас Темірбай, Серік Сағынтай, Дәурен Берікқажыұлы, Танакөз Толқынқызы, Рахат Әбдірахманов, Ықылас Ожайұлы, Шырын Толқынова, Құралай Омар сынды қалам ұстап жүрген ақындар. Олар – қазіргі қазақ поэзиясында өздерінің ақындық тұлғаларын қалыптастырып, оқырман қауым мен әдеби жұртшылыққа танылған шығармашылық өкілдері. Қазақ поэзиясының алдыңғы буын өкілдері де, кейінгі толқыны да заманалар ақиқатын, ұлт тағдырына құбылыс болып енген, ғасырларды көктей өтіп аман жеткен.
Қазақ әдебиетінде дәстүр мен жаңашылдық мәселесі, бұрынғы мен соңғының байланысын басты назарымызда болады. Оған дәлел, от тілді қайсар ақынымыз Қ.Аманжоловтың шығармалары. Әскер қатарынан Алматыға оралғаннан кейін Қасым Аманжоловтың баспанасы болмайды. Алматының кең көшесіне баспана сұрап сенделген Қасым тағдыр тауқыметін көп көреді. Пәтер сұрап квартбюроның табалдырығын талай рет тоздырады. Жанына пәтердің жоқтығы әбден батқан жас баласы бар ақын сонда: «Он жыл боптыжүгірдім астанада, Шақырса да бармадым басқа қала. Алдамшы елес сықылды үміт қуып, Он жыл бойы зар болдым баспанаға… Ақын болдым, жырладым астанам деп, Бос жүгіріп жүрмедім, босқа нан жеп. Солдат болдым, сағындым, келдім қайтып, Тағы біраз сенделдім баспана іздеп… Қойдым енді, сірә мен үй алмаспын, Үйім жоқ деп ешкімнен ұялмаспын. Өгей ұлдай қойыңа сыймасам да, Кете алмаспын, астанам, қия алмаспын»,- деп үй болмаса, тіпті күрке салатын жер сұраған ақынның зарына ешкім құлақ аспайды.Қанша жерден көңілінде реніштің көлеңкесі қалса да, қанша жерден өгейсіне қараған өз жеріне өкпелі болса да: «Берсең бер, бермесең ғой баспанаңды, Сонда да тастамаспын астанамды. Өлеңнің отын жағып жылытармын, Өзімді, әйелімді, жас баламды»,-деп ақиық ақын тағдыр тауқыметіне төзе білді[1]. Жастар поэзиясындағы әлеуметтік тақырыптардың бірі – баспана. Бұл тақырып қоғамдағы ең өзекті мәселе болып табылады. Себебі, бұл тақырыпқа арнап қалам тербеген жас ақындар легі толастар емес.

90 – жылдардан бастап ауыл жастары көш бастап қалаға бет бұрды, әрине жастардың қалада білім алуы, сонымен қатар қоғамдағы әлеуметтік жағдайларға байланысты жастар өз болашақтарын қаламен байланыстырды. Ауылдың қоңыр тіршілігінен кейін қаланың қарқынына, көшіне ілесіп кету оңай дүние дей алмаймыз. Ауылдан қалаға келген жастардың аяғына нық тұруына әлеуметтік-саяси жағдайлардың әсер етпеуі мүмкін емес . Қала мен ауыл, дала тақырыбы Қ.Аманжолов өлеңдерінде көрініс бергендей, жастар поэзиясында да кең қанат жайды. әсіресе алып қала Алматы тақырыбы. Ақындар Алматыдан жиренді ма, үйренді ма деген сауал туындады. Мысал ретінде бірнеше ақындардың өлеңін талдап көрелік.

Кеген мен Өгем
Неге келдік тасбауыр қалаға осы,
Ниеттері нан пұлға шегеленген?
«Көңіл алаң» 2008 ж.

Қиялдаушы ем
Тәтті ойларға күпті боп:
Қала деген ауылдан да күшті деп.

Келіп едім – көп ішінде адастым,
Жарнамалар жанарымды піскілеп (А.Исаділ)

Ей, шулы қала!
Қабатты үйіңмен жерге тесілме,
Биікті көрсет сен елге.
Баспалдағыңмен өрлетесің бе?
Түсіресің бе төменге? (Олжас Қасым**) [2]».**

Ақбота Абиыр тоқталған ақындар өлеңдерінде де қала бейнесі «тасбауыр қала», «Жарнамалар жанарымды піскілеп» сөздерімен нақты көрсетілген.

Жанар Әбсадық. «Алматым» атты өлеңінде:

Алматының түні әдемі, көгілжім
Тамылжыған көк әлемі, көңіл жым.
Күн бойына кемірілген кеудені
Төгіп тастап түнгі аспанға көмілдім.
Ғарыш пана құлазыған қашқынға,
Көне алмайтын, ере алмайтын
Тірлік дүлей тасқынға
Күндіз мені көзге ілмейтін кеудемсоқтау Алматым
Түнге қарай аяғымның астында.
***
Көктем сайын көгеріп ашылатын,
Ашыла сап асфальтқа шашылатын
Алматылық ағаштың бүршігіне
Ұқсап кеттім, несі бар жасыратын.
Бар-жоғы білмеймін жазығының,
Тұншықтырып көктердің нәзік үнін,
Алып қала сөйлейді ауыр тілді,
Ыңыранып күні-түн, уәзірі – жын. [1, 56-57 б.]

Ақындардың көпшілігі ару қала Алматыны аспандата әуелетсе, ал Құралай өз өлеңдерінде жаңа Астананы жырға қосады:

Шамын жағып, жарқ-жұрқ етіп көзді алдайды Астанам.
Жатсынамын, жүдетеді жалдап алған баспанам.
Көше кезген аяқтарым, жел тербеген шаштарым,
Мүлкіндей боп көрінеді басқаның.
Қала шуын көкірегіме жеткізетін құлағым,
Шынымен-ақ менікі ме?
Жанарымнан сұрадым [1, 4 б.].

Ақынның тағы бір шығармасынан үзінді келтірейік:

Жатам жалғыз
Жалға алған үйімде.
Тіріге ұқсап, ішім өлген күйімде.
Қоштасқалы осылай.
«Қош» деу әлде сезіміме қойылатын түйін бе? [1, 86 б.]

деген өлеңдерінде қала, баспана тақырыбы әдемі үйлесіп отырды.

Танакөз Толқынқызы өлеңдерінде қала бейнесі қатыгез жан кейпінде суреттеледі. «Қыз емес ем, өлеңде еркек едім» өлеңінде:

Ырылдастым көк бетпен, қара бетпен,
Қатыгез боп кеткенсің, қала, неткен.
Мен Рухымды Кеңсайдан келем іздеп
Мұқағали өзімен ала кеткен [3, 63 б.].

«Көк бет, қара бет» метонимиясы арқылы шайпы ауыз ұрысқақтарды, анау-мынауға ұяла қоймайтын беті қалыңдарды меңзейді. Лирикалық кейіпкерден әйел адамның табиғатына тән мінезді көреміз. Қала адамдарының бір-біріне суық, тасбауыр болатындығын, адамдарда жаттанудың белең алып бара жатқандығын айтқысы келген.

Танакөздің «Саяжайды саялар тоңған елес» өлеңінде лирикалық кейіпкердің қалаға деген қарым-қатынасы сөз болады.

Маған қолын бұлғайды арай ғана,
Мені тастап кетсең кет, қарайлама.
Зор қалаға сыймаған көкірекпен
Тар молада жатамын қалай ғана [3, 62].

Қала мен мола бір-біріне қарама-қарсы өлім мен өмір мағынасында алынған. «Зор», «тар» эпитеттері антитеза болумен өмір мен өлімді сипаттайды. Әсем өрілген шумақтардан ақынның ішкі сезімін, лирикалық кейіпкер мінезін аңғарамыз. Оның болмысы «зор қалаға» сыймауынан танылады. Басқаша айтсақ, қаладағы өмірден, мына қоғамнан орын таба алмау, рухани үйлесімсіздік дертін көреміз. Танакөздің осы өлеңіне Моңғолиялық С.Рахметұлының «Поэзия туралы түсінік» атты мақаласындағы мына бір пікірі сай келеді: «Поэзия жаппай сауаттандыруға арналған версификатор немесе бір схемаға түсірілген, уағыздардың бәріне көнетін бірсарын науқанды шаруа емес. Поэзия – құбылыс. Айсберг секілді құбылыс. Поэзияны көпшілік қалың бұқараның бәрі бірдей түсінбеуі дұрыс. Түсіндірем деп құқай көрсетіп, һәм науқаншылайын десек, опық жейміз. Себебі, адам өмірі бір үлгіге сыймайды. Поэзия да солай» [4.].

Танакөз өлеңдері туралы аға буын қаламгерлерден Роза Мұқанова былай пікір білдіреді: «Танакөз Ілиясованың өлеңдерін ұнаттым, мақала жазғаным да бар. Оның өлеңдері проза сияқты тағдырдың драмалық тұстарын сендіріп көрсетуге бейім. Өлеңі терең, ойлы келеді» [5, 515].

Әдебиет сыншысы Д.Ысқақұлы: «Екі мыңыншы жылдары ауыр салмақты прозаға қарағанда жеңілдеу поэзия жаңа өмірдің тынысын тез сезініп, әсіресе ұшқыр да шағын лирика белсенділік танытып, қоғамда болып жатқан әлеуметтік өзгерістерге деген өз үнін шапшаң білдіріп жатты» [5, 517]. Бұл пікірлер қазіргі жастар поэзиясының әлеуметтік маңызын, көркемдік талаптарын анықтап береді.

Қазіргі қоғамымыздағы әр түрлі жағдайы төмен әлеуметтік топтардың бар екенін, олардың «өмір-күнге қақталған», «жапырақтай тапталған» деген метафора, теңеу арқылы өмір сынағынан өтіп жатқандығын суреттейді. Өмірден өз орнын таппағандарды құмға сіңіп кетіп жатқан бұлақтарға ұқсатады. Өмірді – өзенге, тағдырларды бұлаққа ұқсатады.

Саят Қамшыгердің «Адамдар бар өрге ұмтылып, бақты алған» өлеңінде:

Адамдар бар өрге ұмтылып, бақты алған,
Ал, біреулер өмір – күнге қақталған.
Аз ба жандар бұл өмірде жаншылып,
Тағдырлары жапырақтай тапталған?!
Бұл қоғамда қаптап кетті азғындар
Бет түзейтін бағыттары белгісіз...
Көңіл, шіркін, жүйткуде жыраққа,
Ағып барып құмға сіңіп, жоқ болған!..
Кедергі көп өмір сүру жолында,
Шырмалмайық сан мыңдаған торында.
Ей, адамдар, құмға сіңіп кетпеуің
Бір Алла мен өздеріңнің қолында!!! [6, 5].

Қазіргі қоғамымыздағы әр түрлі жағдайы төмен әлеуметтік топтардың бар екенін, олардың «өмір-күнге қақталған», «жапырақтай тапталған» деген метафора, теңеу арқылы өмір сынағынан өтіп жатқандығын суреттейді. Өмірден өз орнын таппағандарды құмға сіңіп кетіп жатқан бұлақтарға ұқсатады. Өмірді – өзенге, тағдырларды бұлаққа ұқсатады.

Саяттың «Өмір» өлеңінде ішкілік мәселесі сөз болады:

Осы күнде сезімталдар азайып,
Қаптап барат тас жүрек пен тас бауыр...
Бұрындары ізгі еді бар әпкем,
Енді міне, шашы қысқа, балақ кең.
Тұлпарымен сырласушы ед батырлар,
Қазір көбі сырласып жүр арақпен. [6, 30]

Саят «Арулар жүр» өлеңінде қазіргі намыссыз қазақ қыздарының жүріс-тұрысын сөз етеді:

Тоғжандарым кешегі жоқ жан болған қарашы,
Мейрамхана, ...ханадан аспай қалған санасы.
Шылым шегіп, қазір де масаң жүрген арулар –
Ертең туар бейкүнә кемтарлардың анасы.

немесе,

Періштедей пәк, нәзік, салмақты еді,

Жеңіл-желпі жүрістен өкшелері жез болған.
Арулар жүр ерлерді сүйдіре алмай, сүйе алмай,
Әзәзілді жеңе алмай, нәпсілерін тыя алмай.
Қарлығалар Карла боп, Гүлбаршындар Гуля боп,
Қозы Көрпеш-Баяндар бүгіндері қиялдай! [6, 35]

Саят Қамшыгер «Таң қалма» өлеңінде тағы қазіргі қоғам туралы келелі ойларын ортаға салады:

Ойласам деп қамын мынау халықтың,
Тереңді аңсар таяздағы балықпын.
Сұлу, сайқал, сиқыры көп қоғамның
Адуынды мінезінен жалықтым [6, 48].

Ақын өлеңінде қоғам бейнесі сұлу, сайқал, сиқыры көп, адуын мінезді әйел бейнесінде сипатталады. Қоғамды бұлай сипаттау бұрынғы ақындар өлеңдерінде кездеспейді. Ақын үшін ақынның жыры – ақиқаттың семсері. Ақындық миссияны осылай түсіндіреді. «Ақиқаттың семсері» – метафоралық тіркес. Р.Нұрғалидың мына пікірі Саят өлеңдеріне де қатысты айтылған: «Қазіргі поэзияның мойнындағы жүк ауыр, көз көрген мен қол ұстағанды ғана айтсаң ақын емессің, үлкен ой, шамырқанған сезімді астастырып, жұтындырып жазу шарт» [7, 303 б.].

Тұтастай алғанда қазіргі жастар поэзиясында әлеуметтік мәселелер мен қоғамдағы келеңсіздік мәселелердің жоғары көркемдік деңгейде жырланып жүргені ақиқат.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. https://kazakh-tv.kz/kz/view/blog/page_192285_bersen-ber-bermesen-koi-baspanandy
2. Абиыр А. Қазіргі қазақ поэзиясындағы әлеуметтік символика. http://aqparat.kz/newsread/
3. Толқынова Ш. Қарлығаш қанат. – Алматы: Жалын, – 2010. – 96 б.
4. Сұраған Рахметұлы. Поэзия туралы түсінік. http://ult. kz/post/suragan-rakhmetuly-poeziya-turaly-tusinik1
5. Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар. – Алматы: – 2014. – 600 б.
6. Қамшыгер С. Жүректегі ағыстар: оқу құралы / С. Қамшыгер – Алматы: «Жалын», – 2008. – 80 б.
7. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры: 7 томдық шығармалар жинағы /– Астана: Фолиант, – 2005. – 652 б.

Мағзұмбекова Әмина Қауланқызы
Әділбек Амангүл Мұратқызы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ИДЕОГРАФИЯЛЫҚ ОҚУ СӨЗДІКТЕРІНІҢ ТІЛ ҮЙРЕТУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Түйін. Мақалада лексикография пәнінің жаңа саласы - оқу лексикографиясының идеографиялық оқу сөздіктерін құру мәселесі жан-жақты қарастырылады. Авторлар осы саланы зерттеген түрлі ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып пайымдаулар жасайды. Тақырыптық бөлшектерге жіктелген идеографиялық оқу сөздіктерінің өзге тілді ұлттарға қазақ тілін үйретудегі маңызы мен тиімділігін қарастырады.

Кілт сөздер: оқу лексикографиясы, идеографиялық оқу сөздіктері, тақырыптық сөздік, лексикалық бірліктер, функционалды-семантикалық ұстаным, тілдік бірліктер, семантикалық жүйелілік.

Аннотация. В статье рассматриваются новые сферы лексикографии - вопросы создания идеографических учебных словарей учебной лексикографии. Авторы делают суждения, ссылаясь на мнения различных ученых изучающих эту сферу. Рассматриваются значение и эффективность обучения казахскому языку иноязычным национальностям используя идеографические учебные словари, классифицированные на тематические части.

Ключевые слова: учебная лексикография, идеографический словарь, тематический словарь, лексические единицы, функционально-семантическая позиция , языковые единицы, семантическая системность

Annotation. There are discussed new spheres of a lexicography , exactly questions of creation of ideographic educational dictionaries of an educational lexicography in this article. The authors make judgments referring to opinions of various scientists studying this sphere. The value and learning efficiency to Kazakh to foreign-language nationalities are considered using the ideographic educational dictionaries classified on thematic parts.

Key words: educational lexicography, ideographic dictionary, thematic dictionary, lexical units, functional-semantic position, language units, semantic systematicity

Кез келген халық мәдениетінің басым бөлігі оның тілі арқылы жүзеге асады, ал тіл байлығы ең алдымен сөздікте көрінеді.

Сөздік - қоғамның, ұлттың даму деңгейін байқататын белгінің бірі. Сөздігі бай ұлттың рухани байлығы да жоғары болатыны белгілі. Өйткені ғылымы мен мәдениетінің дамуына қарай сөздік те дамиды.

Сөздік – анықтамалық құрал. Ол тіл жайындағы ақпараттардың көзі. Әрбір сөздікті пайдаланушы сөздік арқылы тілді меңгереді.

Сөздік өзінің мақсатына сәйкес сөздерді жинап, оларды әліпбилік, тақырыптық немесе басқаша тәртіппен жүйелеп, тілдің сөздік құрамын мүмкіндігінше толық қамтып, түсіндірмесімен немесе басқа бір тілдегі аудармасымен береді.

Сөздік құрастыру, жасау – адамзат өркениетінде атқарылған күрделі іс, ірі жетістік екені белгілі. Әлемдік лексикография тарихына үңілсек, сонау III мыңжылдықтардағы ежелгі шумерлер құрастырған сөздіктерден бері қарай бүгінгі күнге дейін сөздіктердің санмыңдаған түрлері жарық көрді. Сөздік жасау ісі ертеден қолға алынғанмен, сөздік жасаудың теориясын зерттейтін – лексикографияның жеке сала болып қалыптасуы XX ғасырдың II жартысына сәйкес келеді.

Лексикография – көптеген ғылым салаларымен тығыз байланысты пән болып саналады. Лексикографияның жаңа салаларының бірі – оқу лексикографиясы. Бұл қандай сала? Ғалым Ж.Т. Байниязова бұл туралы былай дейді: «Сөздік атаулының бір жағынан ғылыми өнім, екінші жағынан ақпарат көзі, үшінші жағынан тілді үйрететін дидактикалық туынды болып саналатыны белгілі. Тілдің табиғатын зерттейтін көпқырлы ғылым саласы ретінде лингвистиканың дидактикамен тоғысатын жерлері көп. Осы екі ғылым саласының ара жігінде пайда болып жатқан ғылыми пәндер де жеткілікті. Солардың бірі – лексикографиядағы жаңа салалардың біріне саналатын оқу лексикографиясы.»[1.3б.]

Осы саланың ғылыми-теориялық тұрғыдан қалыптасуына мүмкіндік тудырған жұмыстардың авторы – В.В. Морковкин. Ол бұл оқу сөздігінің тілдік қатынас пен тілдесім құралы ретінде алатын орны ерекше екендігін айта келіп: «Оқу лексикографиясы – басты мазмұны лексикаға тіл үйретімдік мақсатта сипаттама жасаудың теоретикалық және практикалық аспектілері болып

табылатын, арнаулы мақсатта қолданылатын лексикографиялық, лингвоәдістемелік пән», - дейді. [2.9б.]

Ал бұл пәннің міндетін ғалым Э. Иісова былай ашады: «Тіл білімі ғылымы мен лингводидактиканың аражігінде пайда болған жаңа сала-оқу лексикографиясының қазіргі таңдағы ең өзекті де күрделі міндеттерінің бірі –лингвистика мен лингводидактиканың даму деңгейін танытатын, белгілі бір оқу кезеңінде оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, оқыту мақсатында бағдарланған идеографиялық оқу сөздіктерін құру болып табылады.»[3.3б.]

Идеографиялық оқу сөздігі дегеніміз не? Сөздіктер сөздерді әріптердің орын тәртібімен әліпби, графика және орфография заңдылықтарына орай тізбелеп беретіні белгілі. Бұл тәртіп тілдің лексикалық құрамын бейнелеудің ғасырлар бойы қалыптасқан, тұрақталған, ыңғайлы әдісі болып табылады. Алайда ғалымдар әліпбилік сөздіктерде лексикалық бірліктердің арасындағы жүйелі семантикалық байланыс толық көрініс таба алмайтындығын, сол себепті қазақ тілін тез меңгеру ісінде идеографиялық сөздіктердің қосар үлесі зор екенін айтады.

В.В. Морковкин идеографиялық сөздікті былай түсіндіреді: «Альтернативной алфавитному расположению слов является размещение их по смысловой близости. Словари, в которых лексика распологается на основанием этого критерия, получили названия идеографических. (от греч. idea-понятие, идея, образ и qrapho-пишу) » [2.7б.] Ал Э. Иісова идеографиялық оқу сөздіктерін қазақ тіліндегі түсініктер мен ұғымдардың жіктелім жүйесін айқын көрсетуге жағдай жасайтын, оның мүмкіндігін, әлеуетін ұлғайтатын, лексикалық жүйені семантикалық байланыстар тұрғысынан сипаттайтын, тілүйренім үшін ерекше маңызды оқу құралдарының біріне санайды. [3.3б.] Мұндай оқу сөздіктерін құрастыруда сөздердің тақырыптық және лексика –семантикалық байланыстарына басты назар аударылады. Идеографиялық оқу сөздіктерінің басты мақсаты – тілдегі семантикалық, тақырыптық жүйеде орналасқан, белгілі бір ойды нақты, анық жеткізу үшін қажетті сөздерді таңдауға көмектесу. Яғни, мұнда белгілі бір тақырып аясында әңгіме өрбітуге арналған қажетті сөздер сұрыпталып, өзара байланысу, тіркесу қабілеті жоғары сөздер іріктеліп алынады. Бұл студенттердің сөздерді өзара байланыстырып, сөйлем құрап, ойын жүйелі жеткізе білу дағдысын қалыптастырады.

Морковкин өзінің «Идеографиялық сөздіктер» атты еңбегінде көне идеографиялық сөздіктердің болғанын, оны түзу ісінің б. э. II ғасырынан бастау алатынын айтады. Ол бірнеше шет ел және орыс ғалымдарының еңбектеріне шолу жасай отырып, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін саралайды. Сөйтіп идеографиялық сөздіктерді жасалу жолына қарай 3 түрге бөледі: идеографиялық тезаурус, аналогиялық сөздік және соңғы түрі оқу идеографиялық (тақырыптық) сөздік, Тақырыптық оқу сөздіктерін құрастырудағы негізгі міндет – оқыту мақсатына бағдарланған өзекті тақырыптарды таңдап алу. Оның құрамына лексикалық жүйедегі бір- бірімен байланысты сөздер тобы, сөйленім процесі үшін, айтылым мен жазылым үшін аса маңызды болып табылатын сөздер кіреді.

Отандық лексикографиядағы идеографиялық сөздік үлгілері туралы сөз етсек, XIX ғасырдың өзінде идеографиялық оқу сөздіктерін құрастырудың алғашқы үлгілері болғанын білеміз. Осы мәселені зерттеуші ғалымдар (М. Малбақов «Қазақ сөздіктері», Э.Ә. Иісова «Идеографиялық оқу сөздігінің тілдік жүйені меңгертудегі орны», Ж.Т. Байниязова «Қазақ лексикографиясы: біртілді оқу сөздігін түзудің ғылыми негіздері») ондай үлгілердің қатарына Н. И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречие» атты еңбегіндегі сөздікті, Ж. Көшербаевтың «Краткий русско – киргизский дорожник со словарием» атты еңбегіндегі тақырыптық топтамаларды, М. Бекчуриннің «Начальное руководство к изучению арабского, персидского и киргизского языка» деп аталатын оқулығындағы тақырыптық топтарды жатқызады.

Қазақ лексикографиясының өткен дәуірдегі тарихын зерттеуге арналған еңбектердің бірі – Б. Атайбайдың «Л. З. Будагов және қазақ тілі» деп аталатын еңбегінде жалпытүркілік сөздікке алынған қазақ лексикасының тақырыптық, семантикалық құрамы, фонетикалық құрылымы баяндалады. Будагов сөздігіндегі араб сөздерін мынандай лексика – семантикалық топтарға топтағанын байқаймыз. Мысалы: 1. Дінге байланысты сөздер; 2. Мәдениетке, ғылымға байланысты сөздер; 3. Дерексіз ұғымдарды білдіретін сөздер; 4. Сөздікте пайғамбарлар мен періштелердің аты; 5. Араб тілінен қазақ тіліне кісі аттары болып кірген есім сөздер. [4.60б.]

Осындай сөздіктердің бірі – XX ғасырдың басында 1906 жылы Орынборда жарық көрген «Орысша – қазақша қысқаша сөздігі». Сөздікті қазіргі жазуға түсіріп, баспаға дайындаған ғалым Ш. Құрманбайұлы сөздіктің алғысөзінде: сөздікте барлығы 2000 мыңға жуық сөз қамтылған. Сөздіктің мұқабасында да, алғашқы және соңғы беттерінде де оның авторының, құрастырушысының аты- жөні көрсетілмегенін айтады. Сонымен бірге сөздіктің түпнұсқасы

Семей қаласындағы Абай мұражайында сақталған кітапқорынан алынғанын айта келіп, «сөздіктің ең басты ерекшелігі – бұл тек екі тілді аударма сөздік емес, тұңғыш тақырыптық сөздік»,- деп жазады. [5. 3-4б.] Сөздік төмендегідей 42 тақырыпқа бөлінген. 1. Богъ 2.Человек 3. Родство 4. Занятия 5. Местоимения 6. Наречия 7. Учебные вещи 8. Одежда и белье 9. Пища –Ас, тамақ 10. Напитки- Сусын 11. Хлеба-Астық 12. Плоды – Жемістер 13. Ағаштар – Деревья 14. Овощи 15. Дом-Үй 16. Вещи в доме 17. Строенія на дворе 1. Сбруя 19. Гумно 20. Домашнія животнія –Үй жандықтары 21. Птицы-Құстар 22. Звери -Үй қайуандары 23. Рыбы- Балықтар 24. Музыка и игрушки 25. Предметы небесные – Аспандағы нәрселер 26. Станы света 27. Время – Уақыт 28. Денежныц отчет- Ақша есебі 29. Меры веса 30. Меры длины 31. Меры бумаги 32. Насекомия- Құрт –құмырсқа 33. Гады- Құрт –шайан 34. Оружие - Қару-жарақ 35. Земля - Жер, топырақ 36. Минералы 37. Инструменты – Құрал, аспап, 38. Счеть - Есеп 39. Предметы отвлеченные 40. Цвета – Түс 41. Качества 42. Глаголы. [5. 4-5б.]

Сондай-ақ А. Байтұрсынұлының зерттеулеріне тоқтала кетсек, қазақ балаларына арнап ана тілінде сауат ашу мақсатымен жазылған «Оқу құралы» атты еңбегінде сөздер мынадай тақырыптарға жіктелген: *туысқан-туған іліктес, киімдер, ойын-ойыншықтар, тамақтар-сусындар, дене мүшелері, үй саймандары, ыдыс-аяқ, малдар аты, малдан басқа төрт аяқтылар* т.с.с. [7,29]. Тіл дамыту жұмыстарына тірек болатын лексикалық бірліктерді сұрыптау барысында әдіскер ғалым оларды тақырыптық топтарға жіктеп берген. Сол арқылы бір жағы, лексикалық бірліктердің қандай тақырыптық топтарға жататынын көрсетуді мақсат етсе, екінші жағынан баланың қажетті лексикалық бірлікті сол тақырыптық топтың ішінен таңдап алып, сөйлем немесе сөз тіркесін құруда, ойын жеткізуде пайдалану үшін қолдануына мүмкіндік берген.

1997 жылы У. А. Жанпейісова мен Х. К. Мауленованың авторлығымен жарық көрген «Қазақша – орысша тақырыптық сөздік» қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту ісі қолға алынып, тіліміздің қоғамдағы әлеуметтік қызметінің арта бастауынан бері осындай сөздік түзудегі алғашқы қадам десек те болады. Бұл сөздік жиі қолданылатын (зат есім, сан есім, сын есім, етістік) 3000 сөзді қамтитын 52 тақырыптан тұрады. Жоғарыда аталған сөздіктерден айырмашылығы – мұнда тірек сөздердің аудармасымен қоса олардың контексте (сөз тіркесінде, сөйлемде) қолдануына мысалдар беріледі. Сөздіктегі сөздер әліпбилік түзілім тәртібімен орналасқан. Сонымен қатар авторлар сөздерді сұрыптауда тілдік бірліктің қолданым жиілігіне, сөздің тіркесімдік қабілетіне аса зор мән берген. Яғни аударылатын сөздің мағынасын толық аша отырып, оқырманның тілді өз бетінше меңгеруіне жағдай туғызған. Берілген мысалдардың лексикалық мағынасы тақырыптарға сай берілген.

1. Отбасы. Туған – туысқандар. Семья. Родственники.

ТУЫСҚАН- родственник, родственница: ол кімнің туысқаны? чей он родственник? чья она родственница? Жаман туысқаннан жақсы жолдас артық – лучше иметь хорошего друга, чем плохого родственника[6.7б.]

2. Адамның тәні. Организм человека.

БАС –голова: апа. менің басым ауырып тұр – мама, у меня болит голова; басым айналады – у меня кружится голова; бас қосу- совещаться; бас тарту- уклоняться; бас – көз болу – присматривать, проявлять заботу; бас жеу- быть почетным гостем: бас жоқ, аяқ жоқ - ни с того, ни с сего; бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде – не выноси сор из избы; бас ию – кланяться; басы қату – голова идет кругом; бас көтеру- выздоравливать; басқа пәле тілден – язык мой – враг мой.[6.11б.]

3. Адамның денсаулығы. Здоровье человека

Денсаулық-здоровье; күшті денсаулық – крепкое здоровье; денсаулығым нашар – у меня слабое здоровье; денсаулығыңыз қалай? –как ваше здоровье? Денсаулық –зор байлық –здоровье – огромное богатство[6.16б.]

Тақырыптық бөлшектерге жіктелген идеографиялық оқу сөздіктері өзге тілді аудиторияда қазақ тілін оқытуда өте маңызды. Мұндай сөздіктерге лексикалық бірліктерді сұрыптауда функционалды-семантикалық ұстаным басшылыққа алынады. Яғни сөздер белгілі бір тақырып төңірегінде топтасып, өзара мағыналық байланыста болады. Мұндай топтастыру тіл үйренушінің белгілі бір тақырып аясында өз ойын жүйелі, бірізділікпен жеткізуге мүмкіндік береді. . Себебі:

а) белгілі бір тақырып төңірегінде топтасқан сөздерді пайдалана отырып, жаттығу, тіл ұстарту, тіл дамыту жұмыстарын жүргізген әлдеқайда жеңіл;

ә) бір тақырып төңірегінде топтасқан сөздер есте сақтауға ыңғайлы;

б) оқу материалын белгілі бір тақырып бойынша топтастыру оқушыларға тілдің өзіндік ерекшелігін, болмысын, сипатын түсінуге көмектеседі.[3.15-16б.]

Әдебиеттер:

1. Байниязова Ж.Т. Қазақ лексикографиясы: біртілді оқу сөздігін түзудің ғылыми негіздері. Фил. ғыл. канд. дис. афтореферaты. Алматы. 2008. - 24б.
2. Морковкин В.В. Идеографические словари. – Изд. Моск. унив. 1976. - 70с.
3. Иісова Э. Ә. Идеографиялық оқу сөздігінің тілдік жүйені меңгертудегі орны. Фил. ғыл. канд. дис. афтореферaты. Алматы. 2009. - 30б.
4. Атабай Б. Л.З. Будагов және қазақ тілі. Алматы. Қазақ университеті, 2001. - 130б.
5. Орысша – қазақша (қырғызша) қысқаша сөздік. Оренбург: Тургайская областная типография, 1906. - 72б. (Сөздікті қазіргі жазуға түсіріп дайындаған, алғы сөзін жазған Ш. Құрманбайұлы. Екінші басылымы. Астана, 2005.- 112б.)
6. Жанпейісова Ұ.А., Мауленова Х.К. Қазақша-орысша тақырыптық сөздік, Алматы: Өнер, 1997. -157б.
7. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы, Алматы: Ана тілі, 1992. -448б.

Тілешева Қарагөз
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Практикалық қазақ тілі кафедрасы профессор міндетін атқарушы,
филология ғылымдарының кандидаты

ҚАЗАҚ ТІЛІН, ФОЛЬКЛОРЫ МЕН ӘДЕБИЕТІН АЛҒАШ ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ БІРІ

Ключевые слова: Движение Алаш, фольклор, деятель, поэзия, устное народное творчество, сборник.

Keywords: Alash movement, folklore, figure, poetry, folk literature, collection

Резюме. В данной статье подчеркивается роль народного деятеля Халела Досмухамедулы в казахской литературе. Автор ясно показывает, что через творчество Мурата Монкеулы, исследованное Х.Досмухамедулы, были введены новые явления в казахскую литературу.

Summary. This article emphasizes the role of public figure of Khalel Dosmukhameduly in Kazakh literature. The author clearly shows that through the work of Murat Monkeuly researched by Kh. Dosmukhameduly, the new phenomenon was introduced into the Kazakh literature.

Алаш қайраткерлері ұлтымыздың рухани мұрасын жинауда, жариялауда және зерттеуде маңызды істер атқарғаны белгілі. Олардың бұл саладағы аса нәтижелі жұмыстары – осы халық үшін маңызды мәселенің бастауында тұрғандығымен де бағалы. Айталық, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы халық ауыз әдебиеті үлгілерін, Мағжан Жұмабаев Базар жырау, Ақан сері мұраларын, Мұхамеджан Тынышбаев қазақ тарихына қатысты деректерді жинап, зерттегені, жариялағаны бүгінгі күндері бәрімізге белгілі. Осы қайраткерлер жинаған құнды қазынамыз көпшіліктің игілігіне айналуда. Алаш зиялылары ұлттың саяси бостандығы мен азаттығы жолында күреске шыға отырып, халықтың рухани болмысын түгендеуді де ұмытқан емес. Өйткені, біздің ойымызша, қандай халық болмасын өзінің мәдени-рухани дүниесін дамытпай, өркендеу жолына түсе алмайтындығын ұлт-азаттық қозғалыс өкілдері өте жақсы түсінген. Алайда, олардың алған білімдері филологиямен, тарихпен немесе өнертанушы сияқты мамандықтармен байланысты болмаған.

Жиырмасыншы ғасырдың алғашқы ширегінде ұлт зиялылары ретінде қалыптасқан ұлы шоғырдың орасан, ірі тұлғаларының қай-қайсы да жан-жақты қабілет иелері. Сол қайраткер тұлғалардың бірегейі – Халел Досмұхамедұлы. Алаш қозғалысы көсемдерінің бірі, Батыс Алашорда жетекшісі болған Халел Досмұхамедұлы Әскери-медициналық академияны алтын медальмен бітірген. Мамандығы – дәрігер. Соған қарамастан ол қазақ әдебиеті мен мәдениеті үшін құнды бірқатар еңбектер тындырды. Атап айтқанда, ол «Қазақ халық әдебиеті. Қысқаша очерк», «Самарқан шаһарындағы «Тіллә-кәри» және «Ширдар» медреселерін салдырушы Жалаңтөс батырдың шежіресі», «Бұхарадағы Көгілташ медресесінің салынуы туралы әпсана», «Қазақ-қырғыз комиссиясынан», «Таймануұлы Исатайдың қозғалысы туралы қысқаша мағлұмат», «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы», «Мұрат ақынның сөздері» сияқты күні бүгінге дейін деректік мәнін жоймаған еңбектер жазды. Бұл еңбектерді 1923-1928 жылдары жазды. Бұл кездейсоқ емес. Алаш зиялыларының мәдениет, әдебиет, тіл, тарих, ғылым салаларындағы еңбектерінің басым көпшілігі осы кезеңде жазылған екен. Оның себебі советтік диктатура кешегі Алаш қозғалысы жетекшілерін өз билігінен шет қалдырған соң, олар қалайда болсын ұлт мүддесі үшін қызмет етуді үлкен борыш санап, ендігі жерде ғылым, ағарту салаларына атсалысты. Осындай жағдайдан барып, Халел Досмұхамедұлы табиғаттану, Мағжан Жұмабаев педагогика, Міржақып Дулатов математика, Жүсіпбек Аймауытов психология, Телжан Шонанұлы әдістеме, Қошке Кемеңгерұлы жер шаруашылығы, Мұхамеджан Тынышпаев тарих оқулықтарын жазды. Бұлардың қай-қайсысы да аталған салаларда тұңғыш деген атқа ие.

Алаш қозғалысы қалыптастырған зиялылардың ішінде Халел Досмұхамедұлының қайраткер ретінде де, қаламгер ретінде де орны алабөтен. Ол сонау 1905 жылдан бастап Алаш қозғалысының басы-қасында жүрді. 1905 жылы Орал қаласында бес облыс өкілдері жиналған Қазақ конституциялық-демократиялық партия құру жиналысына қатысқан он сегіз жасар Халел ісімен де, сөзімен де туған халқына қызмет етіп өтті. Халел күрескерлік жолмен ел арасында жүріп, көнеден қалған мұраларды жинауға белсене кірісті. Оның осы саладағы еңбектері кейінгілерге дерек көзі ретінде мол пайдасын тигізді.

Санаткер тұлғаның филология саласындағы ең көлемді еңбегі – «Қазақ халық әдебиеті. қысқаша очерк» деп аталады [1]. Қазақ фольклорына арналған бұл еңбек «Халық әдебиетінің

мазмұны», «Қазақ халық әдебиетінің классификациясы», «Қазақ халық әдебиетінің үлгілері» деген үш тараудан тұрады. Автордың фольклор шығармаларын жанр жағынан жіктеуі Ш.Уәлихановтың «Қазақ халық поэзиясының түрлері жөнінде», А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы», М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» еңбектеріндегі жанрлық классификациялардан өзіндік ерекшеліктері бар.

«Қазақ-қырғыз тіліндегі сингормонизм заңы» еңбегі – осы күнге дейін өзінің ғылыми өзектілігі мен маңыздылығын сақтаған еңбек. Себебі тіліміздің табиғатын тануда, оның емле ережелерін дайындауда бұл зерттеудің негізгі қағидаларын басшылыққа алуға болады. Әсіресе, қазіргі кездегідей жаңа әліпбиге көшу дәуірінде ана тіліміздегі ең басты заңдылықтардың бірі – үндестік заңдылығын ескеруде еңбектің рөлі ерекше. Еңбектің басты мақсаты қазақ тілінің төл табиғатын сақтаумен ұштасады. Автор: «*Шеттен кірген біліммен, әдетпен, заңмен жаңалықтарға ұғым беретін жаңа сөздер келмекші. Білімге кірген жаңа сөздердің көбі үлгіге алынған мәдениетті жұрттың сөздері болмақшы. Осы күнге қазақтың әдебиетінде шеттен кірген сөздер өте көбейіп кетті. Төңкерістен соңғы шыққан журнал-газеттердің іші толған жат сөз. Білім, оқу әдебиеті де жат сөзге байыды. Заманымыздағы көркем әдебиетіміз де жат сөздерден құр емес*» - деп жазады [2]. Дәл осы үдеріс қазіргі кезде қатты байқалады. Ана тіліміздің табиғатын сақтау үшін Халел Досмұхамедұлы сияқты қайраткер ғалымның пікірін ұмытпағанымыз абзал. Зерттеу мәтінінде бүгін басшылыққа алатын сөздер өте көп кездеседі. Автор өз еңбегін осындай бір қанатты сөзбен аяқтайды. Мысалы: «*Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып жат тілді еліктей беруі зор хата. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек*» дегені де біздің дәуіріміздің шындығымен орайлас [2].

Х.Досмұхамедұлының осындай маңызды еңбектерінің бірі – қазақ әдебиеті тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі – Мұрат Мөңкеұлының шығармашылығымен байланысты. Ол 1924 жылы Ташкент қаласында «Мұрат ақынның сөздері» деген атпен жинақ шығарды. Бұл жинаққа өзі алғысөз жазды, ақын шығармаларында кездесетін тарихи атауларға, ру аттарына, топонимикалық атауларға, көне сөздерге түсініктер берді. Жинақтың басты маңызы: бүгін біз білетін Мұрат ақын өлеңдері, толғаулары, дастандары осы Халел Досмұхамедұлы арқасында толық жетіп отыр. Бұл рухани аз олжа емес. Қазақ поэзиясының алтын қорынан өзінің лайықты орнын алатын Мұраттың «Үш қиян», «Сарыарқа», «Қазтуған», «Қарасай-Қази», «Шалкез жыраудың айтқаны» сияқты әйгілі шығармалардың біздің заманымызға жетуіне зор үлес қосты. Кейінгі зерттеушілер, қазақ әдебиеті үлгілерін жинақ етіп құрастырушылар Халел Досмұхамедұлының осы еңбектерін пайдаланды. Олардың көбісі заманында «осыларды жинаған Халел Досмұхамедұлы еді» деп айта алмады, заман айтқызбады. Олай деп әділ бағасын беруге мүмкіндік күні кешеден бері ғана туып отыр. Ендігі жерде Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығына қатысты зерттеулерде, ақын өлеңдері енген жинақтарда Халел есімі аталуы тиіс. Х.Досмұхамедұлы Мұрат ақын өлеңдерін жинап бастырумен бірге, ең алғаш оның өмірбаянын да жазған кісі. Мұраттың шыққан тегі, тұрмысы, өлең жаза бастауы, өскен, жүрген ортасы, ақынның алдындағы ұстаз тұтқан өнер иелері туралы деректерді 1924 жылы жарық көрген жинақтың алғысөзінен табамыз. Мәселен, Мұраттың шыққан тегі жөнінде «Мұрат ақын туралы қысқаша мағлұмат» деген алғысөзінде Халел: «*Мөңке баласы Мұрат 1843 жылы туып, 1906 жылы 63 жасында опат болды. Кіші жүздегі байұлы беріш деген рудың қаратоқай деген арысынан, аққолы деген бөлімінен болады. Туған жері Орал облысы, Гурьев (Үйшік) уезі, Қарабау деген жер. Жүрген жері – Бөкейлік,Орал, Маңғыстау. Мұраттың ата-тегі мал баққан шаруа қазақ. Туысқан ағасы Матай деген ақын болған. Мұраттың нағашысы адай Азамат, Саламат, Сәмет дегендер заманында айтқыш адамдар екен. Мұрат жасында аз-кем молдаға оқыған, қара танып,хат жазарлық қана оқығаны болған. Мұрат бала күннен-ақ өлең айта бастаған. Он бестен асқан соң той-тобырда өлең айтқанды мүсе тұтпай, заманындағы айтқыштардың бәрін айтысып, жеңген. Айтысқа өте шебер болған. Мұраттың өмірінде айтыстан жеңілген орны болмаған*» - деп жазады [3].

Халелдің осы алғы сөзін оқып отырғанда, автордың екі мәселеге айрықша назар аударғаны байқалады. Біріншісі – Мұрат Мөңкеұлы шығармаларындағы тарихтық негізі бар деректер, екіншісі – ақын өлеңдерінің тілі. Осы көлемі шағын алғысөзден көптеген жер-су аттарын, ру атауларын, адам аттарын оқуға болады. Оны Халелдің өзі де айтып өтеді. Мәселен, ол былай деп жазады: «*Мұраттың сөздерінде жерлердің аттары көп ұшырайды. Бұлардың көбі ескі аттар. Осы аттардың бір қатары осы күнде Еділ, Жайық алаптарында ұшырайды*» [3].

Жоғарыда жазушы Мұрат өлеңдеріндегі тарихи деректерге мән берген деген болатынбыз. «*Қазақтың тарихын жазған адам Мұрат секілді ақындардың сөзін елеусіз тастай алмайды*» -

дейді Халел Досмұхамедұлы [3]. Осылай дей келе, ол Мұрат өмір сүрген дәуір мен ақын шығармашылығы арасындағы табиғи байланысты өте білгірлікпен ашып бере алған. Оны Халелдің мына бір пікірлерінен аңғарамыз: «*Мұрат бір жағынан өткенді білген шежіре болса, екінші жағынан халықтың мұңын, елдің зарын айтатын әлеуметшіл ақын. Қазақ елі елдігінен айырылып, «штатқа» көніп, нағыз болдырып тұрған кезде Мұрат өмір сүрді. Мұраттың заманы – бостандық үшін «егескен ердің бәрі жер тіреген» заман. Патша хүкүметінің қазаққа құрған саясатының гүрлеп тұрған заманы, қазақтың бұрынғы тұрмысы өзгере бастаған, қазақтың бұрынғы кең қоныстан, сүйкімді әдеттен, еркін салттан айырыла бастаған заманы*» - дей келіп [3], ақынның әйгілі «Үш қиян» толғауынан мына шумақтарды келтіреді:

Бұл қоныс жеті жұрттан қалған қоныс,
Ноғайдың көшіп талақ салған қоныс.
Қазтуған, Асан Қайғы, Орақ, Мамай,
Біз түгіл осыларды алған қоныс.
.....
.....
Кемелсіз қонған елін көп тоздырған,
Қайырсыз осы секілді неткен қоныс?
.....
.....
Кетейін десе жөн таппай,
Адыра қалған Үш қиян,
Қол ұстасып жүрген жер

Мұраттың өлеңдерін талдаудан Халел Досмұхамедұлының қайраткерлігі байқалады. Сыншының ондай қайраткерлігі ақын шығармаларындағы отаршылдыққа қарсы сарындарды талдауынан, саяси, әлеуметтік, қоғамдық пікірлерінен байқалады. Мәселен, ол: «*Мұраттың өлеңдерінде патша хүкүметінің қазаққа жұмсаған саясаты айқын байқалады. Хүкүметінің жақсы жерлерді тартып алғаны, ел қамын жегендердің қуылғаны, өлтірілгені анық айтылады*» - дейді [3].

Мұраттың отаршылдыққа қарсылықтан туған шығармаларында, көбінесе, отаршылдардың қазақ жерін тартып алуы, байырғы жұртты ығыстыруы көбірек жырланатын. Өткен ғасырдың екінші жартысында жазылған Мұрат шығармашылығы туралы зерттеулерде осы мәселе үнемі айтылатын. Мұрат ақынның осы ерекшелігін Х.Досмұхамедұлы өте дұрыс байқаған.

Халел Досмұхамедұлы Мұрат ақынның өзіндік дәстүрі болғандығын да айтып өтеді. Ал ақынның поэзиясына келгенде: «*Өлеңдерінің сырт жағына келсек, Мұраттың тілі әдебиетімізге негіз болған ел әдебиетінің тілі*» деп бағалайды [3].

Алаш қайраткерлері қазақтың рухани дүниесін байытатын мәдени, әдеби құбылыстардың қай-қайсысына болса да баға беруге тырысып, соған еселі еңбек етіп өз заманынында қалың көпшілікке таныстырды. Осындай ұлт үшін рухани мұраны насихаттаған үлкен шоғырды өз тарихымызда ең алдымен алашшылдар арасынан табамыз. Алаш қозғалысы – тек қана белгілі бір кезеңді қамтыған саяси, тарихи, қоғамдық құбылыс емес, тұтас ұлттық өрлеуді тудырған орасан құбылыс, өркениеттік жаңғыру кезеңі. Осындай айрықша күрес пен ерекше шығармашылыққа толы кезеңнің ең дарынды тұлғаларының бірі – Халел Досмұхамедұлы қайраткерлігімен де, қаламгерлігімен де, дегдарлығымен де ұлтына қалтқысыз қызмет етті. Сондықтан да мұндай тұлғалардың еңбегі ұрпаққа өнеге, болашаққа тағылым.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Казахская народная литература. Краткий очерк. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
2. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. –Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
3. Мұрат ақын туралы қысқаша мағлұмат. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.

Кәріпжанова Г.Т.
Тұран-Астана университеті

Саликжанова Ш.Б.
Астана, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Ж.АЙМАУЫТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА ХАЛЫҚ ТҰРМЫСЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

Аннотация. *Мақалада Ж.Аймауытов шеберлігі айқындалады. Қазақ прозасының негізі болып табылатын Жүсіпбек Аймауытұлы туындылары - табиғи ұлттық тіл тазалығының бастауы екендігі жайлы баяндалады. Жазушы шығармаларындағы ашаршылықтың суреттелуі қарастырылады.*

Аннотация. *В данной статье определяется мастерство Ж.Аймаутова. Произведения Жусупбека Аймаутова - являющегося основой произведения казахской прозы - рассказывают о происхождении естественного национального языка. В произведениях писателя рассматривается описание голода.*

Annotation. *In this article, the mastery Zh. The works of Zhusupbek aymautov - which is the basis of the work of Kazakh prose-tell about the origin of the natural national language. In the writer's works deals with the description of hunger.*

Кілт сөздер: стиль, шеберлік, көркем сөз, көркем туынды, сөз байлығы, ұлттық тіл.

Ключевые слова: стиль, мастерство, художественное слово, художественное произведение, богатство слов, национальный язык.

Key words: style, skill, artistic word, artistic work, richness of words, national language.

Әр қаламгердің өзіне тән стилі, сөз саптау мәнері, ой-толғау әдістері болады. Қаламгер ойын бейнелейтін қуатты құрал – тіл, шұрайлы сөз. Шұрайлы сөз – халықтық тіл байлығы.

Ж.Аймауытұлының шеберлігі – қарапайым сөздермен өз ойын оқырманына бейнелі, айқын, мәнерлі етіп жеткізуінде. Жазушы шығармалары мағынасы, көркемдігі, тілі жағынан жатық, қазақы. Г.Бельгер: «Қазақтың түпсіз-тұңғиық сөз байлығын аямай емін-еркін қолданған Аймауытұлы творчествосының озық үлгілерінен біз үйренетін тағылым – тәрбие де аз емес. Әсіресе, сөз деген шіркінді орайын келтіріп, орнын тауып қолданған жағдайда құдірет-күші әлемет екенін Абайдан, Әуезовтен кейін мен енді, міне, Аймауытовтан көріп отырмын. Мен өзімді қазақ жазушыларының бар-бар шығармаларын көз бен көңілден өткізген, анау-мынауда көңілі селт етпейтін кәркесте оқушы санаймын. Шынында да, қазір анау-мынаумен бізді таң қалдыру қиын да. Ал Аймауытовты оқығанда еріксіз таң қаласың. Аймауытовтың әсіресе сөз кестесі, үйіріп әкетеді. Шын мағынасында эстетикалық ләззат алып, шынайы сезімге бөленесіз» [1], - деп жазушы шеберлігіне сүйсінеді. Ал әдебиетші ғалым С.Қирабаев: «Жазушы шеберлігі оның тілінің образға байлығымен, ұйқасты тапқырлығымен, сөйлеу, жазу үлгісінің сонылығымен ерекше көзге түседі. Суреткерлік, өмірді сурет, образ арқылы тану, бейнелеу ретті жерінде оған өзінің ой-толғаныстарын қосу Жүсіпбек өнерінің басты белгілері. Жазушы стиліндегі осындай әр қылықтың түйіндесуі қат-қабат өмір шындығын, соған деген жаңа заман көзқарасын айқындау үшін әдейі алынғанға ұқсайды. Кейде өзіне ұнамсыз өмір фактыларын жазушы сатиралық үлгіде суреттесе, оқиғаның бірінен – біріне ауысу тұсында халық әдебиеттің әңгімелеу стилін пайдаланады» [2, 160]-дейді.

Көркем туынды – қоғамның айнасы. Тіршілік иірімдеріндегі адамдар тағдырын бейнелеп, образдар галереясындағы олардың қайталанбас портреттерін жасау үшін жазушы кейіпкердің жеке басына тән барлық белгіні пайдалануға тырысады. Ол белгілердің қатарына тілдік ерекшеліктер де кіреді. Яғни ана сүті, әке өсиетімен дамитын ұлттық белгілерден бастап, мекен еткен жері мен кәсібіне байланысты тілдік ерекшеліктер, сондай-ақ, жас мөлшері мен әлеуметтік сипатын танытатын білім деңгейі, осы айтылғандарға қатысты сөз саптауындағы тілдік өзгешеліктер назардан тыс қалмайды. Оның сыртында әр адамның сөйлеу мәнеріндегі индивидуалдық даралық образ сомдаудағы ең қажетті құралдардың бірі болып табылады. Кез келген тілдік құрал көркем шығарма тілінде жөнсіз, қисынсыз қолданылмайды. Ондағы (көркем шығарма тіліндегі) күрделі синтаксистік құрылымдары, мағыналық топ құрайтын сөздер, жеке дыбыстар, фразеологизмдер – бәрі де жазушы талғамымен көркемдік идеяға қызмет ету үшін тартылған тілдік құралдар болып табылады. Мағынасы айқын аңғарылатын, стильдік бояуы бірден көзге түсетін сөз бен сөз тіркесі, сөйлем стильдік фон жасауға қатысатын белсенді тілдік бірліктер

қатарына жатады. Әр функционалды стильдің өзіндік мағынасы мен бояуы жағынан ажыратылмайтын стильдік қабаты болады. Дыбыстық қабаттан мәтінге дейінгі аралықтағы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметін талдау көркем шығарма тілінің өзіндік ұйысу ерекшеліктерін, олардың жасалу жолдарын, көркемдік құралдардың лингвопоэтикалық қызметін анықтауға жағдай туғызады.

Қаламгер шығармаларында жалпы халықтық тілдің лексикалық байлығын шебер жұмсайды. Күнделікті қолданылып жүрген сөздер арқылы шындықты дәл көрсетіп, айқын да бейнелі, адамдардың ой сезіміне әсер ететін образдар жасайды. Кейіпкер тілінде қолданылған эмоционалды- экспрессивтік бояуы басым сөздер қаһарман бейнесін сомдауға жұмсалған.

Ж.Аймауытов шығармаларында ел басына түскен сол бір қиын-қыстау кезең, ашаршылық жылдары жариялауға тыйым салынса да суреттелгенін көреміз.

Баян төңірегіндегі айдабол, қаржаз, қозған, күліктің малы ***дөңгеленіп*** *қалыпты.*

Қотан боларлық қой қадау-қадау *ұшырайды. Көбінесе жазықтың* ***қоянындай бытырап, үркердей шошайған сандырамалар****. Айғыржалдың найманына кіргенде мал тағы* ***селдіреді****, әйтпесе татырдың құлағында, құдық жақтағы ойпаңда* ***айғыр үйір жылқы, таздың шашындай қыдырынды сиыр*** *көзге түседі.*

Жазушы белгілі бір ұғымды көрсетуде шеберлік танытып, неғұрлым нақты да әсерлі нақыштайтын сөзді, сөз тіркесін тауып қолданған. Малға сүйенген қазақтың малының азаюы – тұрмысының нашарлауы, осы құбылыс *«таздың шашындай»* теңеуі арқылы оқырманын күйзелтеді.

- *Дербестік тілдесім* – адамның қызметіне, беделіне, әлеуметтік орнына қарай, жеке басының қасиеттеріне қарай, өзіне тән барлық ерекшеліктерін ескере отырып, тілдесу, сөйлесу.

Уақыт талабына сай адам санасын, оның ойлау қабілеті мен мәдени деңгейін жоғары сатыға көтеруді тәрбие берудің қайнар көзі деуге болады. Адамның рухани байлығы адамгершіліктен бастау алатын болса, жас ұрпақты жақсылыққа баулитын ұстаздардың өздері де игі ниетті, терең білімді, үйретудің қыр-сырын меңгерген парасатты, ізденімпаз, шығармашыл жан болуға тиісті. Қазіргі қоғамда қазақ елінің жастарына артылар жүк аз емес, себебі жаһандану дәуірінде әр ұлттың ұлт болып қалмағы – жас буынның рухани білімділігінде, таза іс-әрекеті мен отаншыл жүрегіне байланысты. Сондықтан оқытуда, тіл үйретуде ең басты талап – мемлекеттік тіліміздің өміршеңдігін арттыру, барлық қазақстандықтар жетік меңгерген, бар салада еркін қолданылуға оралымды тіл ету, алпауыт тілдердің ығында қалмайтын, барлық асыл қасиетімен кейінгі ұрпаққа шашаусыз жететін мәртебелі мұра ету. Қазіргі уақытта қазақ тілінде көркем әдебиет оқып, оны бір-біріне ұсынып, пікір таластырып жататын жастар азайып барады. Өзге ұлт өкілдерін айтпағанда, кейінгі жас ұрпақ өз ата-аналары қолдан қолға тигізбей, жастықтың астына қойып оқыған классикалық шығармалардың өзін оқып жарытпайды. Сондықтан жастардың тіл байлығын арттыру, өз ұлтының мәдени мұраларын түйсініп, сүйсіне білуі үшін қазақ тілінде сөйлеп, түсінісу аздық етеді. «Мұғалім дайын ақпаратты, ой түйінін балалардың санасына құйғанмен, олардың өздерінің ойлау мен еркін сөйлеуіне мүмкіндік берілмей, шығармашылық, арман, қиял қанатының шарықтау шегіне жеткізуге жағдай жасалмайды. Көптеген жағдайларда баланың ой еңбегі өзі де ойлап үлгермеген, санасына жетпеген, ерекше әсер етпеген ережелерді, формулаларды жаттап алуға тура келеді. Соның нәтижесінде ойлау және бақылау қабілеті дамымай, жаттауға негізделген есте сақтау дамиды. Бұл – баланың оқуға деген ынтасын жоятын үлкен кемістік. Ол үшін баланы ережелер мен формулалар «қоймасына» айналдырмай, ойлауға үйрету керек» [2] деген тұжырымды мықтап басшылыққа алғанымыз жөн.

Қазақ тілін оқытуда үлкен нәтижелерге қол жеткізіп, студенттің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда сапалы деңгейге шығаратын оқыту технологияларының бірі – дамыта оқыту технологиясы. Дамыта оқыту идеясы бойынша студентке оқу мақсаттарын қоюда, шешуде ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау және жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде болады. Шешім табылған кезде студент өз еңбегінің дұрыс, бұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйренеді. Сабақта олардың жалпы ұғынғандарын тексеру мақсатында смайликтер ұсынған артық болмайды. Үлгісін әртүрлі ету оқытушының құзырындағы нәрсе. Білім алушылар тақырыпқа қатысты өздерін қолайлы сезіну деңгейін білдіру үшін смайликтер салады.

Жалғастыруға дайынмын	Бір нәрсе түсінемін, бірақ бәрін емес	Түсінбеймін, қайталап қарау қажет

Өзі оқып (жазып, топпен жұмыс істеп, өздік жұмыспен шұғылданып, тб) отырған тақырыпты қаншалықты меңгергендігін осындай смайликтер арқылы жеткізу оқытушыға дұрыс бағалау өлшеміне көмектеседі.

Сөйлеу әрекеттерінің түрлерін меңгерту үшін оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым құзіреттіліктері түгелімен қамтылуы керек. Тілді меңгерудің сапасын арттыру үшін белсенді оқыту кезеңі қажет болады. Бұл кезеңді іске асырудың бірнеше әдіс-тәсілдері бар. Олар «болжау кестесі», «ойлан», «жұптас», «ортаға сал», «білемін, білгім келеді», «үйренгенім» деген қадамдардан басталып, оқытушы оларға сұрақ қоя білуді үйретуі, өзара оқыту, топпен болжау, топпен зерттеу, тағы басқа да қызықты амалдарды қолдануы керек. Осындай әрекеттер өз жемісін ұзаққа созбай бере бастайды. Тіл үйренуші алған білімін пайдалана отырып шешім қабылдайды, топпен бірігіп берілген тапсырмаларды орындайды, дәлелдейді, көрсетеді, бағалайды. Қазіргі оқыту үрдісінде оң әсерін көрсетіп жүрген әдістердің бірі – «топқа бөліп шығармашылық тапсырмалар беру». Мысалы, сіз топтағы студенттерді екі, не үш топшаға бөліңіз. Оларға дайын мәтінді бөліктерге бөліп ұсыныңыз. Сіздің таңдап алған мәтініңіз газет бетінде жарияланған өзекті мақала болсын делік. Мақаланың бас жағы бір топшаға, ортасы екіншісіне, соңғы бөлігі үшінші топшаға беріледі. Топтың атауы болғаны дұрыс. Бірінші топшадағылар оқып шығып, бұдан ары қарай не боларын жорамалдауы керек. Соны жазады, яғни өздерінше дамытады және аяқтайды. Екінші топшадағылар бұл мақаланың бас жағы қалай болуы мүмкін, қалай аяқтаған дұрыс, өздері болжам жасайды, аяқтайды. Үшінші топша басын, ортасын өздерінше пайымдайды, өзара ақылдасып, бірінші және екінші бөлігін жазып шығады. Үш топ та берілген уақыт шеңберінде жұмыс істеуі керек. Әдетте мәтін көлеміне қарай 10-12 минуттан артық уақыт берілмейді. Болғаннан кейін «Астана» (шартты атау) тобы берілген мәтінді айтып береді, қалай жалғастырғанын және қалай аяқтағанын жазғандары бойынша оқиды. «Есіл» (шартты атау) да, «Сарыарқа» (шартты атау) да солай істейді. Бұндай тәсіл студенттердің қызығушылығын ғана туғызып қоймай, сыни ойлауға, мәтінді дамытуға, редакциялауға, тіпті түзетуге, өңдеуге де оң әсер етеді. Бұл тәсілдің екінші бір қыры бар. Негатив мақалаларды позитивке айналдыру, сұхбаттағы келеңсіз сұрақты (жауапты) жағымды қалыпқа айналдыртуға да тапсырма берілгені дұрыс. Сонда студенттердің азамат ретіндегі, тұлға ретіндегі бейнесі қалыптаса бастайды. Қазіргі нарықтық замандағы болып жатқан қиыншылықтардың өтпелі екендігіне, кез келген сәтте оптимист болуға тырысатын дағдыға ие болады. Сыни ойлай білетін жас – қоғамда өз орнын адаспай таба білетін тұлға. Ол алдымен белгілі бір құбылыс туралы түсінігін, содан кейін пікірін, артынан сұрағын қалыптасыра алады.

Оқытушы жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы тыңдаушы бойындағы талант көзін ашып, сөздік қорын көбейтіп, өз бетінше ізденуге ықпал етеді. Тіл үйренушіні жоғарыдағы қадамдарға бағыттауда оқытудың мазмұнын, түрін, әдісін дұрыс таңдай білу қажеттілігі туады. Қазақ тілін мектеп қабырғасында он жыл оқыса да, қарапайым сөйлесу үлгісін меңгермеген жастар жеткілікті. Олар жоғары оқу орнында бас-аяғы бір жыл ішінде мемлекеттік тілді «қайталап шығып», сол жеткен деңгейінде қалады. Олардың қазақ тілін меңгеру көрсеткіші біз күткен деңгейден көп төмен екендігі жасырын емес. Тіпті қазақ отбасында өсіп, тәрбиеленген баланың да кейбіреуі өз тілінде өте нашар сөйлейді. Бұндай келеңсіз жағдайлардың басты себебі – тілдік қажеттілікті туғызбаудан екендігі анық. Жоғары оқу орындарының оқытушылары осы бір жыл ішінде білім алушының он жылда үйренбеген тіліне деген қызығушылықты туғызып, оның тілдік деңгейін көтеруге тиісті. Сабақта мынадай тәсіл де өз жемісін береді:

«SMS – хабарлама». Білім алушыларға қағаздан жасалған қалта телефондарынан SMS хабарлама жазу тапсырылады. Хабарлама ұсынылған сөйлемдердің толықтырылған немесе аяқталған нұсқасы болуы қажет.

«Бүгінгі сабақта мен....түсіндім, ... білдім, ақиқатына жеттім»;

- «Бүгінгі сабақта мені қуантқаны....»;
- «Мен өзімді....үшін мақтар едім»;
- «Маған ерекше ұнағаны....»;
- «Сабақтан соң мен... жасағым келді»;
- «Мен... туралы армандаймын»;
- «Бүгінгі сабақта мен....жасай алдым»;
- «Мен... орындадым»;
- «...қызықты болды»;
- «...қиын болды»;
- «...мен түсіндім»;
- «Енді мен ...»;
- «...сезіндім»;

- «Мен үйрендім»;
- «Мені... таңқалдырды» және т.б.

Бұндай әрі ойын, әрі ойлантарлық тәсілдер олардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға үлкен септігін тигізеді әрі білім алушының жеке пікірін тыңдау, оның бұрын меңгерген білімдері мен түсініктерін арттырады. Оқытушы сабақтарда оқытудың сапасын арттыру үшін жаңашыл әдістер мен ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, интернет ресурстарымен жұмыс жасауға (мысалы, веб-сайттағы ақпаратты оқу, керекті материалды іріктеу, жеке құжат немесе файл ретінде көшіру және сақтау); электронды оқулықтарды пайдалана отырып, жұмыс жүргізуге, тақырыпқа байланысты медиақұралдарды қолдануға, сол арқылы ақпаратты саралап, зерттеуді студенттерге ұсынуы тиіс.

Әдіскерлер тіл үйрену барысында мынадай динамикалық мультимедиалық құралдардың түрін қолдануға болатынын айтады: «Презентация – аудиовизуальдық құралдарды пайдалана отырып ақпаратты көрнекті беру. Бұл компьютерлік анимация, графика, видео, музыка және дыбыстық құрылғылардың үйлесіп, бір ортаға ұйымдастырылуы; анимация – қозғалыстағы картиналар қатары; бейнефильмдер және бейнетаспалар (күйтабақ ойнатқыш) – қозғалыстағы бейнелерді көрсету арқылы шынайы қатысымдық әрекетті дамытады, оқу материалының қызықты, проблемалы, дәлелді болуын қамтамасыз етеді». [3,175].

Тілдесім әрекетінде кейде мынадай әдіс те студенттің еркін сөйлеуіне әсер етеді. Сіз бір сабағыңызда білім алушылардың өзіңізге сұрақ қоюына мүмкіндік беріңіз. Сұрақтар сол күнгі тақырыпқа, не болмаса өтілген мәтінге қатысты болуы шартты емес. Ол өзі таңдасын. Мүмкін студентке сіздің жас кезіңіздегі ұнатқан спорт түрін білу қызық шығар, мүмкін сіз оқып, білім алған сәтте есіңізде қалған қызықты жағдайды сұрағысы келер, мүмкін қазіргі студенттердің өмірі туралы сіздің не білетініңіз оларды қызықтырар. Әйтеуір сол сұрағын қазақ тілінде, қате болса да, өз тіл білу деңгейінде сұрай алса, онда араларыңызда бір-бірлеріңізге деген сенімді қатынас орнағаны, оның тілге деген құрметі артқаны деп түсініңіз. Бұл тұста кейде олар журналист, сіз белгілі бір тұлға, керісінше сіз журналист, ал ол елге танымал адам ретінде ойналатын рөлдік ойындардың да әсері ерекше. Қатысушылар өздерін «артист бейнесінде» сезініп, берілген рөлді барынша шынайы сахналап ойнауға тырысады. Педагог-ғалымдардың пікіріне сүйенсек: «Рөлдік ойындар нақты қатысым әрекеттерін дамытуға, мотивация туғызуға түрткі болуға, ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік береді. Ойын-драмалау оқушылардың бейнелі, мәнерлеп сөйлеуін дамытуға көмектеседі» делінген [4,16 б.]. Демек, ойын түрлерін қолдану студенттің тілдік қатысым мен ептілігін дамытып қана қоймайды, олардың қиялын, есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін де ұштайды. Студент қай рөлді таңдаса да, дайындалуға, сұхбатқа түсу дағдысына бейімделеді, өз бетінше жаңа сөздерді жаттап, жаңа мәліметтер алады. Бұндай тәсілдердің бәрі де тілдесім әрекетін дамыта түседі. «Рөлдік ойындар бір мезетте әрі ойын әрекетін, әрі оқу әрекетін, әрі сөйлесім әрекетін жүзеге асыра алатындығымен маңызды. Рөлдік ойындардың оқу-үйрету мүмкіндіктері өте кең:

1) рөлдік ойынды өмірдегі шынайы тілдесімнің нақты моделі ретінде қарастыруға болады;
2) рөлдік ойынның мотивациялық-қозғаушылық мүмкіндіктері де өте зор;
3) рөлдік ойын оқу үрдісіндегі әріптестік пен серіктестіктің дұрыс қалыптасуына ықпал етеді;
4) рөлдік ойын білімгерлерді тілдесім процесінде вербалды құралдармен қатар, бейвербалды құралдарға да жүгінуге итермелейді. Яғни, диалогтық тілдесім барысында оқушылар тілдік бірліктермен қатар, жағдаятқа сай түрлі ым, ишараларды да қолдана алады» [5,18]. Демек, тіл үйрету барысында әдіскер, оқытушы тарапынан болатын түрлі белсенді амал, әрекеттер білім алушының тілге деген қызығушылығы мен ынтасын арттыра алса, мақсат өз үдесінен шықты деуге негіз бар. Осы орайда білімді бағалау өлшемін ескеру өте маңызды фактор. Студент білімін бағалау – оқытушы тарапынан әділ және ашық болуға тиісті әрекет. Оқытушы оқу бағдарламаларындағы күтілетін нәтижелерге жету мақсатында студенттердің білім алудағы жеке даму жолына назар аударуы қажет. Олардың оқу жетістігін алдын-ала нақты анықталған бағалау критерийлерімен сәйкестігіне орай бағалағаны дұрыс. Ағымдық және аралық бағалаудың соңы қорытынды (емтихан) бағасына ұласады. Көп ретте оқытушылар тарапынан студенттер шәкіртақысыз қалмасын деген ниетпен бағаны асыра қоятыны белгілі. Сондай болатынын білетін студенттер кейде тілге жауапсыз қарайды. Бұның соңы қазақ тілін жеткілікті меңгермеген жастардың көбеюіне әкеп соғады. Сондықтан оқытушылар тарапынан олардың өзін-өзі жетілдіру, өз бетінше дайындалу, білгенін, түсінгенін жиі айтқызу, бағалау өлшемдерін нақты көрсете отырып, балл қою әдістері қолданылғаны жөн. Ұсынылған үлгіні басшылыққа алуға болады:

Студенттің аты–жөні, тегі

№	**Критерийлер**	**Негізгі мазмұн мәнін сипаттау**	**Жоғарғы балл**	**Қосымша балл (өз бетінше ізденісіне, белсенділігіне қойылады)**	**Жалпы**
1	Үй жұмысын орындады	Тақырыпты толық меңгеру	5		
		Сөйлемдерді дұрыс құру	3		
		Қосымша сұрақтарға жауап беру	2		
2	Топпен жұмыс жасады	Топтық жұмыста белсенділік таныту	2		
		Топтағы ең ерекше ойды айта білу	5		
		Тақырыпты қорғауға пікір қосу	2		
3	Мәтінмен жұмыс	Мәтінді толық меңгеру	5		
		Мәтін бойынша сұрақтарға толық жауап беру	3		
		Сұрақтар бойынша ойын толық жеткізе білу	3		
4	Жазба жұмыстарын орындады	Сөйлемді жүйелі құру	3		
		Тапсырмаларды толық орындау	3		
5	Өз ойын дәлелдей алды	Фактілермен	2		
		Мысалдармен	2		
		Тәжірибемен	2		
		Бағалау шарты: 37-40 ұпай - «өте жақсы» 30-36 ұпай - «жақсы» 24- 29 ұпай - «жаман емес»			
	Төмен балл:	Ізденістер мен тер төгуді қажет ету деген сөз (смайлик қою керек)			

Қорытындылау негізінде ойларын жіктейтін логикалық-құрылымды сызба немесе ойларына сәйкес тақырыптың қорытынды бейнесі анықталады (білім алушының өз тәжірибесі). Мұндай жұмыстар студенттер мен оқытушыға ойын жіктеуге, өтілген сабақты қорытындылауға ғана емес, өздеріндегі субъекті тәжірибелерін ескере отырып, жаңа тақырыпты пысықтауға, тілдік портфелін дамытуға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2000. – 256 б.

2.Мұқанов М.И. Жас және педагогикалық психология. Алматы, 2002. – 118 бет.

3. Досмаханова Ә.А. Қазақ тілін мультимедиалық бағдарлама арқылы оқыту әдістемесі. Дисс. автореф. – Алматы, 2008.

4. Қатысымдық ойын. Қазақша үйренеміз (компьютерлік бағдарлама). – Алматы: Алматы қаласы әкімшілігінің «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2008.

5. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Мұрагер, 2005. – 176

Асанбаева Сәуле Асанбайқызы
Ф.ғ.к.,профессор м.а., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Aseke-1970.25@mail.ru

Манап Сымбат Талғатқызы
2-курс магистранты, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Akbilek077@mail.ru

ЛАТЫН ӘЛІПБИНЕ КӨШУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Андатпа: Қазіргі таңда тіл біліміндегі көптеген зерттеу жұмыстарының жаңа бағыттары қарқынды даму үрдісін бастан кешіруде. Тілдің қоғамдық қызметі, оның адамзат қоғамындағы рөлін әлеуметтік лингвистика ғылымы зерттейтіндігі белгілі. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында латын графикасына негізделген қазақ әліпбине көшіру – әлеуметтік-қоғамдық маңызы зор мәселе. Осыған орай, қазіргі кезде оның әлеуметтік-лингвистикалық мәні мен қоғамдық қызметін анықтап, латын графикасына жүйелі көшу тетіктерін әлеуметтік лингвистика ғылымы тұрғысынан қарастырудың алғышарттарын жасау қажет. Мемлекеттік тіліміз өз деңгейінде мәңгілік әрі баянды болу үшін қазақ тілінің қолданылу аясын кеңітіп, қоғамдық өмірдің барлық саласында еркін жұмсалуы мен өміршеңдігін насихаттау керектігі маңызды мәселе. Мақалада мемлекеттік тілдің қолданылуы, қоғамдық мәні мен қызметі, орыс тілінің және өзге тілдердің әлеуметтік коммуникативтік жүйедегі орны, қостілділік, көптілділік, тіл дамытуды саналы басқару мен реттеу, тіл саясаты, т.б. мәселелер жан-жақты қарастырылады.

Тірек сөздер: әлеуметтік лингвистика, тілдік жағдаят, тіл саясаты, ана тілі, мемлекеттік тіл, латын графикасы, лингвомәдениеттану.

Аннотация: В наши дни новые тенденции во многих лингвистических исследованиях продолжают динамично развиваться. Социальная деятельность языка, его роль в человеческом обществе изучается социальной лингвистической наукой. Социальная лингвистика в языкознании изучает социально функцию языка, его роль в человеческом обществе. Перемещение казахского алфавита на латинский алфавит – большая социально-общественная проблема. В связи с этим мы рассматриваем изменение письменности, ее социально-лингвистический смысл и его общественную функцию. Кроме того, цель состоит в том, чтобы расширить сферу применения нашего родного языка и применить его во всех сферах жизни, чтобы сделать наш государственный язык бесконечным и устойчивым.

Ключевые слова: социальная лингвистика, языковая ситуация, языковая политика, родной язык, государственный язык, латинская графика, лингвокультурология.

Annotation: Nowadays, new trends in many linguistic studies continue to develop dynamically. The social activity of a language, its role in human society, is studied by social linguistic science. Social linguistics in linguistics studies the social function of language, its role in human society. Moving the Kazakh alphabet to the Latin alphabet is a major social and public problem. In this regard, we consider the change in writing, its socio-linguistic meaning and its social function. In addition, the goal is to expand the sphere of application of our native language and apply it in all spheres of life in order to make our state language infinite and sustainable.

Key words: social linguistics, language situation, language policy, mother tongue, state language, Latin graphics, linguoculturology.

Қазақстанда мемлекеттік тілдің мәртебесі күн санап артып келеді. Қазақ тілінің қалдану аясының кеңиуіне мемлекет тарапынан жасалған бағдарламалар, лингволингвистикалық зерттеулер мен қоғамдық сананың өсуі әсер етті. Қалалық жерлерде қазақ тілінің қолданысқа енуі, өзге ұлт өкілдерінің де қазақша сөйлей бастауы, халықаралық жиындардың қазақ тілінде жүргізілуі, баспасөз беттерінде қазақ тіліндегі басылымдар қазақ тілінің ахуалын біршама жақсартты.

Қазіргі таңда тіл біліміндегі көптеген зерттеу жұмыстарының жаңа бағыттары қарқынды даму үрдісін бастан кешіруде. Тіл ғылымында әлеуметтік лингвистика - тілдің қоғамдық қызметін, оның адамзат ұжымындағы рөлін зерттейді. Әлеуметтік лингвистиканың нысаны – қолданыстағы тіл. Тілдік жағдаят нақты аумақтық әлеуметтік, идеологиялық және саяси жағдайлар негізінде туындайды. Қазақстандағы әлеуметтік лингвистиканың қалыптасып, дамуы барысында белгілі ғалымдарымыз: Б.Хасанов, Э.Д.Сүлейменов, А.Е. Карлинский, М.К. Исаев, З.К.Ахметжанова, С. Баяндина, А.Құмарова, С.Асанбаева, А.Абасилов т.б. зерттеулері басты рөл атқарып келгені белгілі.

Белгілі ғалым ф.ғ.д., профессор Бақытжан Хасанұлы қазақтың ана тілін дүниежүзілік лингвистикалық ағымының деңгейінде қарастырып, ана тілімізді әлеуметтік лингвистика ғылымы тұрғысынан жан-жақты зерттеген ғалым. Бақытжан Хасанұлы ана тіліне мынадай анықтама: «Ана тілі дегеніміз – күллі тіл атаулыдан ішкі құрылыс ерекшеліктерімен дараланатын, белгілі бір халықпен нақты кеңістікте тарихи бірге жасап, оның төл мәденметін ұрпақтан-ұрпаққа ұластырушы, сол халық адамдарына (жас, жынысына, сенім, кәсіп, әлеуметтік жағдай айырмасына қарамай) түгелдей және жан-жақты қызмет ететін ұлтішілік қатынас құралы» береді [1, 25б.]. Ана

тілі жеке адамның ойдан шығарған туындысы емес, белгілі бір қауымдастықтың ішіндегі адамдардың өзара қарым-қатынасқа түсу қажеттілігінен туындаған. Тіл мен ұлттың байланысы әр жақты және барынша берік болуымен сипатталады. Әрбір ұлт өзінің төл тілінен айрылып қалғысы келмейді. Кез-келген тілдің даму деңгейі ең алдымен олардың қоғамдық қызметінен көрінеді.

Қазақтың санасына серпіліс алып келген Алашорда өкілдері қазақ тілінің сақталып қалуына айрықша қызмет етті. Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған төте жазу көп ұзамай саяси жағдайларға орай тежелді. Қазақ тілінің бірте-бірте қоғамдық салалардан ығыстырылып қалуы да саяси жағдайлардың күшімен жүзеге асты. Профессор Б.Хасанұлы: «Тіл екі түрлі жолмен дамиды да, құриды да: оның бірі – өзінен-өзі, арнайы ұйымдастырылмаған (стихиялы) түрде дамиды, не қолданыстан шығып құриды. Екіншісі – қоғам мен мемлекет тапапынан керекті бағытта жоспарлы түрде арнайы дамыту, не құрту» дейді [1, 15б.]. Ана тілі ұлттың дамуына септігін тигізетін негізгі фактор болып табылады. Ұлттық кодтың сақталуы ана тілінің негізінде жатыр. Ана тілді жеке адам біліп ғана қоймай, адамдар арасында қолданыста болуы шарт. Ана тілін білмеу адамның өзіндік ішкі мүддесінен және қоғамның ықпалынан болады.

Көпұлттылық жағдайында тілдің мәртебесі тұрғысынан ең маңыздысы мемлекеттік тіл екендігі белгілі. Қазақстандағы өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді оқып-үйренуі ұлтаралық қатынастағы қоғамдық қызметін дамыта түседі. Қазіргі күнде Қазақстанда мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған бағдарламалар кезеңдік жоспар бойынша жүзеге асырылып келеді. Қазақстанда көпұлтты мемлекет болғандықтан, қостілділік, көптілділік көп ұлттың қарым-қатынасқа түскен жерінен пайда болып, одан әрі дамитын құбылыс. Қостілділік орыстың «билингвизм» деген сөзінің баламасы. Дүниежүзінде біртілді елдер сирек кездеседі, ал көптілділік, қостілділік және үштілділік мәселелері көптеген елдерде бар. Бірнеше тілді меңгерген адамды билингв деп атайды екен, ал бұл құбылыстың өзін билингвизм дейді. Билингв ұғымы қостілді деп айтылса, билингвизмнің қазақша баламасын қостілділік деп аударылып жүр. Қоғам мен мемлекеттің аясындағы қостілділік, үштілділік ана тілдің негізінде дамуы әлеуметтік мәні зор мәселе.

Тіл саясатының сипаты қандай болса, ана тілінің жай-күйі сол үрдісте көрінеді. Ата-бабамыздан қалған тілді жаңа заманда өзінің құндылығын жоғалтпай қолдану ұлттық бірегейлікті білдіреді. Бір қоғамда ғалымдар, білікті мамандар, академитер, зиялы қауым өкілдері болады. Бірақ онда жалпыхалықтың тілге деген жанашырлығы болмаса, тілдің дамуы азғантай адамдардың ұранымен шешілмейді. Көпұлтты қоғамда өмір сүргенімізге қарамастан ана тіліміз ұрпақтан-ұрпаққа таза күйінде, бұзылмаған қалпында дамып келе жатыр. Мемлекет үшін игі бастамалар қоғам тарапынан қолдау тауып келеді. Тіл – этностың ең тұрақты, ең бір басы ашық негізгі көрсеткіші болғандықтан, тіл тағдыры мен этнос тағдыры қашанда бір-бірімен тығыз байланысты. Тіл мен этнос арасындағы осы тығыз байланыс лингвомәдениеттанумен қатар этнолингвистика ғылымы аясында зерттеледі. Этнолингвистика және лингвомәдениеттау ғылымдары тікелей этноспқа қатысты, әрі этностық ерекшелікті сипаттайды. Этнос бұлардың «түйісу нүктесі» болып табылады. Филологи ғылымының кандидаты Анар Фазылжанова **мемлекеттік тілді оқытудың** тұжырырымдамасында: «Тілді мәдентиетті игерту құралы ретінде оқыту, басқаша айтқанда, тіл арқылы мәдениетті таныту, тіл арқылы ділді таныту, сөйтіп, оқушы санасында өз халқының немесе өзі тұрып жатқан елдегі – Отанының мәдени кеңістігінде ғасырлар бойы дамып, тарихтың өзімен беріктігі тексерілген жоғары рухани білімдер жүйесін қалыптастыру, оларды бойына сіңіртіп, мәдениленген тұлға тәрбиелеу. Нені оқытамыз дегенде тілдік бірліктердің ішінде басқаларымен бірге әсіресе лингво-мәдени семиотикалық жүйелерді (лингвокультуремаларды, этномаркерлерді лексикалық бірліктерді, ұлттық лингвоконцептілерді) білім мазмұнына енгізіп, толықтыруға басымдылық берілуі керек» дейді ол [2, 11 б.]. Халқымыздың өзіндік ұлттық ерекшеліктері салт-дәстүріміз, мәдениетіміз, әдет-ғұрпымыз өмір сүру салтымен сабақтасып жатыр. «Лингвомәдениеттану» деген атаудың құрамында тіл мен мәдениеттің байланысы айқын көрініс табады. **«Тіл-ұлт-мәдениет»** дейтін үштік линговмәдениеттану пәнінің зерттеу нысаны болып табылады. Лингвокультурема ғылымының аясында қарастырылатын тілдік этикеттер, баламасыз тілдік бірліктер күнделікті қарым-қатынаспен астарласып жатыр.

Әрбір адамды өз ана тілінің жай-күйі бейжай қалдырмаса керек. Осы ана тіліміз арқылы ұлттық құндылықтарды бойымызға сіңдіреміз, әрі өзге тілдерді де меңгеруге септігін тигізетін түпқазық – ана тілі. Ана тілін ардақтай білмеген адам басқа тілдерді құрметтейді дегенге сену қиын. Қоғамдағы тілдің әлеуметтік сипатына баса назар аударатын әлеуметтік лингвистиканың ауқымды мәселелерді қарастырады. Тіл саясатқа ішкі факторлар, сыртқы факторлар әсер етпей

қоймайды. Ана тілімізді дамыта түсу тек ғана тіл мамандарының еншісінде деп түсінбеуіміз керек. Өз тіліміздің қамқоршысы болу әрбіреуіміздің азаматтық борышымыз деп түсінгеніміз жөн. Қазақстандағы қазіргі тілдік жағдаят, тілдік ахуалды жақсарту, күрделі тілдік проблемаларды шешу маңызды мәселе. Егер белгілі бір тіл тұрмыста, білім беруде, саяси-қоғамдық өмірде қолданылатын болса, сол тілдің аман сақталуына да кепіл бар.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі замандық технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. 2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйретететін оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет» деген болатын [3, 2б.]. Жаңа әліпбиге жоба дайындау ісі тіл мамандары мен әдіскерлердің қатысумен жүзеге асты. Мұндай ғылыми негізде жасалған жұмыс мұғалімдер, ғалымдар, білікті мамандар тарапынан сарапқа салынды. Латын жазуына көшуде жаңа әліпбиге арналған жобалар жасаушы тіл мамандары мен әдіскерлердің біліктілігі, БАҚ атқаратын міндеті, грамматология мамандарының міндеттері жауапты.

Түркі тектес халықтардың латын әліпбиіне өту үдерісі әр түрлі жағдайда жүзеге асырылған екен. Атап айтсақ, Түркияның латынға өту үдерісі 8-9 ай аралығында жүзеге асырылды. Ал Өзбекстанда латын әліпбиіне көшу 20 жылға созылған екен. Әзербайжан мемлекетінде латын әліпбиіне көшу біршама жеңіл болған. Түркияда латын әліпбиіне өту мемлекет басындағы басшының ықпалы басым болса, Әзербайжанда керісінше жалпыхалық латын әліпбиіне өтуге мүдделі болатын. [4, 9б.]. Аталмыш елдердің латын қарпіне өткенге дейінгі тілдік жағдаятына келер болсақ, Ел басының нұсқауымен 2007 жылы Түркия, Әзербайжан және Өзбекстан елдеріне ғылыми іссапар ұйымдастырылған болатын. Түркітектес елдерді латын графикасына көшу барысындағы тәжірибесімен алмасу мемлекеттік тілдің дамуына бағытталған зерттеу болды. Түркия, Әзербайжан және Өзбекстан елдерінің латын графикасына көшуге дейінгі тілдік жағдаяты және одан кейінгі тілдік жағдаяты назардан тыс қалмады.

Бұдан шығатын қорытынды, Қазақ әліпбиін латын латын графикасына негізделген әліпбиге көшіру - мемлекеттік тілдің дамытуда зор маңызға ие. Мемлекеттік тіл өз дәрежесінде көтерілу үшін қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданыс табуы керек. Ана тілінің болашағын латын жазуымен сабақтастырып отырғандықтан, жазу жүйеміз латын графикасына көшіруіміз қажет. Латын әліпбиін қабылдау барысында әліпби деңгейін, таңба деңгейін, емле-ереже деңгейін өзгеріске ендіреміз. Бұл дегеніміз – тіл бұзер емле-ережелерден, басы артық кірме әріптерден арылу. Осы орайда Әлімхан Жүнісбектің сөзін келтіре кету артық етпейді: «Қазіргі әліпбиімізді «қазақ әліпбиі» деп атаудың еш реті жоқ. Өйткені, ол «қазақ әліпбиі» емес, «қазақ-орыс әліпбиі» десе де болады. Тіптен ақиқатын айтсақ, «орыс-қазақ әліпбиі» десе де болады. Өйткені, әліпбиіміз бір тілдің, әлдеқашан қос тілдің әліпбиі болып орнығып алды» деген болатын [5, 5 б.]. Қазақ тілінің кірме әріптері мен тіл бұзар емле-ережелері қазақ тілінің ішкі айтылым заңдылықтарына кері әсер етеді. Латын жазуына өту тек таңбалардың өзгеруі емес, емле-ережелер де қайтадан қаралады. Жаңа латын әліпбиіне лайықтап жоба дайындалғанда грамматология ғылымының мамандары шет қалмауы тиіс. Өйткені, дыбыс пен әріптің қатынасын грамматология ғылым саласы зерттейді. Біздің елдегі тіл саясаты барлық тіл мүддесін көздейтін демократилық болып сипатталады. Кез-келген тілді жалпыадамзаттық құндылық ретінде қабылдап, барлық тілдерге дерлік қамқорлық жасап келеді. Латын жазуына көшу барысында мынаны естен шығармау қажет: «Қазақстандағы орыстар да латынға көшу керек дейді. Олай болмайды. Бүкіл дүниежүзінде қазақтың тілін, жазу мәселесін шешетін – Қазақстан болса, орыс тілінің әліпбиін, оның емле ережелерін өзгерту анау – Ресейдің құзіреттілігіндегі мәселе [6, 4 б.].

Осыған дейін жазуға байланысты латын әліпбиіне көшу, араб әліпбиін қолдану, көне түрік жазуын жаңғырту, киррил әліпбиін қолдана беру туралы баспасөз беттерінде сан түрлі пікірлер айтылып келді. латын графикасына негізделген қазақ әліпбиіне көшуге бет бұрдық. Латын әліпбиі дүние жүзіндегі елдермен ақпарат алмасуды ілгерілетіп ғана қоймай өзара байланысты жүйеге келтіреді. Әлемнің дамушы елдерінің барлығы осы латын тілімен дамып келеді. Жазудың ауысуы дәл қазіргі уақытта бір жағынан көңкөрістің деңгейін көтеру, латын арқылы әлеми ақпарат кеңістігіне өту де ескерілген. Латын жазуына көшу жаһандану жағдайында әлемдік ғылыми, технологиялық, инновациялық үдерістерден тыс қалмай, ғылым мен білімнің дамуын жеделдетеді деген сенім білдіріп отырмыз. Латын жазуына көшу ең алдымен қазақ тілін жаңғырту негізінде жүзеге асырылғаны абзал. Кірме әріптерден арылып, тіл бұзар емле-ережелерден құтыламыз деп

жүргенде ағылшын тілінің ықпалында кетеміз деп қорықпау керек, өйткені әрбір тілдің өз емле-ережесі балады. Латын жазуына көшу тек жазуды өзгерту ғана емес, әліпби құрамын, таңба және емле-ережелері де өзгеріске енеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясында: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады» деген болатын [7, 57б.]. Мемлекет басшысы айтқандай, мемлекеттік тілдің аясын кеңітіп, өмірдің барлық саласында пайдалану керек. Мемлекеттік тілді үйрету үшін мектеп табалдырығынан бастап оқушыларға оның қажеттілігін түсіндіріп, мемлекеттік тілді жақсы үйренбеген маман жұмысқа бірден алына қоймайтының дұрыстап тісіндіргеніміз мақұл болар еді. Білім беру жүйесін дұрыс ұйымдастырудың нәтижесінде бәсекеге қабілетті, сапалы ұрпақ тәрбиелейміз.

Қазақ тілінің қолданыс мәдениетін күшейтуде тіл тазалығын сақтау зор маңызға ие. Тілді дамыту, тілді ары қарай таза күйінде жалғастыра беруге көңіл бөліну керек. Латын жазуына көшу ана тіліміздің тазалығы, қазақы айтылым мен жазылым талаптарын жүйеге келтіреді. Тілдің қолданысындағы мәдениеті, дұрыстық, нормалықты сақтап, әдеби тілде таза сөйлеуге дағдыланғанымыз жөн. Тіл – қарым-қатынас құралы, әрі аса маңызды әлеуметтік-мәдени құндылықтардың бірі. Тіл тек қарым-қатынас құралы емес, өткен мен бүгінгіні, әрі болашақты байланыстырушы. Кез-келген халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениеті сол халықтың ана тілінде сақталады. Егер халық ана тілінен айрылса ұлттық құндылықтарынан да айрыла бастайды. Халқымыздың әр дәуіріндегі рухани мұрасын, өз бойына сақтаған этномәдениеттің әр түрлі қырларын зерттеу Ш.Уалиханов жазбаларынан басталып, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, С.Мұқанов, Х. Арғынбаев, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібаев, С.Қасқабасов, Ө.Жәнібеков, С.Касимов т.б. еңбектерінде жан-жақты қарастырылған [8, 3б.]. Халқымыздың өзіндік ұлттық ерекшеліктері салт-дәстүріміз, мәдениетіміз, әдет-ғұрпымыз өмір сүру салтымен сабақтасып жатыр. Тіл біліміндегі тілдік этикеттер, баламасыз тілдік бірліктер күнделікті қарым-қатынаспен астарласып жатыр. Ұлттық ғылым академиясының академигі Рабиға Сыздық: «Кейбір газеттерде сөзді талғамай қолданушылық кездеседі. Мысалы, «60 жасар пәленше» деп жазады. Ғабит Мүсіреповтің бір конференцияда әдемі айтқан сөзі бар: «Жасар деп ең болмаса он, бес-жиырмаға келгенше айтуға болар. Бір жасар, екі жасар, он бес жасар деп». «40 жасар», «50 жасар», «90 жасар» деп айтуға болмайды. Оның орнына «жастағы», «жасы келген», «жасы толған» деп айту керек» дейді ол. Жаңалық ашудың орны осы екен деп, сөздерді өзгертіп айту, морфалогиялық заңдылықтарына бағынбай қалыптасқан нормалар «узус» деп аталады екен[9,5б.].

XXI ғасыр ғылым мен білімнің заманы болғандықтан, ғылым тілінің дамуын жеделдетуіміз қажет. Ғылым тілінің қазіргі жағдайы, қоғамтану, техникатану, жаратылыстанудың ішінде қоғамтану ғылымының дамуы басымдыққа ие. Терминалогиялық жүйесінің жасалуы, ғылыми стильдің басқа стильдермен ара-жігін ажырату, ғылыми жұмыстардың қазақ тілінде жариялануы ғылым тілін дамытады. Жазудың алмасуы ғылыми тілдің дамуын тежейтіне де жасырын емес. Ата-бабамыздан қалған бай тілді жаңа заманда өзінің құндылығын жоғалтпай қолдану жарқын болашақтың кепілі. Қазақ әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшірудің маңыздылығы лингвистикалық, ақпараттық, әлеуметтік, мәдени, философиялық және тарихи зеттеулер, латын әліпбиінің жаһандық коммуникациялық кеңістіктегі орны жан-жақты қарастырылып келеді. Ана тілдің болашағын латын әліпбиімен байланыстырып отырғандықтан, қазақ тілінің мемлекеттік тіл өз дәрежесінде дами түседі деген үміттеміз. Алдағы уақытта мемлекеттік тіл деңгейінде жалпыхалықтық қолдау тауып отырса еліміз өркендей бермек. Үштілді, көптілді қоғамда өмір сүргенімізге қарамастан тілдің дінгегі мықты болса, ана тіліміз ұрпақтан-ұрпаққа таза күйінде, бұзылмаған қалпында жетеді деген сенім білдіре аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Хасанұлы Б. Ана тілі – ата мұра. Алматы, «Жазушы», 1992
2. Мемлекеттік тілді оқытудың жаңы тұжырымдамасы туралы. Фазылжанова Анар, Қазақстан мектебі, №6, 2009 маусым
3. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» . Егемен Қазақстан. 2017ж,12-сәуір.
4. Фазылжанова А. Латын әліпбиіне көшу, Ана тілі 2013. 24-30 қаңтар (№4) – 3,9 б
5. Жүнісбек Ә. Латын жазуына көшкен жөн. Президент және Халық, 2013. -15 қараша (№47) – 5 б.
6. Жүнісбек Ә. Түбінде Ресейдің өзі латын әліпбиіне көшеді. Түскістан 2007. -9 мамыр (N 19)
7. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты//Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан халқына жолдауы 14 желтоқсан 2012 жыл, Алматы, 2014
8. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері, -Алматы: Жібек жолы, 2008
9. Рабиға Сыздық, Өзіңді-өзің қорғай алмасаң, ешкім сені қорғамайды, Ана тілі, №37, 2008

Киынова Ж.К.
доктор филологических наук, и.о. профессора,
декан факультета Казахского государственного женского педагогического университета
Республика Казахстан, zhkiynova@mail.ru

Ахметжанова А.И.
кандидат филологических наук, и.о. ассоц.профессора кафедры русской филологии
и мировой литературы Казахского национального университета им. аль-Фараби
ahmetzhanova.aynash@mail.ru

Капасова Д.А.
и.о. доцента кафедры общеуниверситетских дисциплин
Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак, assyl99_kz@mail.ru

СТАРОСЛАВЯНСКИЙ ЯЗЫК КАК ЯЗЫК КУЛЬТА И КУЛЬТУРЫ

Резюме. В статье рассматривается сакральная природа старославянского языка как историко-культурного феномена. Прослеживаются пути взаимодействия русской культуры с культурой древней Эллады, что произошло через посредство старославянского языка, сформировавшегося в эпоху раннего средневековья (IX – начало XI вв.) в процессе перевода с греческого языка богослужебных книг. Описывается языковая ситуация Киевской Руси, что нашло свое отражение в различных концепциях о происхождении русского литературного языка.

Түйін. Мақалада көнеславян тілінің тарихи-мәдени феномен ретіндегі сакральды табиғаты қарастырылады. Грек тілінен қасиетті кітаптарды аудару барысында ерте орта ғасырлар дәуірінде қалыптасқан (IX – XI ғ. басы.) көнеславян тілі арқылы іске асқан орыс мәдениеті мен көне Эллада мәдениетінің өзара әрекеттесу жолдары қарастырылады. Орыс әдеби тілінің пайда болып, қалыптасқаны туралы әртүрлі концепцияларында көрініс тапқан Киев Русьының тілдік жағдайы сипатталады.

Summary. The article considers the sacred nature of the Old Slavonic language as a historical and cultural phenomenon. The ways of interaction of Russian culture with the culture of ancient Hellas are traced, which happened through the Old Slavonic language, which was formed in the early Middle Ages (IX - beginning of XI centuries) in the process of translation of service books from Greek. The language situation of Kievan Rus is described, which is reflected in various concepts about the origin of the Russian literary language.

Одной из главных задач современной историко-лингвистической науки по-прежнему остается создание полной истории русского литературного языка, решить которую невозможно без осознания места и роли старославянского языка в истории русского литературного языка. Об этом в свое время писал Ф.П.Филин: «Без фундаментального изучения старославянского (церковнославянского) языка, всей его многовековой истории на Руси невозможно написать полную историю русского литературного языка. … христианизация в X в. языческой Руси повлекла за собой распространение интердиалектного старославянского языка, благодаря которому восточные славяне получили письменность – важнейший и непременный элемент цивилизации» [1, с. 5].

Рассматривать старославянский язык в контексте времени означает, на наш взгляд, представлять его духовную и лингвистическую историю. Этот язык на протяжении многих веков являлся языком живой православной веры, мировидения, миропознания и мировоззрения русского народа, языком книжно-литературным, образцовым, нормированным, языком письменной и духовной культуры.

Старославянский оценивается современной наукой как моделирующий фактор русской культуры, сыгравший важную роль в ее духовном становлении. За многие столетия старославянский язык трансформируется из языка культа в язык культуры, его ценностные императивы оказались во многом созвучны русской культуре, на что и обратил свое внимание П.А.Флоренский, назвавший Кирилла и Мефодия духовными отцами русской культуры: «Не о внешнем, а потому поверхностно-случайном подражании античности идет речь, даже не об исторических воздействиях, впрочем, бесспорных и многочисленных, а о самом духе культуры» [2, с. 354]. Важным здесь представляется взаимодействие русской культуры с культурой древней Эллады, что произошло через посредство старославянского языка, сформировавшегося в эпоху раннего средневековья (IX – начало XI вв.) в процессе перевода с греческого книг Св. Писания и другой теологической литературы. Необходимость перевода текстов, написанных на одном из

наиболее богатых и развитых языков в истории мировой цивилизации – греческом языке византийского периода, ставила перед древними книжниками задачу передачи славянскими языковыми средствами соответствующей греческой лексики, вследствие чего и создавался старославянский фонд книжной лексики. «Древнеболгарские основоположники старославянского языка Константин (Кирилл) и Мефодий и их продолжатели, переводя книги с греческого на старославянский язык, многое почерпнули из высокоразвитого греческого (византийского) языка, прежде всего в лексике и лексической семантике. За византийским языком стояла традиция великой средиземноморской культуры. Переводы с греческого языка стали обычны и в древней Руси. Таким образом, южные и восточные (отчасти и западные) славяне, развивая свои литературные языки на народной речевой основе, оказались в то же время и наследниками языковой культуры древнего Средиземноморья, что было отмечено еще Ломоносовым и Пушкиным» [1, с. 4]. Поэтому этот язык принадлежит не только собственно церковной истории, но всей истории русской культуры.

Старославянский язык, ставший сакральным языком в IX веке и вплоть до XI века выполнявший функции общего литературного и литургического языка всего славянского мира, принадлежал не только русской культуре, но всей культурной общности, которую принято называть Slavia Orthodoxa (православное, или кириллическое славянство), то есть восточным славянам. Образование двух автономных конфессионально-культурных пространств внутри славянского мира – Slavia Orthodoxa и Slavia Lanina, относится к XII веку. Для XI века, как утверждает В.М.Живов, «нет оснований говорить о разделении славянства на Slavia Orthodoxa и Slavia Lanina» и для эпохи правления Владимира Святого вводит специальный термин «Slavia Christiana», отражающий в том числе и культурное единство Киевской Руси со странами Центральной Европы. Это означало не что иное, как появление, по Н.И.Толстому, «третьего культурного макроареала в Европе» наряду с давно утвердившимся там романо-германским ареалом, где господствовала латынь, и греко-византийским ареалом, где абсолютно преобладал греческий язык. Церковнославянский язык, не обладавший поначалу ни длительной литургической практикой, ни сколько-нибудь устойчивой традицией кодификации, оказался как сакральный язык сразу в уязвимой позиции, требующей «духовной обороны». Пока славянский мир, объединенный признаками собственно славянства (т.е. этнолинвгистическим признаком) и христианства (т.е. конфессионально-культурным признаком), был един, вектор его «духовной обороны» был также единым: борьба за признание полноправия церковнославянского языка как языка сакрального наряду с древнееврейским, греческим и латинским. Между тем все народные языки в ареале Slavia Orthodoxa, хотя и в разной мере, находились под влиянием церковнославянского языка и их взаимодействие со «славенским» языком было основным процессом в истории становления литературной разновидности народного языка.

В России сложилась уникальная языковая ситуация – сосуществование двух разных языков в рамках одного языкового социума, когда их функции находятся в дополнительном распределении и два языка воспринимаются носителями как один. Такое взаимодействие языков охарактеризовано Н.Б.Успенским как ситуация диглоссии, которая в отличие от двуязычия (сосуществование двух равноправных и эквивалентных по своей функции языков), «… представляет собой очень стабильную языковую ситуацию, характеризующуюся устойчивым функциональным балансом (взаимной дополнительностью функций)» [4, с. 6]. Надо полагать, что в восприятии носителей языка это один и тот же язык в двух формах – «высшей» и «низшей», нормированной и свободной, причем уптребление двух этих форм – взаимоисключающее: там, где употребляется одна форма языка, другая невозможна, и наоборот. Профессор Израильского университета Ора Лимор дает дифференциацию языков или их отношение в состоянии диглоссии: «На одном языке говорили в повседневной жизни, на другом молились. Первый язык был разговорным, второй – изучался специально и использовался для письма. Этот второй язык – язык текстов, которые членами данного общества считались священными, и был связан, прежде всего, с религиозной жизнью и культом, но вместе с тем, и с культурой которую общество, использующее этот язык, признавало за образцовую и достойную подражания. Это как бы элитарный язык, ставший языком культуры» [5, с. 18–21]. Проблема церковнославянско-русской диглоссии остается дискуссионной и в настоящее время. Еще на IX Международном съезде славистов обсуждались проблемы языковой ситуации в Киевской Руси, наиболее полемичной среди которых была теория диглоссии, предпринятая в докладе Б.А.Успенского. Попытка ученого вписать языковую ситуацию Киевской Руси в рамки «диглоссии» принималась не как обобщение новых данных, а априорным источником дедуктивных характеристик недостаточно изученных фактов.

Так, «главным результатом безоговорочного подведения языковой ситуации Киевской Руси под абстрактное понятие диглоссии явилось категорическое отрицание возможности литературного функционирования древнерусского языка, основанное только на том, что такая возможность не предусмотрена в используемом понятии. Правда, за этим априорным положением проступают устаревшие взгляды на старославянский язык как на единственный литературный язык Древней Руси» [6, с. 122–123]. Многие ученые отстаивали точку зрения относительно важной роли и древнерусского языка, литературы и культуры в общей культурной ситуации.

На всем протяжении истории становления русского литературного языка дискуссионными оставались вопросы соотношения и противопоставления двух традиций – народной и церковнославянской, взаимодействие которых имело довольно продолжительный и интенсивный характер. Такое противопоставление берет свое начало еще с Древней Руси: «Церковнославянский язык начинает функционировать не только как сакральный язык, но и как язык культуры, и, соответственно, оппозиция церковнославянского и русского осмысляется не только как противопоставление сакрального и профанного, но как противопоставление культурного и бытового. ... дихотомия, сама оппозиция церковнославянского и русского оставалась и на каждом этапе отчетливо осознавалась коллективным языковым сознанием» [4, с. 10]. При этом взаимодействие между двумя разноприродными, но чрезвычайно близкими языковыми стихиями протекало в разных направлениях: оно могло быть поверхностным, т.е. собственно на лексическом уровне, когда происходило усвоение старославянского слова в том или ином значении, и глубинным, затрагивающим смысловой фундамент слова и влияющим на концептуализацию того или иного понятия.

Старославянский язык – первый литературный язык славян отождествлял собой художественную и интеллектуальную силу русского средневековья. Этот язык как «язык благородной культуры» (Д.С.Лихачев) во все века имел великое образовательное и воспитательное значение, ибо самим смысловым содержанием передаваемых им истин содействовал духовному и нравственному преобразованию человека. Образный потенциал славянской азбуки зарождался, развивался и превращался в устойчивые речевые стереотипы языкового и культурного сознания одновременно с ростом этнического самоутверждения славянских народов и с необходимостью сохранения культурно-исторических традиций славян православного ареала. Становление национального менталитета можно связать с тысячелетним сильным присутствием этого сакрального языка, который в течение более чем десяти столетий обслуживает религиозные и, во многом, культурные потребности православных славян.

В России церковнославянский язык был языком церкви и культуры вплоть до XVIII в. После становления русского литературного языка нового типа он остается лишь языком православного богослужения. Корпус церковнославянских текстов постоянно пополняется: составляются новые церковные службы, акафисты и молитвы. Современный богослужебный язык, кодифицированный Священным Синодом, представляет собой итог длительной эволюции старославянского языка, который в филологии принято называть синодальным. В XVIII веке церковнославянский язык утрачивает статус литературного языка – эту роль отныне играет русский язык. Сейчас синодальный церковнославянский язык выполняет только одну функцию – это язык богослужения и богослужебной литературы.

Вопросы формирования и развития старославянского языка выдвинулись в число активно обсуждаемых вопросов в славистике. Сегодня вновь представляется, что азбуки – глаголица и кириллица, созданные славянскими первоучителями, – не простая совокупность расположенных в определенном порядке графем, но своего рода философия, культурологическая модель мира. Поэтому необходимость изучения старославянского языка является не только изучением истории, но и осознанием духовных ценностей как трансляторов культурной информации.

В последнее время, в связи с переосмыслением духовно-нравственных ценностей и актуализацией религиозных истоков, значительно возрос интерес и к старославянскому языку как к культурно-историческому феномену, в котором находит отражение духовная и историко-культурная память народа. Русское религиозное сознание всегда отождествлялось с этим языком, сохраняющим свою идентичность и священное содержание как на протяжении многих веков, так и в условиях современной социальной реальности. «Время показало, что церковнославянские священные формы – это и есть самые верные, единственно возможные, раз и навсегда данные славянскому миру способы определения и выражения меры святости (священной силы) текстов духовного содержания. Исключительно точно выражая смысловое содержание, церковнославянские формы на протяжении многих веков констарируют нам священную

реальность прошлого, сакрализует в том числе и русские лексемы в книжном церковном употреблении, дарят нам возможность ощутить онтологическую сопричастность слова и дела, действенную (очистительную и спасительную) силу священных и молитвенных текстов. Эти формы самой своей неизменностью во времени свидетельствуют о вечности заложенных в нем высших смыслов» [7, с. 7].

Актуальными в настоящее время стали вопросы «возрождения» старославянского языка в связи с ценностными ориентирами жизненной философии ее носителей и «возвратом» к нравственным традициям христианства. Поэтому сейчас активно обсуждаются вопросы взаимотношения православной церкви и государства (общества), ведутся споры о потребности теологического образования в применении к условиям светской школы, необходимости изучения церковнославянского языка и введения учебного курса «Православная культура: история и традиции»в учебных заведениях, роли православных интернет-ресурсов и тенденциях развития Рунета. В современной стилистике русского языка широко обсуждаются вопросы введения в функционально-стилистическую систему церковно- религиозного, или, религиозного стиля. Религиозный дискурс и язык религиозной коммуникации, до недавнего времени остававшиеся за рамками научного изучения, все чаще становятся объектами исследования ученых. В числе активно развернувшихся в современном русском словаре семантических процессов исследователи называют переход из пассивного словаря в общее употребление конфессиональной лексики и идиоматики, восстановление и привлечение в широкий обиход общелитературных слов старославянского происхождения, семантическую трансформацию славянизмов с религиозной тематикой.

О всевозрастающем интересе к изучению феномена старославянского языка свидетельствуют исследования, посвященные церковнославянскому языку нового времени, изучению языка отдельных рукописей, исследованию тех или иных групп лексики, определенных морфологических и синтаксических явлений языка средневековых памятников письменности.

Новым в исследовании феномена старославянского языка является его лингвокогнитивное понимание, тесно связанное с религиозным сознанием, формирующем концептосферу морально-нравственной сферы. Кириллическая азбука стала первой когнитивной «моделью» мира» всех славян, в том числе и восточных, когда алфавит становится одновременно и кодом, и текстом, и надо полагать, духовным «туннелем», связывающим грамотного человека с Богом [8, с.104].

До сих пор в поле зрения ученых остаются вопросы влияния старославянского языка на формирование русского литературного языка. Сложно переоценить роль старославянского языка как языка религии, философии и науки в обогащении русского языка, формировании его научной терминологии и духовно-нравственного потенциала.

Старославянский язык хранит представления о мире, сформированные в разные исторические периоды, поэтому принадлежит всей истории русской культуры. Это язык, в котором сконцентрирован религиозный опыт народа, оказал свое непосредственное влияние на формирование национального менталитета, и именно через этот язык происходило «оживление» культурно-исторического опыта, благодаря чему достигалась преемственность культуры.

Литература:

1. Филин Ф.П. Истоки и судьбы русского литературного языка. Изд-е 2-е. – М.: КРАСАНД, 2010. – 328с.
2. Флоренский П.А. Троице-Сергиева Лавра и Россия // Соч. в 2-х томах, - М., 1994.
3. Мечковская Н.Б. Язык и религия. –М.: Агенство «ФАИР», 1998. – 352 с.
4. Успенский Б.А. Краткий очерк истории русского литературного языка (XI – XIX вв.). – М.: Гнозис, 1994. – 240 с.
5. Лимор Ора Сходство и различие / Ора Лимор // Евреи и христиане: полемика и взаимовлияние культур. Книга 2. Тель-Авив: Открытый университет Израиля, 2000. – С. 11-174
6. Мельничук А.С. Обсуждение проблемы языковой ситуации в Киевской Руси на IX Международном съезде славистов // Изв. АН СССР. Сер. лит-ры и яз., 1984. т.43. - №2. – С. 122-123.
7. Семеренко Т.Ф. Церковнославянский язык в духовном аспекте // Церковнославянский язык в духовном аспекте: Материалы Всероссийской научн. конф. – Ставрополь, 2007. – 160с.
8. Буров А.А. Кирилло-Мефодиевская традиция и формирование русской языковой картины мира // Церковнославянский язык в духовном аспекте: Материалы Всероссийской научн. конф. – Ставрополь, 2007. – 160с.

Ашенова А.Т.
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті , Астана, Қазақстан
(E-mail: Altyn24.1975@mail.ru)
Дюсенгалиева А. А.
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті , Астана, Қазақстан
(E-mail: dusengalievaa@gmail.com)

АНГЛИЦИЗМДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖҮЙЕСІ

Аннотация: Сленг маңызды әлеуметтік фактор болып табылады, осыған байланысты мақала англицизмдердің пайда болу жолдарын және олардың жастар сленгінде қолданылу жиілігін талдайды. Байқау және жүйелеу сияқты зерттеу әдістеріне сүйене отырып, мақала күнделікті сөйлеуде кірме сөздерді пайдалану жиілігін анықтайды және лексикалық бірліктерді сауатты пайдаланудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Күнделікті сөйлеу тек сауаттылық деңгейі, адамның эстетикалық дамуы және мәдени құндылықтардың болуы ғана емес, сондай-ақ бүкіл қоғам үшін осы қасиеттерді бейнелеу құралы болып табылады. Ауызекі сөйлеу жаргон элементтерінен зардап шегеді. Мұның бәрі тілдің мәдениетіне зиян тигізіп, тілдік құрылымдар мен бірліктерді сауатсыз қолдануға әкеледі. Жаңа сөздердің пайда болуы, бір жағынан, сөздік қорды кеңейтеді, ал екінші жағынан, кірме сөздерді көп мөлшерде пайдаланғандықтан, тіл тазалығын, төл ерекшелігін жоғалтады. Мақала қарым-қатынаста сөйлеу мәдениетін жетілдіру қажеттілігін қарастырады.

Түйін сөздер: тілдік байланыс, мағынасы, жастар сленгі, синонимдер, жаргонизмдер, шет тілдерінен енген сөздер, әлеуметтік топ

Abstract: The article analyzes the methods of formation of anglicisms and the frequency of their use in youth slang, as slang is an important social factor. Based on such research methods as observation and systematization, the article reveals the frequency of using borrowings in everyday speech and reveals new opportunities for the competent use of lexical units. Everyday speech is not only an indicator of the level of literacy, aesthetic development of a person, the presence of cultural values, but also a means of reflecting these characteristics for the whole society. Speaking suffers from the elements of the jargon. All this harms the culture of language, leads to the illiterate use of language structures and units in spoken language. It is necessary to improve the culture of speech in communication, abandoning anglicisms.

Key words: language contact, meaning, youth slang, synonyms, jargon, foreign-language background, social group

Аннотация. В статье проанализированы способы образования англицизмов и частотность их использования в молодежном сленге, так как сленг является важным социальным фактором. Опираясь на такие методы исследования как наблюдение и систематизация статья выявляет частоту использования заимствований в повседневной речи и раскрывает новые возможности грамотного употребления лексических единиц. Повседневная речь – это не только показатель уровня грамотности, эстетического развития человека, наличия у него культурных ценностей, но и средство отражения этих характеристик для всего общества в целом. Разговорная речь страдает от элементов жаргона. Все это наносит ущерб культуре языка, ведет к безграмотному использованию языковых структур и единиц в разговорной речи. Статья рассматривает необходимость совершенствования культуры речи в общении.

Ключевые слова: языковой контакт, значение, молодежный сленг, синонимы, жаргонизмы, иноязычное происхождение, социальная группа

Бұрынғы шекарасы жоқ қазіргі қоғамда кез келген саладағы барлық өмірлік үдерістер өзгерістерге ұшырайды. Әлемдегі жаңа технологиялармен жаһанданудың әсерінен көп нәрсе орын алады. Бұл үрдіс, әрине, тілге қатысты. Тіл - оның лексикасы, яғни оның сөздік құрамыда тез өзгереді.

Тарихи даму процесінде адам тілдері тұрақты түрде келіп, бір-бірімен белгілі бір байланыстарға түсіп отырады. Тіл байланысы деп - екі немесе оданда көп тілдердің құрылымы мен сөздіктерінің арасындағы қарым-қатынасты атаймыз. [1, б.57].

Тілдік байланыс термині алғаш рет Андре Мартинаға ұсынылды және Уриэль Вайнрайхтың кең талабына енгізілді, сондай-ақ Э. Хауген қарастырды [2, б.1].

Лингвисттер жаңа мыңжылдықта бөтен лексиканы алудың қарқындылығы қауіпті қарқынға жеткенін атап өтті.

Бүгінгі таңда жастардың күнделікті сөйлеуінде ағылшын сленгілері жиі кездесетіні ерекше алаңдаушылық тудырады.

XX ғасырдың басынан бастап жастар сленгінің дамуы үш кезеңнен байқалады. Бірінші кезең 20-шы жылдарға, революция мен азаматтық соғыс кезінде қоғамның құрылымын бұзып, саны жағынан қорғансыздар армиясына айналдырып, қорғансыздардан ажыратылмаған жасөспірімдер

мен жастардың оқыс оқиғаның арасы көптеген «ұрылар» сөздерімен боялған. Екінші кезең 50-ші жылдары қала көшелері мен би алаңдарына "стиляги" шыққан. Үшінші кезеңнің пайда болуы қарқынды оқиғалар дәуірімен емес, қоғамдық өмірдің тұншықтыратын атмосферасы 70-80-жылдары әртүрлі бейресми жастар қозғалыстарын тудырған іркілу кезеңімен байланысты және жастар ресми идеологияға қарсы тұрудың тілдік әрекеті ретінде өзінің "жүйелі" сленгін құрды. [3, б.37].

Бұл тақырыптың өзектілігі анық, өйткені тіл мәдениетіне нұқсан келтіру, оның жаргонизмдерімен бітелуі, тіл құрылымдары мен ауызекі сөйлеу бірліктерін сауатсыз пайдалану үрдісі жастардың сөйлеу мәдениетінің айқын проблемасы болып табылады. Осыған байланысты осы проблеманы жою жолдары мен әдістерін зерделеу қажет.

Англицизмдердің пайда болу тәсілдері.

Лингвистер (Брейтер М.А., Дьяков А.И., Шапошников, В. Н.және тағы басқалары) шет елден енген сөздердің тобын ерекше бөліп қарайды[3; 4, 5]:

Тікелей енген сөздер.Сөздер орыс тіліндегідей шамамен бірдей түрде және түпнұсқа тілінде бірдей мағынада кездеседі.Мысалға алсақ: уик-энд –демалыс, мани – ақша.

Гибридтер. Бұл сөздер шет сөдер түбіріне орыс жұрнағын, жалғауын, приставканың қосылуынан жасалады. Бұл жағдайда шетелдік сөздің мағынасы жиі өзгереді, мысалы: спикать (to speak – сөйлеу),

бузить (busy –мазасыз,тынымсыз).

Калька. Фонетикалық және графикалық келбетін сақтай отырып қолданылатын өзге тілді сөздер. Бұл меню, пароль, диск, вирус, клуб сияқты сөздер.

Полукалька. Грамматикалық игеру кезінде орыс грамматикасының ережелеріне бағынатын сөздер (жұрнақтар қосылады). Мысалы:

драйв – драйв (drive)

"Әлдеқашан мұндай драйв болған жоқ" - "энергетика" мағынасында.

Экзотизмдер. Басқа халықтардың ерекше ұлттық әдет-ғұрыптарын сипаттайтын және орыс тілінде тура мағынада сипаттауға қолданылатын сөздер. Бұл сөздердің бірден-бір ерекшелігі - оларда орыс синонимдері жоқ. Мысалы: чипсы (chips), хот-дог (hot-dog), чизбургер (cheeseburger).

Шет тілден енген сөздер: Бұл сөздер әдетте лексикалық эквиваленттерге ие, бірақ олардан стилистикалық түрде ерекшеленеді және сөйлеуге ерекше экспрессия беретін мәнерлі құрал ретінде белгілі бір қарым-қатынас саласында бекітіледі.Мысалы о’кей (ок), вау (wow).

Композиттер. Екі ағылшын сөзінен тұратын сөздер, мысалы: секонд-хенд –бұрын қолданылған киім сататын дүкен; бейне-салон – фильмдерді көруге арналған зал.

Жаргонизмдер. Кейбір дыбыстардың бұрмалануы салдарынан пайда болған сөздер, мысалы: крезанутый –(crazy) - ақымақ.

Күнделікті ауызекі сөйлеудн кірме сөздер қолдану жиілігі орасан зор.

Көптеген кірме сөздер жастар сленгінде өз орнын тапты, өйткені ол сленг-тинэйджерлердің тілдік мәдениетінің маңызды бөлігі болып саналады. Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, жастардың лексикалық қорын толықтырудың ең нәтижелі көзі БАҚ (Интернет), техника (компьютерлік технологиялар), поп-мәдениет (кино, музыка) сияқты салалар болып табылады.

Әрине, осы фактілерге белгілі бір әлеуметтік-мәдени баға беруге болады, бірақ олар қазірдің өзінде бар, біз оларды ағылшын тілін үйренуде пайдалануды ұсынамыз. Бұл оқушылардың шет тілін үйренуге қызығушылығын ынталандыратын болады. Жастар сленгі - маңызды әлеуметтік фактор болып табылады. Әлеуметтендіру жасөспірімдер үшін өте маңызды, сленгтік сөздерді сөйлеу, әсіресе англицизмдерді пайдалану белгілі бір жастар тобына қосылудың "коды" болып табылады. Сондықтан шетелдік терминологияда сленг standart language қарағанда in-group language\ in-group vocabulary жиі қолданылады.

Компьютер қолданушыларда өз "топ тілі" бар, ол бірден геймерді хакерден, әсіресе ажыратуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сноубордистердің сленгінде жаадан қосылғандарды юзерден және флеш-мобилден ажыратуға мумкіндік береді.

Бұл өзге тілді сөздер тілдің байлығына кедергі келтірмейді, өйткені ол арнақты әлеуметтік функцияға ие. Олардың көпшілігі бұдан әрі тілдік даму процесінде жоғалады, белгілі бір тілдің немесе әлеуметтік топтың жоғалып кетуіне алып келеді (бұл хиппи сленгінің мысалында көруге болады). [5, б. 36]

Жастар ортасындағы ағылшын тілі ең сәнді және ең перспективалы тіл болып саналады. Көптеген жастар онымен таныс. Сондықтан жастардың көптеген жаргонизмдері - ағылшын тілінен алынған, бірақ орыс тіліне аударылмаған сөздер.

Бір қызығы, бұл жаргонизмдер ағылшын тілін ешқашан үйренбеген адамдар да түсінеді, бұл жаргондық сөздердің соншалықты қазіргі сөздік қорға әсер еткенін көрсетеді. Мысалы:

отпанасонить - камераға фотоға түсіру;

лаптоп – ноутбук;

фифти-фифти (fifty-fifty) - 50 де 50;

респект – құрмет;

чейндж – айырбастау;

лузер – жолы болмайтын адам;

дринк – сусын;

пипл – адамдар;

крэзи (crazy) - ақымақ,,есуас;

прайсовый – қымбат;

бест, бестовый – үздік;

лав стори (love story) –махаббат тарихы;

дарлинг – қымбаттым;

Компьютерлік ойындар, видео, мультфильмдер. Компьютерлік ойындар жастар үшін хобби болғандықтан, көптеген жаргондық сөздер компьютерлік ойындардан жастардың сөздік қорына қосылған. Көптеген сөздер-ағылшын тілінен енген сөздер:

үшінші деңгей өтті, гильда - ойыншыларды біріктіру;

нуб - бастапқы ойыншы;

чар – кейіпкер;

моб – монстр;

итем (item) – зат;

вендор – сатушы;

манчить –деңгейді арттыру;

раснуть – белсене қатысу.

Мектеп сленгін «корпоративтік жастар жаргоны» деп есептеуге болады. Онда мектеп жаргонының "өзегі" болып табылатын лексикалық топ бөлінеді, оған кіретін оқушылардың көпшілігі қандай да бір шектеусіз (мысалы, аумақтық) сөйлейді.

Қазіргі заманғы жастардың белсенді пайдаланатын сленгі – өз кезегінде қоршаған орта жарамдылығы , типизация мен стандарттауға наразылықтарын білдіреді. Бұл жас адамдардың сыртқы келбетіне де әсер етеді (таңқаларлық шаш үлгісі, киім, пирсинг, тату). Сондықтан жас адам топ ішінен ерекшеленеді.

Бірақ екінші жағынан, өзіндік ерекше тіл, сыртқы көрініс - бұл кезеңділік белгісі, белгілі бір жастар тобына (готы, рокерлер, байкерлер) қатысты болуы. Жас адам елден ерекшеленеді. Жастар сленгінің басты ерекшеліктері - жастардың тұрақты эмоциялық, экспрессивтілігі, бағалануы және сөйлеу бейнелері болып табылады. Сөз сөйлеумен бірге жастар жаргоны дамып, үнемі жаңартылып отырады. Бұл қазіргі әдеби тілдің жалпы динамикасына ықпал етеді;

Жастар сленгіне әр түрлі арго және кең - әр түрлі субтілдік сияқты шекаралардың кейбір бытыраңқылығы тән. Оны жабық жүйе ретінде, байқау объектісі ретінде тек шартты түрде ажыратуға болады. Жастар сленгінің бірте-бірте таралуы орталықтан шетке қарай жүреді, және шеткі жерлерде ол ең аз болып табылады.

Жастарға сленг- маңызды әлеуметтік фактор. Әлеуметтендіру жасөспірімдер үшін өте маңызды. Сөзде сленгтік сөздерді, әсіресе англицизмдерді пайдалану белгілі бір "код" болып табылады, ол белгілі бір жастар тобына жіберіледі. Осылайша, тілдегі жаңа үрдістер қоғамда болып жатқан әлеуметтік-мәдени өзгерістерге тікелей әсер етеді.

ПАЙДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Т. В. Жеребило Сөздік лингвистикалық терминдер 5-ші баспа. -Назрань: Пилигрим. - 2010.

2 Э. Хауген Тілдік байланыс 6 –шы шығарылым. - Мәскеу, 1972ж. -447б.

3 А. И. Дьяков Қазіргі орыс тілінде англицизмдердің қарқынды қарыз алу себептері. // Тіл және мәдениет. - Новосибирск, 2003ж. - 35-43 беттер

4 М. А. Брейтер Англицизмдер орыс тілінде: тарихы мен болашағы: шетел-русистерге арналған оқулық. –баспа, -Владивосток: Диалог, 1997ж. - 275б.

5 Шапошников, В. Н. Орыс тілі 1990-ы. Қазіргі Ресей тілдік бейнелеуде - Мәскеу: баспа. - Просвещение, 1998ж.

Әбдіқұлова Раушан Мәмиқызы
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры м.а., rauabdi@mail.ru

ШЕШЕНДІК АЙШЫҚТАР

Қазақ би-шешендері ой мен сөзді астарға құрып, құбылтып қана қоймай, айшықтауға да шебер. Бөлтірік сөздеріндегі айшықтаудың (фигураның) бір түрі – арнау, оның ішінде сұрай арнау түрі – шешендік (риторикалық) айшық. Шешендік айшықтар Бөлтіріктің билік сөздерінде де, ділмәр, нақыл сөздерінде де бар. Шешен сөзіне риторикалық айшық бітіру арқылы тыңдаушысының да, өзінің де ойы мен сезімін ширықтырып сипатталушы құбылысқа құмарпаздығын арттырып, әсерлендіріп отырады. Шешен Алтын Емел дауына билік айтқанда да билер алқасына былай деп тіл қатады: «Бұл жер болғалы нелер ықылым ел көшіп өткен, кім жайламаған жер дейсің бұл! Бұрын мекендеп көшіп кеткен елде қисап бар ма? – Алтынның – алтын, Емелің қалмақша емес пе?»[16,51]. Шешеннің бұл сөз саптауындағы риторикалық айшық та, ой мен сөздің қуатын арттырудағы көркемдік тәсіл ретінде көрінеді.

«Арыстан қартайса, тышқан аулайды» дейтін билік сөзінде де Бөлтірік шешен Жалайыр елін абайсызда шаппақ болған аңғал батыр Ағыбайға: «Жалғанның жартысын жаулап алуға боларлықтай қалың қолды ат тұяғының астында жаншылып қалатын індікеште саршұнақтай иіріліп жатқан Жалайырға салғалы тұрмысың. Бұрын ойдағы оймауытқа, қырдағы қырмауытқа қолың жүруші еді. Қартаймасаң, мұның не?» [16,69]- дейді. Мұнда да шешеннің тыңдаушысын иландырмақ ойы риторикалық айшықпен көмкеріледі. Шешен сипатталушы құбылыс жайында ой таразылап тұрғандай қалып танытқанымен, тыңдаушысымен кеңесе келе, өз шешіміне көндіреді. Бұл ретте риторикалық айшықтың сөздің мағыналық құрылымдық бөліктерін байланыстырушылық қызметі айқын аңғарылады.

Шешен сөздеріне жарасымды айшық, көркем келісім беретін айшықтау түрлерінің бірі – қайталау. Шешен мұрасында қайталаудың алуан түрлері кездеседі. Соның бірі – жай қайталау.

«Жақсы деген кісінің
Алды-арты бірдей жарық болар,
Жақсы деген ісіңнің
Бас-аяғы бірдей анық болар.
Жаман деген кісінің
Алды-арты бірдей жау болар,
Жаман деген ісіңнің
Бас-аяғы бірдей дау болар.
Жаман істі қостама
Жаман кісіні бастама
Жақсы істі тастама
Жақсы кісіні жақсама.
Жаман істі қостасаң,
Қарың талады.
Жаман кісіні бастасаң,
Жағың талады.
Жақсы істі тастасаң,
Өнерің азады,
Жақсы кісіні жасқасаң,
Өнегең азады.
Қарың мен жағың талмасын,
Өнерің мен өнегең азбасын» [16,101].

Мұнда көптеген сөздер қайталанып отырады. Алдайда олардың ішіндегі негізгілері – «жақсы кісі» мен «жаман кісі», «жақсы іс» пен «жаман іс», «өнер мен өнеге». Бұл сөздердің қайталануы арқылы берілген ұғым әр қайталауға негіз болған ой жүйесімен астаса, байланыса келе, біртұтас философиялық толғам өзегіне айналады. Қайталанып отырған сөздердің мән мен мағына арттырудағы мұндай қызметі мен текстің мағыналық-құрылымдық бөліктерін өзара байланыстырушылық, ұйымдастырушылық қызметі тікелей сабақтас»[70,203]. Егер сөздегі біртектес қайталаулардың бірі, мәселен, «жақсыға» байланысты қайталауларды жинақтайтын болсақ, бұл пікірдің дәлелдігіне көз жеткіземіз.

«Жақсы деген кісінің
Алды-арты бірдей жарық болар,
Жақсы кісіні жасқама.
Жақсы кісіні жақсасаң
Өнегең азады»[16,101].

Жалпы, «Өнерің мен өнегең азбасын» сөзіндегі «жақсы кісі» сөзінен басқа да қайталаулар мен олар тудырған ұғымдарды жинақтап қарағанда, олардың қайсысынан да қайталаулар үндестігін байқауға болады. «Жақсы кісі» сөзі әртүрлі мағыналық бөліктерде қайталанады. Соған қарамастан сөздегі қайталаулар мен одан туатын ұғымдар үндестігі байқалады. Бұл сөздің мағыналық-құрылымдық бөліктері арасындағы өзара байланыстың беріктігі ғана емес, қайталаулардың да жүйелілігі, орындылығы. Сөздегі басқа қайталаулар да осындай. Шешен жай қайталау арқылы бір құбылыстың ғана емес, бірнеше құбылыстың мән-мағынасын арттыра

түседі. Бұл жай қайталаудың шешендік сөздердегі қолданылу ерекшелігі болса керек. Мұндай ерекшелік шешеннің «Жеті жақсы» сөзінде де бар.

«Ақылсыз адым баспайсың,
Ақылыңа сай талабың болмаса.
Жалғыз ақылмен алысқа аспайсың.
Білімсіз бірлік жоқ,
Малсыз тірлік жоқ.
Мал мен білімге сай кісілігің болмаса,
Бірлік пен тірліктен опа таппайсың.
Жақсы кәсіп – анық ырыс,
Жақсы сөз – жарым ырыс,
Жақсы кәсібіңе жақсы сөзің серік болмаса,
Жақыныңа да, жатқа да жақпайсың.
Осыны ұққайсың»[16,102].

Сөздегі қайталаулар бір ғана ұғымның емес, «ақыл», «бірлік», «тірлік», «жақсы кәсіп», «жақсы сөз» секілді әртүрлі ұғымдардың мәнін арттыруға қызмет етеді.

Шешен сөздерінде еспе қайталау да бар. Атақты ғалым З. Қабдоловтың пікірінше, поэзиядағы еспе қайталауда ой мен сыр түйдектеліп, еселене келіп, алдыңғы ұғымның аяғы, соңғы ұғымның басына қайталана көшіп отырады [67]. Ал, шешендік сөз өлең болмағанымен, еспе қайталаулардың өлеңге тән табиғаты шешендік сөзде де танылады. Бірақ мұндағы қайталау тәсілі сөздің суреттілігі мен әсерлілігі үшін емес, ой мен ұғымның маңызы мен мәнін байыту мақсатында қолданылады [70, 201].

«Біріншіден не жаман –
Қатынсыз адам бақытсыз,
Бақытсыз болсаң сол жаман.
Екіншіден не жаман –
Баласыз адам бағасыз,
Бағасыз болсаң, сол жаман» [16, 105].

Әрине, бұл үлгі өлеңдегі еспе қайталау үлгісіне ұқсас. Алайда, шешен сөздерінен еспе қайталаудың соны бір үлгісін де кездестірдік. Ол – «Сөз мәнісі» дейтін сөзі.

«Сөз мәнісін білмеген –
Ел мәнісін білмейді.
Ел мәнісін білмеген –
Жер мәнісін білмейді.
Жер мәнісін білмеген –
Ер мәнісін білмейді.
Ер мәнісін білмеген –
Бар мәнісін білмейді.
Бар мәнісін білмеген –
Мал мәнісін білмейді.
Мал мәнісін білмеген –
Ал мәнісін білмейді.
Ал мәнісін білмеген –
Бер мәнісін білмейді.
Бер мәнісін білмеген –
Не мәнісін біледі? [16,104].

Бұл сөзді әдепкі қайталаудың (анафора) немесе кезекті қайталаудың (эпифора) ғана үлгісі дей аламыз. Сөз сипатына тереңірек үңілер болсақ, мұнда «есіле түйдектеліп, еселеніп келетін» ұғым ғана емес, бір бүтін аяқталған ой екенін аңғару қиын емес. Міне, сол ой сөздің аяғынан басына көшіп, ойдан ой туындатуға негіз болады. Бұған көз жеткізу үшін шешендік сөз үлгісін сөйлеу тілінің синтаксисіне көшіріп көрейік.

Сөз мәнісін білмеген ел мәнісін білмейді.
Ел мәнісін білмеген жер мәнісін білмейді.
Жер мәнісін білмеген ер мәнісін білмейді.
Ер мәнісін білмеген бар мәнісін білмейді т.с.с.

Еспе қайталаудың мағыналық-құрылымдық болмысына тән жүйе өлең сөз бен шешендік сөзде бірдей қызмет атқарғанымен, еспе қайталаудың шешендік сөздегі мұндай құбылыстарына назар аударған жөн. Өйткені, бұл сөзде ойдан ой туындатуға өзек болып отырған да – еспе қайталау. Ал, еспе қайталау желісінде айқын көрінетін аяққы қайталау ойдың мәнін арттырып, тиянақтауға қызмет етеді. Жалпы, шешендік сөздерді саралау нәтижесінде байқағанымыз – қайталаудың бірнеше түрлерінің бір сөздің бойынан табылатындығы. Мұндай құбылыс шешеннің басқа сөздерінде де бар. «Аздым деп ұрлыққа барма» дейтін сөзі – әдепкі қайталаудың да, кезекті қайталаудың да үлгісі.

«Астым деп зорлыққа барма,
Күндердің күні болғанда етіңді күйдіресің
Аздым деп ұрлыққа барма,
Күндердің күні болғанда бетіңді күйдіресің.
Астым деп зорлыққа барма

Өзіңнен зор шықса, жағыңды сындырар,
Аздым деп ұрлыққа барма,
Өзіңнен сақ шықса, сағыңды сындырар» [16,63].

Қайталау сөздің мағыналық-құрылымдық бөліктерін байланыстырушы ғана емес, алдыңғы ойдың мәнін де арттырушы. Бұл қызметті сөздегі кезекті қайталаулар да атқарады. Сондай-ақ, шешеннің «Жеті жетіні білгенді адам дейді» сөзіндегі әдепкі қайталау мен аяққы қайталау әр алуан құбылыстардың мән-маңызын байытып тұрғаны мәлім.

«Жеті атаңды біл,
Жеті руды біл,
Жеті жарғыны біл,
Жеті жақсыны біл,
Жеті жаманды біл,
Жеті жетімді біл»[16,102].

Сөздегі әдепкі қайталаудың мағыналық бөліктерді сабақтастырып, ұйымдастырушылық қызметі де зор.

Шешеннің балаға айтқан ақыл сөздерінде де қайталау түрлері аралас келеді. Ал, шешеннің атақты «Ақыл» сөзінде әдепкі қайталау да, аяққы қайталау да бар.

«Жеті атасын білмегенді жетесіз дейді.
Жеті руды білмегенді жер көріп, ел танымаған ессіз дейді» [16, 102].

Шешеннің балаға айтқан ақыл сөздерінде де қайталау түрлері аралас келеді. Мысалы:

«Ақылы жоқты аға тұтпа,
Қасиеті жоқты қадір тұтпа,
Ақылы жоқты аға тұтсаң,
Кішілігіңді кемшіліктей көрер,
Қасиеті жоқты қадір тұтсаң,
Кісілігіңді ерсіліктей көрер» [16,103].

Ал, шешеннің атақты «Ақыл» сөзінде әдепкі қайталау да, аяққы қайталау да бар.

«Дүниеде азбайтын байлық біреу,
Ол – ақыл.
Дүниеде тозбайтын байлық біреу –
Ол – ақыл[16, 106].

Немесе:

Ақылсыз басқа қонса, бақ баянсыз,
Нақылсыз насқа қонса, тақ баянсыз.
Құдай ақылсыз бас болғаннан сақтасын.
Нақылсыз нас болғаннан сақтасын» [16, 107].

Бұл сөздегі әдепкі қайталаулар «Дүниеде», «Ол – ақыл» дейтін сөздер болса, аяққы қайталаулар «біреу», «баянсыз», «сақтасын» дейтін сөздер. Бұл қайталаулар да сөздің мағынасын арттырып тұр.

Қайталау түрлері қазақ би-шешендерінің билік, өсиет-нақыл, толғау сөздерінде жиі кездеседі. Мысалы, Қаз дауысты Қазыбек бидің «Ұят пен ар қымбат» деген сөзін алайық.

«Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат.
Аймалайтын анаң қымбат.
Мейірімді апаң қымбат.
Асқар тауың – әкең қымбат,
Туып-өскен елің қымбат
Кіндік кескен жерің қымбат
Ұят пен ар қымбат
Өзің сүйген жар қымбат»[6,10]

Әр тармақтың аяғында «қымбат» сөзі орынды қайталанып отырады. Алдыңғы ұғымдардың мәнін ашу мақсатында айтылады. Әрі қайталау арқылы әр тармақтағы ұғымдар үндестік табады. Алдыңғы ұғымның мәні бірте-бірте айқындала келе, сөз шырқау биікке көтеріледі. Бұл да Қазыбек сөзіндегі қайталаулардың мағыналық бөліктерді сабақтастырушылық қызметі.

Қайталаудың бұл қызметі «Қазыбек пен Қоңтажы» сөзінен де айқын танылады. «1. Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. 2. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. 3. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. 4. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. 5. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды. 6. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. 7. Сен қалмақ болсаң, біз қазақ, қарпысқалы келгенбіз, сен темір болсаң,

біз көмір ерткелі келгенбіз; 8. Қазақ, қалмақ баласы, табысқалы келгенбіз; 9. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз. 10. Сен қабылан болса, мен арыстан, алысқалы келгенбіз; 11. Жаңа үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз, тұқыр сары желіммін, жабысқалы келгенбіз. 12. Берсең жөндеп бітіміңді айт, не тұрысатын жеріңді айт!»[6, 107].

Қазыбек сөзіндегі албырт, тасқынды ойдың толқыны бірінен-бірі биік, бірінен-бірі өтімді. Алғашқы төрт сөйлем аяғындағы «елміз» деген сөздің ұдайы қайталануы арқылы алдыңғы ұғымдар ұлғайып, кейінгі ұғымдармен қанаттасып жатады. Ал, 5-сөйлемде аяққы қайталау нәтижесінде ұғымдар сараланады да, одан кейінгі сөйлемде тағы да қайталанған «елміз» деген сөздің тікелей мағыналық-құрылымдық жүйесімен өзектесіп, күрделі психологиялық процестің арқауына айналады. Бұдан соңғы 7,8,9,10,11 – сөйлемдерде қайталанатын, «келгенбіз», 12-сөйлемде «айт» сөздерінің де қайталану мақсаты – ұғымның мәні мен маңызын арттыру, ой мен сөзді айшықтау.

Біз Қазыбек би сөздеріндегі қайталаудың тек бір ғана түрін – аяққы қайталауды сөз еттік. Қазыбектің алдыңғы және кейінгі сөзінде де қолданылатын көркемдік тәсіл – аяққы қайталау.

«Байдалы мен Төле» дейтін шешендік сөз мәтініндегі баяндалатын өмір оқиғасының қысқаша ұзын-ырғасы мынадай: атақты Төлеби Қуандық еліне қызын бермекші болып, қалың малын алып қояды. Жыл өткен соң Қуандық елі келінді аламыз деп Төле биге барады. Төле қызын бермей, сылтау айтады. Қорланған Қуандық кісілері Төле жылқысынан өздерінің берген жүз жылқысын барымталап санап алып еліне қайтады. Сонда да он бес түйе, бота мойын жамбысы Төледе қалып қояды. Жылқышылар қуып бұлармен соғысады. Осы барымта кезінде күн шатырлап, бір соқыр жылқышыға жай түсіп өледі. Бір жылдан кейін құн даулап, Төле би Қуандыққа келсе, Абылай да осы елге келіп жатыр екен. Төле би «жылқышымның құны екі мың жылқы» деп құн даулап, бір мың жылқыны Абылайға бермек болады. Мұны Қуандық сезеді. Жеті биі күнде кеңес құрады. Төле биді сөзден жеңе алмаймыз, оның үстіне бір биіміз кем деп, осы дауды өршітпеуге тырысады. Бұлардың әңгімесін асық ойнап жүрген он екі жасар Байдалы есітеді. «Ағалар, бұларың дұрыс емес, Төле бидікі зорлық. Зорлыққа төзіп болмайды. Сегізінші бидің орнына мені алып барыңыздар. Төле бимен мен сөйлесіп көрейін, есе алмасам, есемді жібермеспін, мені баласынбаңыздар! Біздің ісіміз ақ емес пе, аққа алла жақ дейтіні қайда?-депті. Билер бұған келісіпті. Екі жақ айтысқа кіріседі. Төле би сөз бермейді. Қуандық билері жақ жазып, үндей алмайды. Сонда Абылай кім сөйлейді дегенде, он екі жасар Байдалы:

-Мен сөйлеймін. Аймен аталас емеспіз, күнмен баталас емеспіз, бұлтпен туысқанымыз жоқ, сол күнгі жауған жаңбырға жақындасып жуысқанымыз жоқ. Құдайға шақпағыңды шақ дегеніміз жоқ, білтеңді жақ дегеніміз жоқ. Құрығын сүйрете алмай жүрген Үйсіннің соқыр жылқышысын көзінен көздеп ат дегеніміз жоқ. Еліңде талай қасқа мен жайсаңдар жай түсіп өлген шығар. Солар үшін құдайдан алған құныңды көрсет, Төле би? Құдайдан құн алмасаң, мен де құн бермеймін. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Дұрыс төрелігіңді айт, Абылай!» [6, 117-119] -депті.

Әрине, көріп отырғанымыздай Байдалы бидің шешендік сөзінің өне бойы тұтастай буын үндестігіне, әсем ырғаққа құрылған. «Аймен аталас, күнмен баталас» дейтін егіз тіркестердегі буын саны да мөлшерлес, «аталас», «баталас» сөздері ұйқас құрылып, «а» дыбысына негізделген ассонанс сөзге әсерлі айшық дарытады. Ал, «бұлтпен туысқанымыз жоқ, сол күнгі жауған жаңбырға жақындасып жуысқанымыз жоқ» деген жолдардағы «бұлтпен туысу» кейіптеу ұғымын берсе, «жауған жаңбырға жақындасып жуысқанымыз жоқ» деген сөз орамындағы «ж» дыбысының аллитерациясы ой алғырлығына куә етеді. Сондай-ақ, аяққы қайталаудағы «жоқ» сөз дау сөз мағынасын арттыруға қызмет етеді. Осындай дауыссыз дыбыстар үндестігі «көзінен көздеп ат дегеніміз жоқ» деген тіркесте де келісті өрнек табады. «Еліңде талай қасқа мен жайсаңдар жай түсіп өлген шығар. Солар үшін құдайдан алған құныңды көрсет, Төле би? Құдайдан құн алмасаң, мен де құн бермеймін» деген шешеннің кесімді сөзіндегі риторикалық сауалдың, шешім-кесімнің салмағы да, қуаты да ерекше. Ал, «жайсаңдар жай түсіп», я болмаса «құдайдан құн алу» деген орамдардағы «жай» деген буындардың немесе «құ», құн» буындарының үндестігі былай тұрсын, «құдайдан құн алу» ойға келмейтін тіркес екені анық болса керек. Тіпті, жоғарыдағы «жауған жаңбырға жақындасып жуысқанымыз жоқ» немесе «жайсаңдар жай түсіп» деген сөздердің жаңылтпашқа жуық мәні жаңылмас жақ иесінің ой мен сөзге алғырлығын ғана аңғартып қоймайды, тыңдаушысының танымына әсер етіп, таңдай қақтырары қақ деуге болады. Бұдан шығатын қорытынды – шешендік сөздерде қайталау түрлері көбінесе араласа, тоқайласа келеді. Ал, басқа би-шешендер сөздерінде қайталаудың бір ғана түрі қолданылатындығы байқалады.

Шешен шығармашылығында ой мен сөздің, ұғымның немесе құбылыстың мәні мен маңызын арттыруда, асыра, асқақтата айтуда қолданылатын фигураның бір түрі – дамыту (градация). Шешеннің «Жақсымен жолдас болған», «Ақыл» дейтін сөздері - дамытудың үздік үлгілері. Шешен бұл сөздерінде «ақылдың» және «жақсымен жолдас болғанның» қасиеттерін үстеп, ұлғайтып, асқақтата түседі.

«Дүниеде азбайтын байлық біреу
Ол – ақыл.
Дүниеде тозбайтын байлық біреу
Ол – ақыл». Немесе:

«Жақсымен жолдас болған
Ел ұстанған тілектей болады,.
Қыз ұстаған жібектей болады.
Жадыраған жаздай болады»[16,106].

Шешен сөздерінде ерекше көркемдік қызмет атқаратын айшықтау түрлерінің бірі – егіздеу. Егіздеу тәсілі арқылы күрделі ұғымдар жүйесін құруға аса шебер. Шешен екі ұдай егіз ұғым жүйесін құруға аса шебер. Шешен екі ұдай егіз ұғымды ұсына отырып, басқа бір күрделі ұғым жайлы толғайды. Бұл – ежелгі жыраулық дәстүрге де, шешендік өнерге де тән ерекшелік.

«Аққу құсқа оқ тисе,
Қанатын суға тигізбес.
Ақсүйекке оқ тисе,
Көршісіне сездірмес.
Қас батырға оқ тисе,
Қара аспанды төндірмес.
Қас жаманға оқ тисе,
Басын жерден көтермес.
Ноқталы басқа бір өлім
Ақыр бір келмей ме? [16,95]

«Аққу құсқа оқ тисе» дейтін бұл сөзінде шешеннің егіз ұғымдарды ұсына отырып айтпақ ойы – ажалдың рақымсыздығы, оған адамның қайрат-жігерін тауыспай, қарсы тұра білу қажеттігі.

«Жалшыңнан сарқыт жер ме едің?», «Өнерің мен өнегең азбасын», «Атаңның тасын тасыған артық», «Оның шошып жүргені осы шығар» дейтін сөздерінде «жақсы» мен «жаманның» екіұдай қасиеттерін ұсына отырып, күрделі ұғымдар жүйесін тудырады. Шешеннің «Жолдас болсаң» дейтін сөзіндегі егіздеулерден де күрделі ұғымдар көрініс табады.

«Бармен жолдас болсаң,
Ернің майланады.
Жоқпен жолдас болсаң,
Есің айналады.
Батырмен жолдас болсаң,
Қаның тасиды.
Қорқақпен жолдас болсаң,
Жаның жасиды.
Адалмен жолдас болсаң,
Қонып, асыңды ішеді.
Аямен жолдас болсаң,
Төгіп, қаныңды ішеді.
Ұрымен жолдас болсаң,
Алдыңнан дау шығады,
Артыңнан жау шығады,
Одан ілуде біреу ғана сау шығады!»[16,127].

Екіұдай құбылыстың қасиеттерін саралай отырып, өзгеше бір байлам жасау, даналық ой қорыту шешеннің көркемдік-эстетикалық танымы мен ойлау ерекшелігін танытады.

Екіұдай құбылысты жұптай суреттеу арқылы өзгеше бір даналық байлам жасау, ой қорыту – шешен танымының алғырлығы, ойлаудың жүйелілігі. Сондықтан, шешен сөздеріндегі егіздеудің көркемдік-эстетикалық қызметі ерекше. Егіздеу шешен сөздерінде синтаксистік параллелизм үлгісінде де кездеседі.

«Ақылы жоқты аға тұтпа,
Қасиеті жоқты қадір тұтпа,
Ақылы жоқты аға тұтсаң,
Кішілігіңді кемшіліктей көрер.
Қасиеті жоқты қадір тұтсаң,
Кісілігіңді ерсіліктей көрер»[16,103].

Шешен сөзді орынды жерде инверсия айшығына да салады. Бұл ауызша айтылған сөзге ерекше интонация беріп, жандандыра, құбылта түседі. Бөлтірік сөздерінде инверсия айшығы аз болмас. Соның бір қатары мыналар:

«Ажалдың соқса дауылы,
Өмірдің шамы сөнбей ме?» [16,95]
Бетің қайтпаған менен
Маған айтқаныңды білесің бе?» [16,79]

«Басқа пәле тілден,

Шешеннің бұл сөздеріндегі инверсия айшығы да, риторикалық сауалдар да айтылу сәтіндегі лептілікке, дауыс ырғағына негізделген. Бұл құбылтулардың баршасы шешеннің тыңдаушысын баурап, әсерлендіре білу мақсатынан туған.

Шешен сөзіне лептілік дауыс ырғағымен қоса, дыбыстар үндестігі де айрықша ажар береді. Мәселен, шешен:

«Ақылы жоқты аға тұтпа,
Қасиеті жоқты қадір тұтпа», – дейді [16,103].

Мұндағы сөзге ажар бітіріп тұрған а дыбысы мен қ дыбыстарының үндестігі. Сондай-ақ, шешеннің «Кей ақымақ аузымен айды алады, қолымен қосаяқ соға алмайды»[16,125] дейтін

сөзіне де көркемдік беріп тұрған дыбыстар үндестігі, яғни ассонанс (дауысты дыбыс үндестігі) пен аллитерация (дауыссыз дыбыс үндестігі).

«Арғымақ атта жал болмас,

Жабы келіп жалымен теңесер» [16, 39]-

дейтін сөзінде де а дыбысы мен ж дыбысының үндестігін байқаймыз. Шешен сөздерінде жиі кездесетін дыбыс үндестігі – аллитерация. «Арыстан қартайса, тышқан аулайды» дейтін сөзіне басқа көркемдік тәсілдермен қоса, ж дыбысының үндестігі едәуір көркем ажар берген. Мысалы: «Жалғанның жартысын жаулап алуға боларлықтай қалың қолды ат тұяғының астында жаншылып қалатын індікеште саршұнақтай иіріліп жатқан жалайырға салғалы тұрмысың»[16, 69] немесе: «Жатқа сөйлеме, Жаманға сөйлеме»[16, 98].

Жалпы, Бөлтірік сөздерінің ешбір көркемдік бояусыз-ақ тыңдаушысына түсінікті, әрі дәл екенін жоққа шығара алмаймыз. Бұл, әсіресе, оның балаға айтқан нақыл сөздерінен айқын танылады. Өйткені, бұл сөздердің суреттілігінен гөрі, ой мен мазмұн тереңдігі басым.

«Бар дүниені шашпа,

Жоқ дүниені қума,

Шашқан шет болар,

Қуанған ит болар» [16,103]-

дейтін сөзінде айта қаларлықтай көркемдік тәсіл жоқ. Алайда, сөз терең философиялық мазмұнға құрылған. Сөз табиғилығымен де құнды.

Сонымен, шешендік сөздердегі көркемдік бейнелеу құралдарының ашық ажар, келісті кестесі оның поэтикалық ойлау ерекшелігін, таным әлемінің байлығын көрсетеді. Шешеннің аналогиялық ой қорытуға зеректігі, танымы мен қиялының ұшқырлығы сөз саптауда тыңдаушысының сезімін серпіп, ойын қозғар әсерлі образдарды түйдек-түйдегімен төгеді. Бұл шын шебер шешенге ғана тән қасиет болып табылады.

Шешендік дискурс үлгілерінде айшықтаудың да түрлері аз емес. Шешен сөзді астарға құрып, құбылтып қоймай, айшықтауда да шеберлік танытады. Әсіресе, шешен сөзіне риторикалық айшық бітіру арқылы ойы мен сөзін ширықтырып, тыңдаушысын сөзіне елтітіп, құмарландырып отырады. Сондай-ақ, шешен сөздеріне жарасымды айшық бітіретін көркемдік бейнелеу құралдарының бірі қайталау тәсілінің шешен сөздің мағыналық бөліктерін өзара байланыстырушылық, ұйымдастырушылық қызметі ерекше. Поэзиядағы еспе қайталаудың шешен сөздегі соны құбылысын да пайымдауға болады. Өйткені, ол шешен сөзде ойдан ой туындатуға өзек болып отырады. Сондай-ақ, шешендік сөздерде, жыраулар шығармашылығында да қайталаудың алуан түрлері қат-қабат, тұтасып келе береді. Ал шешендік сөздерде егіздеу тәсілі даналық ой түюде шебер қолданылады. Шешен қолдануындағы егіздеу тәсілі синтаксистік параллелизм үлгісінде де кездеседі. Шешен сөзді орынды жерде инверсия айшығына да салады. Бұл ауызша айтылған сөзге ерекше интонация беріп, жандандыра түседі. Шешен сөзіне лептілік, дауыс ырғағымен қоса, дыбыстар үндестігі де ерекше көрік береді. Бұл құбылтулар мен айшықтаулардың баршасы шешеннің тыңдаушысын баурап, әсерлендіре білу мақсатынан туған. Шешеннің ақылының алғырлығы мен танымының зеректігі, қиялының ұшқырлығы, ойының жүйелілігі қайталанбас образдар жүйесін жасаған.

Қазақ би-шешендерінің сұңғыла шешендігі мен шеберлік даралығы да сөзі мен ойының суреттілігінің бір-бірімен жымдаса өріліп, бірін-бірі нақтыландырып, сәулеттендіріп, жетілдіріп, сыры мен сымбаты тең түсе отырып, тыңдаушысының ойы мен қиялын тербетіп, сөзімен тебіренте алған көркемдік тұтастықтың ерекше күш-қуатында екені айқын.

Әдебиеттер:

1. Әлменұлы Б. Шешендік сөздер. – Алматы: Ғылым, 1993. – 144 б.
2. Дәдебаев Ж. Бөлтірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1996. – 180 б.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
4. Шешендік сөздер // Құраст. Адамбаев Б. – Алматы, 1990.-166 бет.

Исаева Жазира Исақызы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, jazirhon79@mail.ru

Кудайбергенова Шолпан Аскаровна
Аймақтық әлеуметтік инновациялық университетінің 2-курс магистранты

ГИПЕРМӘТІН РЕТІНДЕГІ ҒАЛАМТОР-ЖАРНАМА ТІЛІ

Андатпа: Бұл мақалада ғаламтор-жарнаманың гипермәтінін зерттеу қазіргі лингвистика үшін өзекті екендігі қарастырылып, гипермәтіннің қарапайым мәтіннен айырмашылғы анықталған. Жарнама жайлы әртүрлі анықтамалар ұсынылған.

Ғаламтор-жарнаманың желіде гипермәтінді формада болатындығы, гипермәтін ұғымының лингвистер үшін қызықты екендігі, өйткені гипермәтін компьютерлік технологиялар көмегімен берілетін мәтіннің негізгі формасы болып табылатындығы сөз болады. Ғаламтор-жарнаманың гипермәтінінің құрылымы, оның реципиентке ықпалы, функционалдық ерекшеліктері, ғаламтор-жарнама гипермәтінін лингвистикалық зерттеудің ерекше бағыты оны реципиенттің жасы мен тендері контексінде қарастырғанда ашылатындығы дәлелденген.

Кілт сөздер: Гипермәтін, гиперорта, жарнама, ғаламтор-жарнама, контекстілік жарнама, мәтіндік-графикалық жарнама, гиперсілтеме, жазбаша сөйлеу, қарапайым мәтін т.б.

Аннотация: В данной статье рассматривается язык гипертекста интернет-рекламы как одна из актуальныхпроблем современной лингвистики, а также выявляются его отличительные признаки от обычного гипертекста. Автор предлагает различные определения понятия рекламы.

Понятие гипертекста на сегодняшний день вызывает большой интерес для лингвистов, так как интернет-реклама может существовать в сети в форме гипертекста, и является одним из основных текстов, передаваемых посредством компьютерных технологий.

Доказано, что структура гипертекста интернет-рекламы, ее влияние на реципиента, функциональные особенности гипертекста интернет-рекламы как особого направления лингвистических исследований, раскрывается в контексте учета возраста и других особенностей реципиентов.

Ключевые слова: гипертекст, гиперорта, реклама, интернет-реклама, контекстная реклама, текстографическая реклама, гиперссылка, письменная речь, простой текст и т. д. б.

Abstracts: This article deals with the hypertext language of Internet advertising as one of the urgent problems of modern linguistics, and also identifies its distinctive features from the usual hypertext. The author offers different definitions of the concept of advertising.

The concept of hypertext today is of great interest to linguists, since Internet advertising can exist in the network in the form of hypertext, and is one of the main texts transmitted by computer technology.

It is proved that the hypertext structure of Internet advertising, its influence on the recipient, the functional features of the hypertext of Internet advertising as a special direction of linguistic research, is revealed in the context of age and other features of the recipients.

Keywords:hypertext, hypermedia, advertising, Internet advertising, contextual advertising, textual advertising, hyperlink, written speech, simple text, etc.

Жарнама тілі қазақ тілінің зерттеу аясында көрініс таба бастағанына көп уақыт өткен жоқ. Жарнама, реклама (франц. reclame, лат. reclamo — жар саламын) — тауарлардың, қызмет көрсетудің тұтынушылық қасиеті туралы ақпарат беру және оған деген сұранысты көбейту мақсатында таратылатын хабарлама; белгілі бір адамдар, ұйымдар, әдебиет пен өнер шығармалары туралы хабар таратып, оларды әйгілеу .

Жарнама дегеніміз – белгілі бір зат пен құбылысты, іс-әрекет пен қызметті елге таныту, насихаттау, оларға деген сұранысты күшейту мақсатымен жарияланған хабарлама жиынтығы. Жарнама (жар+нама; «жар» - жария етті, мәлімдеді, хабар таратты, жарияланды; «нама» - араб, парсы «жазылған хат, шығарылған бәйіт, дастан» - қазақ мәдениетінде кең қолданылған ұғым, дефициясы айқын термин. Энциклопедиялық, лексикологиялық, мағлұматнамалық, терминологиялық еңбектерде берілген анықтамалардан шығатын қорытынды – «жарнама – спектакль, концерт немесе көрермендерге арналған басқа да мәдени шаралар, спорттық жарыстар, ойын-сауық туралы хабарландарудың бір түрі» [1].

Жарнама – тілдік құралдар арқылы да, вербалды емес құралдар арқылы да ұлттық мәдениеттің белгілерін көрсетуі қажет. Ал ұлттық мәдентиеттің танылуы тілдің ұлттық белгілері: сөз қолдану, граматикалық заңдылығы, нормалары игерілгенде көрінеді. Жарнама мәтіні ұлт тілімен, ұлттық мәдениетпен байланысты қалыптасатын жағдайда ғана, өзінің негізгі мақсатын атқара алады.

Қазіргі қазақ жарнамалары таралу жолдарына, қамтитын тақырыптарына, түрлеріне қарай әр түрге бөлінеді: сыртық жарнама (маңдайшалар, жарнамалық қалқандар, панно, плакаттар); теле және радио жарнама (жарнама роликтері, жарнамалық телерепортаждар, теледидардағы жарнамалық қатарлар, радио хабарландырулар, радио роликтер); парақша жарнама (каталогтар, буклеттер, жапсырмалар, шағын жарнама парақтар, шақыру билеттері, баға көрсеткіштері); газер жарнамасы (газет-журналдарда жарияланған жарнама мәтіндері) [2].

Бүгінде жарнаманың жаңа түрлері мен жаңа қалыптары пайда болуда, алайда жарнама мәтінінде әрдайым негізгі, жетекші қызметті сөз атқарады. Жарнама тілі саласы қазақ тілінде жаңа сала деп қарастыруға болады. Қазіргі таңда жарнама үстем болып отырған орыс тілінде дайындалады да, кейін қазақ тіліне аударылады. Бұл жағдай керісінше болуы тиіс. Алдымен мемлекеттік тілде, қазақ тілінде әзірлену керек. Сол тілдің ыңғайына жығылу, сол тілде қалай жазылса, үтір нүктесіне дейін қалдырмай, қазақ тілінде де солай жазу басым. Оған лайық балама немесе қазақ тілінің тілдік нормаларын сақтау ұмыт қалғандай. Сөзбе-сөздіктің қазақ тілінің граматикалық құрылысына, қиыстыру жүйесіне қиянат жасаған жерлері баршыдық. Қиыны, міне осында. Небір жарнама аудармаларын оқып отырғанда, қарап отырғанда, не оқып, не түсінгенініді білмей қайран қаласың. Бірен-сараны болмаса, кілең қазақ сөздерінен құрылған тіркестер өзара байланыспай, қиыспай нақтылы ұғым берместен сіресіп тұрады. Әрине, жарнама кеңес заманында өз алдына бөлек ғылыми – зерттеу нысанына айнала қоймағаны белгілі. Оған анықталған жағдайлар да әсер етті. Алайда тәуелсіздік алған жылдардан бері еліміздің нарықтық сауда қатынастарына көше бастауына байланысты шетелдік және Отандық тауар өнімдерін насихаттауға арналған жарнама саласы қарқындап дамыды. Экономикалық жақтан көп пайда әкелетін жарнамалық тауарлардың, жарнаманы насихаттайтын бұқаралық ақпарат құралдарына байланысты туындап отырған бүгінгі таңдағы ең басты мәселе олардың тілін зерттеу болып отыр. Яғни жарнамалардың аймақтық таралу ауқымына қарай олардың мәтіндік - тілдік сипаттары да айрықша болмақ. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі екені, тіл туралы екі рет қабылданған заңда ашық айтылған. Демек, Қазақстан аумағындағы жарнамалар мемлекеттік тілге сай болуы керек. Бұндай болмаған жағдайда ол заңнамалық құжатты өрескел түрде бұзу болып табылады.

Жарнаманың экономикалық тиімділігін ғана ойлап, оның мағыналық, тілдік сипатына мән бермеу адамдардың ой – санасына, психологиясын да әсер етеді. Жалпы жарнаманың адам сана – сезіміне әсер ететін құбылыс екендігін шетел ғалымдары әлдеқашан растаған. Жарнама мәтіні ықпал етуі жағынан психологиялық басқару нысанына жатқызылады. Демек, адамның тілдік сана – сезіміне әсер етеді деген сөз.

Бүгінгі таңдағы қазақ жарнамаларының алдымен орыс тілінде жазылып, содан кейін ғана қазақшаға аударылатыны тілдік сана – сезімнің көрінісі. Бұл жерде орыс тілінің әлі де үстемдік құрып отырғанын айтпай кетуге болмайды. Себебі, қазақ тілінде сөйлейтін, қазақ тілін ана тілі ретінде танитын қазақ ұлтының өкіліне орыс тіліндегі жарнама мәтінінің айна - қатесіз көшірмесі бірден көрініп тұрады. Мұның өзі жарнаманың тұтынушылар арасындағы беделінің жойылуына себеп болады. Осылайша жарнама тілдік сана – сезім арқылы ықпал ету қасиетінен мүлдем айрылуы мүмкін [3].

Жоғарыда атап өтілгендей, ғаламтор-жарнама деп тұтынушыға тауарлар мен қызметтер және нарық субъектілерінің беделінің жақсаруы туралы ақпарат беруге бағытталған электронды маркетингілік коммуникация аясындағы іс-шаралар кешені ұғынылады. Ғаламтор-жарнаманың бірнеше түрлерін ажыратады. Корпоративті web-сервер – жарнама алаңы болып есептелетін сайттарда мәтіндік-графикалық жарнамалық материалдарды орналастыру. Контекстілік жарнама – мәтіндік-графикалық жарнамалық материалдарды контекстік алаңдарда орналастыру. Жарнамалық материалдар мен контекстілік алаңдардың сәйкестігі жарнамалық сервистің алгоритмімен анықталады. Контекстілік жарнаманың түрлері іздеу жарнамасы – мәтіндік-графикалық жарнамалық материалдарды сайттардағы іздеу нәтижелерінің қасында орналастыру, және геоконтекстілік жарнама – қолданушының мекен-жайын ескеретін мобильді телефондардағы жарнама, вебкарталардағы жарнама болып табылады. Вирусты жарнама – ашық, шығармашылық идеялары арқылы назар аудартатын мазмұнының арқасында таратушылары мақсатты аудиторияның өзі болып табылатын жарнамалық материалдардың түрі. Жарнаманың барлық түрлері гипермәтіндік форма көмегімен желіде жүзеге асырыла алады.

Гипермәтіндердің анықтамаларынан ғаламтор желісіндегі жарнама гипермәтіндік формаға ие екендігін тұжырымдауға мүмкіндік беретін белгілерін бөліп аламыз: гипермәтін – оқу процестерінің бірбағыттылығы мен сызықтық бағыттылығы болмайтын компьютерлік ортада

жазбаша сөйлеуді ұйымдастырудың ерекше бір түрі, бұл жерде сандық код көмегімен электронды түрде жазылған мәтіндік және бейвербалдық ақпаратты біріктіруге мүмкіндік бар [4,48]. Ғаламтор-жарнама қандай түрде берілсе де дискретті элементтерден тұрады, олар басқа элементтерге сілтемелерге және әдетте браузерге салынған алдыңғы бетке өту мүмкіндігіне ие, бұл оқу процесінің сызықтық болмайтынын қамтамасыз етеді. Бұл қазіргі ғаламтор-жарнаманың негізінен гипермәтіндік табиғаты бар екенін тұжырымдауға және оны гипермәтін теориясы тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Ғаламтор-жарнаманың гипермәтіні – бұл жарнаманың ерекше түрі және гипермәтіннің ерекше түрі, өйткені:

1) гипермәтінді жарнамалық мақсатта қолдану гипермәтіннің желіде ақпаратты ұсыну формасы ретіндегі сипаттарына зерттеудің жаңа әдістері мен тәсілдерін талап ететін жаңа қасиеттер, қызметтер, модельдер қосады;

2) гипермәтіндік формаға айналған жарнама да оны жарнамалық коммуникацияның өзге түрлерінен ажырататын ерекшеліктерге ие болады. Бұл ерекшеліктерді талдау керек, себебі олар коммуникацияның, оның ішінде маркетингілік коммуникацияның қазіргі процестерінде үлкен рөл ойнайды. Демек, Ғаламтор-жарнаманың гипермәтінін зерттеу қазіргі лингвистика үшін өзекті болып табылады.

Ғаламтор-жарнама гипермәтінінің негізгі формалары сайт пен баннер болып табылады. Сайт – бұл бір URL-адреспен (ресурстың әмбебап нұсқағышы) біріктірілген жекелеген беттердің (гипермәтіннің гипомәтіндері) жиынтығы. Баннер – бұл прессадағы жарнамалық модульге ұқсас тік бұрышты графикалық сурет болып табылатын Ғаламтор-жарнаманың басым форматтарының бірі, алайда баннерде анимацияланған және дыбыстық элементтер болуы мүмкін, сондай-ақ жарнама берушінің web-сайтына немесе қосымша ақпараты бар бетке гиперсілтеме болып табылуы мүмкін [5,3]. Сайт дискретті бірліктердің жиынтығы ретінде гипертекстуалды. Баннерді гипермәтін бірлігі ретінде қарастыруға болады, себебі оның желідегі басқа бетке сілтемесі болады.

Ғаламтор-жарнаманың гипермәтіні – лингвистикалық тұрғыдан жаңа және зерттелмеген құбылыс. Ғаламтор-жарнаманың гипермәтінінің құрылымы, оның реципиентке ықпалы, функционалдық ерекшеліктері зерттеуді талап етеді. Ғаламтор-жарнама гипермәтінін лингвистикалық зерттеудің ерекше бағыты оны реципиенттің жасы мен тендері контексінде қарастырғанда ашылады. Балалар жасына байланысты өте сезімтал, алғыр болады, осы кезеңде болашақ тұтынушының әлеуметтенуі мен қалыптасуы жүреді, ал бұл балаларға арналған Ғаламтор-жарнама гипермәтінін лингвистикалық зерттеуді қазіргі тіл туралы ғылым үшін өзекті етеді.

Жарнаманың өз қызметін атқаруы үшін жарнама мәтінін құрастыру кезінде адам сана – сезімінің ерекшеліктерін ескеріп жасаған кезде ғана жетеді. Негізінен жарнаманың адам сана – сезіміне әсер етуінің мынадай кезеңдері бар: назарды өзіне аударту, қызықтыру, ынталандыру, сатып алуға немесе басқа да іс - әрекет пайдаланылуына нақтылы дәлелдеме жасау, сатып алуға немесе іс - әрекеттерді пайдалануға мәжбүр ету.

Гипермәтін және гиперорта ішіне басқа мәліметтерге сілтеу енгізілген өзге түсті мәтіннен немесе суреттен тұрады. Web парақтарындағы гипермәтіндік не жай қарапайым сілтеулер асты сызылған сөздер арқылы немесе белгіленген сурет көмегімен іске қосылады. Сол сөзді (суретті) тышқанмен шерткенде, сонымен байланысқан басқа құжат ашылады. Ол құжаттар мәліметтер ішіндегі басқа парақтарда, Web жүйесіндегі басқа тораптарда орналасып, бейнежазба, сурет немесе жазылған дыбыс күйінде болуы мүмкін.

Hypertext – гипермәтін (гипертекст) – ішінде активті, яғни екпінді элементі (anchor) бар мәтін, мысалы, осы құжаттың басқа бөлігіне сілтемесі бар алғашқы нүкте ретінде қарастырылатын сөз. Гипермәтінді оқу үшін browsers – броузер деп аталатын арнайы көру программасы қолданылады. Гипермәтін экранда белгіленген қарапайым сөз ретінде тұрады, егер курсорды сол сөзге жеткізіп ENTER пернесін бассақ (сілтеп тұрған) басқа құжатты оқимыз. Ол құжаттар мәліметтер ішіндегі басқа парақтарда, Web жүйесіндегі басқа тораптарда орналасып, бейнежазба, сурет немесе жазылған дыбыс күйінде мүмкін**.** Гипермәтін қарапайым мәтіннен айырмашылғы гипермәтін көптеген гиперсілтемелер арқылы байланысқан мәтіннің бөлек-бөлек бөліктері. Әрбір түйінде бір немесе бірнеше сілтемелер болуы мүмкін (кілттік сөз, алмасу нүктесі ерекшеленген графикалық элементтер түрінде) олардың көмегімен келесі түріне өтуге болады. Гипер мәтіннің ашық құрылымы келесі мінездемелерге ие бөліктерінің ақпаратты әртүрлі өлшемде бөліктер арасындағы гиперсілтемелер пайдалануға бір бөліктен екіншіге өтуге рұқсат береді. Жүйелік принцип сілтеме құрылымы ретінде жүреді. Гипермәтіннің барлық элементтерін

пайдаланушыларға бір мезетте шығуға көмектеседі. Пайдаланушы қатарыннан динамикалық бақылау гипермәтінде қайда беру керектігін шешеді [5,3].

Гипермәтін – қосымша элементтерді басқару мақсатында ішіне арнаулы код, яғни екпінді (anchor) орналасқан мәтін. Ол мәтін ішіне сурет, дыбыс енгізу, мәтінді пішімдеу (форматтау) ісін орындайтын немесе осы құжаттың басқа бөлігіне сілтемесі бар алғашқы нүкте ретінде қарастырылатын белгіленген сөз. Сөзді ерекшелеп белгілеу дегеніміз – келесі көрсетілетін құжат бөлігі қалай бейнеленетінін анықтайтын айырықша кодты осы сөз ішіне енгізу.

Қорыта айтқанда, жүргізілген зерттеулер интернет-жарнама гипер -мәтінінің құрылымдық және функционалдық ерекшеліктерін зерттеуді мақсат етіп қойды. Гипермәтін ғаламтор желісінде өмір сүрудің негізгі формасы ретінде, ал ғаламтор-жарнама гипермәтіні, ғаламтор желісіндегі, газет, журнал, теле-радио т.б. жарнаманың арнайы айрықша түрі ретінде қарастырылды. Оның ерекшеліктері жарнамаланатын объектімен ғана емес, реципиентпен де, яғни жарнаманың мақсатты аудиториясымен де анықталады. Қазіргі ғылыми дискурста ғаламтор-жарнаманың тұрақтанған анықтамасының және мультимедиа-үзіктер енгізілген гомогенді емес мәтіндердің теориясының жасалуын қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Көбеков И. Жарнаманың жайы қандай? // Алматы ақшамы, 8 қараша, 2003.

2.Солтанбекова Ғалия Әлібекқызы «Қазақ жарнамалары: тілдік сипаты және олардың ықпал ету қызметі». Кандидаттық диссертацияның автореферaты. –Алматы, 2004.

3.Молдахметова Ж.Б. Жарнаманың тілдік сипаты // Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет және аударма мәселелері: Халықаралық ғылыми- практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2010. 319-323 б.

4.Рязанцева Т. И. Гипертекст и электронная коммуникация / Т. И Рязанцева. -М.: Издательство ЛКИ, 2010. - 256 с.

5.Дедова О. В. Лингвосемиотический анализ электронного гипертекста: наматериале русскоязычного Интернета : дис. ... канд. фил.наук: 10.02.01. - М . , 2006-25 3 с.

Әлімбек Г.Р.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Alimbek_gaukhar@mail.ru

ТІЛ ҮЙРЕТУДЕ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Abstract. The article is devoted to use of Proverbs and sayings in the lesson of the Kazakh language. The article presents the classification of exercises using Proverbs and sayings.

Key words: proverb, saying, the lesson of the Kazakh language.

Қазақ тілі мақал-мәтелге өте бай. Тілді оқытуда сол байлықты орнымен пайдаланып, ұлттың тілімен бірге оның даналық ойларынан да хабардар ету тіл үйренушілердің халықтың мәдениетіне, дүниетанымына, тіліне деген қызығушылығы мен құрметін арттыра түседі. Ал қызығушылық, уәжділік болған жерде оң нәтиже де болары хақ. Сол себепті біз өз мақаламызда мәселенің осы қырына, яғни қазақ тілін өзгетілді аудиторияда оқытуда мақал-мәтелдерді пайдаланудың тиімді тұстарына тоқталуды мақсат етіп отырмыз.

Соңғы жылдары мақал-мәтелдерді тіл үйретудің орта және жоғары деңгейінде қолданудың тиімділігі жайында көптеген елдердің лингвист ғалымдары, әдіскер мамандары жиі сөз қозғап жүр. Бұл орайда «Шет тілі сабақтарында мақал-мәтелдер оларды тек еске сақтау мен дұрыс түсіну немесе сөйлеу барысында қолдануымен қатар, лексикалық және грамматикалық, сөйлеу мен жазу, оқу әрі тыңдау сияқты тұтас коммуникативтік дағдыларды дамыту мен бақылау құралы ретінде де пайдаланыла алады»[1, 153 б.] – деген Н. Т Федоренко мен Л. И.Сокольская пікірлер өте орынды айтылған.

Қазақ тілін үйретуде қазіргі заманауи әдістерге негіздеп мақал-мәтелдерді қолдану, тиімді пайдалану студенттердің коммуникативтік мәдениетін арттырып, тілін дамытады. Біз қазақ тілі сабағында студенттерге тіл үйрету тәжірибеміз көрсеткендей, белгілі бір оқу материалын оқытқан кезде сол тақырыпқа қатысты мақал-мәтелдерді оқытып қана қоймай олардың мағынасын ашып түсіндіріп, аз сөзге сыйып тұрған даналыққа толы ойлардың мәнін ұғындырып, мұндай сөз мәйегін жаттап алып, өмірде ретіне қарай қолдануға да үйретеміз. Қазақ тілі сабағында мақал-мәтелдерді қолдану ең ұтымды тәсілдердің бірі екенін тіл үйрету тәжірибемізден сан мәрте байқадық десек, артық айтқандық болмас деп ойлаймыз.

Студенттер сабақта тақырыпқа қатысты мақал-мәтелдердің мағынасын жете түсініп, жақсы қабылдап, есте сақтауға ұмтылып жатады. Өйткені олар өзі сөйлейтін тіліндегі мақал-мәтелдердің орны мен рөлін жақсы біледі. Үйреніп жатқан тіліндегі мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп, оларды білуге ұмтылатындығы да содан. Осы ынта мен уәжді тіл үйрету үдерісінде тиімді пайдалану әр оқытушының тәжірибесі мен әдіскерлік шеберлігіне тікелей байланысты. Мақал-мәтелдер олардың тіл байлығы артып, сөздік қоры молаюына, айтпақ ойларын тұщымды, салмақты, дәлелді етіп жеткізуге үйретеді.

Тіл үйренушілердің орта деңгейі мен жоғары деңгейінде мақал-мәтелдерді қолдана отырып, олардың белгілі тақырыпқа қатысты өз ойын, көзқарасын білдіретін сұхбат құруға болады. Жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілі сабақтарының тақырыптары әртүрлі болады. Мысалы, біз тіл үйренушілердің орта деңгейінде «Ақша-кредит саясаты. Банк жүйесі. Ұлттық валюта» тақырыбында сабақ өтеміз. Сабақтың лексикалық тақырыбына қарай негізгі кілт сөздердің ішінде ақша болғандықтан, тіл үйренушілерге сабақта ақшаға қатысты мақал-мәтелдерді беруге болады. Студенттерге мақал-мәтелдердің лексикалық мағынасы түсіндіріліп, оларға грамматикалық, лексикалық тапсырмалар беріледі. Өйткені сабақтың мақсаты – тіл үйренушілердің қызығушылығын тудырып, сұхбат құруға деген құлшынысын оятып, тақырыпты белсенді талқылауға, жаңа сөзді жадында сақтауға, сөз байлығының дамуына ықпал ету. Мұндай тапсырмалар тіл үйренушілердің мақал-мәтелдерді жылдам жаттауына, есте сақтауына мүмкіндік туғызады. Мақал-мәтелдің құрамындағы әр сөздің тура мағынасына да, оларда берілген астарлы ойға, ауыспалы мағынасына да жан-жақты тоқталған жөн. Сонда ғана ондағы даналық пен ой түйінінің мәні ұғынылады. Екінші жағынан, тіл үйренушілердің сөздердің контекстегі қолданысы мен ауыспалы мағынада жұмсалуын да түсіне алады. Тіл үйрену кезінде мақал-мәтел сынды дайын күйінде қолданылатын құрылымдардың осындай артықшылықтарын да ескерген абзал. Міне, бұл қырынан келгенде де сөз мағынасын түсініп, лексикалық тақырыпты игеруге мақал-мәтелдер ерекше қызмет ете алады. Сонымен қатар тіл үйренушлердің лексикалық дағдыларын қалыптастыру үшін де мақал-мәтел беру ұтымды әдістердің бірі болып саналады. **Мысалы:**

1. Теңге тиыннан өсер, Жылқы құлыннан өсер.

2. **Ақша** ашпайтын құлып жоқ.
3. Артық байлық аздырар, артық күлкі тоздырар.
4. Арқан үзіледі, борыш үзілмейді.
5. **Ақша** кетуге тырысады,

Есеп ұстауға тырысады.

Оқытушы осы мақал-мәтелдерді студенттерге бергенде мақалдарға қатысты халықтың таным-түсінігі мен мәдениетіне де тоқталғаны дұрыс. Өйткені басқа елдің танымын өз елінің танымымен салыстыру арқылы мақалды жақсы түсінуге болады. Қазақ даласына ақша айналымы кіргенге дейін де, одан кейін де ақша туралы мақал-мәтелдердің көпшілігі төрт түлік малмен байланысты болғанын көру қиынға соқпайды. Сондықтан да «Теңге тиыннан өсер, Жылқы құлыннан өсер» деген мақалдың пайда болуы заңды. Өйткені түркітектес халқықтардың осы күнге дейін экономикалық дамуы мал шаруашылығымен тығыз байланысты болды. Мысалы: Жылқы – қазақтың өзімен синонимдес ұғым. Себебі жылқы көлік, әрі шипалы сусын, әрі ет... «Ер қанаты – ат», «**Тай атқа жеткізеді, ат мұратқа жеткізеді**» деп жалғасып кете береді. Осы жерде өзге мәдениет өкіліне, өзге тілді тұтынушыға қазақ өміріндегі жылқының алатын орнын, оған қатысты тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдердің, жыр-аңыздардың, көркем шығармалар мен ән-өлеңдердің өте мол екенінен де хабардар ете кеткен артықтық етпейді. Бұл олардың қазақ мәдениетін түсінуге деген ынтасын оятады, оны білуге деген қызығушылығын арттырады. Ал тіл – сол мәдениеттің ең маңызды крамдас бөлігі, өзегі десек болады. Ұлттың мәдениетіне қызыққан адам оның тілін үйренуге қашанда құлықты, ынталы, керек десеңіз мүдделі болары сөзсіз. Өйткені тілсіз ол мәдениеттің есігі ешқашан ашылмайды.

«**Ақша** ашпайтын құлып жоқ» деген мақалдың ауыспалы мағынасы бар. «Ақша барлық мәселені шешеді, ол алмайтын асу жоқ», «**бәрі де ақшаға сатылады**», «**ақшаның алдында бәрі дәрменсіз, оған бәрі бас иеді**» деген ой бар. Ал адам баласының рухани құндылықтарын, адалдық, ар-намыс, әділеттік сияқты көптеген қасиеттерін жоғары қоятын білімді, тәрбиелі, зиялы адамдардың қай-қайсысы да бұл пікірмен келіспеуі табиғи нәрсе. Ендеше, «мақал өз пайдасын білмейтін, сый-сияпат, пара алмайтын, яғни жеңіл жолмен ақша тапқысы келмейтін адам жоқ» дегенге дау айтатын, ондай оймен келіспейтін тіл үйренушілердің аз болмайтыны анық. Осы тұрғыдан келгенде бұл мақал қоғамның көлеңкелі тұсын, проблемалық мәселе жөнінде пікірталас тудырып, ой айтуға итермелейтін тақырып болады. Сабақ соңында тәжірибелі ұстаз ақшаның рөлін ұғындырумен қатар, оны адал еңбекпен тауып, адамдық қасиетін жоғалтпайтын білімді, мәдениетті, парасатты адамның ақшадан қашанда жоғары тұратынын айтқан топтың немесе жекелеген тіл үйренушілердің ой-тұжырымдарының аса маңызды әрі дұрыс пікір екенін аудиторияға ұқтырады. Сонда тіл үйретумен қатар сабақтың тәрбиелік мәні де жоғары болады

Бұл мақал-мәтелдер айтылған ой топпен бірге талқылауға, пікірталас туғызуға және өз ойын, көзқарасын білдіруге, ой қозғауға үлкен себеп туғызып, сабақтың қызықты өтуіне әсер етеді. Оқытушы мақал-мәтелдерді пайдаланып, студенттердің пікірін, ойын білдіруге жетелейтін сұрақтар береді. Осы сұрақтарға жауап беру арқылы студенттер өз ойын ашық, толық жеткізуге білуге тырысады.

Мысалы:

1) Ақша ашпайтын құлып жоқ. Осы пікірге қандай ой айтар едіңіз? Осы пікірге келісесіз бе? Неге? Осы пікрге келіспейсіз бе? Неге?

2) «Артық байлық аздырар, артық күлкі тоздырар» дегенді нақты мысалдармен түсіндіріп көріңіз.

3) «Теңге тиыннан өсер, Жылқы құлыннан өсер» дегенді қалай түсінесіз?

4) Қазір қоғамда «Көп ақша болса, өмірді ертегідей етіп өткізуге болады» деп сенетіндер бар. Соған сіздің көзқарасыңыз қандай?

5) Данышпандар «Ақшаға сағат сатып алуға болады, бірақ, «уақыт» сатып ала алмайсың» деген екен. Сол пікірге қандай ой айтар едіңіз...

6) Данышпандар «Ақшаға кітап сатып алуға болады, бірақ, мәдениет сатып ала алмайсың» деген екен. Сол пікірге қандай ой айтар едіңіз...

7) «Ақшаға дәреже сатып алуға болады, бірақ, құрмет сатып ала алмайсың» дегенді қалай түсінесіз?

Мақал-мәтелдер тіл үйренушілердің тіл байлығын дамытып қана қоймай, студенттердің қызығушылығын, дүниетанымын арттырады. Сонымен бірге олардың сөздікпен жұмыс істеп үйретуге және аудармашылық дағдыларын жетілдіруге ең тиімді әдістердің бірі. Өйткені басқа елдің мәдениетін, танымын түсіну үшін мақал-мәтелді өз тілдеріне аударып, осы мақалға

баламасы ұқсас өз тілдерінде мақал-мәтел барын анықтап отыратындығын сабақта байқап отырамыз. Осы арқылы сабаққа деген қызығушылығы артып, олар мақалды жадында сақтайды.

Сонымен қатар тіл үйренушілерге мақал-мәтелдер арқылы грамматиканы түсіндіру де жеңіл және грамматиканы олардың тез қабылдауына пайдалы ең ұтымды әдістің бірі деуге болады. Мысалы, антоним сөздерді мақал-мәтелдер арқылы түсіндіріп, мақал-мәтелдерді жаттауға беруге болады.

Мысалы:

1. Ең **тәтті** де – тіл.
   Ең **ащы** да – тіл.
   Ең **жұмсақ** та – тіл.
   Ең **қатты** да – тіл.
2. **Жақсы** әйелдің қолы ұзын.
   Жаман әйелдің тілі ұзын.
3. **Жақсы** адам қартайса,
   Жазып қойған хаттай.
   Жаман адам қартайса,
   Бықсып жанған оттай.
4. Ұры бір түнде – **бай**,
   Бір күнде – **кедей.**
5. **Аз** сөйлеп, **көп** тыңда.
6. **Көп** сөз – күміс.
   Аз сөз – алтын.
7. Көз **қорқақ**.
   Қол **батыр**.
8. **Сол** көзің **оң** көзіңе қарауыл болсын.

Бұл әдіс қазақ тілі сабақтарында бірқатар дидактикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді, атап айтқанда:

• Оқытушылық: Тіл үйренушілердің сөйлеу, айтылу дағдыларын жетілдіреді. Грамматикалық сауаттылығын қалыптастырады. Олардың сөздік қорын байытып, мәтінді түсініп, аудара алуға үйретеді.

• Дамытушылық: Дүниетанымын, ой-өрісін кеңейтіп, өсіреді. Тіл үйренушілер өз ойын шет тілінде ойлап, өз пікірін сауатты, жетік айтуға үйренеді. Тіл үйренушілердің басқа тілде ойлау қабілетін жандандырады.

• Тәрбиелік: Өзге ұлт дәстүрін түсініп, мәдениетімен танысып бір-бірімен жақсы қарым-қатынас жасауға тәрбиелейді. Олардың моральдық-адамгершілік принциптерін қалыптастырады.

• Уәжділік: Олардың қызығушылығын туғызып, шетел тілін үйрену арқылы танымдық қабілеттерін дамытады.

Жоғары оқу орындарының тіл үйретудің орта деңгейінде «Тағамтану. Ұлттық тағам. Мейрамхана бизнесі» тақырыбына арналған сабақ бар. Осы сабаққа қатысты төмендегідей мақал-мәтелдерді беруге болады. Өйткені лексикалық сабақтың тақырыбына байланысты негізгі кілт сөздер тағам, тағам түрлері болғандықтан осы тақырыпқа қатысты тапсырмалар беруге болады.

Мысалы:

1. Атың барда жер таны – желіп жүріп,
   Асың барда ел таны – беріп жүріп.
2. Абысын тату болса, ас көп,
   Ағайын тату болса ат көп.
3. Ағайынмен ішкен ас тәтті.
4. Ас атасы – нан.
5. Қызды кім айттырмайды,
   Қымызды кім ішпейді.
6. Арпа, бидай ас екен,
   Алтын күміс тас екен.
7. Ас – адамның арқауы.
8. Ас иесімен тәтті, тағамымен жақсы.
9. Таңғы асты тастама.
10. Ат адамның қанаты,
    Ас адамның қуаты.

Мақал-мәтелдер тіл үйренушілердің бір-біріне сұхбат құрауына және топта пікірталас туғызуға үлкен себеп болады. Өйткені оқытушы осы мақал-мәтел арқылы тіл үйренушілердің бір-біріне сұрақтар қоюына мүмкіндік берсе, сабақта әртүрлі пікірталас туып, сабақтың қызық өтуіне негіз қаланады. Тіл үйренуге деген қызығушылық осылай әр сабақтың тартымды, қызық өтуіне тікелей байланысты. Күнделікті өмірде шынында да тіл үйренушілер бір-біріне мұндай сұрақтар қоя бермеуі мүмкін. Бірақ бұл сұрақтар оларға қызық әрі тіл ұстартуға пайдалы деп ойлаймыз. Сонымен қатар бір-бірінің жауабын мұқият тыңдау арқылы студенттер ауызекі сөйлеу барысында өздерінің қателерін байқап, оларды түзетуге мүмкіндік береді. Мысалы:

1. Қазақтың қандай ұлттық тағамдарын білесіз?
2. Сізге қазақтың қандай ұлттық тағамдары ұнайды?
3. Қазақтың қандай ұлттық тағамдары денсаулыққа пайдалы?
4. Шетелден келген қонаққа қандай ұлттық тағамды ұсынар едіңіз?
5. Дәрігерлер денсаулықты сақтауда уақытымен және дұрыс тамақтанудың маңызы зор дейді. Сонмен бірге жүріп бара жатып, кітап оқып отырып, теледидар алдында тамақтануға болмайды екен. Ал сіз бұл туралы не ойлайсыз?
6. Бүгінде жұрттың бәрі салауатты өмір салтын ұстанып, аса талғампаздықпен тамақтанғанды ұнатады. Мысалы, калориясы аз, сіңімді, табиғи өнімдерден дайындалған тағамдарға тапсырыс беретіндер көп. Сіз өзіңізді солардың қатарына қосасыз ба?
7. Біреуге жапон асханасы, біреуге ұлттық тағамдар, енді біреулерге түрік асханасы ұнайды. Сізге қай елдің асханасы ұнайды? Сіз ұнататын елдің асханасы несімен ерекшеленеді?
8. Сіз пицца, бутерброд сияқты тағамдарға қалай қарайсыз? Біздің елде жастар осы тағамдарды көп жейді деп ойлайсыз ба?

Оқытушы оқу үдерісіне оқытудың жаңа әдістерін енгізу арқылы, яғни қазіргі заманауи әдістемелерді, идеяларды пайдаланып, студенттерге танымдық көзқарастарына әсер ететін мотивация қалыптастыру керек. Оқытудың коммуникативтік бағдарын күшейту арқылы тіл үйренушілердің қызығушылығын арттыруға болады. Аудиторияда тіл үйренуге қолайлы атмосфера туғызғанда ғана олардың тіл үйренуге ұмтылысы пайда болады. Оқытушының міндеті тілді қарым-қатынас құралы ретінде қалыптастыру және дамыту. Сондықтан мақалды практикалық сабақтарда пайдаланып оқыту әдістемесінің құндылығы жоғары екені еш дау туғызбайды. Өйткені мақалды тіл оқытуда пайдалану олардың лексикалық қорын байытып әрі тілді жақсы меңгеруіне ықпал етеді. Олар мақал-мәтел арқылы тілі оқытылатын елдің фольклор элементтері арқылы басқа мәдениетті түсініп, қатыстылығын немесе айырмашылығын, таным түсінігін сезінеді. Яғни тағыда осы салыстыру арқылы мақал-мәтелдің мазмұнын түсініп, оңай жадында сақтайды. Тіл үйретуде мақал-мәтелді пайдаланып оқыту әдістемесі шет тілінде кеңінен қолданылатын ең жақсы әдістердің бірі. Сонымен қатар мақал-мәтелдер жалғастырушы топтарда, тілді біршама меңгерген үйренушіге сөз байлығын одан әрі молайтып, бір айтқан ойын қайталамай, сөзін әсерлі де тартымды етіп жеткізуге де септігін тигізеді. «Мақал-мәтелдер – бір ғана ойды әртүрлі сөзбен жеткізуге үйретудің құнарлы материалы. Сөйлеуді тартымды, әсем ететіндіктен монологтық және диалогтік сөйлеуге үйретуде оларды ешнәрсе алмастыра алмайды» [2, 40-42 б.]. – дейді О.И. Палей. Бұл мақал-мәтелдің ойдың тұздығы, оған тереңдік пен әсемдік беретін нағыз сөз маржаны екенін дәл байқап айтқан пікір. Сонымен қатар автордың мақал-мәтелді диалог пен монолог үшін таптырмайтын тіл бірлігі екенін атап көрсетуі де орынды.

Сан есімді түсіндіргенде санға қатысты мақал-мәтелдер қолдансаңыз, қызықты әрі нәтижелі болады. Себебі сандар лексикалық контекстінде жылдамырақ еске түсіріледі. Тіл үйренушілер мақал-мәтелдің көмегімен сандарды жадында жақсы сақтайды. Сандарға байланысты төмендегідей мақал-мәтелдер беруге болады.

Мысалы:

1. Мал – бір жұттық, батыр – бір оқтық.
2. Бір көрген – біліс,
   Екі көрген – таныс.
3. Шын – бір сөз.
   Өтірік – мың сөз.
4. Ер екі сөйлемейді.
5. Ер кезегі – үшке дейін.
6. Ер көрмеймін деген жерін үш көреді.

Ат баспаймын деген жерін үш басады.

7. Төрт аяқты жылқы да сүрінеді.
8. Бес саусақ бірдей емес.
9. Алтау ала болса,
   Ауыздағы кетеді,
   Төртеу түгел болса
   Төбедегі келеді.
10. Жеті жұрттың тілін біл,
    Жеті түрлі білім біл.
11. Ер жігіт бір сырлы
    Сегіз қырлы болсын.
12. Қырықтың бірі қыдыр.
13. Елдің көзі елу.
14. Елу жылда – ел жаңа.
15. Жігіттің үш жұрты бар.
    Бірінші – өз жұрты,
    Екінші – нағашы жұрты,
    Үшінші – қайын жұрты.

Әрине, оқытушы сабақта мақал-мәтелді берген кезде грамматиканы ғана түсіндіріп қана қоймай, оларға мағынасын түсіндіріп, осы мақал-мәтелдерге қатысты тапсырмалар беріп, тіл үйренушілерді сұхбатқа жетелеп отырған абзал. Оқытушы мақал-мәтелдерді сабақта пайдаланған кезде қандай тапсырмалар беруге болады?

Мысалы:

1. Мақал-мәтелдің дұрыс тәртіппен жалғасын табыңыз немесе жетіспей тұрған жалғасын төмендегі сөйлемдерден тауып өз орнына қойыңыз.

2. Барлық халықта мақал-мәтелдер бар. Қазақтың мақал-мәтеліне мағынасы ұқсас өз тілдеріңде қандай мақал-мәтел бар? Оқытушы тіл үйренушілерге сабақта берілген мақал-мәтелге мағынасы ұқсас мақал-мәтелді айтқызу арқылы студенттердің аударма жасауға үйретеді.

3. Оқытушы тіл үйренушілерге шағын әңгіме оқытады. Берілген әңгімеге тақырып қойыңыз немесе мына мақал-мәтелдерің қайсысы осы әңгіменің тақырыбы бола алады?

4. Мақал-мәтелге өз көзқарасыңызды, пікіріңізді білдіріңіз.

5. Грамматикалық тапсырмалар беруге болады. Мысалы: Болымсыз етістікті табыңыз. Шартты мәнді сөйлемді табыңыз. т.б.

Қорытындылай келгенде тіл оқыту барысында мақал-мәтелді пайдаланудың әдістемелік және практикалық құндылығы өте жоғары екендігін атап айтқан абзал. Мақал-мәтелді мағынасының оңай немесе қиындығына, айтылар ойының жеңіл немесе күрделілігіне, онда қолданылған сөздердің мағынасына қарай бастауыш топтарда да, жалғастырушы топтарда да ретіне қарай іріктеп пайдалануға болады. Сондай- ақ оларды монологтық және диалогтік сөйлеу кезінде де қолдану сөйлеушінің сөзіне мән, ойына әр береді. Қазақтың бай мақал-мәтелін тіл үйретуде тиімді пайдалану ұлт мәдениетіне деген құрметті арттырумен бірге өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін оқуға деген қызығушылығын да арттырады. Тіл үйрету процесінде халықтың мақал-мәтелдері сол жұрттың мәдениеті мен тілі жөнінен көп мәлімет беретін ең құнды да тартымды тілдік материал болып табылады. Себебі мақал-мәтел арқылы тіл үйренушілер өзі үйреніп жатқан тілдің мәдениетімен, өзіндік болмысымен, құндылықтарымен танысып, тілді терең меңгеруге мүмкіндік алады. Сонымен бірге олардың ойын ұтымды жеткізіп, коммуникативті сөйлеуі жеңілдей түседі. Осындай себептерге байланысты тілді оқытуда мақал-мәтелдерді тиімді пайдаланудың маңызы зор екендігін назардан тыс қалдыруға болмайды.

Әдебиеттер:

1. Федоренко Н. Т., Сокольская Л. И. Афористика. – М.: Наука, 1990. 415 с.
2. Палей О.И. Работа с пословицами и поговорками на уроке английского языка в IX классе. // Иностранные языки в школе. 2000. №1 с. 40-42.
3. Қазақтың мақал-мәтелі. Жинап, құрастырған Ө.Тұрманжанов. –Алматы: «Жазушы», 1980. – 352 бет.

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ - CONTENT

Қожамжарова Дария Пернешқызы 7

Нурманбетов Кайрат Энбекшиевич
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ФЕНОМЕНІ:
ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 8

Орынтаев Жамбыл Кылуетович
РОЛЬ ЗЕМЛЕДЕЛИЯ И РАСТЕНИЕВОДСТВО В РАЗВИТИЕ АГРОПРМЫШЛЕННОГО
КОМПЛЕКСА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....12

Бекбосынов Е.Т., Джумадилов Б.Д.,
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МӘСЕЛЕЛЕРІН
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ МЕН ТЕТІКТЕРІ.....18

Еркинбаева Л.К., Калымбек Б.,Озенбаева А.Т.
ЭКОЛОГО-ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ
И ОХРАНЫ ПАСТБИЩНЫХ УГОДИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....23

Байдельдинов Д.Л., Кудерин И.К.,
LEGAL ASPECTS OF THE REGULATION OF GREEN ENERGY AS A RESULT OF EXPO-17.....31

Жатканбаева А.Е.
ЭТАПЫ СОЗДАНИЯ СИСТЕМЫ ЮВЕНАЛЬНОЙ ЮСТИЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН..... 34

Акшатаева Ж.Б., Айгаринова Г.Т.
КОНЦЕПТУАЛЬНЫЙ АНАЛИЗ СИСТЕМЫ СОВРЕМЕННЫХ ПРИНЦИПОВ
ОБЕСПЕЧЕНИЯ ЗЕМЛЕДЕЛИЯ И РАСТЕНИЕВОДСТВА 39

Айгаринова Г.Т., Акшатаева Ж.Б.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КООПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ
ҚЫЗМЕТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ - АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ӘЛЕУЕТІН ІСКЕ
АСЫРУ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ..... 46

Taubayeva M., Mamasharipova G., Kudaibergenova Z.
PLACE AND ROLE IN KAZAKHSTAN OF TURKISH AND ARMENIAN DIASPORA 53

Битемиров Қ.Т., Ордаева А.Ж., Нартай А.Н.
ҚҰҚЫҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 58

Байдельдинова Т.А.
МЕСТО НОРМ О КОМПЛАИНС КОНТРОЛЕ В СИСТЕМЕ СОВРЕМЕННОГО ПРАВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН 62

Нуртазин Е. К., Тлеулов Б.Э.
ИСТОРИКО-ПРАВОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ МОДЕРНИЗАЦИИ
ГОСУДАРСТВ..... 65

Елікбай М.Ә., Жаксыбаева А.Е., Салыбек Н.М.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ
МҮДДЕЛЕРІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ НОТАРИАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЖЕТІЛДІРУ
ЖАҒДАЙЫ 68

Бекбосынов Е.Т
ЗАМАНАУИ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР ЖӘНЕ ИСЛАМ ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖҮЙЕСІ: САЛЫСТЫРМАЛЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУДЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....71

Сартаева К.Р., Ким Э.П.
СУЩНОСТЬ И СОДЕРЖАНИЕ ПРОБЛЕМЫ ЛАТЕНТНОЙ ПРЕСТУПНОСТИ
И ЕЁ ВИДЫ..... 76

Ажиметова З.А., Сартбаева Ұ.Қ., Әжімет Қ.М.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖАСАЛУ
МЕХАНИЗМІ ЖӘНЕ АСПЕКТІЛЕРІ..... 82

Сартбаева Ұ.Қ ., Ажиметова З.А., Әміркұлова А.А.
ҚОҒАМНАН ОҚШАУЛАУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС ЖАЗАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ..... 85

Бейсебаева С.Б., Ерманқұлов М.К., Абдрасилова Б.Қ.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫҢ
ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 89

Бижан Н.Р., Сартаева Ш.Ш., Айткулова Э.А.
ҚАЗІРГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІК ЗАҢЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ :
ЗАМАНАУИ КӨЗҚАРАС..... 95

Жатканбаева А.Е., Джангабулова А.К. , Есекеева А.А.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СУ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕРЛЕРІ..... 98

Нақыпов Б.И., Ордаева А.Ж., Нартай А.Н.
МЕМЛЕКЕТТІК – ЖЕКЕ МЕНШІК ӘРІПТЕСТІКТІҢ МӘНІ, МАЗМҰНЫ 104

Сапарбаева З.А.,
ЭМОЦИЯЛЫҚ ЗИЯТТЫҢ КӘСІБИ ӨСУДЕГІ МАҢЫЗЫ.....109

Shabanov E. I. , Otarbaeva G. K.
PROBLEMS OF REFORMING THE MECHANISM OF INTERNATIONAL LEGAL UN
PEACEKEEPING FORCES 114

Султанов С.А., Жумабеков М.У., Жолдыбаева М.С.
ПРОБЛЕМЫ АКТУАЛИЗАЦИИ ИСТОРИЧЕСКОГО ОПЫТА 121

Ким Э.П., Сартаева К.Р., Турлыбек Д.Н.
РАЗВИТИЕ ПРЕДСТАВЛЕНИЙ О КРИМИНАЛИСТИЧЕСКОЙ ТАКТИКЕ..... 125

Имашев Б.Е., Абутаева С.Б.,
ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗАНЫ АТҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ САЯСАТЫ
ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕС САЛАСЫНДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ 131

Караева А.О., Байтерекова К.Б., Абдрахманова М.Б.
ПРОБЛЕМЫ БОРЬБЫ С МОШЕННИЧЕСТВОМ ПО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН (КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЙ И УГОЛОВНО-ПРАВОВОЙ АСПЕКТЫ)..... 135

Мейркулова Г.Д., Зиябеков Б.
ЭКСТРЕМИСТІК ТОП ҚҰРУ, ОҒАН БАСШЫЛЫҚ ЕТУ НЕМЕСЕ ОНЫҢ ӘРЕКЕТІНЕ
ҚАТЫСУДЫҢ СИПАТТАМАСЫ..... 140

Сулейменов Т.А., Ибраева Н.А., Оразимбетова К.Ш.
ПРОСТРАНСТВО МИРА КОЧЕВЬЯ КАЗАХОВ..... 145

Жарылқапова Г.П., Тоқтасын Н.Ж.
КӘСІПКЕРЛІК САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ СЕБЕПТЕРІ
МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫ..... 149

Шалдарбекова А.Б., Шалдарбекова М.Б., Балтабаев Н.Қ.
АР-НАМЫС, ҚАДІР-ҚАСИЕТ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК БЕДЕЛДІ ҚОРҒАУ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҢ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ 154

Салыбек Н.М.,Паметов З.Е., Мамаева М.Н.
ЖАҢА ЖАҺАНДЫҚ ЖАҢҒЫРУДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚОРҒАЛУЫ 157

Салыбек Н.М., Байконакова Б.С.,Султанбекова Ж.И.,
АШЫЛМАҒАН АҚПАРАТ ЖӘНЕ ӨНДІРІС ҚҰПИЯЛАРЫН (НОУ-ХАУ) ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ 160

Muratova G.T., Berdekova R.M., Assankhojayeva I.F.
SPECIFICS OF BUSINESS COMMUNICATION ETHICS AND NORMS OF DIPLOMATIC PROTOCOL IN FOREIGN COUNTRIES 166

Болатбекова Л.А., Сарсенова Н.Ш., Зиябекова Г.З.
ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОРГАНОВ ВНУТРЕННИХ ДЕЛ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ БЕЗОПАСНОСТИ ЛИЧНОСТИ: НЕКОТОРЫЕ ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ПРАКТИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ.....171

Бейсембаева А.О., Альшуразова Р.А., Каипжанова Н.Е.,
КІНӘСІЗДІК ПРЕЗУМПЦИЯСЫ – СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДЕГІ КҮДІКТІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ КЕПІЛІ РЕТІНДЕ 176

Дулатова Г.С., Қозыбақова С.А.,
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ПРИМЕНЕНИЕ ПОЖИЗНЕННОГО ЛИШЕНИЯ СВОБОДЫ В МИРОВОЙ И НАЦИОНАЛЬНОЙ ПРАКТИКЕ..... 181

Альшуразова Р.А., Бейсембаева А.О., Каипжанова Н.Е.,
ЛЕГАЛИЗАЦИЯ КРИМИНАЛЬНЫХ ДЕНЕГ, СОВЕРШАЕМЫМИ В ЦЕЛЯХ ФИНАНСИРОВАНИЯ ТЕРРОРИЗМА..... 185

Еркебаева Н.А.,Аяпова Б.Ә., Ақшабай М.Б.
МҮЛІКТІК СИПАТТАҒЫ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАСЫ РЕТІНДЕ КЕПІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ ТӘРТІБІ.....191

Байконакова Б.С., Салыбек Н.М., Паметов З.Е.,
ЖАРЫСПАЛЫЛЫҚ ҚАҒИДАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕГІ БАСҚА ҚАҒИДАЛАРМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ ЖӘНЕ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ 196

Мирзакулова Б.А., Байтанова А.С., Жумабекова Р.Ж.,
ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҢ СИПАТЫ МЕН ҰҚСАС КАТЕГОРИЯЛАРДАН АЖЫРАТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 202

Утаров К.А., Сартаева К.Р., Кожаниязов Е.Ш.,
ОСНОВНЫЕ РАЗЛИЧИЯ В ХАРАКТЕРИСТИКЕ СОСТАВОВ АНТИКОНКУРЕНТНЫХ ПРЕСТУПЛЕНИЙ ПО УГОЛОВНОМУ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ ЕАЭС..... 208

Мирзакулова Б.А., Байтанова А.С., Ақшабай М.Б.
БҰЛТАРТПАУ ШАРАСЫ РЕТІНДЕ КЕПІЛДІ ҚОЛДАНУ БАРЫСЫНДА ТУЫНДАЙТЫН ТӘЖІРИБЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕР..... 211

Шалдарбекова М.Б., Жақсылық М.Ж., Тлегенова Ж.К.,
НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖҮРГІЗУ БОЙЫНША ЖЕТКІНШІКТЕРГЕ ПРОФИЛАКТИКА ЖҮРГІЗУДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ 218

Есеналиев А.Е., Тоханова Р.Ж., Аллаярова Н.И.,
ОСНОВНЫМИ ИСТОЧНИКАМИ, ЗАГРЯЗНЯЮЩИМИ ОКРУЖАЮЩУЮ СРЕДУ
И ВЫЗЫВАЮЩИМИ ДЕГРАДАЦИЮ ПРИРОДНЫМИ ОБЪЕКТАМИ
В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН 223

Кузденова Л.С., Блашева М.Т., Маделі Е.Б.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ
ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ АТҚАРАТЫН РӨЛІ 227

Куанышбаева С.О.,
Ю.Г. БАСИН – ИЗВЕСТНЫЙ ОРГАНИЗАТОР ВЫСШЕГО ЮРИДИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН 231

Рысбаева С.Ж.,
САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК НЕГІЗІ 234

Өмірзақов П.Қ.
КОРПОРАТИВТІК ДАУЛАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДЕГІ ЕУРООДАҚ
МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ 238

Рамазанова А.С.
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ
МОРАЛЬДЫҚ-ЭТИКАЛЫҚ БЕЙНЕСІ 241

Сабитова А.А.
ПРИМИРИТЕЛЬНЫЕ ПРОЦЕДУРЫ В СУДЕБНОЙ СИСТЕМЕ
РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН……245

Ережепкызы Р.
КАЗНУ В РАМКАХ РЕАЛИЗАЦИИ ПЛАНА НАЦИИ «100 КОНКРЕТНЫХ ШАГОВ»..... 249

Әбиқұл Н.Е., Калиев А.М.
ҚАРЖЫЛЫҚ ДАҒДАРЫСТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІНІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....251

Шералиева А.Д.,Кузденова Л.С., Жақсыбаева А.Е.,
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК АЗАМАТТЫҚ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ЕҢБЕК
ҚЫЗМЕТІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДЫ
ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІҢ ТӘРТІБІ 254

Бихондиева А.Б.,Туякова Н.И.,Жаманкараева Г.С.,
КРИМИНОЛОГИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА УГОЛОВНЫХ
ПРАВОНАРУШЕНИЙ ВСФЕРЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ:
ПРОБЛЕМЫ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ 258

Аталыкова Г.Ш., Кузденова Л.С., Шералиева А.Д.
АДВОКАТТАР АЛҚАСЫ МҮШЕЛЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ.....262

Батырбекқызы Г., Бегим А.Б., Нурпейисова Д.С.,
ВЗГЛЯД В БУДУЩЕЕ ДЕЯТЕЛЕЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ АЛАШ..... 266

ПЕДАГОГИКА

Билялова Ж.Т., Нугуманова С.Б., Абыканова Б.Т.
МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИССЛЕДОВАНИЯ
РАЗВИТИЯ МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ 269

Мағзұмбекова Ә.Қ.
БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУДІ МЕҢГЕРТУ ЖОЛДАРЫ.....274

Құлманов Қ.С., Құрмашқызы Ә.
ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТАЛАПТАРЫ.....277

Жумадилова М.Н.
ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ АЗАМАТТЫҚ РУХЫН
ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....280

Майлыбаева А.Д., Абыканова Б.Т., Ғилымғалиева Ә.Н., Мухамбеткалиева Э.К.
МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ ҚОЛДАНБАЛЫ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ
ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....283

Дүйсенова Ж.Қ.
БАЛА ТӘРБИЕСІ - ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ НЕГІЗІ.....286

Абраимов Х.К., Есенбек Ж.Б., Ашимова М.Г.
РЕЛИГИЯ И МОЛОДЕЖЬ 290

Мусабекова Г.Т., Жолдасбекова Б.А., Калыбекова Ш.
О КОМПЕТЕНТНОСТНОМ ПОДХОДЕ В ОБРАЗОВАНИИ.....296

Абыканова Б.Т., Сариева А.К., Қабиден Қ.Б., Ғайниева А.Қ., Жеткінов Э.
ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....300

Таганова А.М.
ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМ ӘДІСТЕРІ НЕГІЗІНДЕ МӘТІННІҢ
ИДЕЯЛЫҚ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ МІНДЕТТЕРІН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ.....303

Әлібаева М., Нұрғали С.
ӨЗГЕ ТІЛДІ АУДИТОРИЯДА ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН
ӘДІСТЕРДІ СҰРЫПТАП АЛУДЫҢ МАҢЫЗЫ.....309

Бигаримова Д., Нуратбаева А., Манарбек М.
ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН ОҚУ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ
БАҒАЛАУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ ӨЛШЕУДІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ РЕТІНДЕ.....312

ФИЛОЛОГИЯ

Нуртазина М.Б., Сарбаева М.Б.
ЭКСПЛАНАТОРНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ СЕТИ ИНТЕРНЕТ
В РЕАЛИЗАЦИИ ОППОЗИЦИИ «ГОВОРЯЩИЙ–СЛУШАЮЩИЙ».....315

Baieli A.Zh., Akimbekova G.Sh.
ROLE OF NEUROLOGICAL PROGRAMMING IN USING MULTIMEDIA
TECHNOLOGIES IN LANGUAGE EDUCATION (TEACHING).....322

Ағалиева Н. Б., Бейсенқызы А., Каирова М.Қ.
ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САРЫН.....325

Мағзұмбекова Ә.Қ., Әділбек А.М.
ИДЕОГРАФИЯЛЫҚ ОҚУ СӨЗДІКТЕРІНІҢ ТІЛ ҮЙРЕТУДЕГІ МАҢЫЗЫ.....330

Тілешева Қ.
ҚАЗАҚ ТІЛІН, ФОЛЬКЛОРЫ МЕН ӘДЕБИЕТІН АЛҒАШ ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ БІРІ.....334

Кэріпжанова Г.Т., Саликжанова Ш.Б.
Ж.АЙМАУЫТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА ХАЛЫҚ ТҰРМЫСЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕНУІ.....337

Исаева Ж. И., Кудайбергенова Ш.А.
БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҒАЛАМТОР ЖАРНАМАНЫҢ ГИПЕРМӘТІНІ……...340

Нуртазина М.Б., Амрина З.Ж.
ВОПРОСЫ РЕЧЕВОГО ПОВЕДЕНИЯ МОЛОДЕЖИ РК
В РАКУРСЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПАРАДИГМЫ 344

Абдуова Б.С., Ілиясова Д.С.
СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТТЕРІ АРҚЫЛЫ ТІЛДІ МЕҢГЕРТУДЕГІ ОҢТАЙЛЫ ТӘСІЛДЕР.....349

Асанбаева С.А., Манап С.Т.
ЛАТЫН ӘЛІПБИНЕ КӨШУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ….354

Киынова Ж.К., Ахметжанова А.И., Капасова Д.А.
СТАРОСЛАВЯНСКИЙ ЯЗЫК КАК ЯЗЫК КУЛЬТА И КУЛЬТУРЫ……..358

Ашенова А.Т., Дюсенгалиева А. А.
АНГЛИЦИЗМДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖҮЙЕСІ 362

Әбдіқұлова Р. М.
ШЕШЕНДІК АЙШЫҚТАР 365

Исаева Ж.И., Кудайбергенова Ш.А.
ГИПЕРМӘТІН РЕТІНДЕГІ ҒАЛАМТОР-ЖАРНАМА ТІЛІ.....371

Әлімбек Г.Р.
ТІЛ ҮЙРЕТУДЕ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....375

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ»
«НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА»
«SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN»

Халықаралық ғылыми журналы (Мемлекеттік тіркеу: №9875-Ж 09.02.2009 ж.
Халықаралық тіркеу: ISSN 2073 – 333X, Париж, наурыз)
2009 жылдан бастап жылына 6 рет шығады.

Международный научно-популярный журнал
(Гос. регистрация: №9875-Ж 09.02.2009,
Международная регистрация: ISSN 2073 – 333X, Париж, март 2009 г.)
Периодичность издания журнала выходит 6 раз в год.

Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің 2012 жылғы 10 шілдедегі №1082 бұйрығымен ғылыми баспалар тізіміне енгізілген.

Журнал индексті ғылыми дәйексөздер қатарына қосылады және ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау жөніндегі комитет ұсынған **заңтану, филология, педагогика, өнертану** ғылымдары бойынша басылымдар тізіміне кіреді.

Автор мәліметтің нақтылығына, ресми құжаттардың сілтемелері мен басқа да деректердің дұрыстығына жауапты. Редакцияға келген материалдар кері қайтарылмайды.

Мақалада отандық авторлардың еңбектеріне міндетті түрде сілтеме берілу керек.

Журналға мақаланы қазақ, орыс, ағылшын, неміс, француз, қытай, түрік, араб және ТМД халықтары тілдерінде жазуға болады.

Приказом Комитета по контролю в сфере образования и науки МОН РК от «10 » июля 2012 года № 1082 рекомендован для научных публикаций.

Журнал включен в индекс научного цитирования (ИНЦ) и в список изданий, рекомендованных Комитетом по контролю в сфере образования и науки МОН РК по специальностям: **юриспруденция, филология, педагогика, искусствоведение.**

Ответственность за достоверность фактов и сведений, содержащихся в публикациях, несут авторы Материалы редакцией не возвращаются.

В статье обязательно сопровождение ссылок на работы отечественных авторов.

Статьи журнала принимаются на казахском, русском, английском, немецком, французском, китайском, турецком, арабском языках и могут быть написаны на языках народов СНГ.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ
Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал
№ 6 (66) 2018 жыл

Бас редактор:
«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», з.ғ.д., профессор Е.О. Алауханов

Басуға 26.11. 2018 ж. қол қойылды. Пішімі 84х108 1/8. Офсетті қағаз.
Сандық басылыс. Көлемі 45 б.т. Таралымы 100 дана. Тапсырыс №532.

Редакция мекенжайы: Астана қ., Алматы ауданы, Оңтүстік-Шығыс, оң жағалау,
Түлкібас көш., 49 үй, web-site: www.nauka-zan.kz, e-mail: nauka-zan@mail.ru